

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
М.БӨКЕНБАЕВ атындағы АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

А.А.Салимов, А.Е.Шамғанова

**«ПО қызметкерлерінің практикалық қызметке кәсіби психологиялық
даярлау»**

Оқу құралы

Ақтөбе, 2025

ӘОЖ 159.9
КБК 88.4
С28

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми кеңесінде басып шығаруға ұсынылды

Пікір жазғандар:

Е.М.Баймұханов - Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының КПДжПО басқару кафедрасының бастығы полиция полковнигі, саяси ғылымдардың кандидаты.

Ч.К.Утегенов - Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Әкімшілік құқық кафедрасының оқытушысы, философия докторы (Phd).

С-28

А.А.Салимов, А.Е.Шамғанова «ПО қызметкерлерінің практикалық қызметке кәсіби психологиялық даярлау»: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты 2025. - **204 б.**

ISBN

Бұл оқу құралында ішкі істер органдары ПО қызметкерлерінің кәсіби психологиялық даярлығын жетілдірудің теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. ПО қызметкерлерінің жеке басына және кәсіби қызметіне қойылатын психологиялық талаптар жан-жақты қарастырылған.

Осы оқу құралы жоғары оқу орындарының білім алушыларына, магистранттарға, докторанттарға және тақырып бойынша қызығушылық танытқан ізденушілерге арналған.

А.А.Салимов, А.Е.Шамғанова “ПО қызметкерлерінің практикалық қызметке кәсіби психологиялық даярлау”: Оқу құралы. - Ақтөбе: Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты 2025. – **207 б.**

ISBN

ӘОЖ 159.9
КБК 88.4

©,А.А.Салимов, А.Е.Шамғанова.,2025
©, Қазақстан Республикасы ІІМ
М.Бөкенбаев атындағы АЗИ, 2025

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	
I-ТАРАУ. Тұлғаның қасиеттерінің, эмоциялық-еркін процестері мен жағдайларының психологиясы.....	4-5
1.1 Тұлғаның қасиеттерінің, эмоциялық-еркін процестері мен жағдайларының психологиялық мінездемесі.....	5-21
1.2 Тұлғаның танымдық процесстерінің психологиялық мінездемесі. Полиция қызметкерлерінде танымдық процесстерді дамыту әдістемесі.....	21-32
1.3 Тұлға - заң психологиясын зерттеу объектісі ретінде.....	32-49
1.4 Топтары мен ұжымдардың қалыптасуының және жұмыс істеуінің психологиялық негіздері.....	49-57
II-ТАРАУ. Қылмыстық мінез-құлық психологиясы Құқық бұзушы тұлға психологиясы.....	57
2.1.Қылмыстық мінез-құлық психологиясы Құқық бұзушы тұлға психологиясы.....	57-73
2.2.Қылмыстық топтардың қалыптасуы мен құрылымының психологиясы.....	73-81
2.3 Ерекше жағдайларда әрекет етудегі полиция қызметкерлерінің психологиялық дайындығы.....	81-92
2.4 ПО қызықтыратын тұлға және топтың психологиялық суретін құру әдістері.....	92-97
III –ТАРАУ. ПО қызметкерлерінің қызметіндегі кәсіби қарым-қатынас.....	97
3.1. ПО қызметкерлерінің қызметіндегі кәсіби қарым-қатынас.....	97-104
3.2 ПО қызықтыратын тұлға және топтың психологиялық суретін құру әдістері.....	104-109
3.3. Түрлі адамнан алынған мәліметтердің талдауын психологиялық қабылдау.....	109-120
3.4. ПО қызметкерінің қызметіндегі психологиялық-педагогикалық әдістер мен тәсілдер.....	120-130
IV-ТАРАУ. Коммуникация және психологиялық әсер ету.....	131
4.1. Құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін қақтығыстарды басқару стратегиялары.....	131-131
4.2.ПО қызметкерлеріне арналған келіссөз жүргізу әдістері.....	132-133
4.3. Агрессивті және стресс жағдайларындағы психологиялық тұрақтылық.....	133-135
4.4. Қақтығыстарды басқарудың психологиялық негіздері.....	135-136
ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....	136-205
ҚОРЫТЫНДЫ.....	205-206
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	206-207

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби психологиялық даярлығы - олардың қызмет барысында кездесетін психологиялық қиындықтарды еңсеруіне, тиімді шешім қабылдауына және кәсіби міндеттерін сапалы орындауына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Қазіргі заманғы құқық қорғау қызметі қарқынды өзгеріп жатқан әлеуметтік, құқықтық және психологиялық жағдайларда іске асырылатындықтан, қызметкерлердің психологиялық даярлығы олардың кәсіби жетістігінің кепілі болып табылады.

Бұл оқу құралында ПО қызметкерлерін психологиялық тұрғыдан дайындаудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Оқу материалы қызметкерлердің эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға, күйзеліс пен қақтығыстарды басқару дағдыларын дамытуға және кәсіби қарым-қатынас деңгейін жақсартуға бағытталған³.

Кітаптың негізгі мақсаты - ПО қызметкерлерінің психологиялық даярлығын жетілдіруге арналған әдістер мен тәсілдерді жүйелі түрде ұсыну. Бұл құрал қызметкерлердің өзін-өзі тануын, эмоционалдық және когнитивтік дағдыларын нығайтуға, сондай-ақ олардың қызмет барысында кездесетін қиындықтарға төтеп беру қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Берілген оқу құралы ішкі істер органдарының мамандары, оқытушылар, курсанттар мен құқық қорғау саласына қызығушылық танытатын зерттеушілер үшін пайдалы ақпарат көзі бола алады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби психологиялық даярлығы – олардың қызмет тиімділігін арттырудың, экстремалдық жағдайларда дұрыс шешім қабылдаудың және азаматтармен конструктивті қарым-қатынас орнатудың маңызды факторы болып табылады.

Бұл оқу құралында ПО қызметкерлерінің психологиялық даярлығын жетілдіруге бағытталған негізгі теориялық және практикалық аспектілер қарастырылды. Кәсіби психологиялық даярлықтың негізгі бағыттары ретінде: Стресс пен эмоционалдық тұрақтылықты басқару - қызмет барысында кездесетін шиеленісті жағдайларда психологиялық орнықтылықты сақтау; Қақтығыстарды шешу және келіссөз жүргізу дағдылары - азаматтармен, әріптестермен және құқық бұзушылармен тиімді қарым-қатынас жасау; Тұлғалық және кәсіби даму – өзін-өзі жетілдіру және кәсіби біліктілікті арттыру әдістері;

Когнитивтік және мотивациялық аспектілер - шешім қабылдау, зейінді шоғырландыру және мотивацияны арттыру стратегиялары қарастырылды. Қызметкерлердің психологиялық даярлығы құқық қорғау органдарының қоғамдағы беделін нығайтып қана қоймай, олардың қызмет барысында кездесетін қиындықтар мен психологиялық жүктемелерді тиімді еңсеруіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты, бұл оқу құралы ПО қызметкерлерінің кәсіби психологиялық даярлығын жетілдіруге, олардың тұлғалық және кәсіби дамуына, сондай-ақ құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

³ Сәбет Бап-баба. Жантану негіздері.-Алматы: Заң әдебиеті, 2004. -302 б.

Осы құралдағы ұсыныстарды іс жүзінде қолдану ПО қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейтуге және азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауда олардың рөлін нығайтуға ықпал етеді.

Болашақ зерттеулер мен тәжірибелік қолдану мүмкіндіктері. Кәсіби психологиялық даярлықты одан әрі жетілдіру үшін келесі аспектілерге назар аудару қажет:

- Қызметкерлердің психологиялық диагностикасын жетілдіру;
- Психологиялық тренингтер мен симуляциялық жаттығуларды кеңінен енгізу;
- Кәсіби эмоционалдық жануға қарсы алдын алу шараларын күшейту;
- Көптеген тәжірибелік кейстерді талдау және үздік тәжірибелерді жинақтау;

ПО қызметкерлеріне арналған психологиялық қолдау қызметтерін дамыту. Бұл ұсыныстар ПО қызметкерлерінің психологиялық әл-ауқатын жақсартуға, олардың кәсіби қызметте табысты болуына және қоғаммен тиімді қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді.

I-ТАРАУ. Тұлғаның қасиеттерінің, эмоциялық-еркін процестері мен жағдайларының психологиясы

1.1.Тұлғаның қасиеттерінің, эмоциялық-еркін процестері мен жағдайларының психологиялық мінездемесі

Эмоция (лат.emation) толғану деген мағынан білдіреді. Адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы, қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй. Эмоция ұнамды, ұнамсыз болып бөлінеді. Эмоциялық жағдайлар көңіл-күйді қалыптастырады⁴.

Эмоция-(латынша толғану) адамның толғануы, қоршаған ортаға субъективті көзқарасы арқылы қысқаша толғануын бейнелейтін психологиялық нысан.Болып жатқан немесе болатын жағдайларға байланысты жағдайлы эмоциялар бар. Адамның ақыл-ой бақылауынан шыққан эмоция оның денсаулығына зиян келтіреді, жұмысына кедергі береді, ойлауына кедергі етеді. Эмоциямен қатар жүретін сезім-ол да адамның қоршаған ортаға көзқарасын бейнелейді. Сезім-бұл адамның қоршаған болмыс заттары және құбылыстарымен қатынас жасауынан туындаған әрқилы формада көрініс беретін толғаныс, күйзелестері. Ерік-бұл адамның мақсатты жұмыс орындау барысында кезіккен сыртқы және ішкі кедергілерді жеңумен байланысты өз қылық әрекеттерін қолдап, реттей білу қасиеті. Ерік өмірдің ауыртпалық түскен жағдайларында белсенділік көтеріп, өзін-өзі реттеудің көзі болумен түгелдей сана басқарымында болады. Ерік саналы өзіндік басқарумен

⁴ Абдигалиев А.У. Правовая культура современного казахского общества (теоретико-нравственный аспект): учебное пособие.-Алматы: NV-SERVICE, 2006. -134 б.

бірге белсенділік арттыру, немесе ынталандыру және реттеу қызметтерін де атқарады. Ерік-адамның өз болмысын билей алу қабілеті, өз ұмтылыстары, сезімдері мен құмарлықтарына тоқтам беру қасиеті.

Қылмыстық істің шындығына жету әртүрлі эмоциялық құбылыстармен байланысты. Кейбір эмоциялық жағдайлар адамды қылмыс жасауға итеріп, соның ішінде ауыр қылмыс зорлық-зомбылық қылмыс жасаудың себебі болады. Адам сезімі тіршілік үшін керекті де пайдалы қасиет. Толғаныссыз өмір-ошкен өмір. Көп сезімдерге адамдар өздері құштар. Егер сол сезімдер қандай да себептермен болмай қалса, адам «эмоциялық ашырқауға» ұшырайды. Адамның көңіл-күйінің кейпін білдіретін жәйіттің бірі психологияда фрустрация (көңіл-күйдің бұзылуы, межелі істің жүзеге аспай қалуы) деп аталады. Жоспарланған іс пен мүдделі мақсаты түрлі себептермен кедергілерге ұшырап, адам оған ренжиді, көңілі құлазып, қайғырып, күйзеледі, ашуға булығыады. Мысалы: мұндай жағдайды сезікті (подозреваемый) кешуі мүмкін. Себебі ол (сезікті) өзі жасаған қылмыстық ісі үшін ар-ұяты қысып, өзінің кінәсін іштей түсініп, соған қынжылып, толғанып, сол қылмыс жасағаны үшін алдында қандай жаза күтіп тұр, яғни қорқыныш, үрей сезімдері бойын жайлайды, бір жағынан ақталып шығамын ба деген үмітте бойын кернейді.

Үрейленген жағдайда болған жағдайды ойлап-пішуге кері әсерін тигізеді.

Тергеушінің күдіктімен тергеу жүргізу үстінде оның яғни күдіктінің өзіне аяушылық білдірсін деп, өзінің шын күйзеліс жағдайын жасырып, мимикалық қозғалыстарымен өтірік эмоция мен сезімдерін көрсетеді.

Қорқыныш сезімі-субъектте өз тіршілігіне шын немесе болуы мүмкін қатер жөнінде ақпарат алуымен бірге екені сөзсіз, дегенмен тұрақты, нақты мінездің орнығуы ең алдымен адамның адаммен, қоғамға араласып, қатынасу дәрежесіне тәуелді.

Темперамент-адамның психикалық әрекетінің нақты динамикасын айқындайтын психиканың дара қасиеттерінің жиынтығы. И.П.Павлов жүйке процесінің күшіне орай және күшті тип пен әлсіз типті айыра, дәстүрлі Гиппократ типологиясына жақын жүйке жүйесінің төрт негізгі типін ажыратты:

1. күшті, қозу мен тежелуі теңдей, қозғалмалы-сангвиник;
2. күшті, қозу мен тежелуі теңдей, салғырт-флегматик
3. күшті, қозуы басым-холерик;
4. әлсіз тип- меланхолик (қимыл-қозғалысы жәй, сөзі де жәй, тез ренжігіш, жағымсыз эмоциялар басым).

Сонымен, И.П.Павлов түсінігінде, жүйке-жүйесінің типі тума беріледі, тәрбие мен қоршаған орта ықпалынан өзгеріске келе берілмейді. Осыдан жүйке жүйесінің қасиеттері-жүйке жүйесінің жалпы психикалық көрінісі болған темпераменттің физиологиялық негізін қалады, яғни адам темпераменті-жоғары жүйке жүйесінің сырттай әрекет қарқынында танылатын психикалық бейнесі. Табиғатта екі бірдей адамды, жеке тұлғаны кездестіру қиын. Әрбір адамның жеке тұлға ретінде даралық ерекшеліктері қайталанбайды. Адамдар

бір біріне ұқсас болып келуі мүмкін. Адамдардың даралық психологиялық ерекшеліктері әр түрлі болады. Осындай тұрақты және адамға туғаннан берілетін психологиялық қасиеттер темпераменттің қасиеті болып табылады. Демек, темпераменттің қасиеттеріне ең алдымен туа біткен және даралық өзіндік психикалық қасиеттер жатады. Тіпті ерте кезден бастап, темпераменттің төрт түрін кездестіре аламыз: сангвиникалық, флегматикалық, холерикалық, меланхоликалық.

Темперамент-туралы алғаш рет ежелгі грек медицинасының көрнекі өкілі Гиппократ (б.з.д. V ғ) грекше «красис» сөзімен белгіленеді. Гиппократтың және оның шәкірттерінің айтуынша, адам ағзасының жағдайы негізінен адам ағзасында болатын шырындардың немесе сұйық заттардың сандық арақатынасына байланысты (қан, шырын, өт). Осы сұйық заттардың араласу пропорциясы грекше «красис» деп аталады. Рим дәрігерлері жүздеген жылдар кейін жұмыс істеген бұл ұғымды латын тілінде «temperamentum» деп атады, кейін келіп «темперамент» термині шықты. Дәрігер Клавдий Гален (130-200ж.ж.)өзінің трактатында темпераменттің 13 түрін көрсетті, ал кейін ол төртке дейін қысқартты. Олардың әр қайсысы белгілі бір сұйық заттың басымдылығына қарай сипатталады. Темперамент дегеніміз психикалық үрдістер мен мінез құлықтың жүру қарқынын анықтайтын адамның дара ерекшеліктері. Темпераменттің қасиеттерін мінез құлықтың қасиеттерімен немесе қабілеттіліктерімен шатастыруға болмайды.

Темпераментті анықтайтын төмендегідей негізгі қасиеттерін атап өткен жөн:

- Адамның психикалық іс әрекетінің және құлқының жалпы белсенділігі әрекет етуге ұмтылудың әр түрлі деңгейінде, қоршаған дүниені меңгеру және өзгерту, әртүрлі іс әрекетте өзін көрсетуде аңғарылады.
- Қозғалыс немесе моторлы белсенділік және тілдік қозғалыс аппаратының белсенділік жағдайын көрсетеді. Адамның бұлшық ет қозғалысы мен тілінің шапшандығында, күшінде, тездігінде аңғарылады, оның сыртқы қозғалысында (немесе ұстамдылығында), сөзшендігінде (немесе үндемейтіндігінде) байқалады.
- Эмоциялық белсенділігі эмоциялық көңіл күйінде, эмоциялық қозғалғыштығында т.б. көрінеді.

Темперамент адамның іс әрекетінде, мінез құлқында және қылықтарында аңғарылады және сыртқы пішінінен байқалады.

Темпераменттің қасиеті адамның басқа психикалық ерекшеліктерімен салыстырғанда ерекше тұрақты және әр уақытта да болады. Темперамент 25 ғасырдан бері ғылыми ойды қызықтырған мәселелердің бірі. Гиппократ темперамент адамның анатомиялық және психологиялық даралық ерекшеліктері деп түсінді. Одан әрі темперамент туралы ілімнің дамуы төмендегі бағыттарда іске асты. Темпераментке деген қызығушылықтың төркіні-адамдар бойында болатын дара өзгешеліктер.Әр адамның, баланың жан дүниесі өз алдына бір болмыс. Оның қайталанбастығы, бір жағынан, адам тәнінің биологиялық және физиологиялық құрылымы мен дамуына

байланысты болса, екіншіден - әлеуметтік ерекше байланыстар мен қатынастарға негіз бола алуында. Темперамент адамның биологиялық сипатынан көрінеді. Адамдар арасындағы көптеген психикалық айырмашылықтар: эмоция тереңдігі, қарқындылығы, тұрақтылығы, ауыспалы-қозғалғыштығы-бәрі осы темперамент табиғатымен түсіндіріледі. Дегенмен, осы күнге дейін темперамент мәселесінің шешілмеген, талас-тартысты қырлары баршылық. Бірақ проблемаға байланысты көзқарастардың көпшілігіне қарамай, ғалымдардың бәрінің мойындайтыны: темперамент-жеке адамның әлеуметтік тұлға ретінде қалыптасуының биологиялық, яғни табиғи ірге тасы. Темперамент көбіне адамға тума берілген әрекет – қылығының ұдайы қозғалыстағы сипатын белгілейді. Сондықтан, темпераменттік қасиеттер басқа психикалық құбылыстарға қарағанда тұрақтанған, өзгеріске келе бермейді. Назар аударарлықтай ерекшелік, темпераменттің әрқилы қасиеттері бір – бірімен кездейсоқ қосылмай, заңдылықтар негізінде түрлі темпераменттің белгілі құрылымын түзеді. Сонымен, темперамент-адамның психикалық әрекетінің нақты динамикасын айқындайтын психиканың дара қасиеттерінің жиынтығы. Бұл психикалық ерекшеліктер адамның барша іс-әрекетінде оның мазмұны, мақсаты және себеп-салдарына тәуелсіз бір қалыпты көрінеді. Есейген шақта да, өзгеріске түспей, өзара байланыста темперамент кейпін өрнектейді. Темперамент түрінің жақсы не жаманы болмайды. Олардың әрқайсысы өзінің ұнамды тараптарына ие, сондықтан басты назар темпераментті реттеп, түзетуге қаратылмай, нақты іс-әрекетте оның тиімді жақтарын саналы әрі өз орнымен пайдаланудың жолдарын табуға бағытталғаны жөн. Адам ежелден-ақ әрқилы тұлғалардың психикалық бітістерін айыра танумен, олардың барлығын жалпыланған аз санды саналық бейнелер бірігіп психология тарихында алғашқыдан темперамент типтері деп аталады. Темпераменттің бұл бірігімдік жүйесі өмірлік іс- әрекет тұрғысынан өте тиімді, себебі оны пайдалана отырып, нақты тұрмыстық жағдайларда белгілі темперамент типіне жататын адамның болашақ әрекет-қылығын күні ілгері пайымдауға болады. Рим дәрігері Галеннің айтуынша темперамент түрлерінің физиологиялық қасиеттерімен қатар психологиялық және адамгершілік қасиеттерін сипаттайды⁵.

Неміс философы И.Канттың гумаралды теориясына көз жүгіртсек, оның пайымдауынша темпераменттің төрт түрі болады. Ол адамдардың мінез-құлқының әр түрлі динамикалық ерекшеліктері өте жоғары деп есептеген. Көптеген авторлар ол теорияның апараттарына аралас типтерді енгізу жолымен осы күйден шығады. Аралас типтер әр түрлі темпераменттерде кездесетін қасиеттердің араласып көрінуі сфераларын бөлді және тарылтты. Сондықтан темперамент түсінігінің өзі оның дәлелденуінде әдеттегіден қарағанда біршама ерекшеленеді. И.Кант төрт темпераментті екі әрекет темпераменті (холерик, флегматик) және екі сезім темпераменті (сангвиник,

⁵ Алексеев А.И. Криминология. Курс лекций.-М.: Издательство «Щит-М», 1998.-340 б.

меланхолик) деп бөлді. Осының салдарынан аралас типтерден құтылуға мүмкіндік береді. Себебі бір адамдар үшін темпераменттің табиғи мәні әрекет манерасында көрінеді, бұл кезде эмоционалды өмір варианттары әр түрлі болуы мүмкін. Басқа адамдар үшін темпераменттің мәні эмоционалды өмірдің жалпы кейпін білдірсе, ол әрекет ету манерасы әр түрлі болуы мүмкін және бұл темпераментке ешбір қатысы жоқ. Неміс психологы Вундт ХІХ ғ. аяғында темпераментті жылдамдықтың және «жан қозғалыстарының» күштерінің арақатынасы деп білді. Ол темпераментті екі түрге бөлді:

- Эмоциясы күшті темпераменттер
- әлсіз эмоциялы темпераменттер

Алғашқысына холерик және меланхолик темпераменттерін жатқызды. Өйткені, холериктің эмоциясы күшті болады да және тез әрекет етеді, ал меланхоликтің жан дүниесінің ауысып отыруы өте шабан, баяу болып келеді. Эмоциясы әлсіз темпераменттерге сангвиник және флегматик жатады. Сангвиниктердің қозулаоры, сезімдері күшті, әрекеттері жылдам болып отырады. Ал флегматиктің эмоциялары күшті, әрекеттері жылдам болып отырады. Ал флегматиктің эмоциялары күшті, бірақ олардың әрекеттері шабан болып келеді. Әрине, бұл теориялардың қай қайсысы да біржақты, ғылыми негіссіз қате теориялар болып табылады.

ХХ ғасырда темперамент туралы пікір айтқандардың бірі және ерекше кеңінен таралған Э.Кречмердің (1888- 1964) ұсынған типологиясы. Ол 1921 ж. өзінің «Тән құрылысы және мінез» атты белгілі еңбегінде темперамент адамның тән құрылысының белгілі психикалық ерекшеліктерімен байланысты болатындығын дәлелдейді. Э.Кречмердің теориясы Еуропада кеңінен тараған. Ерте кезден бастап, зерттеушілер темпераменттің әртүрлі типтері қалыптасқандығына тоқталды. Олардың ішінде ерекше қызығушылық туғызатын теориялар темпераменттің қасиеттері тұқым арқылы берілген, туа біткен қасиеті ретінде түсіндіріліп, дене бітімінің ерекшеліктеріндегі даралық айырмашылықтарымен байланыстырылады. Бұл теория дене бітімінің теориясы деп аталынды. Ерекше кеңінен тараған теория Э.Кречмердің типологиясы. Бұл теорияның негізгі идеясы адамдардың дене бітімінің немесе құрылымының белгілі түріне қарай белгілі психикалық ерекшеліктері болатындығы. Ол адам денесінің бөліктеріне көптеген зерттеулер жүргізіп, осының нәтижесінде төрт дене бітімінің типін бөліп көрсетуге мүмкіншілік берді.

1. лептосоматик
2. пикник
3. атлетик
4. диспластик

Ежелгі грек дәрігері-Гиппократ темперамент жөніндегі жасаған тұжырымы бойынша, адамдар төрт «дене шырындарының» - қан, шырыш, өт, запыран - өзара қатынасымен ажыратылады. Осы психологиялық тағылымды арқау ете отырып, ежелгі дүние дәрігері Клавдий Гален алғашқы рет темперамент түрлеріне ғылымдық сипат берді. Гален темперамент түрін

жоғарыда аталған шырындырдың бірінің басымдылығымен байланыстырды.

Ол біздің заманымызға дейін жеткен темперамент атауларын белгіледі: сангвиник (sanguis-қан), флегматик(phlegma-шырыш), холерик(chole-өт), меланхолик(melaschole-запыран). Гален ендірген бұл ғажайып жаңалық кейінгі жүзжылдықтар желісінде көптеген ғалымдар ізденісіне күшті ықпалын тигізді. Ежелгі дәуірлерден бастап зерттеушілер адамдардың дене құрылымы және физиологиялық қызметінің ерекшеліктерімен сай келетін көп түрлі әрекет-қылықтарды тастап, ретке келтіруге ат салысты.

Темпераменттің бір түрін жағымды, бір түрін жағымсыз деп бағалау дұрыс болмайды. Әр бір темпераменттің өзінің жағымды жақтарымен қатар жағымсыз жақтары да болады. Таза күйінде темперамент өте сирек кездеседі. Адамда тампераменттің белгілі бір түрінің қасиеті басым болып келеді, бірақ бұл жағдайда, басқа темпераменттерге тән жекеленген белгілер байқалуы мүмкін.

Темпераменттің әр бір түрлеріне тоқталып, психологиялық сипаттама беретін болсақ:

Холериктерге жататын адамдарға ашушаң деген мінездеме береді. Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшаңдылығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процестер шапшаң өтеді. Күйгелектік сондай адамдарға тән. Ол қызу қанды тез ашуланғыш және тез басылады. Оның ашуында жеккөрушілік жоқ. Жұмсақ айтқанда оның ойына қайшы келетін ситуацияға реакциясы болып табылады. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Себебі оның төзімділігі нашар болады.. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Сондықтан, холерик болған жерде ұрыстар жиі болады. Басшы болғанды ұнатады. Оның негізгі құмарлығы тазалық. Мақтанады, жорамсақты, салтанатты мерекелерді жақсы көреді. Холерик темпераментінің жағымды жағы – энергия, белсенділік, күштарлық, инициативтік. Жағымсыз жағы-ұстамсыздығы,қаталдық, қатаңдық, шамдану, ыза. Холериктердің сезімі бет пішінінен, дене қимылынан, сөйлеген сөзінен анық байқалады. Олардың ренжуі де, жылауы да тез, күлуі оңай. Сезімі тез өзгеріп отырады.

Мысалы, холерик тыңдаушы талпыныс пен күштарлықпен ерекше көзге түседі. Тіпті партада оқытушыны тыңдап отырған холерикті анық мимика мен энергетикалық белгілер арқылы ажыратуға болады. Тақтада жауап бергенде, тыңдаушы бір аяғын екіншісіне ауыстырып тұрады, өте жылдам жауап береді. Ондайлар тез істеуге, үлкен өзгерістерге құлшынып тұрады. Міне, оқытушы кезекшіні бор әкелуге жіберді делік, ол жиналып барғанша, холерик орнынан тұрып борға өзі жүгіріп кетеді. Бұл тыңдаушы әр нәрсеге күштар, істі бастағанда, оны өте тез және беріліп істейді де, түрлі кедергілерден жеңіл өтеді. Ол өте ұстамсыз, өте қарапайым қиыншылықтар үшін күйіп-пысады, оқытушылар мен ата-аналарына айқайлап сөйлейді. Бірақ ол агрессиялық күйден қайта қалпына келгенде, олай істеуге болмайтынын түсінеді, сонда да ол өзіне ештеңе істей алмайды. Оның ұстамсыздығы оған

көп кедергі жасайды және ол үнемі достарымен ойын үстінде ұрсысып, оқытушымен сабақ үстінде ұрсысады.

Флегматиктің негізгі ерекшелігі деп селқостық танытуын, бірақ аффекте болмауы деп есептейді. Флегматик салқын қанды болып келеді. Флегма-элсіздік, іс-ірекет жасамауға бейімділік танытады. Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және де ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл- күйі тұрақты. Олардың байыптылығы мен байсалдылығы өмірге деген көзқарасынан да көрінеді. Флегма күші ретінде қиын және жай қосылыстарға түсуге қабілетті. Ол тез ашуланбайды. Оның сәтті темпераментпен даналық ауыстырады. Кейбір жағдайларда оларды жиі философ деп те атайды. Ол басқалардың еркін өзіне аударуға тырысады. Флегматикті ызаландыру немесе эмоционалды әрекет жасау оңай емес, ол ұрыс- керістен аулақ жүреді, оны әртүрлі қиыншылықтар тепе-теңдігінен шығармайды. Флегматикті дұрыс тәрбиелегенде іскерлікті, талапшылдықты орнатуға болады. Бірақ жағымсыз жағдайларда оларда әлсіздік, жалқаулық пайда болады⁶.

Мысалы 1-ші курс тыңдаушысы-флегматик, ол барлық істі баяу, байыппен, асықпай істейді. Одан сабақ сұраған кезде, ол баяу орнынан тұрып, азғана үндемей тұрады да, сабаққа дайындалып қараған болса, бірқалыпты дауыспен сабақ айта бастайды; ал егер дайындалмай, оқымаған болса, оқытушының қойған сұрақтарына жауап қайтармай үнсіз тұрады. Кейде ондай тыңдаушылар оқытушыны ызаландырады, ал достары оның баяулығына күледі. Бірақ, флегматик-жақсы дос, ашық және өте ұстамды, оны ренжітіп алу немесе күлдіру өте қиын.

Сангвиниктерге мінезі ашық, еті тірі, қабілетті, қозғалғыш адамды жатқызады. Ондай адам ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Бұл адам ештеңе уайымдамайды, сенімді. Әрбір затқа бір сәтке үлкен мән берсе, ал бірнеше минуттан кейін, ол туралы ойламайды. Коллектив арасында жүргенді ұнатады, басқа адамдармен тез тіл табысады. Қысылып- қымтырылмайды, кісіге қайырымды. Ол біреуге сөз береді, бірақ өз сөзінде тұрмайды, ал біреулерге көмек беруге дайын. Ақ көңіл адам. Бірақ өз қарыздарын өтеуге нашар келеді, және үнемі кейінге қалдыруды талап етеді, ол қатал адам емес, түзелуі қиын күнаһар адам. Өз жасаған ісіне қатты өкінеді, бірақ оны тез ұмытады, жұмыс оны қатты шаршатады, бірақ ол оймен айналысуға дайын адамдар болып келеді.

Сангвиниктерді оқу үрдісінде бақылаған жақсы, яғни оқу үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді. Егер оқу материалы қызықты және жас

⁶ Аминов И.И. Психологический практикум для юристов: Учебное пособие. -М.: изд-во ЭКМОС, 2001.-144 б.

ерекшелігіне сай болса, онда тыңдаушы жаңа берілген материалды тез қабылдайды, жеңіл есте сақтайды. Ал егер материал қызықсыз және оны оқу үшін көп уақыт қажет болса, онда тыңдаушы оны есте ұзақ уақытқа сақтай алмайды. Сангвиниктерді дұрыс тәрбиелегенде, оны жоғары дәрежеде жетілген бірлік және қайырымдылық сезімі оқуға деген белсенділігі ерекшелендіріп тұрады. Жағымсыз жағдайларда, жүйелілік пен бірізділік жоқ кезде, сангвиник жеңілтектік, бейбастық, шашыраңқылық байқалады. Сангвиник тыңдаушылар сабақ үстінде тынышсыз, жиі алаңдайды, сабақта достарымен көп сөйлеседі. Сыныпта өтіп жатқан барлық жағдайларға мән беріп отырады. Достарының арасында ылғи да сыйлы және оларға көптеген қызық әңгімелер айтады. Осы тыңдаушы жаңа ортаға тез бейімделеді. Егер берілген жұмыс немесе тапсырма жеңіл болса, тыңдаушы оны тез орындайды, ал жұмыс қиын, қытымыр, ұзақ болса, жұмысқа суып кетеді. Егер қандайда бір есеп беріле сала, тыңдаушы жауабын айтса, және бұл жауабы қате болса, ол әріқарай ойланып, дұрыс жауабын іздемейді, келесі жұмысқа көшеді.

Меланхолик. Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Бұл адам барлығына мән береді. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Әр нәрседен қорқуға себеп тауып алады. Ең алдымен қиындықтарға зейін қоймай, ол үлкен күппен серт береді. Себебі берген сертін орындамайды, өйткені оны орындау мүмкін емес деп ойлайды. Серт берместен бұрын ол өзінің осы сертті орындай алатынына күмәнданады. Бұл адам уайымшыл, ешкімге сенбейтін және көңіл көтеруге бейім емес. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады. Меланхолик тыңдаушы коллектив арасында болуды ұнатпайды. Ал егер оны дұрыс тәрбиелесе, Мысалға мен 1-ші курс тыңдаушысын алайын. Ол тұйық, ұялшақ және ол ешкімге көрінгісі келмейді. Біреуден қорқып жүрген сияқты. Проблемаларды терең сезініп, көп уайымдайды. Сабақ айтып тұрған кезде қызарып кетеді, сабақты біліп тұрса да сасқалақтап жауап бере алмай қалады. Істегісі келмейтін жұмыспен айналысса, тез шаршап кетеді. Достарына көмектесуді ұнатады.

Кречмер өз бақылауында және басқа психиатор, антропологтар еңбектеріне адам конституциялық және темпераменттің арасындағы байланысын анықтаған, адам бірнеше дене бітімі типінің және оның темпераментке қатыстылығын сипаттайды.

Дене бітімі типтері	Темперамент типтері
1. Астеникалық	шизотимді
2. атлеткалық	иксотимді
3. пикникалық диспласт/қ	циклотинді

Астеникалық-мұндай адамдар ерене бойынша ұзын бойлы, (орта бойлы болуы мүмкін) нәзік дене бітімді, көкірек клеткалары тегіс, ұзын және қыр мұрынды болып келеді. Истениктер шизотимді темпераментке ие болады, бұлардың кең таралған сипаттамасы қарым-қатынасшыл емес, тұйық, ұстамды, салмақты, тағы бір тобы ұялшақтық, қорқақтық көңілшектік, жоғары сезімталдық, қозушылық, ашушаң қасиетін құрайды. Кітап және табиғатты жақсы көреді. Темперамент қасиеттерінің 3-ші тобы өзін-өзі сендіру, шынайылық, қайырылымдық. Темпераменттің 2-ші 3-ші тобы бір-біріне қарама-ұайшы. Егер 2-ші топ жоғары психикалық сезімталдыққа ие болса, ал 3-ші топ қарама-қарсықолық сезімсіздік, сондақтан шизотимдіктерді, идиолист, арманшыл, билікке ұмтылмайтын өзімшіл көрсетеді. Көпшілігіне өмірдегі негіздері болып, яғни өзіне бағыттарын өзіндік «мен»

Шизотимді-темпераментті типі өздерінің кейбір ерекшеліктерін интеллектуалды әрекетте көрсетеді Шизотимдерде зейін жоғары дамыған, оның ішінде зейіннің бөлінуі ұзақ мерзімді ес және вербалды интелект сонымен қатар мұнда абстрактылы ойлауға бейімділік те жатады, оларда қысқа мерзімді ес, вербалды интелект жіне көру моторлы байланыс жылдамдығы төмен деңгейде дамыған. Жұмыс жасау кезінде ұзақ үзіліс (пауза) жасайды.

Атлетикалық-сүйектері және бұлшық еттері жақсы дамыған, орта және ұзын бойлы, кең иықты, тар бөкселі, бет сүйегі томпақ, толық. Атлетикалық тип дене бітімі бойынша иксотимді темпетаментке ие, олар өз бетті, энергиясы мол, өзіне сенімді, жест, мимикаларымен өзгелерді әсерге қалдырады, қарым-қатынаста дөрекі, басқалардың өзіне тәуелді болғанын қалайды. Олардың өмірлік тонусы жоғары, қызықты оқиғаларды және тәуекел еткенді жақсы көреді, олар үшін өмірдегі негізгісі іспен көрсету⁷.

Пикникалық-дене бітімі кіші, орта бойлы, тығыз, семіруге бйім, бұлшықеттері жұмсақ, үлкен қарынды, мойны қысқа, басы дөңгелек болып келеді. Пикникалық дене бітімді типтегі адамдар циклотимдітемпераментке сәйкес келеді. Бұлар адамдарға тез түсінікті, күрделі емес. Темпераменттің мұндай типіне қарым-қатынасшыл, қайырымды қасиеттер тән, циклотимдердің көңіл-күйі куәныштылық пен көңілсіздікарасында ауысып тұрады. Сондықтан бұл тобы көңілді, тапқыр, пысық және қызба адамдар құрайды, ал 2-ші топ: тыныш, салмақты, әсершіл тобы құрайды. Циклотимдер интеллектуалды ерекшеліктер жағынан шизотимдерден ерекшеленеді. Оларда қысқа мерзімді ес, вербалсыз интелект жақсы дамыған. Олар бір жұмыстан екінші түріне ауысып кете алады. Қандай жұмыс болмасын жылдам игеріп кетеді.

Сонымен, бірінші сұрақты қорыта келгенде, адамның қай мазмұнда болмасын өз іс- әрекетін жүзеге келтіруі тікелей темпераментке байланысты. Темперамент психикалық процестердің желісінде көріне отырып, еске түсіру, қабылдағанды бекіту жылдамдығына ықпалын тигізеді, ой жүйріктігі мен

⁷ Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания.-М., Воронеж, 1996. -654 б.

зейін тұрақтылығын және оның ауыспалығын айқындап береді.

Темпераменттерді тәрбиелеуде адамның ерік-жігерін, мінез бітістерін, сезім эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастыруға жүргізілген дұрыс. Адамның өзін - өзі ұстай алу қабілетінің дамуы темперамент тәрбиесіне жақсы жәрдем береді.

Тұлға бағытылығына-өмірлік мақсаттар, жеке тұлға уәждемесі, қызығушылықтар, мұраттар (идеалдар), бейімділік, сенімдер, сонымен қатар мінез бен қабілеттіліктерді жатқызамыз.

Түрткіні қосатын жүйе ретінде, жеке тұлға белсенділігін анықтайтын, оның қарым қатынасын саралайтын жеке тұлғаның күрделі қасиеті – бұл тұлға бағыттылығы болып саналады.

Құнды бағдарлаулар, қызығушылықтар, мұраттар. Адамның әртүрлі жастағы адамдармен арасындағы мінез-құлық белгілі бір құндылықтармен байланысады, яғни материалдық объектілер құрамына сөйлеуге, қоғамға, топқа және жеке адамға олардың мағыналарын анықтайын қоғамдық өмірдің болуы. Құндылықтарда барлық адамдар мінсіз түрде өзінің мақсаттары мен ұмтылыстарын білдіреді. Б.Г.Ананьевтың белгілеуінше, «адамның құнды көріністерін түсінбей тұрып, оның мінез-құлықын түсіне мүмкін емес».

Құндылықтың бірнеше санатын бөліп көрсетеді:

а) тұлғалық; б) қоғамдық; в) материалдық; г) саяси; д) идеалдық.

Тұлғалық құндылықтар тұлға мінезінің моральдық негізін білдіреді. Бұл құндылықтар адамдарға, қызметке, өзіңе, затқа деген қарым-қатынаста көрсетіледі. Қоғамдық құндылықтар социализация процессінде меңгеріледі, қоғамда қабылданған моральдық нормаларға, салт-дәстүрлерге, заңдарға тұлғаның қатысымен көрсетіледі. Олар адамның жауапкершілік, өз-өзіне талап қою, сақтану т.б. секілді мінез-құлықтарын қалыптастырады.

Материалдық құндылықтар материалдық объектілер, заттар, ақша, жеке мүліктерге қатынаспен көрсетіледі. Бұл объектілерді бағдалау адамды төмендегідей мінез-құлықтарға тәрбиелейді: ұқыптылық немесе ұқыпсыздық, пысықтық немесе ұяңдық, сараңдық және т.б. Саяси құндылықтарға мемлекеттің ұлттық жағдайы, бекітілген демократиялар, саяси мекемелер, салауатты өмір жатады. Идеалдық құндылықтар дүниетаным, моральдық парыздарды кеңінен қамтиды.

Құндылықтар адамдардың мінез-құлықтарын және ойын саралайды. Олар эмоциялық сүйкімділік күші немесе өзінің танымдық қажеттілігінің күшіне әсер ететін туындаушылықмен түсіндірілетін оның қызығушылықтарын бейнелейді. Қызығушылықты адамда оның көңілін аударатын кез-келген объект туындата алады.

Идеал-өзін қалай көргісі келетіні туралы адамның қиялы. Идеал мінез-құлық жиынтығынан жиі туындайды. Идеалдар қоршаған ортаның әсіремен қалыптасады. Идеалдардың болуы адам мінез-құлығының мотивациясына нақтылық енгізеді.

Психологиялық қондырғылар. Психологияда қондырғылар арқылы адамның психикалық жағдайын, дайындықты және ішкі орта әсеріне жауап

ретінде нақты ерекшеліктерін айқындайтын қызмет субъектісі ретінде түсінеді. «Қондырғы» сөзінің өзі латынша «аптус», яғни:

- 1) әрекетке дайындықтың физикалық немесе ақыл –ой жағдайы;
- 2) адмның тұрысы, яғни моторлы немесе ақыл есінің бейімділігі деген мағына береді.

Советтік психологияда қондырғының теориялық жағдайын грузин психологы Д.Н.Узнадзе ойлап тапқан. Өзінің «Қондырғының психологиясының эксперименталды негіздері» атты жалпылама еңбегінде ол қондырғыны естің жеке фактілерінің туындауын шамалайтын психиканың ерекше жағдайы ретінде анықтайды және олардың алдында болады.

Қондырғылар адамның барлық қызметтерін, оған қажетті психикалық күштерін жұмылдыра отырып бағыттайды. Қондырғыны білдіру заңнамаларын білу – қылмыскер, зардап шегуші тұлғаларын бағалау үшін қажетті шарттар. Құрылымдық жоспарда қондырғыда үш құрамдас бөлікті бөліп көрсетеді: сезім, пікірлер мен сенімдер, реакция мен дағды. Бұл бөліктер сезімталдық, интеллектуалды және мінез-құлық құрылымдық бөліктерді адамды қоршаған ортада оның белсенділігі анықтайды. Қондырғылар көп жағдайда адамның барлық іс-әрекеттерін анықтайды. Ол біздің реакциямызды сұхбаттасушы адамның реакциясына жауап ретінде басқарады: біздің бет-әлпетіміз біз байланысып отырған сұхбаттасушымыздың қабылдауына байланысты болады. Қондырғының мазмұнды жағы тұлғаның құнды бағдарлауы болып табылады.

Жеке тұлға уәждемесі. Уәждеме астында мақсаттарға жетуге бағытталған адамның туындау жүйесі түсіндіріледі. Қылық уәждемесі «адам нені қалайды?», «ол неге талпынады?» және т.б. сұрақтарға жауап береді. Адамның қозғаушы күшінің дифференциалдау мақсатында оны сезіну және сезінбеу ниеті деп бөлу қажет, яғни уәждер (мотивы). Бұл зерттеуші тұлғаны бағалу үшін аса маңызды. Сезіну ниеті ұзақ ойластырудан кейін жүзеге асады. Сезінбеу ниеті жеке тұлғаның бұрын игерген тәжірибиесінің негізінде бірден жүзеге асырылады. Мұндай ниеттер орнату жүйесін ұсынады.

Адам уәждемесі басымдық қажеттіліктерді жүзеге асырумен әрдайым байланысты.

Адамдардың қылықтарының негізінде қажеттілік жатады.

Қажеттілік – бұл жеке адамдық қызметтің, мінез-құлқының, қозғалғыш күші. Сонымен қатар қажеттілік мәнін түсінуде кең ауқымды таралған. Биологиялықтан, әлеуметтік экономикалыққа дейін.

Қажеттілік мұқтаждық ретінде бұл объективті жағдайда, затқа, объектілерге мұқтаждықтарды сезуде құрылатын. Оларсыз тірі органдардың дамуы мен өмір сүруі мүмкін емес (С.Л.Рубинштейн, Узнадзе, Ковалев, Ядов, Бонович)

Қажеттілік тәуелділік ретінде бұл тіршіліктің нақты шарттарына тәуелділігін көрсетеді. Дегенмен, тәуелділік тек организм мен сыртқы ортасында қандай қатынастар бар екенін көрсетпейді. Жоғарыда берілген

қажеттіліктің екі анықтамасы ең көп болып табылады. Дегенмен, басқа да көзқарастар бар.

Қажеттілік қарым қатынастар ретінде: бұл жерде қажеттілік субъект пен әлем арасындағы қатынастар ретінде түсіндіріледі. Қажеттілікті түсінуде психологиялық пен бірге философиялық әдіске де жақын болып келеді.

Қажеттілік байлыққа ұмтылу ретінде: байлықтың жоқтық күйі бұл қажеттіліктің өзі (Могун) қажеттіліктің заты бұл жерде байлықтың болмауы болып табылады.

Қажеттілік бейімделу дегенінен ауытқу ретінде: қажеттілік ішкі немесе сыртқы кейбір реалдылықтың ауытқуы ретінде анықталады (Мак Клелланд) мысалы: адам белгілі бір қарым қатынасқа дағдыланған немесе белгілі бір тағам түрінен ләззат алса немесе т.б. әсер алатын болса ауытқуы күткен күйін қайта орнатуға қажеттілігін шақырады.

Қажеттілік динамикалық күй реті: (Курт Левин қажеттілік деп қандай да талаптарын әрекеттерін іске асыру кезінде адамда пайда болатын динамикалық күйді(белсенділік) айтады. Қанағаттану процесі динамикалық күшті бәсеңдетуінен тұрады. Сөйтіп қажеттілік бұл адамның қызметін қамсыздандыратын және бісеңдікке (қанағаттануға) ұмтылатын белгілі жағдайда пайда болатын шиеленіс (напряженный) жүйесі (тілек). Осы жерде динамикалық күй шиеленісетін адамның мінез құлқын детерминалдайтын шешуші фактор болып табылады.

Қажеттіліктің келтірілген айла-амалдардың анализі көрсеткендей олардың барлығы қажеттіліктердің мәнін түсіну үшін ескеруге тиісті факторлардың мәнін атап көрсетеді.

1. Адамның қажеттілігіне және жеке адамның қажеттілігіне қажеттелуді бөлу. Сезілетін және сезілмейтін деп бөлуге болады. Жеке адамның қажеттіліктері әрқашанда не түйсіну деңгейінде (биологиялық қажеттіліктер) не түсіну деңгейінде (әлеуметтік қажеттіліктер) жүреді.

Қажеттілік мұқтаждықпен тығыз байланысты, жеке адамның қажеттіліктерін мұқтаждық күйді шығару мүмкін емес.

Қажеттіліктердің өзінің пайда болуы адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, мақсатқа жетуде оның белсенділігін көрсететін механизм болып табылады.

Индивидуалды даму процессінде туатын қажеттілік ретін көрсететін тұқымқуалаушылық бойынша құралған топтағы адам қажеттіліктерін өзге бір классификациясын А.Маслау ашты. А.Маслаудың туғаннан пайда болып әрі қарай жекелік өсуге берілетін төмендегідей жеті қажеттілік классы бар:

1. физиологиялық қажеттілік;
2. қажеттілік және қауіпсіздік;
3. махаббатқа қажеттілік;
4. сыйластықты қажетсіну;
5. танымдық қажеттілік;
6. эстетикалық қажеттілік;
7. қажеттілік және өзіндік акцентуация;

Отандық және шетелдік психологтарының зерттеулері бойынша, олар қажеттіліктің түрлері мен классификациясын төмендегідей атап көрсеткен: Мюррей адамның 140 қажеттіліктерін есептеді. Қажеттілікті бірнеше классификацияға бөліп көрсетуге болады. қажеттіліктің барлығы

XX ғасырдың екінші жартысында адамдылық қажеттілік теориясы арнайы мотивациялық концепциямен бірге Г.Келли, Д.Аткенсон, Роттер еңбектерімен толықтырулар тапты. Оларға келесі деңгейді жалпылауға болады.

1. жануарлар мен адам қылығын бірдей қанағаттанарлықтай түсіндіретін универсалды мотивация құрлымын, принципті мүмкіндігін жоққа шығару.

2. редукция шиеленісі мақсат белсенді түрде мінез құлықтың негізгі мотивациялық дәлдік секілді адам деңгейінде жұмыс жасамайтынына толық көз жеткізу.

3. адам өз мінез құлығында реактивті және оның мотивация дәлдігі өз психологиясында жататындығын келісе отырып, редукция орнына активтілік принципін қою.

4. жануарлар биологиялық, физикалық стимул деңгейінде ауысатын мотивациялық жағдайды оқытатын әдістердің адам үшін адекватты мойындамау.

5. тек адамға қатысты жануарлар мотивациясын зерттеу әдісін ми пайдаланбай мотивацияны оқытатын арнайы әдіс іздеу.

Мінез жеке адамның өзіне тән қылық әрекетінде, тіл қатынасында тұрақты қалыптасатын дара ерекшеліктерінің жиынтығы.

Мінез нақты адамның шыншыл, адал ақкөңілділігіне орай сипатталмайды, аталған сапалар әр түрлі жағдайларды көрініс беретін жеке адам қасиеттері. Адам мінезін біле отырып, оның алдағы ықтималды әрекеттері мен қылықтарын күні ілгері барластырумен оларға тиісті реттеулер өндіруге болады. мінезді адамның қандай әрекетке келетінін жаңылмай, дәл айтуға болады.

Күнделікті өмірде «мінез» ұғымы әр түрлі мағынада қолданылады. Мінез ұғымын алғаш рет қолданысқа енгізген ертедегі грек ғалымы және философы Аристотельдің досы (б.з.д. IV-III ғ.) Теофраст болды. «Мінез» гректің сөзі, қазақ тіліне аударғанда «белгі», «бітіс», «ерекшелік» деген мағынада қолданылады.

Теофрастың мінездер туралы шағын трактаты сақталды, онда 30-ға жуық мінез суреттеледі. Теофрастқа дейін Аристотель жеке тұлғаның іс әрекет немесе тәжірибелік жағын белгілеу үшін «этос» сөзін пайдаланды, ол «адамгершілік», «әдет», «ойлау бейнесі» мағынасын білдіреді.

Жалпы немесе кең мағынада адамның мінезі деп даралық анық байқалатын және адамның мінез құлқы мен қылығына әсер ететін сапалық өзіндік психологиялық белгілерін айтамыз⁸.

Осы анықтамадан туындайтын адам мінезі туралы айтқанда адамның барлық анық, дара байқалатын және өзіндік психологиялық белгілері болып

⁸ Ананьев Б.Г. Проблемы формирования характера.-Л.: Наука, 1949.-288 б.

табылады. Адамға сипаттама беру оған даралық тұрғысынан психологиясын беру деп түсінеміз, оның сапаларының қосындысын көрсету емес, сол адамды басқа адамдардан ерекшелейтін белгілерін бөліп көрсету болып табылады. Мәселен, көп жағдайда адам мінезі оның өмірі ұжымда қалай болатындығымен байланысты. Егер адам таза, әділ, еңбексүйгіш, кісімен тілтапқыш болса оның ұжымда жақсы өмір сүруі және еңбек етуі үшін қажетті шарты екендігін жақсы түсінеміз.

Керісінше, еріншек, өзімшіл, өркөкірек жан ұжымда жақсы сіңісіп кете алмайды, кейде ұжым мүшелерімен даудамайға келіп қалады. «Мінездері үйлеспейді» деген сөз тіркесінің мағынасы ұжымдағы адамдардың мінезі әр түрлі, үйлесімділіктің болмауы деп қарастыруға болады.

Психологтар мінездің мәнін аша отырып, негізгі белгілерінің біріне дара ерекшелігін атап көрсетеді. А.Г.Ковалевтің және В.Н.Мясищевтің берген анықтамалары бойынша, «мінез бұл өзіндік ерекшелігі бар жеке тұлға».

В.А.Крутецкий мінезге төмендегідей анықтама береді. «Мінез бұл жеке тұлғаның мәнді қасиеттерінің даралық өзіндік бірігіп келуі».

Мінез дегеніміз адамдардың істеген іс әрекетіне қалдыратын өзіндік дара ерекшелігі. Мінез кең мағыналы ұғым, онда адамның әр түрлі қасиеттері мен сапалары тоғысып жатады.

Мінез жеке адамның тіршілік жағдайындағы қылығын бейнелейтін тұрақты және мәнді психикалық ерекшеліктерінің үйлесімі. Мінез өмір тәрбие үрдісінде қалыптасады, адамның өмір қалпы мен жағдайын көрсетеді. Олардың өзгеруіне байланысты мінез де өзгереді.

Күнделікті өмірде адамды өзімшіл немесе көпшіл, қарапайым немесе қатыгез, ұстамды немесе ұстамсыз, табанды, батыл, қызуқанды, салқынқанды және тағы басқа деп сипаттайды. Осы айтылғандардан көретініміз, мінез жеке тұлғаның әр түрлі психикалық қасиеттерін қамтитын біртұтас құрылым.

Белгілі психологтар А.Г.Ковалев, В.Н.Мясищев, В.С.Мерлин, А.В.Крутецкий мінездің мәнін дүниеге қарым қатынастар жүйесінде, демек бағыттылыққа көре білді, ал И.В.Страхов мінездің эмоциялық түрінің рөлін атап көрсетті.

Қазіргі батыс психологтарында мінезге анықтама беруде әр түрлі көзқарас байқалады. Ерекше кең тараған түсінік мінезді жеке тұлғаның этикалы қыры немесе түрі ретіндегі көзқарас.

Грек философы негізінен салған мінездеме, тек адамның адамгершілік бейнесін суреттеуден тұрады. Осындай мағынада «мінез» терминін XVII ғасырда Лабрюйер қолданды. Сонымен, «мінез» сөзі о бастан адамның әлеуметті адамгершілік келбетін бейнелейді, бұл мағынада темпераментке карама қарсы мәнге ие болады.

XIX ғасырда мінезді таза психологиялық бағытта интеллектінің, сезімнің және еріктің (А.Бек), сезім мен еріктің (Рибо), тек қана еріктің (П.Ф.Лесгафт) дара ерекшеліктері ретінде қарастырды.

XX ғасырда мінезді психиканың жекелеген салаларының ерекшеліктері емес, ал тұтас тұлғаның қасиеті деп түсінді. Материализм мен идеализмнің

күресінде мінездің тұқым қуалау немесе өмір барысында пайда болғандығы туралы мәселе ерекше маңызға ие болды. И.Кант XVIII ғасырда «мінездің темпераменттен айырмашылығы өмір барысында қалыптасады» деді.

Бірақ дара ерекшеліктерді түсіндіргенде ол туа біткен және өмір барысында қалыптасқан қасиеттердің айырмашылығын түсіндірген жоқ, Рибо мінез тұқым арқылы берілетін қасиет екендігін атап өтті. Осы екі бір біріне қарама қарсы көзқарас күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Белгілі АҚШ психологі Боннер өзінің жеке тұлға туралы монографиясында «Мінез және адамгершілік мінез құлық» атты арнайы тарау берді. Ол жеке тұлғаның этикалық мәселелерін ерекше атай отырып, сонымен қатар, мінездің тұтастық қасиетіне ерекше мән берді.

Мінез туа біткен қасиет арқылы берілмегенмен, адам табиғи құрылымының ерекшеліктері, ең алдымен жүйке қызметі мінездің көрінуінде, сондай ақ оның жеке белгілері үрдісін қалыптастыруда байқалады.

Жеке үрдістерінің ұстамдылығы немесе ұстамсыздығы, күші немесе әлсіздігі, қозғалғыштығы немесе енжарлығы осының барлығы белгілі дәрежеде адамның мінез құлқы мен іс әрекетіне әсер етеді. Жүйке жүйесінен басқа адам мінезіне ағзаның басқа да белгілерінің әсері ерекше: жүрек қантамырлар, ас қорыту және эндокриндік жүйелер.

Демек, ғылыми жаратылыстану негіздері тұрғысынан мінез жүйке жүйесі қызметінің типтері белгілерінің және бас ми қыртысының уақытша байланыстар түрінде бекіген өмірлік көңіл күйдің көрінісі болып табылады.

Мінездің көрінісі тек қана әрекетте және қылығында аңғарылып қоймайды, сонымен қатар тілінде, бет пішінінде және дене бітімінде байқалады. Барлық тілдік ерекшеліктері мінездің және темпераменттің белгілі қасиеттерін білдіреді. Мінез жеке тұлғаның сырт келбетіне із қалдырады. Адамның бет пішіні әр түрлі мінез бітістері жағдайында өзгеріп отырады.

Адам мінезінің ұлы білгірі Л.Н.Толстой былай деп жазды: «Тек қана көзі күлетін адамдар болады- бұл адамдар арам және эгоисттер. Көзсіз аузы күлетін адамдар болады- бұл адамдар әлсіз, тұрақсыз және күлкінің бұл екі түрі де жағымсыз». Толстой өзіне- өзі мәз болатын, тәтті, бақытты, мөлдір салқын, әлсіз аралас, ақымақ және т.б. күлкінің болатындығын атап өтті. Адамның көз жанары- бұл жанның айнасы. Оның мінез- құлқын көз жанарынан байқауға болады. Адамның мінез құлқы жағымды және жағымсыз болып келеді.

Мінездің құрылымы және мінез бітістері. Мінездің құрылымын зерттеу міндеті ең алдымен мінез бітісін бөліп көрсету және жүйелеу, олардың өзара байланысын орнату болып табылады.

Мінезді түсіну,тұтастай талдаусыз оны қарастыру мүмкін емес.Күнделікті өмірде адамдарға берілетін мінездемелер,оның ішінде шәкірттерге педагогтардың берген мінездемелері бұл тек қана қарапайым суреттеу емес,кейбір негізгі сапаларын бөліп көрсету арқылы мінезді талдаудың нәтижесі және осының негізінде оларды белгілі типтерге келтіру.Мінезді талдаусыз оның дұрыстығын түсінуді дәлелдеу,оған дұрыс баға беру мүмкін емес.

Жазушылар мінездердің көркем бейнесін жасағанда олардың жекелеген мінез бітістері мен көрініуін бөліп көрсетеді, оларды салыстырады. Образ жасағанда талдау жұмысының барлық мәнін түсіну үшін Гоголь мен Чеховтың қойын дәптерлерін оқып шығу жеткілікті. Бейнелі оқырмандардың түсінуінің негізіне талдау жатады.

Кейде мінезді түсінуде интуиция ерекше рөл атқарады. Егер интуиция жемісті болса, тек талдаудың жемісі түрінде пайда болады. Интуиция шабыт сияқты тек ғана еңбек сүйгіш адамдарға тән. Л.Н.Толстой «Жексенбі» романында былай деп жазды: «Адамдар өзен сияқты: су бәрінде де бірдей және әруақытта да біреу, бірақ әрбір өзен бірде тар, бірде тез, бірде кең, бірде тыныш, бірде таза, бірде салқын, бірде лас, бірде жылы. Адамдарда сондай. Әрбір адамның бойында кісінің барлық қасиеттерінің негіздерін кездестіруге болады және кейде біреулерін, кейде басқаларын аңғарамыз, кейде тіптен өзіне өзі ұқсас болмайды».

Мінездің құрылымында оның тарихы күшті бейнеленеді. Сондықтанда мінезді зерттеуді оны міндетті түрде қалыптастыру шарттарымен тығыз байланысты қарастыру қажет.

Күнделіті өмірде біз адам мінезі туралы айтқанда әр уақытта белгілі мінез бітістерін тікелей атаймыз: қатынас жасай білушілік немесе тұйықтық, батылдық немесе қорқақтық және т.б.

Сынып жетекшілері оқушыларға мінездеме бергенде олардың анық байқалатын даралық белгілерін көрсетеді. Кейде педагогтар оқушыға мінездеме беруге қиналады, оның себебі шәкірттің мінез бітісінің басты көрсеткіштерін көрсете алмайды немесе бұл мінез бітістері қарама қайшы, әрбір адамдарға қатысты сияқты көрінеді, тұтас мінез туралы түсінік бере алмайды.

Қалыптасқан мінездің құрылымында біз мінездің екі жағын атап көрсетуіміз керек; мазмұн және түр. Оларды бір бірінен бөлуге болмайды және органикалық бірлікте қарайды.

Мінездің құрылымын талдап қарағанда, оның объективтік шындыққа қатысының мазмұны бірінші орынға қойылуға тиіс. Қоғамдық әсерді бейнелейтін мінездің мазмұны жеке тұлғаның өмірлік бағыттылығын құрайды, демек, оның материалдық және рухани қажеттіліктері, қызығулары, мұраттары және әлеуметтік ұстанымдары. Жеке тұлғаның бағыттылығы адамның мақсаттарын, өмірлік жоспарын, оның өмірлік белсенділігінің дәрежесін анықтайды.

Жеке тұлғаның белгілі бір бағыттылығы адамның барлық мінез құлқына із қалдырады.

Қалыптасқан және адамгершілік тұрғыдан анықталған мінезді негізгі саласы сендірулердің жүйесі болып табылады.

Сендіру адамның мінез құлқының принципшілдігін анықтайды.

Адамдарға тән сендірушілік мынадай мінез бітістерінде байқалады; мақсатқа ұмтылушылық, принципшілдік, оптимизм, өзіне және басқаларға талап қоюшылық⁹.

Қажеттіліктер мен қызығулардың жетекші қызметіне байланысты адамның өзіндік мінезі қалыптасады. Адамда рухани қажеттіліктер және қызығулар үстемдік ете ме бұл жеке тұлғаның ақыл ойы мен сезімдерін ғана анықтап қоймайды, сонымен қатар оның істерінің бағыттылығын да анықтайды.

Ерлік дегеніміз алға саналы түрде қойылған мақсатты орындау жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге даярлығы, белсенділігі, табандылығы. Адам өзінің өмірлік іс әрекетін, өзінің еркі мен санасының нысанын жасайды. Еріктің арқасында адам өз іс әрекетін бағыттайды, реттейді, бақылайды. Жануарларда екінші сигнал жүйесінің болмауына байланысты саналы мақсатқа ұмтылушылық, сонымен қатар өз мінез құлқына саналы бақылауды іске асыру қабілеттілігі болмайды.

Мінезге қатысты жеке тұлғаның белгілі ерекшеліктерін **мінез бітістері** деп атайды. Мінез бітістері бұл жеке тұлғаның кездейсоқ көрінуі емес, адамның мінез құлқының тұрақты ерекшеліктері, жеке тұлғаның өзінің қасиеттері болып табылатын ерекшеліктері.

Әрбір адам жеклеген жағдайларда батылдық, табандылық, әділдік, ашықтық көрсетуі мүмкін. Бірақ адамның психикалық өмірінің бұл жеке көріністері әлі де оның мінезінің тұрақты бітісі болып табылмайды. Адамның мінез бітістерін біле отырып, біз алдын ала белгілі жағдайда оның мінез құлқын көре жобалай білуіміз керек.

Адамның мінезінің жеклеген бітістерінің қоғамдық қатынастардың дамуына байланысты тарихы пайда болады және өзгеріп отырады. Мәселен, нарықтық қатынастарға байланысты біздің қоғамдағы адамдардың психологиясында, сана сезімінде, мінез бітістерінде нарық талаптарына сай елеулі өзгерістерді байқауға болады, адам мінез құлқындағы қалыптасқан бұрынғы құндылықтар өзгеріске ұшырады. Нарық жағдайында жекеменшілік психологияға негізделген жаңа мінез бітістері қалыптасады.

Мінез бітістерін екі негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа жеке тұлғаның бағыттылығын білдіретін мінез бітістері жатады: қағамға, ұжымға, басқа адамдарға қатынасын білдіретін мінез бітістері, еңбекке қатынасын білдіретін мінез бітістері, өзіне өзінің қатынасын білдіретін мінез бітістерінен тұрады.

Екінші топқа алға қойған мақсатты орындау жолында кездесетін қиыншылықтарды жеңуге бағытталған мінездің ерік қайрат бітістері.

1.2. Тұлғаның танымдық процесстерінің психологиялық мінездемесі. Полиция қызметкерлерінде танымдық процесстерді дамыту әдістемесі

⁹ Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания.-М.: Наука, 1968.-312 б.

1.Түйсік пен қабылдау өзара тығыз байланысқан жан құбылыстары. Бұлардың екеуі де біздің санамыздан тәуелсіз жасап, түйсік мүшелеріміздің әсерленуінен туындайтын объектив шындықтың сезімдік бейнесі. Бұл тараптан түйсік пен қабылдау өзара жақын келеді. Бірақ қабылдау нақты затты немесе құбылысты сезімдік тануға негізделеді, қабылдауда біз көз алдымызға белгілі мағынаға толы

адамдар, заттар, құбылыстар әлемін келтіреміз және олардың бәрінің де өзара күрделі, әрқилы қатынастарға түскенін байқаймыз.

Қоршаған орта мен өз тәніміз жөніндегі біліктердің негізгі көзі біздің түйсіктеріміз. Олар қоршаған орта мен ағза қалпы жөніндегі ақпараттардың миға жетіп, адамның төңіректегі дүние ортасы мен өз тәніне байланысты бағыт бағдар түзуіне қажетті негізгі өзек, арнайы құрайды. Егер осы өзектер жабық болып, сезім мүшелері керекті ақпараттарды жеткізіп тұрмағанда, ешқандай саналы өмір жөнінде әңгіме ету мүмкін болмас еді. Деректерден белгілі болғандай, тұрақты ақпарат көзінен айырылған адам мүлгіген кейіпке түседі. Мұндай жағдай адамда кенеттен көру, есту, иіс сезу қабілеттінен айырылып немесе сана сезімі қандай да сырқатқа байланысты шектелсе, көрініс береді. Бұл кейіпте адам алғашқыда ұйқы құрсауына шырмалып, кейін төзіп болмас күйзеліске ұшырайды.

Түйсіктер адамға қоршаған орта мен өз тәнінің сигналдарын қабылдап, олардың қасиеттері мен белгілерін бейнелеуге мүмкіндік береді. Олар адамды төңіректегі дүниеге байланыстырып, негізгі таным көзі ретінде қызмет етеді, солар арқасында адамның даму мүмкіндігі ашылады. Бірақ аталған тұжырымдардың айдан анықтығына қарамастан, философия тарихында олар бірнеше рет күмәндікпен сынға алады. Сонымен, түйсік дүние хақындағы біздің барша білімдеріміздің бастау көзі. Сезім мүшелеріне әсер етуші объектив заттар мен құбылыстар тітіркендіргіштер деп аталады да, ал олардың әсерінен сезім мүшелерінде туындайтын құбылыс тітіркену деп қабылдайды. Тітіркенуден өз кезегінде, жүйке тарамдарында қозу пайда болады. Түйсік жүйке жүйесінің қандай да тітіркендіргішке жауапты реакциясы ретінде туындап, әрқандай психикалық құбылыс секілді рефлекторлық сипатқа ие.

Түйсік сезім мүшелерімізге байланысты көру түйсігі, иіс түйсігі, тері түйсігі, кинестетикалық, вибрациялық және органикалық болып бірнеше түрге бөлінеді. Ежелден ақ адам өзінің сыртқы бес сезім мүшесіне орай көру, есту, сипау, иіс және дәм түйсіктерін ажыратқан. Қазіргі кезде сыртқы және ішкі ортаны рецепторда бейнеленетін жиырмадан астам түрлі талдағыштар бары белгілі. Түйсіктердің ең ірі және маңызды түрлерін үш топқа жіктеу қабылданған: интероцептік, проприоцептік, экстероцептік.

Интероцептік түйсіктер дененің ішкі процестеріне байланысты, яғни ішек, қарын, жүрек, қан тамырлары мен басқа да ішкі құрылым қатпарларындағы тітіркенулерді миға жеткізіп отырады. Түйсіктердің бұл тобы тірі ағзаларда пайда болу жағынан ең ежелгілерден әрі өте қарапайым түрі.

Проприоцептік түйсіктер дененің кеңістіктегі қалпы жөніндегі ақпараттармен қамтамасыз етіп, адам қозғалысының сезімдік негізін құрап, оларды реттеп отырады. Бұл түйсіктер тобының шеткі рецепторлары бұлшық еттер мен буындарда ерекше жүйе тәндері формасында берілген. Осы жүйкелік тәндерде пайда болатын қозулар бұлшық еттер созылғанда, буындар қалпы өзгергенде туындайтын түйсіктерді бейнелейді.

Экстероцептік түйсіктер ең үлкен түйсіктер тобын құрайды. Бұл түйсіктердің қызметі сыртқы дүние ақпаратын адам сезіміне жеткізу және қоршаған ортамен үздіксіз байланысты орнату. Барша экстероцептік түйсіктер тобы шартты түрде аралық және түйісу түйсіктері деп аталған екі бөлікке жіктеледі.

Түйісу түйсіктері әсерлердің дене бетіне немесе сезу мүшелеріне тікелей жанасуынан іске қосылады. Мұндай түйсіктердің мысалы ретінде тері сезу мен дәм сезуін келтіруге болады. Аралық түйсіктері тітіркендіргіштердің сезімтал мүшелерге біршама қашықтықтан әсер етуінен туындайды. Бұл топқа жататындар: иіс сезу, сезу, есту және көру түйсіктері. Түйсіктердің әрқандай түрі өздерінің жеке ерекшеліктерімен ғана ажыралып қоймастан, өзара ортақ қасиеттерге ие. Мұндай қасиеттер: түйсік сапасы, түйсік қарқыны, түйсік ұзақтылығы мен түйсіктің кеңістік мекендігі. Түйсік сапасы нақты түйсік түрінің оны басқа түйсіктерден ажырататын және сол түйсік шеңберінде көрініс беретін дара негізгі ерекшелігі. Түйсіктердің осы формаларының шексіз саналуандылығын дәлелдейді. Түйсік қарқыны түйсіктің сандық сипатын білдіре отырып, өз кезегінде әсер етуші тітіркендіргіштің күші және рецептордың қызметтік жағдайымен анықталады.

Түйсік ұзақтылығы түйсіктің уақыт аралығына байланысты сипаты. Бұл қасиет сезім мүшесінің қызметке жарамдылық қалпымен анықталады да, негізінен, тітіркендіргіш әсерінің уақыт созыңқылығы мен қарқынына байланысты келеді. Тітіркендіргіштердің сезімдік мүшеге әсер етумен түйсік пайда бола қалмайды, ол үшін біршама жасырын уақыт өтуі қажет. Жоғарыда айтылғандай, түйсіктер қарапайым бейнелеудің жеке формаларының шеңберінен шыға алмайды. Ал сыртқы дүниені бейнелеудің шындықты процесі бұл формалардан анағұрлым бай келеді. Адам бірінен бірі бөлектеніп, дербес оқшауланған түр не түс, дыбыс не иіс сезімдерімен шектелмей, заттар мен формалар, күрделі құрылымдар мен жағдайлар әлемінде жасайды, субъект қандай затты қабылдамасын, оны түйсіктер жиынтығы демей, тұтас бейне деп таниды. Бұл бейнелерді қабылдауда адам бөлектенген түйсіктер шегінен асып, сезім мүшелерінің бірлікті қызметіне арқа сүйеумен біртұтас күрделі жүйеге келеді.

Ес дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмтылуын бейнелейтін процесс немесе өткен тәжірибемізден қалған іздерді жадымызда қалдырып, сақтап, кейін бұрын білгендерімізді жойып алмастан, оларды қайта танып, жаңғыртумен ақпарат топтастыруымыз ес деп аталады.

Ес күрделі психикалық процестердің бірі. Ес есте қалдыру,, қайта жаңғырту, тану, ұмыту секілді процестерден тұрады. Естің физиологиялық негіздерін бір кезде И.П.Павловтың жүйке жүйесінің пластикалық қасиеті туралы ілімімен түсіндіретін. Жүйке жүйесінің пластикалылығы дегеніміз түрлі қозулардан қалған әсерлердің қайтадан уақытша байланысқа түсе алу қабілеті. Бір нәрсені есте сақтау оны байланыстыру деген сөз. Ес процесінің негізі болып табылатын байланыстарды психологияда ассоциация деп атайды. Егер бұрын бірнеше объектіні бір мезгілде немесе бірінен соң бірін елестетсек, не ойласақ, бұлардың арасында байланыс пайда болады.

Алғашқы кездегі ес зерттеулері көбіне саналы іс-әрекетпен байланыстырылады, ал XIX ғ. Аяғы мен XX ғ. Басында ғылыми іздену шеңбері кеңейе түсті, енді талдау аймағында есте сақтаудың жалпы табиғи, адамға да, жануарға да бірдей механизмдері алынды. Ал естің ең жоғарғы, адамға өз өмірінің қалаған кезеңін жадқа түсіріп, оны пайдалануға мүмкіндік туғызатын ырықты және саналы формалары тек философтар тарапынан қарастырылып, олар естің табиғи формаларына қарсы қойылды да, жоғары сананың туындысы деп танылды.

Есте қалдыру және қайта жаңғырту үшін жұмсалатын әрекеттердің сипатына орай естің әр түрлі келесі негізгі үш өлшемге сәйкес болуы шарт: 1) әрекеттегі басымдау болған психикалық белсенділіктің сипаты бойынша ес қозғалысты, сезімдік, бейнелі және сөз логикалы болып бөлінеді; 2) іс әрекет мақсатына орай ес ырықты және ырықсыз болуы мүмкін; 3) дүниелік іс әрекеттегі ролі мен орнына тәуелді жатталып, сақталу мерзімінің мөлшеріне байланысты қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және нақты қызметтік естер ажыралады.

Қозғалысты ес әрқилы қимыл қозғалыстар мен олардың бірлікті жүйесін есте қалдырып, сақтап және қайта жаңғырту. Кейбір адамдарда осы ес түрі басқаларынан гөрі басымдау келеді. Ондайлар, мысалы, музыкалы шығарманы дауыспен қайталай алмаса да, бимен көрсетуге шебер. Ал екінші біреулердің қозғалысты есі тіпті шабан. Бұл ес түрінің әрқандай еңбектің дағдыларын қалыптастыруда, балалардың жүру, жазу әрекеттерінің қалыпқа түсуінде және т.б. маңызы өте үлкен. Қозғалысты ес болмағанда, біз қажетті әрекет пен қимылдарымызды әрдайым жаңадан үйреніп баруымызға тура келеді.

Бейнелі ес елестерге, табиғат көріністеріне, сонымен бірге дыбыстар, дәмге негізделген жад іздері. Ол көру, есту, сипап сезу, иістік және дәмдік болып бөлінеді. Егер көру, есту естері әрбір жете дамыған адамның өмірлік бағыт бағдарында қалыптасатын болса, онда сезімдік, иістік пен дәмдік естер адамның кәсіптік қасиеттеріне жатады. Сәйкес түйсіктер сияқты мұндай ес түрлері іс әрекет шарттарына орай қарқынды дамып, кейде кемістігі болған ес түрлерінің орнын толықтыруда керемет деңгейлерге көтерілуі мүмкін, мысалы, соқырдың денесімен сезінуі, естігіштігі, ал кереннің көргіштігі, иіскей, жанаса сезгіштігі және т.б.

Сезімдік ес әдетте, қажеттеріміз бен қызығушыларымыздың, қоршаған ортамен қатынасымыздың қаншалықты тиімді не зиянды, ұнамды не

жағымсыз орындалып жатқанын көңіл күйімізбен танытамыз. Осыдан көңіл күй есі адам өмірі мен іс әрекетінде өте үлкен маңызға ие. Басымыздан өтіп, есімізде сақталған сезімдер әрқашан бізді әрекетке ынталандырады немесе өткендегі жағымсыз әсерлерге тап келтірген оқиғалардан сақтандырады. Сізбен қатынасқан адамның көңілін аулау, оқыған кітабыңыздың кейіпкерімен қосылып, толғанысқа түсуіңіз осы сезімдік еске негізделген.

Нақты қызметтік ес адамның нақты іс әрекет мезеті мен қажетіне орай қозғалыстар және қимылдарды орындауына байланысты іске қосылды. Қандай да бір күрделі әрекетті орындау үшін оны бөлшектеп алуымыз керек, кейін әрекеттің әр бөлігі бойынша нәтижеге келіп, екіншісіне өтеміз. Осы екі арадағы нәтиже сол мезеттегі қажеттілігімен есімізде тұрады, ал ақырғы көздеген мақсатқа жақындаған сайын есіміздегі алдыңғы бөлік нәтижелері әрқайсысы өз кезегімен ұмытылып, естен шығып, келесі әрекет бөлігінің ақпаратына орын босатқандай болады. Орындалатын әрекет бөліктерінің көлемі мен аумағы әртүрлі.

Есте сақтау адам есінде қалдырғанды біршама уақыт аралығында жадта сақтап тұру қабілетіне ие. Есте сақтау ес процесінің құрылымдық бөлігі ретінде өз заңдылықтарына бағынады. Есте сақтау динамикалық (қозғалмалы) және статикалық (тұрақты) түрде көрінуі мүмкін. Динамикалық есте сақтау мезетті қызметтік есте орын иелеп, ал статикалық ұзақ мерзімді есте әрекетке келеді. Динамикалық есте сақтауда жатталған материал өзгеріске түсе бермейді, ал тұрақты есте, керісінше, қайта құрылып, өңделеді.

Ұзақ мерзімді есте сақталатын материал сырттан үздіксіз келіп жатқан жаңа ақпараттардың әсерінен ұдайы қайта жасалып жатады. Мұндай процесте естің жаңалануы әртүрлі формада өтуі мүмкін: есте сақталған материалдың кейбір бөліктері жойылады, бірінің орнына екіншісі келеді, материалдың орналасу кезегі өзгеріске түсіп, қажет бір жалпылыққа келтіреді. Бұның барлығы қайта жаңғырту кезінде байқалады. Ақпараттың сақталғаны және оның өзгеріске түскені естің келесі екі процесінде анықтау мүмкін, бұлар тану мен қайта жаңғырту.

Тану және қайта жаңғырту. Қандай да нысанды тану сол объекті қабылдау кезінде көрінеді, яғни объектің қабылдануы адамда бұрыннан қалыптасқан ес немесе қиял елестері негізінде іске асырылады. Ұмыту процесі еске түсіре алмау немесе тану мен қайталап айтып берудегі қателесуде көрінеді. Ұмытудың физиологиялық негізі уақытша жүйке байланыстарын жандандыруға кедергі етуші ми қабығындағы тежелу әрекеттері. Көбінесе бұл жағдай материалды еске сақтап тұруға ниеттелген қайталаулардың уақытылы болмауынан туындайтын, ойда қалдырғанды бірте бірте сөндіріп барушы тежелу процесіне байланысты. Толық жаңғырта алу мен бүтіндей ұмыту аралығында психологияда «ес деңгейлері» деп аталған тану кезеңдері байқалады. Мұндай деңгейлер үшеу: 1) қайта жаңғыртушы ес; 2) тану есі; 3) тану мен жаңғыртуды жеңілдетуші ес.

Естің бұзылысы. Ес қызметінің қажетті деңгейінен кері ауытқуы астарында психологиялық талдауды қажет ететін әртүрлі жағдаяттар жатыр.

Мидың психикалық қалпы ең алдымен ес бұзылысынан көрінеді. Мұндай ақыл ес сырқаты көбіне ағымдағы оқиғаларды есте қалдыруға қажет болған ырықсыз естің бұзылумен байланысты, яғни адам жаңа ғана көрген, білгенін қас қағым уақыт өтпей ұмытады, бірақ өткендегілерін түгелдей, жақсы болжастыра алады.

Психикалық іс-әрекеттің мақсат бағдарлы және нәтижелі болуы үшін адам ең алдымен өзінің ой-санасын істеп жатқан әрекеті мен сол әрекет нысанына тоқтата білу қажет. Әдемі сурет салуға бекінген баланы көз алдыңызға келтіріңіз. Сурет затын, оның түр түсі мен қағазға қалай орналасуын ойластырамын деп, жас суретшінің жұмысқа шомғаны соншалық, тіпті ата-аналарының оған қарата айтқан сөздерін мүлде аңғарар емес.

Келтірген мысал адамның бір мезгілде әрқандай заттар туралы ойлап, әртүрлі іспен бірдей шұғылдана алмайтынының дәлелі. Сондықтан да оның санасы белгілі мезеттің әрбір бөлігінде өзіне қажет болған заттар мен құбылыстардың маңызды да мәнді тараптарына бағытталады.

Ой сананың бағытталуы деп ең алдымен психикалық әрекеттің таңдамалылық сипатын, нақты объектті күні бұрын ниеттері іріктеуін не оған мән бермеуін айтамыз. Бағытталу түсінігі сонымен бірге іс әрекеттің біршама уақыт аралығында өз сипатын сақтап тұра алу қасиетін де қамтиды. Зейінді болу үшін қандай да бір істің түрін таңдап қана алу жеткіліксіз, сол таңдауды тұрақтатып, сақтап қалу қажет.

Зейін сөзі сонымен бірге біздің ой-санамыздың белгілі іс-әрекетке шоғырлануы мен шому мағынасын да білдіреді. Адам алдында тұрған міндет неғұрлым қиын болса, зейін де соғұрлым күшті әрі өткір болып, ал жұмыс қиындығы болмағанда, зейін салудың күші де кемірек келеді.

Өз кезегінде зейін шоғырлануы ой-сананы қажетсіз объекттердің бәрінен ауыстыра алумен де байланысты. Зейін күші толығымен нақты бір істің шешіміне бағышталған шақта, төңіректегі қалған заттардың бәрі біз үшін елес күйінде байқалады.

Сонымен, қандай да бір затқа зейін қойюымыздан, ол зат біздің санамыздың төрінен орын теуіп, қалған дүние деректерінің бәрі сана аймағының шектеріне ығыстырылады. Осыған орай зейін аударылған заттың санамыздағы бейнесі нақты айқындалып, ол жөніндегі елестер мен ойлар іс-әрекет мақсатына жеткенше, санамызда бекіген халде сақталады. Осыдан, зейін іс-әрекетті бақылау және реттеу қызметіне де атқарады.

Зейін-бұл кісінің сөзімдік, ақыл-ес және қимылдық белсенділігін көтеруге қажет дүниелік не идеалды нысанға сананың бағытталуы және шоғырлануы. Өзінің пайда болуы мен іске асу жағынан, әдетте, зейін ырықсыз және ырықты болып екі түрге бөлінеді. Ырықсыз зейін – ең қарапайым және адамда алғашқы көрінетін психикалық процесс, оны сонымен бірге енжар, еріксіз деп те атайды, себебі ол адамның алды алдына қойған мақсатына тәуелсіз туындайды әрі әрекетке қосылады. Орындалып жатқан іс адамды өзінің қызықтылығы және тосындылығымен еріксіз баурап алады. Ырықсыз зейіннің пайда болу себептері әртүрлі, олар іс әрекет иесінің дене-тәндік, психофизиологиялық

және психикалық кейіп қалпымен байланысты келіп, өзара ықпалды қатынасынан туындайды. Ол себептерді бірнеше категорияға келтіріп қарастыру мүмкін.

Бірінші себептер категориясына тітіркендіргіш әсердің сипаты мен сапасы жатады. Олардың ішінде ең алдымен ескеретініміз әсер күші мен қарқындылығы. Мысалы: үйде ванна құбырларындағы ұдайы болып тұратын су гуілін күндіз тіпті байқамаймыз да аңғармаймыз, ал сол гуіл түнде күшейіп кететіндей, кейде ұйқы бермейді.

Аталған себептер тобына тітіркендіргіш әсердің жаңалығы мен тосындылығы да кіреді. Бұл тұрғыдан жаңалық деп бұрын білмеген, көрмеген зат, құбылыстар әсерін ғана емес, сонымен бірге бірдейіне ықпалында болып жүрген әсерлеріміздің физикалық қасиеттерінің өзгерісі немесе орын ауысуынан туындаған тітіркендіргіштерді танимыз.

Адамның көңіл-күйіне, мұқтаждық-қажетсінуіне сәйкес тысқы тітіркендіруші әсерлер ырықсыз зейін туындаушы себептердің үшінші тобын құрайды. Мысалы, аш адам мен тоқ адамның тағам жөніндегі әңгімені, болмаса оның иісі мен дәмін қабылдауы бірдей емес.

Зейін себептерінің төртінші тобы тұлғаның жалпы бағыт-бағдарына байланысты. Міне, осыдан, көше бойлап келе жатып, аула тазалаушының назары қоқысқа түседі, тәртіп сақшысы орнысыз тұрған машинаны аңғарады, ал архитектор не суретші ежелгі ғимаратының сәніне сүйсінеді. Адамның бағыт бағдары сонымен бірге оның бұрынғы тәжірибесі мен қалыптасқан сезімдік күйіне де байланысты. Ырықсыз зейіннің аса маңызды себептері, сонымен, бізді қызықтырып, эмоционалды кейпімізді өзгеріске түсіретін заттар, жағдайлар, құбылыстар¹⁰.

Ырықты зейіннің ырықсыз зейіннен ерекшелігі оның саналы мақсатқа тәуелді келуі. Зейіннің бұл түрі адам еркімен тығыз байланыста болып, оның еңбектік күш салуларының нәтижесінде пайда болады, сондықтан да ырықты зейін ерікті, белсенді, ниеттелген деп те сипатталады. Қандай да бі шешімді қабылдай отырып, біз іске кірісеміз, сол іс біз үшін тап сол мезетте ұнамаса да оған саналы зейін қойып, оны орындауға өзімізді мәжбүрлейміз. Ырықты зейіннің басты қызметі психикалық процесс ағымын белсенді түрде реттеп бару.

Айтқанымыздай, зейін сананың белгілі нысанымен байланысын байқатып, оған бағытталуын білдіреді. Осы бағытталу ерекшеліктері зейін қасиеттерін айқындайды. Бұл қасиеттер тобына зейіннің тұрақтылығы, шоғырлануы, бөлінуі, ауысуы және көлемі кіреді. Тұрақтылық зейіннің уақыт аралығына байланысты сипаты болып, оның белгілі бір нысанға кзделу мерзімінің ұзақтылығын аңдатады. Тұрақтылық перифериялық (шеткі) және орталық жүйке факторларына тәуелді.

Зейіннің шоғырлануы оның белгілі бір нысанға бағытталып, онда қандай да топталу күші мен дәрежесі, яғни психикалық немесе саналы әс-әрекетінің

¹⁰ Андреева Г. Социальная психология.-М.,2008.-363 б.

толығымен қажетті нүктеге шөгуі. Зейіннің шоғырлануы ми қабығындағы козу ошағының доминанттық қызметімен тікелей байланысты.

Зейіннің бөлінуі деп адамның өз зейіннің ауқымында бір уақытта бірнеше әртүрлі нысандарда ұстай алу қабілетін түсінеміз. Осы қабілетіне орай әр адам бір уақытта өзара байланыспаған жеті іспен шұғылдана алады екен. Зейіннің ауысуы зейіннің бір нысаннан екіншісіне саналы және байыпты өтуін білдіреді. Зейіннің ауысу қасиетінен біз қоршаған ортаның өзгермелі, күрделі жағдайында жылдам бағыт-бағдар тауып отыру мүмкіндігіне иеміз. Зейін ауыстырудың жеңіл не қиын болуы әр адамға әртүрлі болып, белгілі шарттарға тәуелді келеді.

Зейін көлемі ерекше құбылыс. Адам бір уақытта әртүрлі заттар жөнінде теңдей ойлап, әрқилы жұмыстарды орындауы мүмкін емес. Осыдан сырттан келіп жатқан ақпараттарды адам өзінің өңдеу мүмкіндіктеріне орай топтап, жіктеледі. Сондай-ақ, адамның бір уақытта өзара байланысы жоқ бірнеше нысандарды қабылдау мүмкіндігі де шектеулі. Осы шектер арасын танып, қабылдауы адам зейінінің көлемін білдіреді.

Зейіннің алаңдаушылығы бұл зейіннің бір нысанынан екіншісіне ырықсыз ауысуы. Мұндай ауысу қандай да іспен шұғылданып отырған адамға тыс тітіркендіргіш әсерлерінің ықпал етуінен туындайды. Алаңдау сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Сыртқы алаңдаушылық субъектке тысқы, қоршаған орта жағдайларының әсер етіп, тырықты зейіннің ырықсыз зейінге ауысуынан болады. Әсіресе адамды алаңдататын жағдайлар заттар мен құбылыстардың кенеттен пайда болып, күшті өзгермелі әрі жедел әсер етуіне байланысты. Зейіннің ішкі алаңдауы көңіл күй, толғаныс нәтижесінде туындайды, орындалатын іске қызықпаудан, жауапкершілікті сезінбеуден келіп шығады. Шәкірт өзінің оқу жұмысымен байыпты әрі тиімді шұғылдануы үшін оның болмысындағы сабақтан алаңдататын көңіл күйзелістерін (ашу, ыза, қорқу) басып отыру керек. Зейіннің шашыраңқылығы деп адамның ұзақ уақыт аралығында өз зейіні мен назарын нақты затқа бағыттап алмауын айтамыз. Шашыраңқылықтың екі түрі белгілі: жалған және шын. Жалған шашыраңқылық адамның бір іске өте беріліп, өзін тікелей қоршаған заттар мен құбылыстар әсеріне елеңдемеуі. Мұндай шашыраңқылық әсіресе шығармашылық жұмыстарымен шұғылданатын адамдарда көп кездеседі. Адамның ішкі жан-күйі бағытталуынан болатын шашыраңқылықтың қызметке онша зияны жоқ, солайда болса, оның қоршаған ортада бағдар алып жүруінде біраз кедергі жасайды. Адамға көп нұқсан келтіретін зейіннің түрі шын шашыраңқылық. Мұндай құбылысқа кезіккен адамның өзі ырықты зейінін қандай да бір затқа не әрекетке бағыттап, тоқтата алуы қиындайды, оның көп ерік күшін жұмсауына тура келеді. Шын шашыраңқы зейіннің себептері әртүрлі. Бұларды біліп қою әр оқытушы үшін міндетті талап. Бұлар: 1) жүйке жүйесінің жалпы зақымдануы; 2) қан аздылық; 3) мұрын, тамақ

сырқаттарынан миға оттегінің жеткілікті келіп түспеуі; 4) дене мен ой шаршауынан; 5) көңіл-күй күйзелістері¹¹.

4. Біздің санамызда тек қана бұрын біз қабылдаған нысандар туралы елестетулер болуымен қатар, біз қабылдамаған нысандар туралы (заттар, құбылыстар, оқиғалар, адамдар және т.б.) елестетулер болады. Мысалы, біз солтүстік полюсте болмасақ та ол туралы елестете аламыз, біздің еліміздің өткен тарихының оқиғалары туралы елестетулер болады, болашақты да болжай білуге мүмкіншіліктеріміз бар. Бұл елестетулер қабылданған заттар туралы елестетулердің негізінде тәжірибе мен білімнің негізінде қиял арқылы жасалады. Бұл елестетулердің ес елестетулерінен ерекшелігі қиял елестетулері деп аталады.

Қиял деп елестетулердің негізінде бұрын соңды қабылданылмаған заттар мен құбылыстардың жаңа бейнесін жасауын айтамыз. Қиял адамның өте бағалы психикалық үрдісі. Қиял тек адамға тән. Қиял еңбек үрдісінде пайда болды және дамыды. Қиялдың іс-әрекеті белгілі бір жағдайда қажеттіліктер арқылы пайда болады. Тарихи жағынан қиял адамның еңбек іс әрекетінде пайда болған ерекше қажеттілік негізінде дамыды, атап айтқанда, қоршаған дүниені қайта өзгерту қажеттілігі, адамның араласуынсыз табиғаттан көп алу міндеті қойылды. Қоршаған дүниені қайта өзгерту үшін алдын ала талапты елестетіп алу керек. Болашақта қиял әртүрлі адамзат қажеттіліктерінің - әлеуметтік, танымдық, эстетикалық және т.б. дамуымен байланыста дамиды. Қиял өзіндік дәрежесінде және оның нәтижесінің ерекшелігіне қарай екі түрге бөлінеді: қайта жасау қиялы және шығармашылық қиялы. Қиял жасау қиялы дегеніміз адамның жаңа заттар мен құбылыстарды сөздік суреттеу немесе шартты бейнелеу (сызу, үлгі) түрінде елестетуі болып табылады. Қиялдың бұл түрі әртүрлі іс әрекетте кеңінен қолданылады, әсіресе, оқыту үрдісіне атқаратын қызметі ерекше. Заттар мен құбылыстардың жаңа бейнесін жасау адамдардың сөзі арқылы, сонымен қатар жазба және заттай құжаттар арқылы, сонымен қатар жазба және заттай құжаттар арқылы іске асады. Тұлға бірінші кезекте қоршаған ортаны тану мүмкіндігіне байланысты қызметте танылады. Бұл жағдайда адам кибернетикасы, қоршаған ортамен динамикалық тепе-теңдікті қалыптастыратын, өз-өзін реттейтін күрделі жүйе болып табылады.

Танымдық қызмет мына процестерден тұрады:

Сенсорлық (латын тілінен сепсис аударғанда “сезіну” мағ.) процестер заттар мен құбылыстарды толығымен қамтиды. Бұл заттар мен құбылыстардың психикалық бейнеленуі қабылдау деп аталады.

Мнемикалық (грек “мнеме” ес) процестер есте сақтауды қамтиды. Түсініктің есте жаңа бейнеде жаңғыруы-бұл елестету процестері.

Интеллектуалдық (лат, intellectis ақыл) немесе ойлау процестері құбылыстар аралығындағы мәнді байланыстарды қамтиды. Сезіну, қабылдау,

¹¹ Антонян Ю.М. Социальная среда и формирование личности преступника (неблагоприятные влияния на личность в микросреде). Учебное пособие.-М.: Академия МВД СССР, 1975.-158 б.

түсіну, есте сақтау іс-әрекеттері танымның сезінушілік формалары болып табылады. Бірақ адамның сезімталдық бейнелеу қабілеті оның ойлау танымымен, ақылымен байланысты.

Адамның сезімталдық танымындағы бірлік жалпы құбылысты қамтиды. Сезімталдық танымда, барлық уақытта жалпылау қызметін атқаратын сөздер, тіл маңызды рөл атқарады. Ойлау танымы сезіну мәліметтеріне, қабылдауға және естегі түсініктерге негізделеді. Таным жеке процесте барлық танымдық процестердің үздіксіз өзара іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Сезіну, бұл қабылдау, түйсіну, есте сақтау, ойлау, елестету сияқты күрделі танымдық процестерге негізделеді. Сезіну біздің танымымыздың “қақпасы” іспеттес. Біз сезіне алмасақ, заттар мен қозғалыстардың барлық түрлері туралы білмес едік. Сезіну дегеніміз-қарапайым, ары қарай жіктелмейтін психикалық процесс.

Сезіну заттың объективтік сапаларын (түс, иіс, температура, дәм және т.б.) және бізге әсер ететін тітіркендіргіш қарқынын қамтиды.(Мысалы, өте жоғары немесе өте төмен температура).

Мәліметтерді жинау мен өңдеу, физиологияда анализатор деп аталатын сезіну мүшелері қызметін қамтитын физиологиялық негіздегі, сезіну мен қабылдаудан басталады. Бірақ анализатор қабылдамайды, яғни нақты тұлға өз қажеттіліктері, мүдделері, мақсаттары, қабілеттеріне байланысты өз қарым-қатынасы арқылы қабылдайды. Сондықтан қабылдау, қабылдаушы тұлғаның жеке ерекшеліктеріне және қабылдану объектісіне байланысты іске асырылады.

Қоршаған заттарды қабылдау, бұл әсерлі процесс. Адам қабылдау объектісінің тепе-тең бейнесін қалыптастыру мақсатында көптеген перцептивтік (лат “perceptio” қабылдау) іс-әрекеттер жасайды. Бұл іс-әрекеттер көру арқылы қабылдаудағы көз қозғалысы, түйсіну кезіндегі қол қозғалысы, естілетін дыбыс шығаратын көмей қозғалыстары арқылы жүзеге асырылады.

Адам қабылдауы, сонымен бірге объектіні әр түрлі жарықтықта, қашықтықта көрудің әр түрлі бұрыштары арқылы, әр түрлі жағдайларда (жаңбыр, тұман) қабылдаудан туындаған әсерлерді талдауға және жинақтауға байланысты.

Алыстан, жанынан, күндізгі немесе электр жарығында көрінген объект, оған жақындаған кезде қабылдаушының көз алдында объект бейнесі өзгереді. Бұл жағдайда бақылаушы объект түрін, түсін, мөлшерін және бөлшектерінің қатынасын дұрыс қабылдайды. Әр түрлі ракурстерден анық және нақты қабылдау, болашақ куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкердің затты бақылау әсерімен тығыз байланысты.

Психикалық процестердің негізгі ерекшеліктері, бұл түпкі танымдық нәтижесінде сыртқы объектілік сапалары арқылы анықталады¹².

Сыртқы объектілердің қалпы, салалары мимен байланысты

¹² Антонян Ю.М., Еникеев М.И., Эминов В.Е. Психология преступника и расследование преступлений.-М.: Юристъ, 1996.-336 б.

болмағанымен, объектілердің сапалары мен қатынасы, осы себептерден құралатын негізгі психикалық процестер арқылы қалыптасады. Ойлау бұл бейнелеу объектілері арасындағы қатынаста көрініс тапса, ал сезіну-бұл сезіну заттары мен тұлғаларға, жағдайларға деген қарым-қатынас. Сондықтан да психикалық процесс және оның нәтижелері әр түрлі объектілерге, екіншісі-сыртқы заттар мен құбылысқа.

Заттар мен құбылыстардың түр-түсі, иісі, қалпы тұлға назары мен мақсатына байланысты қабылданады. Көңіл заттың немесе құбылыстың жеке бір жағына аударылған жайдайда оның ерекшеліктері айқындалады, ал мақсат объектінің қабылдануын жеңілдетеді. Көрсетулер қалыптасуының күрделі болуы, субъект, қабылдану объектілерін бұрын қалыптасқан осы зат туралы бөлімдері бойынша қабылдауына байланысты.

Жауап алу, қылмыс оқиғасына байланысты жағдайларға негізделеді. Бірақ көрсетулер жауап алу негізіне байланысты емес жағдайлардан тысқары болады деп негізінен болмайды. Егер адам барлық уақытта тек өзінің сезім мүшелері арқылы сыртқы ортамен байланыс жасайтын ғана болса, онда танымдық қызмет болмаған болар еді. Қоршаған ортадағы жағдайларды түйсініп, қабылдау объектілері қолданысын түсіну арқылы, адамның есте сақтауы негізіндегі өмірлік тәжірибесі қалыптасады.

Куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкердің қабылдауында қиял (қателік, алдау) орын алуы мүмкін.

Қиялдың туындауы заңды болуы тиіс:

1. Қиял, бақылау нәтижесіндегі ерекше жағдайларда пайда болады. Мысалы, бір көзбен бақылау, көз осьтерін қозғалтпай бақылау, саңылау арқылы бақылау және т.б.
2. Көптеген көру қиялдары, көріну объектісін жалған қабылдаудан туындайды, бұл жағдайда жалғандық көру бейнесін қате түсінуден пайда болады.
3. Қиял көздің оптикалық дамуына және кейбір анализаторлардың ерекше сапаларына (жүйке рефлекстері, көз торы) байланысты туындайды. Кей адамдарда болатын, алыстан немес жақыннан көрмеу, дальтонизм және басқа да көру аппараттарының ақауларына байланысты, көру сезімінің бұрмалануы кездесіп отырады.

Психология, қазіргі заманғы әр түрлі байланыс белгілері мен құралдары көрсетулерін адамның нақты және тез қабылдауына көп көңіл бөледі.

Қазіргі ғылыми-техникалық даму кезеңінде, жаңа байланыс құралдар арқылы мәлімет алғаны туралы куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкер тұлғалардан жауап алынады. Сонымен қатар тергеу органдарында, авиациялық апаттарға, шапшаң көліктер мен аппаратуралар жұмыстарына байланысты қылмыстық істер қарастыруында. Сондықтан да тергеу қызметкерлері міндетті түрде, куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкер тұлғалардың құралдар мен техникалық құрылғылардан алған қабылдауларын өңдеуде жіберілетін қателер мүмкіндігін білуі тиіс.

Жәбірленуші мен куәгерлердің көрсетулерін нәтижелі түрде зерттеуде,

осы көрсету психологиясының негізгі сұрақтарын білу өте маңызды. Тергеу органдарына көрсетулер ұсыну, адамның психикалық қызметімен тығыз байланысты. Көрсету, ұсыну алдында адам, тергеу органдары қызығушылығындағы жағдайды бақылап болуы тиіс. Қабылданған жағдай тұлғаның түйсігінде қалыптасып, ұзақ уақыт бойы есінде сақталып, нәтижесінде тергеушіге мәлімделеді. Куәгерлер мен жәбірленушілердің көрсетулерінің барысында, объективтік және субъективтік сапалар себебіне байланысты қателер жіберілуі мүмкін. Көрсетулер дәлдігіне әсер ететін себеп-салдарларды келесі тақырыптарда толығымен қарастырамыз.

Көңіл аудару қиындықтары – бұл психологиялық маңызды сұрақтарының бастысы. Көңіл аудару дегеніміз – ойдың нақты бір нәрсеге шоғырлана көңіл аударуы. Біздің әрқайсымызға барлық уақытта санамызға әсер ететін, көру, есту басқа да сезім мүшелерімен қабылданатын әр түрлі мыңдаған тітіргендіргіштер әсер етеді¹³.

Адамдардың көру, есту, дәм сезу, түйсіну, түстерді ажырату, дыбысты қабылдау, кеңістік пен уақытты анықтау қабілеттері әр түрлі болады.

Көру, есту қабілеттеріндегі кемшіліктер болуы себебінен, қабылдаулардың анықтығы өзгеруі мүмкін екендігі бізге мәлім.

Сонымен қатар кейбір көру, есту кемістіктері бар адамдар, бұл кемшіліктерін өздері де білмеуі мүмкін.

Адам психикасы, қоршаған ортамен өзара байланысты іс-әрекет жасау нәтижесінде дамиды. Осы қызмет барлық психикалық іс-әрекеттердің дамуын анықтайды.

1.3.Тұлға-заң психологиясын зерттеу объектісі ретінде

Әлеуметтік қатынастар субъекті әрі әлеуметтік мәнді қасиеттердің иегері ретінде әр бір адам жеке адам болып сипатталады. «Жеке адам» түсінігі мен қатар біздің қолдануымызда «адам», «дара адам», «даралық» терминдері бірге жүреді. Бұл түсініктердің әр қайсысы өз ерекшеліктерімен ажыратылады, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты. Осылардың ішінде ең жалпыланған, көп қасиеттердің бірігуін адам түсінігі қамтиды. Адам-өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі, әрі табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі.Алайда, адам әлеуметтік тектік мәнге ие болғанымен, ол жалпы табиғат туындысы ретінде дара адамдық сипаты жағынан жанды мақұлық дүниесінен бөлектенбейді.

Дара адам-«homo sapiens» тектілердің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі-нақты адам.Даралық нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылдаған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттері.Адамдар өмірге дайын қабілет, мінез және қызығуларымен келмейді, бұлардың бәрі

¹³ Антонян Ю.М. Психология убийства.-М.: Юристъ, 1997.-304 б.

белгілі табиғи негізде адамның өмір барысында қалыптасады. Адам тәнінің негізгі, яғни генотипі оның анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін, жүйке жүйесінің қозғалысын белгілейді. Биологиялық құрылым иесі-адам өткен әулеттердің білім, салт, заттай және рухани мәдениеті күйінде топталған өмір тәжірибесін игерумен ғана жеке адам дәрежесіне көтеріледі.

«Тұлға» термині (латын тілінен «персона») немесе «маска» деп аударылады, себебі ежелгі грек, рим театрларында актерлер сахнада маска киіп шығатын болған, яғни сөздің бастапқы мағынасы сценарий бойынша ойнап жатқан рөлдердің персонажына байланысты айтылған. Ал соңғы уақыттарда әлеуметтік рөлін көрсетуші ретінде тұлға, адам деген анықтамалар беріледі). Сонымен, жеке адам түсінігі адамның табиғатпен байланысына көрсетсе, тұлға адамның қоғаммен, әлеуметтік ортамен байланысына көрсетеді және тұлға ол басқалардан өзгеше, өзіне ғана тән, өзіндік ерекшелігі бар субъект. Тұлға туралы айта отырып, әрбір адамның өзіндік қасиеті бар, осы қасиетінен әр бір адам өзінше жеке тұлға болып ажыратылады. Тұлғаның жекелігі оның темпераментіне, мінезіне, әдеттеріне, қабілетіне, қызмет айналасына байланысты болғандықтан, екі адам бір біріне ұқсас болмайды. Олардың бір бірінен әлбетте айырмашылығы болады. Міне, сондықтан біз тұлғаның жекелігі дейміз, яғни тек бір адамға тін ерекшеліктер, олар қайталанбас ерекшеліктер. Ол осы адамнан адамды ажырата алатын ерекшеліктер жиынтығы. Әрине, бұл ерекшеліктер адамның өмір сүру жағдайларынан және айналысып жүрген қызметіне, ісіне байланысты болады. Сонымен «тұлға» дегеніміз-дербес әрекет ететін субъект ретінде нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам тұлға болып туа қалмайды, әлеуметтену процесінде тұлға болып шығады. Биологиялық және әлеуметтік мәселелердің байланысы ағза және тұлға мәселесі ретінде шығады, себебі адамның ағзасы биологиялық жүйеде қаралса, ал тұлға түсінігі сол адамның қоғаммен байланысында. Адам дүниеге келгенде тумысынан ерекше құрылысымен, ми қызметімен келеді. Алайда, асығыс қортындылар жасауға болмайды: адам тұлға болып қалыптасуына туа біткен (тұқым қуалаушылық) қасиеттер әсер етуі мүмкін немесе мүмкін емес деген. Көптеген зерттеу жұмыстары бойынша егіздер бірге туып бірдей өмір жағдайларына қарамастан бір бірінен ерекше көрінеді. Бұл өзгешеліктердің себебі олардың өмірдегі адамдармен арақатынастарында, яғни өмір талабына сай олар өздерінің көзқарасын, пейілін өзгертеді. Жеке адамның негізгі құрылым компоненттері: жеке адамның бағыт- бағдары, оның мінезі, қабілеті, темпераменті, еркі, эмоциялары. Адамды әрекетке келтіруші күш қажетсінуі болмысты бейнелеудің жоғары формаларына ие адамды әрекетке келтіруші нысандар саналы түзілген бейне немесе елес, ой немесе түсінік, идея немесе ізгі мұрат күйінде өрнектелуі мүмкін. Психологияда мотив түсінігіне келесідей анықтама беріледі: мотив-бұл адам санасында қаланып, оны белгілі бір қажеттілікті қанағаттандыру үшін әрекетке итермелуші себеп, күш. Ал кең

мәнінде мотив шындыққа сай заңдылық ретінде ықпал жасап, объектив қажеттілік түрінде көрінетін болмыс. Ал мотивтік әрекет қылық пен іс әрекетті психикалық реттеудің ерекше түрі. Қорыта айтқанда, адамның әрқандай қылық әрекеті оның мотивтік себеп күштеріне байланысты. Сонымен, адамның қалаған іс-әрекетінің негізінде оны осы іс әрекетке ынталандырушы мотив жатыр. Өмірлік бағыт бағдар жеке адамның жүйелестіруші қасиеті ретінде оның психологиялық қалпын айқындайды.

Адамның іс әрекетін бағыттаушы әрі оны нақты жағдайларға икемдестіруші тәуелсіз тұрақты мотив жиынтығы жеке адамның бағыт бағдары деп аталады. Бағыт-бағдар әрдайым әлеуметтік негізге ие болып, ол тәрбие нәтижесінде қалыптасады. Бағыт бағдар құрамына өзара байланысты, деңгей жағынан бірінен бірі жоғары формалар кіреді: құмарлық, ниет, ұмтылыс, қызығу, бейімділік, мұрат, көзқарас, наным.

Әрқандай іс әрекетке байланысты адам қандай да қызметті орындауы қажет және сол істің тиімді нәтижесін қамтамасыз етуге жәрдем беретін сапарларға ие болуы тиіс. Мұндай психологиялық ерекшеліктер міндетті түрде, бір жағынан, өзіндік психикалық табиғатына ие болудан, екіншіден әркімде өз алдына, қайталанбас көрінісінен жеке адам қабілеті деп аталады.

Қабілетсіздерге қарағанда, қабілетті адам іс әрекетті тезірек меңгереді, қажетті, мол нәтижеге оңай жетеді. Мысалы, тұлға техникалық және білім жағынан күшті бола тұрып, қызметке келгенде болымсыз, ал кейбірулер арнайы оқып, үйренбей ақ күрделі қызметтерді атқарып, тиімді нәтиже беруге шебер, яғни қабілет жерге тастаған дәнмен бірдей: қолайлы жағдай болса өнеді, кері жағдайда көрінбей ақ жойылады¹⁴.

Мысалы, балада керемет математикалық қабілет болуы ықтимал, бірақ ол сол баланың ғұлама математик боларының кепілі емес. Арнайы шарттар (бағдарлы оқу, шығармашыл педагог, отбасы мүмкіндіктері т.б.) орындалмаса, қабілет дамымай жатып, өшеді. Қоғам қолдамауынан қаншама даналардың болмай жатып, құрдымға кеткенін кім санапты? Ал мектепте «үштік» бағаға ептеп ілесіп жүрген Альберт Энштейн әлемге әйгілі ғалым- физик болыпты. Қабілет жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді:

- адамның еңбекке қабілеті, ой байлығы, жаттау жеңілдігі, ойдың логикасы
- тиімді жұмыс жасауға қабілеттілігі: педагогикалық, басқарушылық, ұйымдастырушылық қабілеттер.

Мінез жеке адамның өзіне тән қылық әрекетінде, тіл қатынасында тұрақты қалыптасатын дара ерекшеліктерінің жиынтығы.

Мінез нақты адамның шыншыл, адал, ақ көңілділігіне орай сипатталады, аталған сапалар әр түрлі жағдайларды көрініс беретін жеке адам қасиеттері. Адам мінезінің белгілі түрде қалыптасуы оның қоршаған дүниеге қатынасына байланысты. Бұл қатынастардың мәні адам араласып, байланысқа келген өмірлік объектілердің маңызымен анықталады:

¹⁴ Анцупов А.Я., Прошанов С.Л. Российская конфликтология. Аналитический обзор 607 диссертаций. XX век.-М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004.-704 б.

- басқа адамдармен қатынасына қарай (шыншыл-өтірікші, әдепті-дөрекі т.б.)
- орындалатын іс қызметіне орай (еңбекқор-еріншек т.б.)
- өз басына болған қатынасына байланысты (сыншыл-өзімшіл т.б.)
- заттарға қатынасынан (ұқыпты-салақ)

Аталған қатынастардың бәрінің де мінез түрінің қалыптасуында үлкен маңызға ие пайда болатын сезімдік құбылыс.

Бұл сезімді бет әлпетінен де көруге болады (адам қолының, аяғының дірілдеуі, демалысы тез, жүрек соғуы қатты, терлеуі, тұншығуы, жүрек айнуы, құсуы, шыдамсыздығы). Бұл сезімді кешкен адам өліп те кетуі мүмкін. Сол себепті қауіпті, қатерлі жолдардан абай болып, оны алдын алу жолдарын іздестіру қажет.

Алайда, адам организмінің құрылымы симпатикалық жүйке жүйесінің қызметіне тәуелді. Осы жүйенің қозуынан бүйректен адреналин сұйықтығы бөлінеді. Адреналин дене ағзалары әрекетіне өзгеріс ендіріп, оларды шектен тыс тән қуатын жасауға дайындайды: қауіп қатер төнгенде бұлшық еттерге қан жеткізу күшейеді, ас қорыту ағзаларының жұмысы бәсеңдейді, ішкі органдардан қан сыртқа тебеді.

Көріну әлпетіне қарай барша эмоциялық қалыптар келесідей түрлерге жіктеледі: көңіл күй, эмоция, аффект, стресс, фрустрация, құмарлық, жоғарғы сезімдер.

Әлеуметтік қатынастар субъектісі әрі әлеуметтік иесі ретінде әрбір адам, жеке адам болып сипаталады. «Жеке адам» түсінігімен қатар «адам, индивид, даралық» терминдері бірге жүреді. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктері бар.

Адам-өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі және табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын көрсететін тіршілік иесі.

Даралық-нақты адамның табиғи және әлеуметтік қайталанбас ерекшеліктері.

Жеке адам-көп сатылы құрылымға ие, осыдан кейін жеке адамның философиялық құрылымының ең жоғарғы да жетекші деңгейі қажетті себеп аймағы жеке адамның бағыт-бағдарының, оның қоғамға басқа тұлғаларға жеке қатынасына, өзге қатынасына қоғамдық әрі еңбектік міндеттерінен туындайды, сонымен қатар, жеке адам үшін мәнді құбылыс тек оның ұстанған бағыттары ғана емес, оның өзара қатынас мүмкіндіктерін іске асыру қабілеті де үлкен маңызға ие.

Ал бұл өз кезегінде адамның іс-әрекеттік икемділігіне, оның қабілеті, білімі және ептілігіне көңіл-күй, еріктілік және ақыл-ой сапаларымен байланысып жатады, адам өмірге дайын қабілет мінез және қызығулармен келмейді, бұлардың бәрі белгілі табиғи негізде адамның өмір барысында қалыптасады. Жеке адамның проблемасы теориялық және философиялық қолданбаның негізі болып есептеледі және психикалық қасиеттер жеке адамдар арасындағы қатынасты даралық ерекшеліктер және адамдар арасындағы айырмашылықтар жеке тұлғалық, байланыстар, жеке адамның

қоғамдағы рөлі мен статусы қоғамдық мінез-құлықтың субъектісі және іс-әрекеттердің нақты түрі зерттеу ретінде жүреді.

Жеке адам құрылымы өзіне генетикалық көздерімен және әртүрлі метоморфозы, олардың ерекше интеграциясын бекітеді.

Индивид қасиетіне қарай екіге бөлінеді:

Жас даму жыныстық және даралық типтік

- Адамның қалыптасуындағы жас ерекшелік қасиеттер (онтологенетикалық эволюция стадиялары және жыныстық диморфизм) онтогенетикалық стадияларға сәйкес келетін интенсивтілік жатады.
- Конституциялық ерекшеліктері дене бітімі және биохимиялық даралық мидың нейродинамикалық қасиеті, үлкен жарты шар мидың функционалды геометриялық ерекшеліктер кіреді. Бұл қасиеттер ішілік және барлық деңгейден өтеді. Жас даму жыныстық және даралық типтік қасиеттердің өзара әдістері психофункциялық динамиканың сенсорлық вербалды логикалық динамиканың және орган құрылысы анықталады.

Адамға жеке тұлға ретінде сипаттама: жеке адамның құрылымдық қасиетіне оның қоғамдағы статусы (экономикалық, саяси, құқықтық, идеологиялық) пайда болады. Статус негізге және олардың өзара басынан екі жүйе құрылды:

1. қоғамдық философиялық рөлі
2. мақсат және құнды бағдарлар

Бұл жекелік мінездемелер мінез-құлық мотивациясы ерекшелігін, қоғамдық мінез құлық құрылымын анықтайды. Жеке адамның біріншілік және екіншілік қасиеттерінің өзара әсерлесуі адамның мінезінде көрсетіледі. Жеке адам жекелік қасиетінің негізгі даму формасы адамның өмір жолы оның әлеуметтік биографиясы болып табылады.

Субъектілік қасиеттердің ең жоғарғы интеграциясына :

- шығармашылық
- қабілет
- талант

Жеке адам қоғамдық индивид ретінде қашан да белгілі қоғамдық функциялардың жиынтығын орындайды. Осындай әрбір функциялар қоғамдық мінез-құлықта дамып отырады. Ананьевтің пікірінше жеке адамның дамуындағы әлеуметтік ситуациялар және оның статусы болады. Жеке адам бұл қоғамдық индивид, тарихи процестердің объектісі және субъектісі. Жеке адам ол өз кезегінде тарихтың дамуы, экономикалық құқықтық саяси және т.б жағынан әсер етушінің объектісіне айналады. Тек жеке адамға әсер ететін осы негізгі күштердің сипаттамаларын білгенде ғана қоғамдық тәрбиелердің әлеуметтік бағыттары айналады. Адамды адам қоғамның объектісі ретінде анықтаған кезінде оны қоғам дамуының субъектісі ретіндегі қалыптастырудың ішкі шарттарын түсіне аламыз. Осы кезеңде жеке адам тарихи нақты өз дәуірінің, мемлекет өмірінің жемісі немесе қатысушысына айналады, қоғамның тарихтың айналуына әрбір кезеңінде өмірдің бейнесі қалыптасады, ол анықтаушылықтармен бірігіп әрекеттенеді. Жеке адам осы

анықтауыштармен бірлесіп әрекеттенуі жеке адам дамуының әлеуметтік ситуацияларын қалыптастырады.

Жеке адам тарихтың тек қана жемісі емес ол тарих дамуының қозғаушысы болып табылады. Ол өз заманының негізгі әлеуметтік бағыттарында болады. Қоғамдық әрекеттену еңбек студия басталуымен адамның жеке статусы құрыла бастайды. Жеке статус жанұяның статусымен тығыз байланысты. Өмірдегі анықтауыштармен тарихтың өзгеруімен жеке адамның статусы есі адамның статусымен алмасуы мүмкін. Бұған қарамастан жеке адам ең негізгі сапалары сақталып қалады. Статус бұл салыстырмалы түрде тұрақты болуымен қатар, қоғамның өзгеруімен өзгеріске ұшырап отырады.

Жеке адам статусы объективті болуымен пассивті немесе активті, біртұтас немесе біртұтас емес түрлері бар. Кез келген адамның қатынастарының жүйесінде атқаратын рөлімен сәйкессіздікте болады. Рөлі бұл осындай ситуацияда адам өз құқықтарын қалыптастырады.

Жеке адам құрлымына субъективті факторлар да жатады. Жеке адам құрлымы әлеуметтенуінің дамуында бірте-бірте құрылады. Сондықтан осындай дамудың жемісі адам өмір жолының эффектісі болып табылады. ал: жеке адамның қалыптасуы адамның өткен жолына тәуелді.

Ананьевтің айтуынша жеке адам құрлымына дар қасиеттері кіреді. Ол жеке жүйесінің қозғалту осы органдардың биофиз сипаттамаларына жатады. Жеке адам құрлымына интеллектуалды факторлар кіреді. Жеке адам төрт жақтары: ол (биологиялық, психикалық процестер ерекшеліктері әлеуметтік жағдайларының әсерімен пайда болады.)

Эмоция (лат.emation) толғану деген мағынан білдіреді. Адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы, қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй. Эмоция ұнамды, ұнамсыз болып бөлінеді. Эмоциялық жағдайлар көңіл-күйді қалыптастырады. Эмоция-(латынша толғану) адамның толғануы, қоршаған ортаға субъективті көзқарасы арқылы қысқаша толғануын бейнелейтін психологиялық нысан.Болып жатқан немесе болатын жағдайларға байланысты жағдайлы эмоциялар бар. Адамның ақыл-ой бақылауынан шыққан эмоция оның денсаулығына зиян келтіреді, жұмысына кедергі береді, ойлауына кедергі етеді. Эмоциямен қатар жүретін сезім-ол да адамның қоршаған ортаға көзқарасын бейнелейді.Сезім-бұл адамның қоршаған болмыс заттары және құбылыстарымен қатынас жасауынан туындаған әрқилы формада көрініс беретін толғаныс, күйзелестері. Ерік-бұл адамның мақсатты жұмыс орындау барысында кезіккен сыртқы және ішкі кедергілерді жеңумен байланысты өз қылық әрекеттерін қолдап, реттей білу қасиеті. Ерік өмірдің ауыртпалық түскен жағдайларында белсенділік көтеріп, өзін-өзі реттеудің көзі болумен түгелдей сана басқарымында болады. Ерік саналы өзіндік басқарумен бірге белсенділік арттыру, немесе ынталандыру және реттеу қызметтерін де

атқарады. Ерік-адамның өз болмысын билей алу қабілеті, өз ұмтылыстары, сезімдері мен құмарлықтарына тоқтам беру қасиеті.¹⁵

Қылмыстық істің шындығына жету әртүрлі эмоциялық құбылыстармен байланысты. Кейбір эмоциялық жағдайлар адамды қылмыс жасауға итеріп, соның ішінде ауыр қылмыс зорлық-зомбылық қылмыс жасаудың себебі болады.

Адам сезімі тіршілік үшін керекті де пайдалы қасиет. Толғаныссыз өмір-ошкен өмір. Көп сезімдерге адамдар өздері құштар. Егер сол сезімдер қандай да себептермен болмай қалса, адам «эмоциялық ашырқауға» ұшырайды. Адамның көңіл-күйінің кейпін білдіретін жәйіттің бірі психологияда фрустрация (көңіл-күйдің бұзылуы, межелі істің жүзеге аспай қалуы) деп аталады. Жоспарланған іс пен мүдделі мақсаты түрлі себептермен кедергілерге ұшырап, адам оған ренжиді, көңілі құлазып, қайғырып, күйзеледі, ашуға булығыады. Мысалы: мұндай жағдайды сезікті (подозреваемый) кешуі мүмкін. Себебі ол (сезікті) өзі жасаған қылмыстық ісі үшін ар-ұяты қысып, өзінің кінәсін іштей түсініп, соған қынжылып, толғанып, сол қылмыс жасағаны үшін алдында қандай жаза күтіп тұр, яғни қорқыныш, үрей сезімдері бойын жайлайды, бір жағынан ақталып шығамын ба деген үмітте бойын кернейді.

Үрейленген жағдайда болған жағдайды ойлап-пішуге кері әсерін тигізеді. Тергеушінің күдіктімен тергеу жүргізу үстінде оның яғни күдіктінің өзіне аяушылық білдірсін деп, өзінің шын күйзеліс жағдайын жасырып, мимикалық қозғалыстарымен өтірік эмоция мен сезімдерін көрсетеді.

Қорқыныш сезімі-субъектте өз тіршілігіне шын немесе болуы мүмкін қатер жөнінде ақпарат алуымен бірге екені сөзсіз, дегенмен тұрақты, нақты мінездің орнығуы ең алдымен адамның адаммен, қоғамға араласып, қатынасу дәрежесіне тәуелді. Темперамент 25 ғасырдан бері ғылыми ойды қызықтырған мәселелердің бірі. Темперамент-адамның психикалық әрекетінің нақты динамикасын айқындайтын психиканың дара қасиеттерінің жиынтығы. И.П.Павлов жүйке процесінің күшіне орай және күшті тип пен әлсіз типті айыра, дәстүрлі Гиппократ типологиясына жақын жүйке жүйесінің төрт негізгі типін ажыратты:

5. күшті, қозу мен тежелуі теңдей, қозғалмалы-сангвиник;
6. күшті, қозу мен тежелуі теңдей, салғырт-флегматик
7. күшті, қозуы басым-холерик
8. Әлсіз тип-меланхолик (қимыл-қозғалысы жәй, сөзі де жәй, тез ренжігіш, жағымсыз эмоциялар басым).

Сонымен, И.П.Павлов түсінігінде, жүйке-жүйесінің типі тума беріледі, тәрбие мен қоршаған орта ықпалынан өзгеріске келе берілмейді. Осыдан жүйке жүйесінің қасиеттері-жүйке жүйесінің жалпы психикалық көрінісі болған темпераменттің физиологиялық негізін қалады, яғни адам темпераменті-

¹⁵ Асмолов А.Г. Психология личности: Учебник.-М.: Изд-во МГУ, 1990.-367 б. Асямов С.В., Пулатов Ю.С. Профессионально-психологический тренинг сотрудников ОВД.-Ташкент: Ташкентский юридический институт МВД РУ, 2002.-44 б.

жоғары жүйке жүйесінің сырттай әрекет қарқынында танылатын психикалық бейнесі.

Темперамент-туралы алғаш рет ежелгі грек медицинасының көрнекі өкілі Гиппократ (б.з.д. V ғ) грекше «красис» сөзімен белгіленеді. Гиппократтың және оның шәкірттерінің айтуынша, адам ағзасының жағдайы негізінен адам ағзасында болатын шырындардың немесе сұйық заттардың сандық арақатынасына байланысты (қан, шырын, өт). Осы сұйық заттардың араласу пропорциясы грекше «красис» деп аталады. Рим дәрігерлері жүздеген жылдар кейін жұмыс істеген бұл ұғымды латын тілінде «temperamentum» деп атады, кейін келіп «темперамент» термині шықты.

Дәрігер Клавдий Гален (130-200ж.ж.)өзінің трактатында темпераменттің 13 түрін көрсетті, ал кейін ол төртке дейін қысқартты. Олардың әр қайсысы белгілі бір сұйық заттың басымдылығына қарай сипатталады.

Темперамент дегеніміз психикалық үрдістер мен мінез құлықтың жүру қарқынын анықтайтын адамның дара ерекшеліктері.

Темпераменттің қасиеттерін мінез құлықтың қасиеттерімен немесе қабілеттіліктерімен шатастыруға болмайды¹⁶.

Темпераментті анықтайтын төмендегідей негізгі қасиеттерін атап өткен жөн:

- Адамның психикалық іс-әрекетінің және құлқының жалпы белсенділігі әрекет етуге ұмтылудың әр түрлі деңгейінде, қоршаған дүниені меңгеру және өзгерту, әртүрлі іс әрекетте өзін көрсетуде аңғарылады.
- Қозғалыс немесе моторлы белсенділік және тілдік қозғалыс аппаратының белсенділік жағдайын көрсетеді. Адамның бұлшық ет қозғалысы мен тілінің шапшандығында, күшінде, тездігінде аңғарылады, оның сыртқы қозғалысында (немесе ұстамдылығында), сөзшендігінде (немесе үндемейтіндігінде) байқалады.
- Эмоциялық белсенділігі эмоциялық көңіл күйінде, эмоциялық қозғалғыштығында т.б. көрінеді.

Темпераменттің әр бір түрлеріне тоқталып, психологиялық сипаттама беретін болсақ:

Холериктерге жататын адамдарға ашушаң деген мінездеме береді. Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшандылығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процестер шапшаң өтеді. Күйгелектік сондай адамдарға тән. Ол қызу қанды тез ашуланғыш және тез басылады. Оның ашуында жеккөрушілік жоқ. Жұмсақ айтқанда оның ойына қайшы келетін ситуацияға реакциясы болып табылады. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Себебі оның төзімділігі нашар болады.. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Сондықтан, холерик болған жерде ұрыстар жиі болады. Басшы болғанды ұнатады. Оның негізгі

¹⁶ Асямов С.В., Пулатов Ю.С. Профессионально-психологический тренинг сотрудников ОВД.-Ташкент: Ташкентский юридический институт МВД РУ, 2002.-44 б.

құмарлығы тазалық. Мақтанады, жорамсақты, салтанатты мерекелерді жақсы көреді. Холерик темпераментінің жағымды жағы-энергия, белсенділік, құштарлық, инициативтік. Жағымсыз жағы-ұстамсыздығы, қаталдық, қатаңдық, шамдану, ыза. Холериктердің сезімі бет пішінінен, дене қимылынан, сөйлеген сөзінен анық байқалады. Олардың ренжуі де, жылауы да тез, күлуі оңай. Сезімі тез өзгеріп отырады.

Мысалы, холерик тыңдаушы талпыныс пен құштарлықпен ерекше көзге түседі. Тіпті партада оқытушыны тыңдап отырған холерикті анық мимика мен энергетикалық белгілер арқылы ажыратуға болады. Тақтада жауап бергенде, тыңдаушы бір аяғын екіншісіне ауыстырып тұрады, өте жылдам жауап береді. Ондайлар тез істеуге, үлкен өзгерістерге құлшынып тұрады. Міне, оқытушы кезекшіні бор әкелуге жіберді делік, ол жиналып барғанша, холерик орнынан тұрып борға өзі жүгіріп кетеді. Бұл тыңдаушы әр нәрсеге құштар, істі бастағанда, оны өте тез және беріліп істейді де, түрлі кедергілерден жеңіл өтеді. Ол өте ұстамсыз, өте қарапайым қиыншылықтар үшін күйіп-пысады, оқытушылар мен ата-аналарына айқайлап сөйлейді. Бірақ ол агрессиялық күйден қайта қалпына келгенде, олай істеуге болмайтынын түсінеді, сонда да ол өзіне ештеңе істей алмайды. Оның ұстамсыздығы оған көп кедергі жасайды және ол үнемі достарымен ойын үстінде ұрсысып, оқытушымен сабақ үстінде ұрсысады.

Флегматиктің негізгі ерекшелігі деп селқостық танытуын, бірақ аффекте болмауы деп есептейді. Флегматик салқын қанды болып келеді. Флегма-әлсіздік, іс-ірекет жасамауға бейімділік танытады. Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және де ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл-күйі тұрақты. Олардың байыптылығы мен байсалдылығы өмірге деген көзқарасынан да көрінеді. Флегма күші ретінде қиын және жай қосылыстарға түсуге қабілетті. Ол тез ашуланбайды. Оның сәтті темпераментпен даналық ауыстырады. Кейбір жағдайларда оларды жиі философ деп те атайды. Ол басқалардың еркін өзіне аударуға тырысады. Флегматикті ызаландыру немесе эмоционалды әрекет жасау оңай емес, ол ұрыс-керістен аулақ жүреді, оны әртүрлі қиыншылықтар тепе-теңдігінен шығармайды. Флегматикті дұрыс тәрбиелегенде іскерлікті, талапшылдықты орнатуға болады. Бірақ жағымсыз жағдайларда оларда әлсіздік, жалқаулық пайда болады.

Мысалы 1-ші курс тыңдаушысы-флегматик, ол барлық істі баяу, байыппен, асықпай істейді. Одан сабақ сұраған кезде, ол баяу орнынан тұрып, азғана үндемей тұрады да, сабаққа дайындалып қараған болса, бірқалыпты дауыспен сабақ айта бастайды; ал егер дайындалмай, оқымаған болса, оқытушының қойған сұрақтарына жауап қайтармай үнсіз тұрады. Кейде ондай

тыңдаушылар оқытушыны ызаландырады, ал достары оның баяулығына күледі. Бірақ, флегматик-жақсы дос, ашық және өте ұстамды, оны ренжітіп алу немесе күлдіру өте қиын.

Сангвиниктерге мінезі ашық, еті тірі, қабілетті, қозғалғыш адамды жатқызады. Ондай адам ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Бұл адам ештеңе уайымдамайды, сенімді. Әрбір затқа бір сәтке үлкен мән берсе, ал бірнеше минуттан кейін, ол туралы ойламайды. Коллектив арасында жүргенді ұнатады, басқа адамдармен тез тіл табысады. Қысылып-қымтырылмайды, кісіге қайырымды. Ол біреуге сөз береді, бірақ өз сөзінде тұрмайды, ал біреулерге көмек беруге дайын. Ақ көңіл адам. Бірақ өз қарыздарын өтеуге нашар келеді, және үнемі кейінге қалдыруды талап етеді, ол қатал адам емес, түзелуі қиын кұнаһар адам. Өз жасаған ісіне қатты өкінеді, бірақ оны тез ұмытады, жұмыс оны қатты шаршатады, бірақ ол оймен айналысуға дайын адамдар болып келеді.

Сангвиниктерді оқу үрдісінде бақылаған жақсы, яғни оқу үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді. Егер оқу материалы қызықты және жас ерекшелігіне сай болса, онда тыңдаушы жаңа берілген материалды тез қабылдайды, жеңіл есте сақтайды. Ал егер материал қызықсыз және оны оқу үшін көп уақыт қажет болса, онда тыңдаушы оны есте ұзақ уақытқа сақтай алмайды. Сангвиниктерді дұрыс тәрбиелегенде, оны жоғары дәрежеде жетілген бірлік және қайырымдылық сезімі оқуға деген белсенділігі ерекшелендіріп тұрады. Жағымсыз жағдайларда, жүйелілік пен бірізділік жоқ кезде, сангвиник жеңілтектік, бейбастық, шашыраңқылық байқалады. Сангвиник тыңдаушылар сабақ үстінде тынышсыз, жиі алаңдайды, сабақта достарымен көп сөйлеседі. Сыныпта өтіп жатқан барлық жағдайларға мән беріп отырады. Достарының арасында ылғи да сыйлы және оларға көптеген қызық әңгімелер айтады. Осы тыңдаушы жаңа ортаға тез бейімделеді. Егер берілген жұмыс немесе тапсырма жеңіл болса, тыңдаушы оны тез орындайды, ал жұмыс қиын, қытымыр, ұзақ болса, жұмысқа суып кетеді. Егер қандайда бір есеп беріле сала, тыңдаушы жауабын айтса, және бұл жауабы қате болса, ол әріқарай ойланып, дұрыс жауабын іздемейді, келесі жұмысқа көшеді.

Меланхолик. Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Бұл адам барлығына мән береді. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Әр нәрседен қорқуға себеп тауып алады. Ең алдымен қиындықтарға зейін қоймай, ол үлкен күппен серт береді. Себебі берген сертін орындамайды, өйткені оны орындау мүмкін емес деп ойлайды. Серт берместен бұрын ол өзінің осы сертті орындай алатынына күмәнданады. Бұл адам уайымшыл, ешкімге сенбейтін және көңіл көтеруге бейім емес. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада

катты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады. Меланхолик тыңдаушы коллектив арасында болуды ұнатпайды. Ал егер оны дұрыс тәрбиелесе, Мысалға мен 1-ші курс тыңдаушысын алайын. Ол тұйық, ұялшақ және ол ешкімге көрінгісі келмейді. Біреуден қорқып жүрген сияқты. Проблемаларды терең сезініп, көп уайымдайды. Сабақ айтып тұрған кезде қызарып кетеді, сабақты біліп тұрса да сасқалақтап жауап бере алмай қалады. Істегісі келмейтін жұмыспен айналысса, тез шаршап кетеді. Достарына көмектесуді ұнатады.

Кречмер өз бақылауында және басқа психиатор, антропологтар еңбектеріне адам конституциялық және темпераменттің арасындағы байланысын анықтаған, адам бірнеше дене бітімі типінің және оның темпераментке қатыстылығын сипаттайды.

Дене бітімі типтері	Темперамент типтері
4. Астеникалық	шизотимді
5. атлеткалық	иксотимді
6. пикникалық диспласт/қ	циклотинді

Астеникалық-мұндай адамдар ересе бойынша ұзын бойлы, (орта бойлы болуы мүмкін) нәзік дене бітімді, көкірек клеткалары тегіс, ұзын және қыр мұрынды болып келеді. Истениктер шизотимді темпераментке ие болады, бұлардың кең таралған сипаттамасы қарым-қатынасшыл емес, тұйық, ұстамды, салмақты, тағы бір тобы ұялшақтық, қорқақтық көңілшектік, жоғары сезімталдық, қозушылық, ашушаң қасиетін құрайды. Кітап және табиғатты жақсы көреді. Темперамент қасиеттерінің 3ші тобы өзін-өзі сендіру, шынайылық, қайырылымдық. Темпераменттің 2ші 3ші тобы бір-біріне қарама-ұайшы. Егер 2-ші топ жоғары психикалық сезімталдыққа ие болса, ал 3-ші топ қарама-қарсықолық сезімсіздік, сондақтан шизотимдіктерді, идиолист, арманшыл, билікке ұмтылмайтын өзімшіл көрсетеді. Көпшілігіне өмірдегі негіздері болып, яғни өзіне бағыттарын өзіндік «мен»

Шизотимді-темпераментті типі өздерінің кейбір ерекшеліктерін интеллектуалды әрекетте көрсетеді Шизотимдерде зейін жоғары дамыған, оның ішінде зейіннің бөлінуі ұзақ мерзімді ес және вербалды интелект сонымен қатар мұнда абстрактылы ойлауға бейімділік те жатады, оларда қысқа мерзімді ес, вербалды интелект жіне көру моторлы байланыс жылдамдығы төмен деңгейде дамыған. Жұмыс жасау кезінде ұзақ үзіліс (пауза) жасайды.

Атлетикалық-сүйектері және бұлшық еттері жақсы дамыған, орта және ұзын бойлы, кең иықты, тар бөкселі, бет сүйегі томпақ, толық. Атлетикалық тип дене бітімі бойынша иксотимді темпетаментке ие, олар өз бетті, энергиясы мол, өзіне сенімді, жест, мимикаларымен өзгелерді әсерге қалдырады, қарым-қатынаста дөрекі, басқалардың өзіне тәуелді болғанын қалайды. Олардың өмірлік тонусы жоғары, қызықты оқиғаларды және тәуекел еткенді жақсы көреді, олар үшін өмірдегі негізгісі іспен көрсету.

Пикникалық-дене бітімі кіші, орта бойлы, тығыз, семіруге бейім, бұлшықеттері жұмсақ, үлкен қарынды, мойны қысқа, басы дөңгелек болып

келеді. Пикникалық дене бітімді типтегі адамдар циклотимді темпераментке сәйкес келеді. Бұлар адамдарға тез түсінікті, күрделі емес. Темпераменттің мұндай типіне қарым-қатынасшыл, қайырымды қасиеттер тән, циклотимдердің көңіл-күйі куәныштылық пен көңілсіздікарасында ауысып тұрады. Сондықтан бұл тобы көңілді, тапқыр, пысық және қызба адамдар құрайды, ал 2-ші топ: тыныш, салмақты, әсершіл тобы құрайды. Циклотимдер интеллектуалды ерекшеліктер жағынан шизотимдерден ерекшеленеді. Оларда қысқа мерзімді ес, вербалсыз интеллект жақсы дамыған. Олар бір жұмыстан екінші түріне ауысып кете алады. Қандай жұмыс болмасын жылдам игеріп кетеді.

Сонымен, үшінші сұрақты қорыта келгенде, адамның қай мазмұнда болмасын өз іс- әрекетін жүзеге келтіруі тікелей темпераментке байланысты. Темперамент психикалық процестердің желісінде көріне отырып, еске түсіру, қабылдағанды бекіту жылдамдығына ықпалын тигізеді, ой жүйріктігі мен зейін тұрақтылығын және оның ауыспалығын айқындап береді.

Темпераменттерді тәрбиелеуде адамның ерік-жігерін, мінез бітістерін, сезім эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастыруға жүргізілген дұрыс. Адамның өзін - өзі ұстай алу қабілетінің дамуы темперамент тәрбиесіне жақсы жәрдем береді.

Жеке адамның сапаларымен бірлесіп әрекеттенеді. Соның өзінде жеке адамға доминантты әсер етуші күш жеке адамның әлеуметтік жағы (ол көзқарастары, бағыты, қажеттіліктері, идеялары, ұмытулары, моральдік және эстетикалық сапалары әлеуметтік сапалары)¹⁷.

Индивидтің теориялық сипаттамасы

1. Адам дамуындағы даралық негіздерінің факторлары.
2. Индивидтің конституционалды негіздері
3. Индивидтің нейродинамикалық негіздері.

Жеке тұлға құрылымына индивидтің барлық қасиеті кіреді. Сондықтан жеке адам портретін құру мүмкін емес. Индивидтің психикалық физикалық қасиеті: түйсіну және қабылдау, иістету және қабылдау, ес және зейін, ойлау, эмоциялық мазасыздану яғни барлық адамның психикалық іс әрекетін құраушы сезімтал тар тқаньдар құрайды. Адамның нышаны және темпераменті әдіс әсілдерінде және игерудің диапазонын анықтайды. Өз кезегінде темпераменттің эмоциялық қасиеттері мотив энергиясының диапазонын эмоциялық мазасыздануы өзгергіштігімен байланысына ие болады. Басқаша айтқанда нышан және темперамент жекелік мінездемелердің көріну формасын анықтап индивид жеке адамдық қатынас және іс әрекет субъектісі ретінде төмендегіше болуы мүмкін:

- Олардың дамуында шарттардың біреуі болуы (нышанның қабілетке қатынасы)
- Жеке мазмұны бойынша түйсік, қабылдау, елестету, қиял, ес, эмоция, сананың сезімтал жағын құрайды.

¹⁷ Балабанова Л.М. Судебная психопсихология (вопросы определения нормы и отклонений).-Д.: Сталкер,1998.-432 б.

- Функционалдау механизмі мысалы психологиялық функционалдық функцияның субъектісі операциясына және әрекетіне қатынасы.
- Даму факторларының біреуі бойынша мысалы темпераменттің қабілетке және адамның мотивіне қарым қатынасы.

Жекелік қасиеттердің негізгі қасиетін сақтау функциясы ретінде анықтауға болады. Тек осы ғана адамның мүмкіндіктерін энергиялық көрсеткіштігінің және динамикалық диапазонын анықтайды. Келесі маңызды функция

Өзгеру функциясы-мұнда индивидтің бір күйден екінші күйге ауысу темпі бір эмоциядан келесісіне ауысуы, дағды іскерлік операцияларының басқасына ауысуын, мінез-құлықтың икемділігін қамтамасыз ету қасиеті анықталады.

Даралық типтік құрылысына: Конституциялық

Адам Конституциялық: 1. жалпы

2. жеке болып бөлінеді.

Жалпы Конституцияға даралық ерекшеліктер және қасиеттер қоршаған ортаның әсерінен органдармен реакциясын анықталуы спецификалық жиынтық кіреді, басқаша айтқанда жалпы Конституциялық бұл органдардың жалпы сипаттамасы. Осыған қарап жалпы Конституция негіздері адамның генотипімен бағыттылығымен көреміз.

Жеке Конституциялық екі негізгі класқа бөлеміз: 1. Морфологиялық

2. Функционалдық

Морфологиялық хромагомдық және денелік, ал функционалдыққа биохимиялық, физиологиялық және нейродинамикалық кіреді. Осыдан келіп адам конституциясы деген термин пайда болады.

Конституциялыққа барлық жекелік қасиеттер, яғни генотиптер қарым-қатынастар арқылы берілген жиынтық кіреді. Адамның психикалық және ионстикалық ерекшеліктер арасындағы шамамен б.э.д. 430ж. Гиппократ адамдарды екіге бөледі:

1. habitus anlectikus-бұл тығыз бұлшық етті күшті адам.

2. habitus phthisicus-жіңішке, биязы, әлсіз адамдар

Тұлға бағыттылығына-өмірлік мақсаттар, жеке тұлға уәждемесі, қызығушылықтар, мұраттар (идеалдар), бейімділік, сенімдер, сонымен қатар мінез бен қабілеттіліктерді жатқызамыз.

Түрткіні қосатын жүйе ретінде, жеке тұлға белсенділігін анықтайтын, оның қарым қатынасын саралайтын жеке тұлғаның күрделі қасиеті-бұл тұлға бағыттылығы болып саналады.

Құнды бағдарлаулар, қызығушылықтар, мұраттар. Адамның әртүрлі жастағы адамдармен арасындағы мінез-құлық белгілі бір құндылықтармен байланысады, яғни материалдық объектілер құрамына сөйлеуге, қоғамға, топқа және жеке адамға олардың мағыналарын анықтайын қоғамдық өмірдің болуы. Құндылықтарда барлық адамдар мінсіз түрде өзінің мақсаттары мен ұмтылыстарын білдіреді. Б.Г.Ананьевтың белгілеуінше, «адамның құнды көріністерін түсінбей тұрып, оның мінез-құлқын түсіне мүмкін емес».

Құндылықтың бірнеше санатын бөліп көрсетеді:

а) тұлғалық; б) қоғамдық; в) материалдық; г) саяси; д) идеалдық.

Тұлғалық құндылықтар тұлға мінезінің моральдық негізін білдіреді. Бұл құндылықтар адамдарға, қызметке, өзіңе, затқа деген қарым-қатынаста көрсетіледі. Қоғамдық құндылықтар социализация процессінде меңгеріледі, қоғамда қабылданған моральдық нормаларға, салт-дәстүрлерге, заңдарға тұлғаның қатысымен көрсетіледі. Олар адамның жауапкершілік, өз-өзіне талап қою, сақтану т.б. секілді мінез-құлықтарын қалыптастырады.

Материалдық құндылықтар материалдық объектілер, заттар, ақша, жеке мүліктерге қатынаспен көрсетіледі. Бұл объектілерді бағдалау адамды төмендегідей мінез-құлықтарға тәрбиелейді: ұқыптылық немесе ұқыпсыздық, пысықтық немесе ұяңдық, сараңдық және т.б. Саяси құндылықтарға мемлекеттің ұлттық жағдайы, бекітілген демократиялар, саяси мекемелер, салауатты өмір жатады. Идеалдық құндылықтар дүниетаным, моральдық парыздарды кеңінен қамтиды.

Құндылықтар адамдардың мінез-құлықтарын және ойын саралайды. Олар эмоциялық сүйкімділік күші немесе өзінің танымдық қажеттілігінің күшіне әсер ететін туындаушылықпен түсіндірілетін оның қызығушылықтарын бейнелейді. Қызығушылықты адамда оның көңілін аударатын кез-келген объект туындата алады.

Идеал-өзін қалай көргісі келетіні туралы адамның қиялы. Идеал мінез-құлық жиынтығынан жиі туындайды. Идеалдар қоршаған ортаның әсірепен қалыптасады. Идеалдардың болуы адам мінез-құلقىның мативациясына нақтылық енгізеді.

Психологиялық қондырғылар. Психологияда қондырғылар арқылы адамның психикалық жағдайын, дайындықты және ішкі орта әсеріне жауап ретінде нақты ерекшеліктерін айқындайтын қызмет субъектісі ретінде түсінеді. «Қондырғы» сөзінің өзі латынша «аптус», яғни:

- 1) әрекетке дайындықтың физикалық немесе ақыл-ой жағдайы;
- 2) адамның тұрысы, яғни моторлы немесе ақыл есінің бейімділігі деген мағына береді.

Советтік психологияда қондырғының теориялық жағдайын грузин психологы Д.Н.Узнадзе ойлап тапқан. Өзінің «Қондырғының психологиясының эксперименталды негіздері» атты жалпылама еңбегінде ол қондырғыны естің жеке фактілерінің туындауын шамалайтын психиканың ерекше жағдайы ретінде анықтайды және олардың алдында болады.

Қондырғылар адамның барлық қызметтерін, оған қажетті психикалық күштерін жұмылдыра отырып бағыттайды. Қондырғыны білдіру заңнамаларын білу-қылмыскер, зардап шегуші тұлғаларын бағалау үшін қажетті шарттар. Құрылымдық жоспарда қондырғыда үш құрамдас бөлікті бөліп көрсетеді: сезім, пікірлер мен сенімдер, реакция мен дағды. Бұл бөліктер сезімталдық, интеллектуалды және мінез-құлық құрылымдық бөліктерді адамды қоршаған ортада оның белсенділігі анықтайды. Қондырғылар көп жағдайда адамның барлық іс-әрекеттерін анықтайды. Ол біздің реакциямызды сұхбаттасушы адамның реакциясына жауап ретінде басқарады: біздің бет-

әлпетіміз біз байланысып отырған сұхбаттасушымыздың қабылдауына байланысты болады. Қондырғының мазмұнды жағы тұлғаның құнды бағдарлауы болып табылады¹⁸.

Жеке тұлға уәждемесі. Уәждеме астында мақсаттарға жетуге бағытталған адамның туындау жүйесі түсіндіріледі. Қылық уәждемесі «адам нені қалайды?», «ол неге талпынады?» және т.б. сұрақтарға жауап береді. Адамның қозғаушы күшінің дифференциалдау мақсатында оны сезіну және сезінбеу ниеті деп бөлу қажет, яғни уәждер (мотивы). Бұл зерттеуші тұлғаны бағалу үшін аса маңызды. Сезіну ниеті ұзақ ойластырудан кейін жүзеге асады. Сезінбеу ниеті жеке тұлғаның бұрын игерген тәжірбиесінің негізінде бірден жүзеге асырылады. Мұндай ниеттер орнату жүйесін ұсынады.

Адам уәждемесі басымдық қажеттіліктерді жүзеге асырумен әрдайым байланысты. Адамдардың қылықтарының негізінде қажеттілік жатады.

Қажеттілік-бұл жеке адамдық қызметтің, мінез-құлқының, қозғалғыш күші. Сонымен қатар қажеттілік мәнін түсінуде кең ауқымды таралған. Биологиялықтан, әлеуметтік экономикалыққа дейін.

Қажеттілік мұқтаждық ретінде бұл объективті жағдайда, затқа, объектілерге мұқтаждықтарды сезуде құрылатын. Оларсыз тірі органдардың дамуы мен өмір сүруі мүмкін емес (С.Л.Рубинштейн, Узнадзе, Ковалев, Ядов, Бонович)

Қажеттілік тәуелділік ретінде бұл тіршіліктің нақты шарттарына тәуелділігін көрсетеді. Дегенмен, тәуелділік тек организм мен сыртқы ортасында қандай қатынастар бар екенін көрсетпейді. Жоғарыда берілген қажеттіліктің екі анықтамасы ең көп болып табылады. Дегенмен, басқа да көзқарастар бар.

Қажеттілік қарым қатынастар ретінде: бұл жерде қажеттілік субъект пен әлем арасындағы қатынастар ретінде түсіндіріледі. Қажеттілікті түсінуде психологиялық пен бірге философиялық әдіске де жақын болып келеді.

Қажеттілік байлыққа ұмтылу ретінде: байлықтың жоқтық күйі бұл қажеттіліктің өзі (Могун) қажеттіліктің заты бұл жерде байлықтың болмауы болып табылады.

Қажеттілік бейімделу дегенінен ауытқу ретінде: қажеттілік ішкі немесе сыртқы кейбір реалдылықтың ауытқуы ретінде анықталады (Мак Клелланд) мысалы: адам белгілі бір қарым қатынасқа дағдыланған немесе белгілі бір тағам түрінен ләззат алса немесе т.б. әсер алатын болса ауытқуы күткен күйін қайта орнатуға қажеттілігін шақырады.

Қажеттілік динамикалық күй реті: (Курт Левин қажеттілік деп қандай да талаптарын әрекеттерін іске асыру кезінде адамда пайда болатын динамикалық күйді(белсенділік) айтады. Қанағаттану процесі динамикалық күшті бәсеңдетуінен тұрады. Сөйтіп қажеттілік бұл адамның қызметін қамсыздандыратын және бісеңдікке (қанағаттануға) ұмтылатын белгілі жағдайда пайда болатын шиеленіс (напряженный) жүйесі (тілек). Осы жерде

¹⁸ Бейсебаев К.М. Сапарин О.Е. Психолого-педагогическое воздействие: научные основы и технология применения в профессии сотрудника ОВД: учебное пособие.-Актюбинск: Актюбинский филиал Костанайской высшей школы МВД РК, 1997.-249 б.

динамикалық күй шиеленісетін адамның мінез құлықын детерминалдайтын шешуші фактор болып табылады.

Қажеттіліктің келтірілген айла-амалдардың анализі көрсеткендей олардың барлығы қажеттіліктердің мәнін түсіну үшін ескеруге тиісті факторлардың мәнін атап көрсетеді.

Адамның қажеттілігіне және жеке адамның қажеттілігіне қажеттелуді бөлу. Сезілетін және сезілмейтін деп бөлуге болады. Жеке адамның қажеттіліктері әрқашанда не түсіну деңгейінде (биологиялық қажеттіліктер) не түсіну деңгейінде (әлеуметтік қажеттіліктер) жүреді.

Қажеттілік мұқтаждықпен тығыз байланысты, жеке адамның қажеттіліктерін мұқтаждық күйді шығару мүмкін емес.

Қажеттіліктердің өзінің пайда болуы адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, мақсатқа жетуде оның белсенділігін көрсететін механизм болып табылады.

Индивидуалды даму процессінде туатын қажеттілік ретін көрсететін тұқымқуалаушылық бойынша құралған топтағы адам қажеттіліктерін өзге бір классификациясын А.Маслоу ашты. А.Маслоудың туғаннан пайда болып әрі қарай жекелік өсуге берілетін төмендегідей жеті қажеттілік классы бар:

8. физиологиялық қажеттілік;
9. қауіпсіздік қажеттілік;
10. махаббатқа қажеттілік;
11. сыйластықты қажетсіну;
12. танымдық қажеттілік;
13. эстетикалық қажеттілік;
14. қажеттілік және өзіндік акцентуация;

Отандық және шетелдік психологтарының зерттеулері бойынша, олар қажеттіліктің түрлері мен классификациясын төмендегідей атап көрсеткен:

Мюррей адамның 140 қажеттіліктерін есептеді. Қажеттілікті бірнеше классификацияға бөліп көрсетуге болады. қажеттіліктің барлығы

XX ғасырдың екінші жартысында адамдылық қажеттілік теориясы арнайы мотивациялық концепциямен бірге Г.Келли, Д.Аткенсон, Роттер еңбектерімен толықтырулар тапты. Оларға келесі деңгейді жалпылауға болады.

6. жануарлар мен адам қылығын бірдей қанағаттанарлықтай түсіндіретін универсалды мотивация құрлымын, принципті мүмкіндігін жоққа шығару.

7. редукция шиеленісі мақсат белсенді түрде мінез құлықтың негізгі мотивациялық дәлдік секілді адам деңгейінде жұмыс жасамайтынына толық көз жеткізу.

8. адам өз мінез құлығында реактивті және оның мотивация дәлдігі өз психологиясында жататындығын келісе отырып, редукция орнына активтілік принципін қою.

9. жануарлар биологиялық, физикалық стимул деңгейінде ауысатын мотивациялық жағдайды оқытатын әдістердің адам үшін адекватты мойындамау.

10. тек адамға қатысты жануарлар мотивациясын зерттеу әдісін мипайдаланбай мотивацияны оқытатын арнайы әдіс іздеу.

1917 жылғы революциядан кейін отан психологиясында адам мотивациясының проблемасын шешуге ұмтылыстар жасады. Бірақ ұзақ жылдар бойы психологиялық зерттеу негізінен психикалық процесстерге жүргізіледі. Осы жылдар ішінде табылған және анықталған мотивация концепциясын Леонтьев құрып, оны әрі қарай оқушылары мен ізбасарының еңбектерінде ізін тапқан, адам мотивациялық сферасының іс әрекет туу теориясын атауға болады.

Леонтьев концепциясы бойынша адамның мотивациялық сферасы басқа да психологиялық ерекшеліктері секілді практикалық іс әрекетте өзіндік дәлелдемеге ие. Структуралық іс әрекет пен адам мотивациялық сферасының құрылуы арасында өзіндік байланыста қарым қатынас бар. Адам мотивациялық сферасында болатын динамикалық өзгерістер негізінде объективті әлеуметтік заңдылықтарға бағынатын іс әрекет системасының дамуы жатыр.

XX ғасырдың орта шегінде мотивация туралы 9 теорияға бөлінді. Олардың әр қайсысы өзіндік жетістіктер мен жетіспеушіліктерге ие. Егер осы теорияларды жеке жеке қарасақ, олар мотивацияның кейбір феномендеріне психологиялық зерттеу кезінде, осы төңірегінде туатын сұрақтардың кейбір бөлігіне ғана жауап бере алады. Мотивацияның қазіргі кезде жаңа психологиялық концепциясы мотивацияға когнитивті жағынан қарау болып табылады. Себебі онда адам санасы мен бейімділігіне ерекше көңіл бөлінеді. Көбіне бұл теорияда когнитивті теория, сәттілік күту, оның бағалылығы, сәтсіздіктен қорқу сияқты түсініктер енеді. Көбінесе бұл когнитивті үзілістер комплексті түрде қолданылады. Олардың арасында элементарлы операциялар арқылы анықталған өзіндік қатынастар, байланыстар қойылады.

А.Маслоу бойынша өзіндік актуализацияға қажеттіліктер

Адамның, мақсаттың, қабілетінің, жекелік дамуының реализациясы
Эстетикалық қажеттіліктер: гармония, симетрия, жинақылық, әсемділік, әдемілік.
Таным қажеттіліктері: білу, жасай алу, түсіну, зерттеу.
Сыйлауды қажетсіну: компаненттілік, дәреже, жеміс, жақтаушылық, мойындаушылық.
Махаббат пен бағыныштылықты қажетсіну: ортаға қатысты болу, адамдармен бірге болу.
Қауіпсіздіктегі қажеттілік: өзін өзі қорғау аясында сезіну, қорқыныш пен сәтсіздіктен арылу, агрессиялықтан арылу.
Физиологиялық қажеттілік: органикалық қажеттілік, аштық, шөл, жыныстық әуестілік.

Сонымен, екінші сұрақты қорытындылай келе біз тұлға бағыттылығы түсінігінің мәнін аша келіп біз тұлға бағыттылығына- өмірлік мақсаттар, жеке тұлға уәждемесі, қызығушылықтар, мұраттар (идеалдар), бейімділік, сенімдер, сонымен қатар мінез бен қабілеттіліктерді жатқызамыз.

1.4.Топтары мен ұжымдардың қалыптасуының және жұмыс істеуінің психологиялық негіздері

Әлеуметтік психологияда «топ» термині жан-жақты және көп мағыналы болып табылады. Адамдар бір-бірімен көптеген, әртүрлі тұрақты бірлестіктерге біріккен, өте күрделі ұйымдасқан қоғамды «топтар» деп атайды.

Топ әлеуметтік тұтастықтан белгілі бір нышандары негізінде бөлінетін адамдардың шектеулі шамадағы қауымдастығы,бұл нышандар атқаратын қызметтерінің сипаты, әлеуметтік не таптық қатыстылығы, даму деңгейлі және т.б, болуы мүмкін.

Топтардың шамасы, құрлымы мен құрамы өздері сол үшін топтасқан қарекеттің мақсаттары мен міндеттеріне қарай анықталады.Топ мүшелерінің бірлескен қызметінің мазмұны топ ішіндегі динамиканың барлық процестеріне себепкер болады, бұлар: тұлғааралық қатынастардың дамуы, топтың нормалар мен құндылықтардың, ынтымақтастық және өзара жауаптылық нысандарының қалыптасуы.

Біздің қоғамызда көптеген топтар бар. Олар үлкен, шағын топтар болы бөлінеді.

Үлкен топ бұл топ мүшелерінің араатынасы ақпарат құралдары арқылы жүргізілді, мемлекеттің, ұлттың, партияның, кәсіптік, экономикалық, жас, жыныстық, мәдени және басқа да белгіліреі бойынша бөлінеді. Бқл топтар жеке тұлғаның психологиясы мен мінез құлқына сырттай ықпал етеді. Олардың жүргізген саясаты, идеологиясы және мәдениеті арқылы іске асырылады. Үлкен әлеуметтік топтардың идеологиясын бірден бір жүргізуші әрбір нақты жеке тұлғаға сәйкес қолданылатын шағын топ болып табылады.

Шағын топ өзара қарым қатынаста болатын. Мүшелері бір территорияда болатын адамдар тобы. Ақтөбе заң институты, курс ұжымы. Бұл адамның бірігуі, оның мүшелерінің жалпы мақсаты бір және бір бірімен тікелей жеке байланыста болатын құрамы жағынан көп емес адамдардың бірлестігі. Шағын топ қоғамның қарапайым ұясын білдіреді, ол арқылы жеке тұлғаға қоғамның әртүрлі әсер етуінің үрдісі іске асырылады. Бұл ең алдымен отбасы, еңбек ұжымы, құрамы 30-40 адамға дейін кіретін оқу топтары, спорт командалары, жақын достардың бірлестіктері және т.б. Бұл қоғамдастық өзінің әртүрлі сипаты бойынша байқалады, таза сыртқы сипаттарынан(белгілі бір іске байланысты бірге кездейсоқ жиналған адамдардың аумақтық орталықтығы) ішкі сипаттарына дейін(отбасы мүшелері, бір бірімен туыстық қатынастарға біріккен).

Психологиялық ортақтық өлшемі топтың ұйымшылдығын анықтайды. Оның әлеуметтік психологиялық дамуының бірі болып табылады. Шағын топтар сандық құрамы жағынан әртүрлі болуы мүмкін: 2-3 тен 30-40 дейін адам.

Шетелдің әлеуметтік психологиясында «шағын топ» термині қолданылады. Шет елде шағын топтарды зерттеуге байланысты көптеген еңбектер жарық көрді. Шағын топтарды зерттеуде АҚШ және Батыс Еуропа ғалымдары, психологтары атап айтқанда, С.Аш, М.Аргайл, Р.Бейл, Т.Ньюком, М.Шериф және басқаларының еңбектерінің мәні орасан зор.

Шағын топтарды жіктелуін қарастыратын болсақ: шартты немесе наминалды шағын топ дегеніміз бірден бір шағын топтың құрамына кірмейтін адамдарды біріктіретін топты айтады. Мәселен, шартты топтарға жоғары сынып оқушыларының сыныбын жатқызуға болады. Кей жағдайда осындай топтарды бөліп көрсету зерттеу мақсаттарында қажет түпкілікті топтарда алынған нәтижелерді кездейсоқ біріккен, бір бірімен байланысты жоқ, ортақ мақсаты жоқ топтармен салыстыру үшін қажет. Мәселен, спорттық журналистер дүние жүзінің ең үздік футболистерін шартты түрде толтыру үшін қажет тізімін жасайды.

Түпкілікті топқа кірген жеке тұлға бір бірімен тығыз өзара әрекетте және қатынаста болады. Оған мектеп сыныбы, әскери бөлімше, өндірістік бригада, спорт командасы, купедегі жолаушылар жатады.

Топтар ресми және ресми емес болып бөлінеді:

Ресми топ штаттық кесте, жоғары немесе басқа ресми құжаттардың негізінде құралады. Мәселен, курсанттар тобы, институт оқытушылары мен қызметкерлерінің штаты осының барлығы ресми топтарға қайта өзгертуге болады, бірақ тағы белгіленген бұйрық шешім, заң негізінде іске асады. Ресми формальді құрлымы ұйымдастырылған. Бұл топ түрінің қызметі арнайы құжаттармен басқарылып, жүргізіледі. АЗИ нің арнайы оқу бөлімі оқу тобы. Әлеуметтік қарым қатынастары жекеленген.

Ресми емес топ психологиялық мотивтердің бірыңғай бағыттылығы негізінде пайда болады, жеке тұлғаларды ұнату, көзқарастарының жақындылығы, сенімі, беделі, біліктілігі. Ондай топтар ешқандай штат кестесімен, нұсқаулармен қарастырылмайды. Мәселен, бір топ жолдастар және т.б.

Бейресми формалсыз топта әлеуметтік қатынастар жекелеген өз құрылымын өзі жасайды. Ұнату, ұнатпау негізінде құрылады, яғни бір нәрсеге қызығушылығымен ұйымдасады. Уақыт есебі бойынша топтар тұрақты уақытша кездесок, яғни ұзақ уақытта талпынастар – тұрақты топтар мүшелері алмасып отырса да, бұл ұжым ұзақ уақыт қызмет ете алады.

Үлгілі топ бұл шындық немесе қиялы топ, оның көзқарасы, ережелері жеке тұлға үшін үлгі болып табылады. Үлгілі топқа кірген жеке тұлға, оның талаптарын, құндылықтарын мойындайды, оны қолдайды, ең үлгілі топ деп есептеледі.

Үлгілі емес топ бұл топтың психологиясы мен мінез құлқы жеке тұлға үшін жат немесе ешқандай да мәні жоқ.

Ұжымда оған қарама қарсы тұлға аралық қатынастар өзара бір біріне сенушілікке, ашықтыққа, тазалықа, өзара бір бірін құрметтеуге негізделген.

Топ дамуының ең жоғарғы түрі ұжым болып табылады. Социологиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиетте кез келген ұйымдасқан топты ұжым деп атайды: институт құрамы, курс құрамы, өндірістік бригада тобы. Жоғарыда аталғандардың кейбіреулерінің, егер де белгілі талаптарға жауап беретін болса, ұжым болуы мүмкін.

Алғаш рет қоғамдағы адамдарды ұйымдастырудың ерекше түрінде ұжым туралы мәселе теориялық және практикалық тұрғыдан А.С.Макаренконың және Н.К.Крупская еңбектерінде талданды. Олар ұжымда құрылған жұмыстың, топтың іс әрекеттің басқа түрлерінен айырмашылығы туралы мәселені 30-жылдардың бас кезінде күн тәртібіне қойған болатын.

Ұжым теориясын талдаған отандық педагогиканың көрнекті өкілі А.С.Макаренко болды. Ол көптеген педагогикалық және көркем шығармалардың авторы. Оның еңбектерінде ұжымдық тәрбиенің әдістемесі жан жақты талданды. Ол ұжымның өмір сүру заңын зерттеп, негізделді: қозғалыс ұжымның өмір сүру түрі, тоқталу оның өлуінің түрі; ұжымның дамуының қағидаларын анықтады; ұжымның даму кезеңдерін атап көрсетті.

Ұжым топты ұйымдастырудың ең жоғары сатысы, топтың түрлерінің бірі. Өзінен өзі түсінікті, кез келген шағын топ ұйымдасқаннан бастап, көптеген сатылар мен дамудан өтеді.

Сатылардың әрқайсысы өзіне сәйкес топтың белсенділік деңгейі, көпшілік бірігу сатысы, ұйымдасқан бірлігі, коммуникация жүйесі мен мүшелерінің арасындағы байланысы, бедел мен билікті бөлісу құрылымы болады. Сатылардың әрбір кезеңінде тұлға аралық қатынастардың сипаты бірте бірте қиындай және өзгере түсетіндігі атап өтіледі.

Латын сөзі «коллективус», орысша «коллектив», қазақша «ұжым», әртүрлі аударылады, кездейсоқ жиналу, жиын, бірлескен жиналыс, бірігу, ұйымдасу, топ. Бір анығы ұжым бұл адамдардың тобы. Кез келген топ ұжым бола ала ма?

Қазіргі әдебиетте «ұжым» ұғымының екі мағынасы қолданылады. Біріншісі ұжым деп кез келген адамдардың ұйымдасқан тобы (мысалы: өндіріс ұжымы); екіншісі ұжым тек қана жоғары ұйымдасқан топты айтады.

Психологтардың зерттеу нышаны ұжым мүшелерінің өзара қарым қатынасы мен іс әрекетінің психологиялық педагогикалық ерекшеліктері болып табылады: ұжымның ұйымшылдығы, оның мүшелерінің ұжымды қабылдауы, ұжымдағы жеке тұлғалардың өз көңіл күйі және өзін өзі құрметтеуі, ұжымның болашағына байланысты, оның мүшелері т.б. Ұжымдардың түрлерінің іске асуының психологиялық ерекшеліктері (оқу, өндірістік, әскери, спорттық және т.б.) ұжымның басқалардың арасында алатын іс әрекеттің сипатына және орнына байланысты.

Ұжым бір мақсатқа бағытталған мекемелерде жұмыс істейтін адамдардың немесе білім беру орындарында оқитын студенттердің және т.б. тобы .

Ұжымның негізгі белгілері:

- 1.Қалтқысыз қарым – қатынас, іс- қызмет ;
- 2.Құрамның біркелкі болуы;
- 3.Жоғары дәрежеде біріккендік: бір мақсат , мүшелердің көз карасы, бағытты бір, ынтымақтастық
4. Құрылымдылығы , яғни, ұжым мүшелерінің өзара қызмет бөлісуі айқындалған құқықтары, міндеттері, оған жауапкершілікпен қарауы ;
- 5.Ұйымдастырушылығы , яғни ұжым өмірінің іс шараларының бірігіп ұйымдастыру , ұжымның тәртіпке бағынуы ;
- 6.Ашықтылығы ұжымға әрдайым жаңа адамды қабылдауға дайын болу;

Ұжымды тұлға жиынтығы ретінде қарастырсақ, ол:

1. Қоғамның экономикалық өмірінің құбылысы, яғни өндіріс және тұтына жүйесінде ;
2. Әлеуметтік құбылыс , яғни әлеуметтік құрылымда оның роль және орны;
3. Заң құбылысы , яғни құқықтық нормалар мен нормативтік актілер (өмірді айқындаушы) жүйесі;
4. Психологиялық құбылыс (тұлғалық ара қатынастар)
5. Педагогикалық (ұжымының тұлғаға әсері , тұлғаның ұжымға, мүшелердің бір біріне әсері)

ПО қызметкерлерінің ұжымын осы берілген сатыда қарастыруға болады. Алайда барлық ұжымдарға қатысты бір талаптар әлеуметтік белгі бар:

1. қоғам құрылымындағы орны;
2. бір мақсаттың болуы;
3. осы мақсат бағытындағы бірлескен қызметі;
4. басшылықтың іскерлік қарым-қатынасының болғандығы, оның бір жүйегі салынғандығы және оның мүшелерінің тәртіпке бағынуы.

Әртүрлі даму деңгейіндегі ұжымдар бар. Ұжымның даму деңгейі деген түсінікті ең алғашқы рет А.С.Макаренко енгізді. Оның ұжымында ұжым деген деңгей 4 сатыдан өтеді:

1. қоғам өкілі ретінде басшы талап етуі қажет;
2. осы талап белсенділермен құпталады;
3. белсенділер талабы бірауыздан болғандықтан ұжым оны әрбір ұжым мүшесіне қолдана алады;
4. ұжымның әрбір мүшесі осы талапты өзіне қолдануы қажет;

ПО қызметкерлері ұжымының психологиясы жедел іздестіру қызметінің ерекше мінездемесіне негізделген:

1. қызмет мақсатының саяси және қоғамдық маңызды ерекшелігі;
2. мемлекеттік және қызмет құпиясын міндетті түрде сақтау;
3. заңды жарғыны арақатынас бұйрықтары басшылыққа алу; яғни осылармен қызметтері регламенттелген;
4. жоғары дәрежедегі әскери, кәсіби, моралды-психолог дайындық;

Барлық топтарды жоғары дамыған және әлсіз дамыған деп бөледі. Әлсіз дамыған шағын топтарда жеткілікті психологиялық ұйымшылдық яғни іскерлік және жеке өзара қарым қатынас қалыптаспаған.

Уақытша топтары ең басынан аз уақытқа құрылады. Мысалы: туристер (уақытша саяхат құрушылар, яғни уақыт шамалары шектелген)

Кездейсоқ топтары уақыт ағымына байланысты жағдай жиналатын топтар (демалыс клубтар).

Кейбір топтар адамның арқылы байланысты міндеттілікті талап етеді, мысалы, біз отбасын, ұлтымызды этикалық тобымызды қаламасақ та біз биологиялық заң бойынша кіреміз.

Ерікті топтарға әрине адам өз ырқымен ерігімен кірді. Мысалы: спорт клубтар мәдени қоғамдықтар немесе әлеуметтік ұжымдар ал, кейбір ерікті топтар ішінде міндеттілікті талап ететін топ бар, ол профсоюз, яғни құқық қорғау мақсатында ұйымдасқан ұжым.

Барлық кісіні топтарды жағымды, жағымсыз және анықсыз бағытталған топтарға бөлуге болады.

Жағымды бағыттағы топ мүшелері өзара ұнатушылық, рухани қызығушылық. Білімге деген қызығушылық, құштарлық, спортпен бірігіп айналысу т.б., яғни мақсат мүдделері бір, бұлардың қызметі. Әрбір топ мүшесінің мүддесіне бағытталған достық негізінде құралған.

Жағымсыз бағыттағы құқық бұзушылап тобы яғни, заң, дістүрлері ұрлыққа бағытталған қоғам мораліне қайша келтіртін ұрлау болу көз қарастар өмір сүретін адамдар тобы.

Анықсыз бағыттағы топ мүшелерінің құрлымы әртүрлі, яғни психологиялық мінездеме қажет етеді. Жағдайда байланысты өзгереді. Яғни, жағымды немесе жағымсыз да бола алады. Жағымсыз арасында қылмыстық топтар болып бөлінеді. Олар ұры дәстүрлерін егуші, таратушылар. Оларға уақыттыңда төтеп бермесе олар басқа топтарға жағымсыз әсер береді. Бұл қауіпті топтың басшысы болып ерекше қауіпті рецидивист болуы мүмкін. Оның мақсаты басқалар арқасында өмір сүру, өзінің күшін көрсету, топтың тарауына қарсы тұру. Әрине, ол өзінің мақсатын (шындық туралы) бір-біріне деген жанашырлық туралы адамгершілік заңдылықтармен бүркеніп өзінің арам тісін уағыздайды.

Жоғары дамыған шағын топтардың ішінде екі үлкен тобы қалыптасқан. Олар корпорациялар мен ұжымдар. Олардың көптеген ортақ белгілері бар. Корпорацияларға тән іс әрекет, қоғам үшін пайдасы аз немесе тіптен зиянды (мәселен, аз қылмыстық топтардың қоғамға жат мақсаты) болуы мүмкін. Дамыған ұжымның әлеуметтік психологиясы, іс әрекеті, сөз жоқ, қоғам үшін жағымды мәні орасан зор. Корпорацияда өзара қарым қатынастық нормалары индивидуалистік сипатта, бұл қатынастар өзі жазалау, күмәндану, бір біріне сенбеу қорқынышына құрылған.

Адам өз алдына мақсат қояды, белсенді қызмет істеуге итермелейтін себептерді түсінеді. Ортақ мақсат үшін біріккен және белгілі бір қоғамдық

міндетті атқаратын әрекеттер жиынтығы іс әрекет болып табылады. Іс әрекет адамның өмір жолын анықтайды.

Кез келген іс әрекет ұжымды қалыптастырудың объективті факторы болып табылады. Ұжымдағы жеке адамдардың бір бірімен қарым қатынас мәселесін соңғы кезде әлеуметтік психологтар мен педагогтар жан жақты зерттей бастады.

Жеке адам өз өмірінде басқа адамдармен қарым қатынаста болып, өзінің әлеуметтік мәнін жүзеге асырады. Бұл қарым қатынасы бір бірімен тығыз байланысты топтарда болады. Ондай топтар біркелкі емес, олар неше түрлі себепке негізделіп, жіктелуі мүмкін.

Ұжымдағы адамдардың бір бірімен қарым қатынасы әр түрлі болады. Топтағы, ұжымдағы әрбір адам екі түрлі: іскерлік және жеке қатынаста болады. Оның біріншісі топтың бүкіл құрамымен бірге құжаттарда белгіленген, ал екіншісі ұнату, жақсы көру, достық, жолдатық, жек көру және т.б. себептер негізінде пайда болады. Іскерлік қатынастарға шек қоюға болады. Ал жеке қатынасқа шек қою мүмкін емес. Іскерлік және жеке тұлғалардың бір бірімен қатынас жүйесін құрайды.

Жеке тұлға ұжымнан оқшау болмайды. Ол ұжымның басқа мүшелерімен байланыста болады және солармен бірігіп, сол қауымдстықтың бағыт бағдарын білдіреді. Жеке тұлға мен ұжым арасындағы өзара қатынас түрлі, олардың ішінен неғұрлым айқын көрінетін мынадай екі жағын бөліп қарауға болады: ұжымның жеке адамға ықпалы және жеке адамның ұжымға ықпалы. Ұжымның күші бүкіл қоғамның талаптарына сай келетін, әлеуметтік құны жоғары жеке адамды тәрбиелеуге қабілеттілігінде. Бұл ретте адамның барынша жеке даралық қасиеттері сақталады, олардың жан жақты дамып жетілуіне жағдай жасалады. Ұжым жеке адамды қалыптастырып қана қоймай, ол сондай ақ жеке адамды қайта тәрбиелеуге, оның сенімін, моралдық көзқарасын, мінезін өзгертуге де қабілетті.

Ұжым неғұрлым берік топтасқан болса, соғұрлым оның жекеленген курсанттарға әсер күшті болады. Ұжымның жеке тұлғаға тәрбиелік ықпалы оның күнделікті іс әрекетінде жүзеге асырылады, әрбір курсант жалпы табысқа жетуге, озаттарға теңелуге күш салып, артта қалушыларға көмектесіп отырады.

Біз ұжымның негізгі белгілерін атадық. Осы белгілердің даму деңгейі ұжымның әлеуметтік-психологиялық климаты деген ұжымымен бірігеді.

Ұжымның әлеуметтік психологиялық климаты ұжымдағы адамдардың қарым-қатынас, ара-қатынас мінездемесін береді, ұжымның жай-күйі, мінез-құлқы ұжымның әлеуметтік психологиялық климаты байланысты. Ұжымның ішіндегі атап өтетін психологиялық сыйысушылық (псих.совместимость)

Психологиялық сыйысушылық-істің, қызметтің ойдағыдай болуына көптен көп әсер етуші фактор. Мысалы: космосқа ұшатын космонавтарды дайындағанда корабль экипажын түгелдендіру барысында биологиялық фактор, дене дайындығы ғана емес, ереке көңіл бөлетін жағдай психологиялық

сиышулығы. (ерекше дайындықтан өтеді) Көптеген отбасын алып қарасак ерлі-зайыптылардың психологиялық сиыспаушылығы.

Ұжымның ыңтымақтастығына осы ПС үлкен әсер етеді. Ұжымды дұрыс және тиімді басқаруда мынадай нысандарды атап кету керек:

1. лауазымына байланысты ұжым мүшелерінің арасында іскерлік ара-қатынас;
2. ұжымда неформальды қарым-қатнас;
3. іскерлік, іскерсіз қарым-қатнас жүйесінде жетекшілік (лидерство);
4. ұжымда формалды топтар;
5. неформалды топтар;
6. формалды және неформалды топтардың қарым-қатнасы, бір-біріне әсері.

Ұжымның психологиялық потенциалы-психологиялық құбылыстардың жиынтығы.

ПО қызметкерлерінің ұжымының психологиялық потенциалы:

- 1 қызметкерлердің алдарына қойған мақсаттары;
- 2 ұжым мүшелерінің кәсіби-психологиялық дайындық деңгейі;
- 3 жеке құрамның интеллектуалды, шығармашылық деңгейі;
- 4 жеке құрамның эмоционалды жағдайы, хал-ахуалы;
- 5 моралды-психологиялық климаты;
- 6 ұжымның қоғамдық пікірі;

Ұжым өз мақсатына жету үшін осы психологиялық потенциал сатыларына сүйенуі қажет.

Адам баласы өмірін өзі әдеттенген топта өткізеді және сол топтың моральдық заңдарына бағынып, оны бағалай біледі. Топта оның тәртібіне, қызметіне бақылау жүргізіледі. Бірақ адам кейде бір жағдайларға тап болып, өзіне бөтен, жат құбылыстармен кездеседі, яғни ұжымнан тыс жағдайларға түседі. Мысалы: қоғамдық транспортта, дүкенде т.б. Бұндай жерлерде «Біз» деген сезім туады, себебі өзіңіз де естисіз «Біз тұрмыз, ал олар ширатсыз өткісі келеді» т.б. сөздерді айтамыз, яғни адамдар қоғамдастығы пайда болады. Ұжымнан тыс тәртіптің әртүрлі нысандарының негізінде топтық психология жатыр. Сондықтан ұжымнан тыс тәртіптің субъектісі топта аз адам болса да сол топ адамдары болады, себебі олар бір жағдайда бірлікпен шығу керектігін білді, мойындады¹⁹.

Көпшілікті ұжымнан тыс тәртіпті қалыптастыру үшін бірнеше жағдайлар қажет:

- 1 көпшілікті топтың қызығушылығына тиісті жағдайдың, уақығаның болуы;
- 2 болған уақығаға баға бере алатындай дұрыс ақпараттың болмауы;
- 3 болған жағдайға байланысты адамдармен басшылық жасай алмау;

Қоғам тәртібіне ұжымнан тыс тәртіптің ең қауіпті нысаны болып табылатындар авариялар, уақиғалары, апаттар (стих.бедствия) элеуметтік катакмумдар.

¹⁹ Бейсебаев К.М., Попова Г.М. Правовое воспитание несовершеннолетних и его формы в деятельности горрайорганов внутренних дел: Учебное пособие.-М.: ВНИИ МВД СССР, 1983.-62 б.

Жағдайдың даму мінезіне, адамдар тәртібінің ерекшеліктеріне байланысты ұжымнан тыс тәртіптің бірінше субъектісін бөліп атап шығаруға болады. Бірінші топқа-аудан, тұрғын жерлердегі адамдарды кіргізуге болады. Бұл адамдар жиынтығы өздерінің жеке тұлғалық қасиеттерімен этномәдениетімен және әлеуметтік жағдайымен ерекшеленіп анықталады. Бірақ әлеуметтік, табиғи, мәдени жағдайлар өзгеріске ұшыраса, яғни соғыспен, табиғи апатпен, эпидемия т.б. төтенше жағдайлармен байланысты өзгерістер, осы адамдардың жеке психологиясында, тәртібінде күрт өзгерістер пайда болып, психологиясы қайта құру құбылыстарына тап болады.

Ұжымнан тыс тәртіп көпшілігінің екінші субъекті-көрермен-бұл ішкі ұйымдастырушылығы жоқ, жалпы қызығушылықта қалыптасқан адамдардың үлкен тобы. Бұл топтың эмоционалды жағдайы біркелкі саналы, өз жағдайларын талқылау қабілеті жеткілікті. Көрермен алдында бір ғана объект, ол әйгілі; жұртқа танымал тұлға, көше уақиғасы, театрдағы немесе стадиондағы, демонстрация шерудегі болған уақиғалар. Жай жағдайларда көрермен қоғамдық тәртіпті қорғау жүйесінде ешқандай проблема, қиындық туғызбайды. Бірақ қоғамға қарсы шығатын көпшіліктің сөзін қолдаймын деп өз ойын түбегейлі өзгертуі мүмкін. Сондықтан да қоғам тәртібін қорғаушылар, қоғам тәртібінде тұрған адамдар көршілік іс-шараларында мәдени-көпшілік іс-шаралары өтіп жатқан жерлерде ұйымдастырушылық шараларын алдын-ала өткізіп ұжымнан тыс тіртіптің жағымсыз жағдайларын алдын-алулары қажет, яғни қырағылық көрсетуі керек. Үшінші субъект көпшілік қауым амогравты топты адамдар, индивиттер жиынтығы, бұлар бір бірімен жалпы және тұрақты қызығушылықтары жоқ. Мысалы ретінде: йога, каратэ, рок музыка, мода.

Алайда, қоғам тәртібінің күзетінде тұрған адамдардың ойынша негізгі субъекті көпшілік қауымның адамдары, себебі сырт көзге қарағанда бұл адамдар тобы ұйымдаспаған, бірақ эмоция жағынан олардың бірлігі күшті. Көпшілік қауым зерттеудегі ең күрделі объект, себебі ол бір эмоционалды жағдайдан екіншісіне тез көшіп адамдардың тәртібіне, жай күйіне тез әсер етеді.

Осы мінездеме негізінде ол бірнешеге бөлінеді:

1. Кездейсоқ көпшілік қауым бұл адамдардың жиылысы. Болған жағдайларға байланысты ақпарат алу үшін жиналуы мүмкін. Бұл адамдар жинағы ақпаратты алу жолын қажеттілік деп табады. Олар көше уақиғаларында, жол аварияларында, өрт, адамдардың ерекше тәртібін көргенде осы қауым қалыптасады. Кездейсоқ көпшілік қауымның ішінде (ашық ауыздар) болуы мүмкін бұлар көрермендерді есімізге түсіреді, бірақ олар да қоғамға қауіпті болуы мүмкін. Себебі эмоционалды жағдайға байланысты олар тез алданғыш
2. Экспрессивті қауым бұлар қуанышты, қайғыны, ызаны, қарсылықты бірігіп осы сезімдерді айтатын адамдар тобы. Мысалы: мейрамдық шерулер, той, қазалы іс шаралар т.б. Жоғары эмоциялы жағдай кешеді бірақ олар бағынышты себебі олардың эмоциясы өлеңмен, маршпен аяқталады.
3. Конвенционалды бұл өте күрделі қоғамдық тәртіпті сақтаушыларға аса қиын жұмыс.

Ұжымның қоғамдық пікіріне сүйенудің рөлі орасан зор. Қоғамдық пікір әлеуметтік өмір фактілері, ұжымдық қызмет және жеке адамдардың іс әрекетіне жөніндегі бірыңғай баға. Қоғамдық пікір ұжымның топтың, жеке адамдардың өміріне, олардың бір бірімен өзара қарым қатынасына әсер етеді. Пікір ұйымдасқан ұжымға тән өзара сенім және талапкерлік атмосферасын туғызады. Қоғамдық пікірдің күшімен топтасқан ұжым әрбір курсантқа, оның мінез құлқына, тәртібіне ерекше ықпал етеді.

Психология ғылымының зерттеу пәні ұжым мүшелерінің өзара қарым қатынасы мен іс әрекетінің әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктері болып табылады: ұжымның ұйымшылдығы, ұжымдағы психологиялық ахуал. Ұжымның негізгі қасиеттерінің бірі оның ұйымшылдығы болып табылады. Ұйымшыл ұжым қиыншылықтарды жеңіл меңгеруге қабілетті, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы мүмкіншіліктер жасай біледі. Жалпы міндеттер мен құндылықтар негізінде ұзақ қызмет істейтін топтарда құндылық бағдарлы бірлік ретінде топтық ұйымшылдық үрдіс арта түседі.

2.1.Қылмыстық мінез-құлық психологиясы. Құқық бұзушы жеке адам психологиясы

«Қылмыскер» сөзі қылмыстық істі жасаған адамға қатысты қолданады, яғни қылмыс жасаған немесе жасайтын адамды қылмыскер дейміз. Сонымен, қылмыскер тұлғасы-қылмысты жасайтын немесе жасай алатын адамға ғана тән қасиет жиынтығы және осы қасиет оның дербестігін құрайды. Психологтар жасалған қылмыстық істі анықтау арасында осы қасиет жиынтығын зерттейді. Осы зерттеулер соңынан қылмыстық істі тергеуге қолданылады. Алайда, қылмыскер тұлғасын ғылыми зерттеуде, яғни оның жасаған қылмыстық ісінің себептерін анықтауда топдеңгейінде қарастыру қажет (оның типологиясын пайдалана отырып)

Қылмыстылық-адамның мінез-құлық нысандарының бірі, ал қылмыс-адамның саналы түрде жасаған әрекеті, нақты қылығы. Адамның тұлғасын сипаттайтын қасиеттердің бәрін біліп алмай жеке адам қылмысының себебін немесе жалпы қылмыс себебін біліп-түсіну мүмкін емес.

Криминология ғылым адам қылмыскер болып тумады, қылмыскерлік тұлғаның қалыптасу кезеңіндегі жайсыз жағдайлардың салдарынан пайдаланады деп пайымдайды. Алайда, жайсыз жағдайдың бәрі бірдей және әр уақытта қылмыстық мінез-құлық тудырады деп ойлауға болмайды. Адам іс жүзінде өзінің психологиялық табиғатына сай келетін шарттар мен факторларды таңдап алып және оны белгілі бір дәрежеде игереді.

Қылмыскер тұлғасы қылмыстылыққа итермелеуші әлеуметтік өмір жағдайы мен осы жағдайдың салдарынан болған қылмысты арасын жалғастырушы буын болып саналады.

Криминология қылмыскер тұлғасы деп қылмыстық заңды басқа жағдайлармен және мән-жайлармен қоса адамды кінәлі ететін, осылайша оның

қоғамға жат қылықтарына әсер ететін әлеуметтік және әлеуметтік мәні қасиеттердің, белгілердің, қатынастырдың жиынтығы деп таниды.

Қылмыскердің тұлғасы өзінің бағыттылығы арқылы көзқарас пен бағдар мазмұнынан, қажеттік деңгейі мен шеңберінен ерекшеленеді. Алайда, мұндай жағдайға қарап қылмыс жасаған адамдардың барлығында бірдей қоғамға жат көзқарас пен бағыт-бағдар бар деп ойлауға болмайды. Мұндайлар болмағанның өзінде де қылмыскердің тұлғасы мен оның қылмыстық мінез-құлық себептерін зерттеудің қажеттігі күн тәртібінен алынып тасталмайды. Дегенмен, қылмыскерлердің негізгі көпшілігі осындай ерекшеліктермен көзге түседі.

Қылмыскердің тұлғасы криминология нәрсесі ретінде мұндай тұлға әлеуметтік мәні бар жеке-нақты объекті ретінде немесе жалпы әлеуметтік тип ретінде қарастырылуы тиіс пе деген пікірталас тудырды.

Кезінде А. А. Герцензон қылмыскердің тұлғасы туралы мәселенің, адам бұл қылмысты неліктен жасады деген нақты, бірақ әлеуметтік-танымдық тұрғыдан алғанда өте шектеулі сауалға жауап беретіндігіне байланысты жалғыз қылмыскер үшін маңызы бар деп айтқан болатын. Мұндай көзқарастағы қылмыскер тұлғасының жалпы криминологиялық маңызы іс жүзінде жаппай әлеуметтік құбылыс ретіндегі қылмыстылық жеке қылмыстың қасиетімен барабар түсіндірілуі мүмкін емес деген негізде қабыл алынбады. Қылмыскердің тұлғасы деген сөз жеке қылмыс деген этимологияда маңызды рөл атқарады деп санауға болмайды, сонымен бірге оның жаппай алғандағы қылмыстылыққа қатысы жоқ. Криминология қылмыстылық, оның себептері мен заңдылықтары туралы ғылым ретінде тек индивидті ғана қарастырып қоймайды, сонымен бірге адамға белгілі бір әлеуметтік тип ретінде жалпы сипаттама да береді.

Қылмыскердің тұлғасын криминологиялық зерттеу түбінде алдын алу шаралар жүргізу үшін маңызы бар қылмыс туғызатын мінез-құлықтарды анықтау мен оларды бағалай білу мақсатында жүргізіледі. Осыған байланысты криминологияның: қылмыскердің тұлғасы; қылмыстық мінез-құлық себептері мен механизмі және қылмыстың алдын алу сияқты үш буынды проблемалардың бірлігі қалыптасады. Мұндай кезде қылмыскер тұлғасы криминогендік ерекшелігі жоғары, қылмыстық әрекеттің субъективті себептерінің көзі болып табылатындықтан, басты назар соған түсетіндіктен алдын алу объектісі әрекет немесе мінез-құлық емес, осы тұлға болуы керек. Осы жоғарыда айтылған ерекшеліктердің жиынтығының бірлігі мен өзара әрекеттестігі қылмыскер тұлғасының қоғамға қауіптілігінің мәнін құрайды; ал қылмыстық мінез-құлық осының туындысы. Тұлғаның криминогендік ерекшелігін білмейінше немесе ескермейінше мінез-құлықты өзгерту мүмкін емес.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі сыртқы әлеуметтік факторларды мүлдем жоққа шығармайды. Тұлғаның қылмыстық қасиеттері аталған факторлардың әсерімен қалыптасады, ол тұлғаның бойында әбден «бекіген» соң мәні айтуға сөз жетпейтіндей дербес күшке айналады. Қылмыстың жасалуына жағдайлық мән-жайлар мүмкіндік туғызады, дегенмен бір анығы, бір

жағадйдың өзі әр адамның санасында бөлек бағаланып, бөлек қабылданады. Ендеше, жеке қылмыстық мінез-құлық механизмінде қылмыскер тұлғасы сыртқы факторлармен байланысы бойынша басты рөл атқарады.

Жекелеген ғалымдар, әсіресе, И. И. Карпец заңды сақтайтын азаматтардың тұлғасынан қылмыскердің тұлғасын ерекшелеп тұратын оларға тән арнайы қасиеттер мен сапа белгісі жоқ деп санай келе, «қылмыскер тұлғасы» криминологиялық ұғымының ғылыми және практикалық мәнділігіне күмән келтіретіндіктерін білдірді. Олардың ойынша «қылмыскер тұлғасы» ұғымы тек қылмыс жасаған адамға ғана сай келеді, ал оның орнына дәстүрлі және өзінің мазмұны жағынан дәлме-дәл келетін «қылмыс субъектісі» деген ұғым әбден жеткілікті.

Қылмыскер тұлғасының ерекшеліктерін теріске шығару осы ұғымның өзін ғана теріске шығарып қоймайды, ең бастысы қисынды түрде адамды кез келген сәтте қылмыс жасайтындай сыртқы күштер мен жағдайларға тәуелді етіп қояды. Қылмыстық құқық тұрғысынан алғанда қылмыскер (қылмыс субъектісі) – іс жүзінде заңмен көзделген кінәлі түрде қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған белгілі бір жасқа толған адам. Сондықтан қарастырылып отырған категория қылмыс жасалған уақыттан бастап қылмыстық жазаны өтегенге дейін сотпен «куәландырылған» уақытша шеңберге ие болады. Жазасын өтеп шыққаннан кейін адам енді қылмыскер емес. Мұндай жағдайда қылмыскердің тұлғасы турасында емес, қоғамға қауіптілік тудыратын тұлға туралы сөз болады.

Криминология тек қана қылмыс жасағандарды ған зерттемейді, ол сонымен бірге өмір салты, көзқарасы мен мінез-құлқы қылмыстық жолға түсетіндей күмән туғызған адамдарды зерттейді. Сонымен бірге криминологиялық саланың үлесіне маскүнемдік, нашақорлық, қаңғыбастық және басқа қоғамға жат қылықтар тиеді. Көріп отырғанымыздай, осы көрсетілген адамдарды зерттеу қылмыс субъектісінің тұлғасын зерттеу шегінен шығып кетіп отыр. Бұл қылмыстың себептерін ашып және оның алдын алудың тиімді құралдарын іздестіруге көмектеседі.

Жалпы алғанда қылмыстың тұлғасын қоғамға жат көзқарасының, қоғамдық мүддеге теріс қарауы мен өзінің қоғамға қауіпті жолдарды жүзеге асыру ойы және теріс нәтиже болдырмау жолындағы әрекетсіздігі кесірінен қылмыс жасаған адамның тұлғасы арқылы анықтауға болады.

Сонымен бірге қылмыскердің тұлғасын зерттеу диалектикалық категорияларға сәйкес негізгі үш деңгейде жүзеге асырылады: 1) жалпы; 2) ерекше; 3) жеке.

1-деңгейде «қылмыскер тұлғасының» жалпы ұғымы мен оның негізгі белгілері мен қасиеттері қарастырылады.

2-деңгейде бірқатар жағдайда қылмыстылықтың жекелеген түрлеріне, яғни халық шаруашылығының жекелеген салаларында, жекелеген аймақтарда және басқалардығы қылмыстылыққа сай келетін қылмыскерлердің жекелеген категориялары мен типтері қарастырылады.

3-деңгейде нақты қылмыскер (нақты қылмыс) қарастырылады.

«Нақты тұлға» ұғымы жеке қайталанбас қасиеттерді білдіреді. Осыдан келіп осы қасиеттерді жанжақты есепке алып отыратын жеке жұмыстарды жүргізудің мейілінше күрделілігі туындайды.

Осы 3 деңгей негізінде қылмыскер тұлғасын жалпы мағынадағы түсінігін топшылауға болады. Жалпы мағынасы: “Қылмыскер тұлғасы қылмыстық істі жасаған адам тұлғасын зерттеуде қолданылатын мінездеме жүйесі ретінде қарастырылады және қылмыстық істі жасау себептерін айқындау барысында қарастырылады”.

Қылмыскерлердің тұлғасын қарастыруда заң психологиясының жалпы ережелері:

1. Басқа адамдармен үздіксіз, әртүрлі қарым-қатынас барысында пайда болатын әлеуметтік-мағынамалы толықтырылған жиынтық. Осы ереже бойынша біз қылмыскер тұлғасын:

-қоғам мүшесі

-әлеуметтік топ және басқа да топтардың мүшесі ретінде қарастырамыз.

2. Адам баласы тумасынан қылмыскер болмайды, ол қылмыскер болып қалыптасады. Әрбір дербес адам тұлға ретінде дами отырып, оның өзінің сана-сезімі, әлеуметтік ортада өмірге көзқарасы қалыптасуы арқылы қоғамдағы жағдайларға баға береді, соған байланысты қадам жасайды. Бұл жерде әлеуметтік және психологиялық жағдайлардың әрдайым шиеленісуін атау керек. Әртүрлі қылмыс жасаудың субъектін зерттеу, соның ішінде абайсызда жасалған қылмыстар.

Тұлғаны криминологиялық зерттеу нәтижелерінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, криминалистика ғылымдары үшін де маңызы зор. Криминология үшін қылмыскер тұлғасының маңыздысы-оның табиғаты мен мәні, қайнар-көздері, оның қоғамға жат қасиеттерінің қалыптасу жолдары мен нысандары, механизмі, қылмыстық мінез-құлықтың пайда болуына әсер ететін, басқаша сөзбен айтқанда, қылмыс жасауға себепкер болатын ортамен өзара қарым-қатынасындағы ерекшеліктері. Міне, осындай зерттеулердің нәтижесі қылмыстың алдын алу мәселелерін шешудегі ең бір негізгі нұсқаулар болып табылады.

Қылмыскер тұлғасы заңға бағынушы тұлғадан айырмашылығы-қоғамға қауіптілігі.

Қылмыскер тұлғасы белгілі бір қоғамның даму барысында қылмыстылықтың орын алуы заңды құбылыс болғандықтан осы қоғам үшін заңды түрдегі әлеуметтік тұлға. Сондықтан да қылмыскер тұлғасын қылмыстылыққа байланысты ғана туындайтын уақытша әлеуметтік тип деп айтуға болады. Осы уақытша тип, тұтастай алғанда қылмыстылық сияқты берік қасиеттер мен сипаттарға ие.

Тұлғаның криминологиялық типологиясының негізіне қылмыстық мінез-құлықтың объективті, ішкі себептерін жатқызуға болады. Бұл қылмыстың жасалуына жағдай туғызатын басқа да сыртқы себептерді жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі заманғы психологияның жетістіктері адам қызметін негізгі ынталандырушысы ниет екендігін дәлелдегендей. Адамның

іс-әрекеті әдетте жартылай ниетте, яғни бірнеше, әрі әртүрлі ниетте болады. Олардың біреуі жетекші, негізгі болса, қалғандары қосымша рөл атқарады. Әсірелеп айтқанда, тұлға көбінесе ниет арқылы көрінеді, сондықтан мінез-құлық ниеті қандай болса, тұлғаның ниеті де сондай деген тұжырым орынды, әрі әділетті. Ниет-жеке тұлғаның ерекшеліктерімен және нұсқамаларымен байланысқан, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық қасиеті бар субъективті құбылыс. Қылмыскер тұлғасының жекелеген типтері көрінуі мүмкін, мысалы жеке баю ниеті. Бұл жерде ең бастысы табысқа жету үшін осы мақсаттардың қай құралы таңдап алынады. Ниеттік өлшемдері бойынша қылмыскерлердің көпшілігін мынадай типтерге бөлуге болады: 1) пайдақорлық; 2) беделдік; 3) қорлаушылық; 4) ызақорлық.

Қылмыскер тұлғасының құрылымын анықтау барысында оны басқа адамдармен араласу нәтижесінде және өз кезегінде белгілі бір істің; танымның, қарым-қатынастың субъектісі ететін әлеуметтік мәні бар қасиеттер жиынтығын иеленуші деп қарау керек.

Қылмыскер тұлғасын таныпбілу тұлғаның құрылымы мен оның жүзеге асырылатын элементтері арасындағы қалыптасатын қоғамтық қатынастарды талдау арқылы ғана мүмкін.

Қылмыскер тұлғасы құрылымының өзі бірқатар құрылымдық бөліктерге бөлінеді, яғни қылмыскер тұлғасын төмендегі блоктардан (жүйелік бөліктерден) құралатын жүйе ететінде қарастыруға болады:

- 1) қылмыскер тұлғасының демографиялық блогы;
- 2) қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-мәдени блогы;
- 3) қылмыскер тұлғасының экономикалық блогы (қоғамдық өндіріс жүйесіндегі жағдайы мен материалдық қамтамасыз етілуінің деңгейі);
- 4) тұлғаның әлеуметтік институттарға қатысы блогы (серіктестік қатысы, әлеуметтік институттарға арқа сүйеушілік, дұшпандық қатынастары, олардың қызметінің шырқын бұзуға ұмтылысы);
- 5) тұлғаның әлеуметтік қауымдастықтарға қатысы блогы (жағымды әлеуметтік міндеттер атқаруға бағытталған, бірақ шырқы бұзылып, соның салдарының өзінің мүшелеріне жағымсыз әсер ете бастаған, сондай-ақ мүшелерінің жағамсыз пиғылдары негізінде құрылған қауымдастықтар);
- 6) тұлғаның әлеуметтік нормаларға қатысы блогы. Адамның мінез-құлықтары белгілі бір әлеуметтік нормалар жүйесімен реттелетіні белгілі. Бұл нормалардың бәрі мынадай екі топқа бөлінуі мүмкін: а) бүкіл қоғам мойындаған (жалпыәлеуметтік); б) жекелеген қауымдастықтар мойындаған және қорғаған. Мұның өзін: жалпыәлеуметтікке сай келетін; оларға бейтарап; оларға қарама-қарсы деп бөліп қарауға болады.

Сөйтіп, тұлға мен әлеуметтік институттардың арасындағы қатынастарды тек тұлға ғана сипаттап қоймайды, оның қалыптасуына кері әсер еткен факторлар да сипаттайды.

Құрылымдық бөліктерден бір нәрсені алып тастау, бөліктер өздігінен өзі дербес жалғасын таба алмайтындықтан бүкіл құрылымның тұтастығын

бұзады. Демек, олардың бәрі де бір-бірімен өзара тығыз байланыста және біріне-бірі тәуелді²⁰.

Қылмыскер тұлғасы құрылымының басқа да амалдары анықталуы мүмкін. Әсіресе, мынадай жолдары белгілі:

- әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық белгілері;
- қоғамдық өмірдің әр саласындағы әлеуметтік көрінісі;
- адамгершілік қасиеттері;
- психологиялық ерекшеліктері.

Қылмыскер тұлғасының құрылымы мынадай жіктерге бөлінеді:

1. Әлеуметтік-демографиялық, яғни бұл жерде әлеуметтік шығу тегі, отбасы, лауазымы, ұлты, кәсіби ғана емес, оның материалды қамсыздандыру деңгейі де кіреді.
2. ой деңгейінің дамуы-мәдени білім деңгейі, білімі, дағдысы, шеберлік деңгейі.
3. адамгершілік қасиеттері-тұлғаның алға ұмтылуы, оның әлеуметтік қызығушылығы, сұраныстары, әдеттері;
4. психикалық процесстер-тұлғаның жағдайы және қасиеті;
5. биофизиологиялық сипаты (жасы, жынысы, денсаулық жағдайы, дене бітімінің ерекшеліктері)

Қылмыскер тұлғасының т.б. құрылым варианттары бар:

1. Әлеуметтік-демографиялық және қылмыстың құқықтық сипаттамасы;
2. қоғам өмірінің әр саласындағы әртүрлі әлеуметтік жағдайлары;
3. адамгершілік қасиеттері;
4. психикалық ерекшеліктері;

Тұлғаның бағыттылығы. Адамның өмірге, қоғамға көзқарасы және оның ісіне әсер етуші, бағыттылық адамның мінезі туралы да көп нәрсені білдіреді.

Бағыттылық-тұлға психологиясының құрылымында негізгі элемент болып саналады. Ол басқа элементтерге әсер етеді-білім деңгейі, темперамент, т.б. Тұлғаның әлеуметтік түрін анықтауда үлкен маңызды болып табылады. Қылмыстық тәртіп бағытын таңдау жағдайы криминологиялық және психологиялық зерттеулер бойынша тұлғаның өз ерекшеліктеріне байланысты.

Қылмыскер тұлғасын зерттеудегі түбегейлі мәселенің бірі биологиялық және әлеуметтік арақатынас мәселесі. Оның құқықтық және тәжірибелік мағынасы бар. Қылмыстың жасалу себептері және онымен күресудің басты бағыттарының айқындалуы сол мәселенің шешіміне байланысты. Әрине, қылмыс, әрбір қоғамда әлеуметтік мінездемесі бар, әлеуметтік ортамен айқындалады.

Еңбектен қол үзу немесе өзінің қызметтік міндеттеріне немқұрайлылықпен қарау, қоғамдық өмірге араласпау, тұрмысқа икемсіздігі, үнемі алкогольдік ішімдіктен, кейде нашақорлықтан арылмауы сияқты фактілер адамды

²⁰ Бермант-Полякова О. Посттравма: диагностика и терапия.-М., 2006.-248 б.

физикалық, ой-өрістік және әлеуметтік кері кетушілікке мәжбүр етеді. Осыған байланысты қылмыскер тұлғасына тән қасиеттерді былайша бөлуге болады: а) бірінші-адамның қылмыс жасағанына дейін пайда болған қасиет; б) екінші-қылмыстық өмір салты салдарынан болған, өз кезегінде осы салттан бас тартуды күрделілендіре түсетін қасиет. Осыдан келіп қылмыскер тұлғасы айырықша көрінген түрінде қылмыстық мінез-құлық себептерінің бірі ғана емес, белгілі бір дәрежеде осындай мінез-құлықтың өнімі.

Тұлғаның криминологиялық ерекшеліктерін зерттеу мен есебін жүргізу қылмыскерлердің ерекшеліктерін анықтауға, қылмыс жасауға итермелейтін факторларды ашуға мүмкіндік береді. Мұндай талдауды аймақ бойынша, жедел қызмет көрсетілетін жекелеген учаскелерде, жекелеген істер бойынша жүзеге асыру қажет. Оның нәтижелері ескерту жұмыстарының аса мыңызды деген бағыттарын анықтауға көмектеседі, мысалы, өкілдері жиі құқық бұзатын тұрған халық ортасындағы топтарды. Сұрыптық криминологиялық зерттеулерде, мәліметтік деректерде, әсіресе сотталғандардың арнайы жүргізілген санақтарында қылмыскерлер арасында әйелдерден гөрі еркектердің көп екендігі (90 %) байқалады. Алайда, кейбір қылмыстар бойынша әйелдердің үлесі жоғары. Мысалы, сауда мен қоғамдық тамақтандыру жүйесінде, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде ұрлықшы-әйелдердің саны 25-30 % құрайды.

Криминология, әсіресе жастардың мейілінше агрессивті, албырттық сипаттағы қылмыс жасайтындығын баяғыда анықтаған болатын. Қылмысты 18-40 жас аралығындағы жастар жиі жасайды екен (70-75 %). Қылмысқа тым бейімділік көрсететіндер 29 жасқа дейінгілер, одан кейін 30-39 жас аралығындағылар, содан кейін қылмыстық белсенділіктің кемитіндігі байқалады. Зерттеу, мысалы қылмыс жасайтын қылмыскерлердің 50 пайызы үйленбегендер екендігін анықтады. Сонымен бірге, үйленбегендер арасындағы қылмыстылық коэффициенті үйленгендерге қарағанда екі есеге жуық жоғары екендігі анықталды. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан кезінде ерлерге қарағанда әйелдердің жанұялары көбірек ыдырайтыны байқалады. Қылмыс жасағандардың көбінен артығы қоғамға пайдалы еңбекпен айналысуға қатысады, алайда бұрынғы бұзақылар, ұрылар, қарақшылар мен тонаушылар жұмыс орындарын жиі ауыстыратындықтары, кейде еңбекпен ұзақ мерзім айналыспай үзіліс жасайтындары да болады. Жұмыс істейтіндер арасындағы да қылмысты қайталап жасаушылар үлесі жоғары (25 %).

Абсолюттік көрсеткіш бойынша қылмыс жасаушылар арасынан жұмысшылар саны тым көп көрінеді, ал ауылдықтар, қызметкерлер, оқушы жастар аз. Сұрыптап зерттеу қылмыскерлердің көпшілігі еңбекке жарамды, тек оныншы адамның біреуі ғана еңбекке шектеулі түрде жарамды екенін көрсетті. Қылмыс жасаушы адамдардың білімі басқа адамдарға қарағанда тым төмен екендігі байқалып отырады, әсіресе жоғары және орта арнаулы білімі барлар аз кездеседі. Қорлау, пайдақорлық, бұзақылық қылмыстар адамдардың білімі деңгейі тым төмен екендігі, ал мемлекет мүлкін иеленіп қалу арқылы ұрлау, шығынға батыру немес сенімді бас пайдасына пайдалану сияқты

лауазымдық қылмыстар жасайтындардың білімдері жоғарырақ келетіні байқалады.

Кейбір ғалымдарының зерттеулерінде биологиялық фактор қылмыстық тәртіпке әкеліп соқтырды дейді, яғни ол тұқым қуалаушылықпен беріледі, көптеген қылмыскерлердің арасында психикалық аурумен кездесетіндер болады. Расымда қылмыскерлердің арасында 30% сот алдында жауап беруге қабілетті бірақ зардап шегеді²¹.

Психология, психофизиология, психиатрия, кейбір криминология, көрсеткіштер бойынша психиканың өзгеруі нашарлануы, яғни психика дөрекіліктің, ашудың ізін қалдырады, қатыгездікті тудырады, өзін өзі ұстамдылығы жоғалып, ісін бақылау алмай, өз қылығына баға бере алмайды. Осы жағдайлар тұланың дұрыс әлеуметтік ортада жетілуіне жағымсыз әсер етіп, адамның мүгедекті әкеліп соқтырады, еңбек етуіне зиян келтіріп, құқыққа қарсы іс-әрекет жасауына жағдай тудырады, қоғамға қарсы, жатқылықты өмір жүргізу жағдайы туады. Алайда, қылмыстық іске барушылардың барлығының психикасы бұзылғандықтан деп айтсақ, бұл қате болады. Себебі, көптеген зерттеу жұмыстары бойынша қылмыстық іске барушылар психикасының қаулығынан емес, оның тәрбиесі, индивидтің қалыптасуы жағымсыз жағдайда болғандығы. Ол себепті осы жағдайлар тұлғаның криминогендік мінездемесін тудырды. Қылмыстың субъективті себептерін біл үшін тұлғаны психологиялық тұрғыдан зерттеу қажет.

Қылмыс рецидиві (лат. «*recidivus*»-қайталану, қайта келу)-қылмыстар көптілінің түрі. Қылмыстар рецидивінің әр түрлі ұғымдары бар-қылмыстық-құқықтық, криминологиялық немесе іс жүзіндегі және пенитенциарлық рецидив.Қылмыстық кодексте қылмыстар рецидиві деп бұрындары қасақана жасаған қылмыстары үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауын айтады.

Қылмыстар рецидиві мына жағдайларда қауіпті деп танылады:

- адам нақты бас бостандығынан айыру жазасын алатындай ауыр қылмыс жасаса және ол бұрындары орташа ауырлықтағы қасақана қылмыс жасағаны үшін екі немесе одан көп рет бас бостандығынан айыруға сотталса;

- адам ауыр қылмыс жасаса және ол бұрындары ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін нақты бас бостандығынан айыру жазасына сотталған болса.

Қылмыстар рецидиві мына жағдайларда қауіпті деп танылады:

- адам нақты бас бостандығынан айырылатындай ауыр қылмыс жасаса және ол бұрындары ауыр қылмысы үшін екі рет нақты бас бостандығынан айыруға сотталған болса;

- адам аса ауыр қылмыс жасаса және ол ауыр қылмысы үшін екі рет сотталған болса немесе бұрындары аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса.

Пенитенциарлық рецидив-бұрындары бас бостандығынан айыру түрінде жаза өтеген адамның қылмыс жасауы.

²¹ Бобнева М.И. Социальные нормы и регуляция поведения.-М.: Наука, 1978. -312 б.

Криминологиялық рецидив-іс жүзіндегі рецидив ұғымымен сәйкес келеді-қылмыстың әйтеуір қайталануы, яғни кез-келген қайталану.

Қылмыс рецидиві қылмыстық әрекеттің ең қауіпті формасы.

Рецидивтік қылмыскерліктің себептері. Рецидив фактілері ықпал етудің ең қатал шаралары-қылмыстық жазаның өз мақсатына жете алмайтындығын, ондай адамдардың қоғамдық тәртіпке мойынсұнғысы келмейтіндігін көрсетіп отыр. Рецидивтік қылмыскерлік тудыратын себептердің ішінде бірінші соттылыққа дейін орын алған, одан кейінде жалғасын тапқан мән-жайды ықпалы теріс ортаны бірінші атауға болады.

Егер де бірінші қылмыс үшін әділ жаза берілмей, адам бас бостандығынан айыруға сотталса, мұндай қателік оның жазасын өтегеннен кейін дұрыс жолға түсуіне септігін тигізбейді, қайта теріс жолға түсуіне себеп болады.

Рецидивтік қылмыскерлік себептері мен жағдайларына бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп келген адамдардың қалыпты әлеуметтік ортаға бірден бейімделе қоймайтындығын жатқызуға болады.

Кәсіби қылмыскерлік-бұл субъект үшін өмір сүрудің негізгі және бірден-бір көзі болып табылатын қылмыстық қызмет түрі, ол мамандануды талап етеді, сол кәсібіне қарай білім мен тәжірибе жинақталады, қылмыстық ортамен тұрақты байланыс болады.

Криминалдық кәсібилік қылмыстық рецидивпен тығыз байланысты. Бұл құбылыс өзінің дәл құқықтық-қылмыстық бағасын әлі ала қойған жоқ, дегенімен ол криминологияда жан-жақты зерттелуде.

Қылмыскерліктің бұл түрін зерделеуге деген құштарлық мына сипаттамалар мен белгілер арқылы түсіндіріледі:

- қоғамға аса қауіптілігі;
- келеңсіз көріністердің қоғамда кең таралуы;
- қоғамдық сана мен моральға теріс ықпал етуі (әсіресе жастарға)
- ұйымдасқан қылмыскерлікпен тығыз байланысы.

Қылмыстың алаяқтық, ұрлық, ұрланған заттарды сатып алу-сату, жалған ақша жасау сияқты түрлері кәсіби қылмыстық қызметтің негізгі түрлері болып саналады. Қылмыстың бұл түрлерінің ішінде «қылмыстық кәсіп» деп аталатындарды тудыратын «мамандықтар» бар.

Кәсіби қылмыскерліктің себептері:

- криминалдық әдет-ғұрыптардың болуы;
- отбасының, мәдениеттің әлеуметтік рөлінің төмендеуі, рухани және материалдық құндылықтарға деген көзқарастардың өзгеруі.

Кәсіби қылмыскерге тән бір ерекшелік-ол міндетті түрде қылмыстық салт-дәстүрлерді білуге және сақтауға тиіс, қылмыскерлер жиі қолданатын сөздерді айтып жүреді. Оларда криминалдық белсенділік жоғары болады, ал жүріс-тұрысында қандайда байсалдылық байқалады.

Қылмыстың қандайда бір түрін (ұрлықты, тонауды, алаяқтықты) таңдағанда немесе оларды ұштастырып жасағанда қылмыскер өзінің білімінің деңгейіне, мүмкіндігіне, қаншалықты дайындықта екендігіне қарайды. Кәсіби-қылмыстық қызметін басқа құқық бұзушылықтан айырмашылығы сонда, ол

атқару шының жақсы білімділігін, мол тәжірибелілігін, өте сақтығын, аз тәуекелмен көп пайда түсіре алатындығын талап етеді.

Қылмыс жасаушылардың бір жағынан бір-бірінен демографиялық, құқықтық, психологиялық және басқа белгілер бойынша айырмашылықтары болады, екінші жағынан бір-біріне ұқсас белгілер бойынша тұрақты топ құрады. Сондықтан да қылмыскерлерді жіктеу мен топтастыру қажеттігі туындайды. В. Н. Кудрявцевтің орынды атап өткеніндей, құқыққа қайшы мінез-құлық амалдары сан-қырлы және құқыққа қайшы қылық жасайтын адамар да әр алуан. Осы сан алуандықтың әр жағында жасырын жатқан заңдылықтарды ашу үшін кездейсоқтарын алып тастап типтік зерттеуге назар аудара отырып қылмыскерлерді жіктеу қажет.

Жіктеу-белгілі бір объектіге тән мәнді деген белгілерге орай осы объектілерді бөлуге байланысты логикалық операция. Қылмыскерлерді жіктеудің әр түрі болуы мүмкін. Криминологиялық зерттеулерде жасаған іс-әрекетіне, оның ниетіне, жасалу әдісіне, кінәнің нысанына байланысты қылмыстық-құқықтық жіктеу жиі қолданылады. Жіктеу қорытындылаудың төменгі деңгейі бола тұрса да жекелеген белгілер бойынша зерттелген топтардың берік екендігін көрсетеді және әрқайсысының өз орны бар топтар мен топтық бөліктердің қатаң өлшемдері негізінде жүзеге асырылады.

Типологияда мұндай қатаң теңдестіру жоқ. Қылмыскерлерді жіктеу белгілер тобын екі үлкен топқа бөлетін түрлі негіздерге сүйенеді: 1) әлеуметтік (әлеуметтік-демографиялық); 2) құқықтық.

Қылмыскерлердің денсаулығын сипаттайтын белгілер жеке топқа бөлінеді. Осыған байланысты денсаулығы дұрыс, сондай-ақ соматикалық немесе психикалық аурулары бар адамдар айырықша көрсетілуі мүмкін.

Қылмыскер тұлғасы типологиясының мәселесі тұлғаның әлеуметтік типологиясы туралы ілім көмегімен шешілуі мүмкін.

Жасаған қылмыстарының түрлері мен сипатына қарай қылмыскерлер ұрылар, алаяқтар, бұзақылар, зорлаушылар, парақорлар т.т. болып бөлінеді.

Психикалық денсаулық күйіне байланысты қылмыскерлер: есі дұрыс, есі кіресілі-шығасылы, психопат және есі дұрыс емес деп бөлінеді.

Әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша да бөлуге болады: кәмелетке толмаған қылмыскер (ұл бала-қыз бала); қылмыскер әйел; қылмыскер қызметкер; қылмыскер оқушы; қылмыскер комерсант және басқалар.

Батыстың бірқатар елдері мен Америка криминологиясында қылмыскерлердің негізгі үш түрі бар: кездейсоқ; кәсіпқой және қайырымды.

Қылмыскер тұлғасының айырма, ерекшелік белгісі мемлекетпен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қауіптілігі, яғни қауіп туғызуы.

Қылмыскер тұлғасы – мейілінше жалпылама, берік, мәнді, әлеуметтік-психологиялық қасиеттер мен мінез иесі. Мұндай тұлға қасиеттерінің ерекшеліктері қылмыстық мінез-құлықтың ішкі психологиялық себептері ретінде көрінеді. Өзінің негізінде қылмыс қоғамға қауіпті мінез-құлық амалдарының бірі ретінде шиеленіскен жағдайы бар тұлғаның әлеуметтік, адамгершілік,

әлеуметтік-психологиялық дамуымен дайындалады (адамның өмір тәжірибесі, рухани дүниенің қасиеті).

Қылмыскердің денсаулық жағдайын анықтайтын белгілері бар жеке топ. Бұл жерде дені сау қылмыскерлер, психикалық бұзылғандар тобы.

Қылмыскер тұлғаның типологиялық мәселесі тек қана әдіснамалық негізінде шешіледі. Адам қызметінің негізгі стимулы- адамды түрлі істерге, іс әрекетке итермелейді себеп, яғни мотив.

Мотив- түрткі (франц.лат. қозғаймын) субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығы анықтайты әрекетті туғызушы.

Мысалы, бір оқушы өзінің тиянақты білім алуын келешектегі өміріне арайластырады, екінші бір оқушыда түрткі тек баға алуға бағытталады. Мұндайда екі түрлі түрткінің нәтижесі екі түрлі болады. Мақсат анықтамасы, түрткі дәрменсіз келді, тек қиялым қозғап қана қояды.

Осыған байланысты: қылмыстық тұлға өзін өзі байыту. Әрине, байу жолында жүрген адамдарды қылмыскер деп айта алмаймыз, егер ол осы байу жолында басқа біреуді алдын арбан өлтіріп т.б. (ұрлық) жасаса онда ол қылмыскер.

Зорлау қылмыстарының түрткісі (өлтіру, денеге зақым жасау, зорлау)
Қылмыскерлер түрі:(қоғамға қауіптілігінен, криминогендігінен)

- 1.Ерекше қауіпті қылмыскер:Олар өздерінің тобына коррупционерлерді, жалпы қылмыстық қылмыскерді, кәсіби қылмыскерлер
- 2.Қауіпті қылмыскерлер. Әлеуметтік ортадан шығып кеткен, үйсіз, күйсіз жүрген адамдар,
- 3.Ситуативті қылмыскерлер бұл қылмыскерлер болған жағдайға байланысты қылмыс жасайтындар.

Әрине, қылмыскер тұлғасын түзету үшін, дұрыс жолға салу үшін біз оны түгелдей зерттеуіміз қажет, қиналған жағдайларда кәсіби психологтарды шақырып., көмек сұрау қажет.

Кәсіби қылмыскерліктің ең қауіпті түрі-ұйымдасқан қылмыскерлік. Ол қылмыстық элементтердің басын қосады, оларды бақылайды, қылмыстық әрекет жасауға мәжбүрлейді. Мұндай қылмыскерліктің криминалогия үш негізгі белгісін бөліп алады.

Бірінші белгі-оның иерархиясы, қатаң тәртібі және тұрақты қылмыстық дәстүрлер жүйесі болады, онда қылмыстық қызметпен ұдайы айналысатын адамдар бірлестігі бар.

Қылмыстық бірлестіктің ұйымдастырылуы деңгейін шартты түрде карапайым, орташа және жоғары деп бөлуге болады.

Орташа және жоғары деңгейлер біріне-бірі ұқсас. Оларда:

- ұйымдастырушылар мен атқарушылар арасында аралық буын бар;
- қызметтің әр түріне мамандандырылған бөлімшелер бар;
- билік және басқару органдарымен сыбайластықта болады;
- жоғарғы деңгейде әртүрлі топтар арасындағы қатынастар ұйымдастылады және олардың қызмті үйлестіріледі.

Екінші белгі-эканомикалық. Заңды ұдайы бұзудағы мақсат-баю, капитал жинақтау, ол қылмыстық жолмен тапқан табысты заңдастырумен байланысты.

Үшінші белгі-сыбайлас жемқорлық.

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың міндетті түрдегі сипаттамасы:

- тұрақтылығы және ұзақ өмір сүруі;
- қатысушылар арасында міндеттердің бөлінуі;
- иерархиялығы;
- қызметке маманданушылық;
- мақсат- тездетіп мол табыс табу;
- топ мүшелерін өзінше «әлеуметтік» қамсыздандыру;
- қауіпсіздік шаралары;
- қатаң тәртіп.

Ұйымдасқан топ қатысудың ең қауіпті түрлерінің бірі болып табылады.

Оның белгілері:

- екі немесе оданда көп адамдардың бірігуі;
- тұрақтылық;
- мақсаты- бір немесе бірнеше қылмыс жасау;
- бірігу нақты қылмыс жасалғанға дейін, яғни оған дайындық жүргізілгенге және оны жүзеге асырғанға дейін болады.

Ұйымдасқан топтың тұрақтылығының белгісі:

- топ мүшелерінің арасында ұдайы байланыс болады;
- қылмысқа даярлықтың және оны жасаудың өзіндік әдістері болады;
- алдын ала келісу;
- ұйымдасқандық;
- ұзақ өмір сүруі;
- ұйымдасқан топ жасаған қылмыстар саны;
- топ құрамының тұрақтылығы.

Өмір сүру ұзақтығы топтың қалыптасқан кезінен бастап жоспарланған алғашқы қылмыс жасалғанға дейінгі уақыт пен топ мүшелері қылмыс жасаған уақыт қосындысынан тұрады. Мұндай топтың ұзақ уақыт өмір сүруі оның мүшелері арасында жақсы келісімділіктің болғандығының белгісі.

Ұйымдасқан топ мүшелері арасында келісімді және тұрақты жақсы байланыстың бар екендігін қылмыстық әрекет жоспарларының болуы, жекелеген актілер мен операциялар бойынша әр қатысушының белгіленген функциялары мен атқаратын рөлдерінің болатындығы көрсетіледі. Мысалы, қылмыс жасау жоспарын дайындауға қатынасқан немесе ол жоспар жайында біліп, оның жүзеге асырылуына белсенді қатынасқан адамдар да ұйымдасқан топтың мүшесі деп танылады. Сонымен, қылмыстық топқа кірген әрбір адам оның тек қатысушысы ғана емес, мүшесіне айналады, қылмыстық іс-әректің жоспарын жүзеге асырғанда белгілі бір функция атқарады.

Бірақ ұйымдасқан топты алдын ала сөз байласып біріккен топтан айыру оңай емес, себебі бұл екі топта да тұрақтылық бар, алдын ала сөз байласқан топ мүшелері де қылмыс жасау үшін бірігеді.

Криминалогиялық ғылым ұйымдасқан қылмыстық топтың осыған байланысты қоысымша белгілерін көрсетіп отыр:

- топтың жеке құрамының тұрақтылығы;
- ұдайы қылмыс жасау-топқа бірігудегі мақсат;
- топта психологиялық құрылымның қалыптасуы аяқталған, соның нәтижесінде топ басшысы анықталған;
- қылмысты жасауда және оның ізін жасыруда әрбір топ мүшесінде нақты міндет болады;
- жасалатын қылмысқа даярлану және оны жоспарлау;
- топтық қылмыс жасаудың және оның ізін жасырудың күрделі тәсілдерін қолдана алу мүмкіндігі;
- топта бірыңғай құндылық-нормативтік бағдар орнайды;
- топта қатаң тәртіп болады;
- топтағы жеке қатынастар бірлесіп қылмыс жасауға негізделген іскерлік қатынасқа ауысады;
- қылмыстық табыстар топ мүшелеріне, олардың атқаратын рөліне қарай таратылады;
- топта арнайы ақша қоры құрылады;
- топтың ұйымдастырушысы және басшысы болады.

Қылмысты ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен, сондай-ақ ұйымдасқан топ немесе қылмыстық бірлестік (қылмыстық ұйым) құрған не оған басшылық еткен адам Қылмыстық кодексте ұйымдастырушы деп танылған.

Өртүрлі қоғамдық қатынастарға қарсы абайламай жасалатын қастандықтар өте көп. Олардың жасалу формалары әр түрлі болғаны мен, негіздері ортақ – алаңғасарлық немесе ұқыпсыздық. Жасалатын өрісіне қарай олар былайша бөлінеді:

- тұрмыстық абайламау;
- техникалық абайламау;
- лауазымдық абайламау;

Құқық бұзушы тұлға (қылмыскер) мен заңға бағынышты адамдардың арасындағы психологиялық айырмашылықты табу әкімшілік полиция қызметкері үшін маңызды сұрақ болып табылады, оның шешімінің тәжірибелік маңызы бар: ескерту және алдын алу жұмыстарын азаматтардың қай санатымен жүргізу, құқыққа қарсы әрекетті кімнен күтуге болады. Қылмыскер мен заңға бағынышты азаматты салыстырмалы психологиялық және әлеуметтік зерттеу құқық бұзушылыққа бейім тұлғаның ерекшеліктері туралы бірнеше маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

Тұлға түсінігі өзіне қай жағынан болсада оның мінез-құлқымен байланысты әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-рөлдік (қызметтік), әлеуметтік-психологиялық белгілердің тұтастай кешенін жатқызады, оның ішінде оның қоғамдық қаупін сипаттайтын, оның әрекетінің себептерін түсіндіретін құқық қарсы әрекеттері.

Осы ұстанымының негізінде құқық бұзушылыққа бейім тұлғаны зерттеу барысында оның тек адамгершілік қасиеттеріне, біліміне, дағдыларына, психологиялық бейнесінің формасына ғана емес, тұлғаның жеке адам ретіндегі физикалық маңызына, оның жасына, ақылының психологиялық қабілеттілігіне, кейбір қызметтік-рөлдік белгілеріне, мысалы лауазымдық жағдайы, өзге адамдарға деген ерекше міндеті немесе ерекше жағдайы және т.б., сонымен қатар зиялы, эмоциялық-еркін және басқа да оның қасиеттерінің барлық жиынтығында психологиялық мінезіне көңіл аудару маңызды.

Тұлғаның барлық осы қасиеттері, белгілері мен ерекшеліктерінің мағынасы терең. Мысалы, жас тұлғаның қылмыстық-құқықтық әрекетілігіне жетудің фактісіне ғана келмейді, тек көптеген әлеуметтік қызметтермен және тұлғаның анықталуымен байланысты ерекшелік болып қарастырылады.

Қазіргі таңда ғылыми әдебиетте құқық бұзушылыққа бейім тұлғаны зерттеу әдісі аса кең таралған келесі ірі жүйе бөлігінің бар екендігін білдіреді, яғни ондағы түрлі ұсақ бөліктердің біріктіретін, тұлғаның жеке мінездемесін, әсіресе тұлғаның әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-психологиялық жүйе бөлігі.

Құқық бұзушылыққа бейім тұлғаның әлеуметтік-демографиялық жүйе бөлігі. Оған жатады: жынысы, жасы, отбасылық жағдайлары, білімі, кәсіби біліктілігі, кәсіби, әлеуметтік және материалдық жағдайы, сотталғандығы (қылмыстық ортамен басқада байланыстары). Осыған сонымен қатар құқық бұзушылыққа бейім тұлғалардың олардың белгілі бір қызметтік-рөлдік міндеттерін орындау көзқарасымен сипатталатын белгілер де жатады.

Әрине бұл белгілердің барлығы өз алдына (сотталғандықтан басқасы) құқық бұзушылыққа бейім адам ретінде нақты субъектті сипаттай алмайды. Бірақ, оның тұлғасының басқада ерекшеліктерімен сәйкестігінде олар ол туралы маңызды ұсыным қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, құқық бұзушылар арасында (әкімшілік, қылмыстық) әйелдерге қарағанда ер адамдар көбірек. Аса девиантты белсенділікпен 25 пен 29 жастағы топтың өкілдері ерекшеленеді, одан кейін 18-24-жастағылар, сосын 14-17 жастағылар, соңында 30-45 жастағылар. Аса жас тұлғалардың көптеген қылмыстық белсенділігі көбінесе олардың тұлғаларының әлеуметтік жетілмегендігімен, социализацияның әлі аяқталмаған процессімен, мәдениетінің төмендігімен, қатынасы және әрекетімен, қызығушылығының жоқтығымен, нақты өмірлік ұстанымдарының болмауымен түсіндіріледі. Олар кері бағыттағы тіркелмеген топтардың қызметіне және мақұлдауына тікелей бағытталған.

Адам өлтіру, денсаулық әдейі ауыр зиян тигізу, төбелес, тонау, ұрлық, зорлық секілді қылмыстың негізгі сандары 30 жастағы тұлғалармен жасалады. Бұзақылық, қарақшылық, тонау, ұрлық жасаушылардың көбі жұмыс орнын жиі ауыстырып, еңбек қызметінде ұзақ уақыт үзіліс болады. Ең төмен білім сапасы зорлық, зорлықтық-пайдакүнемдік қылмыстар, бұзақылық жасаған тұлғаларда тіркелсе, жоғары деңгейі лауазымдық қылмыстар, меншіктеу арқылы тонау, шығындар мен сенімін пайдаланып ұрлау және т.б. жатады.

Әйелдер көбінесе күйзеліс үстінде адам өлтіру, байқаусызда ананың баласын өлтіруі, сонымен қатар пайдакүнемдік-алаяқтық, ұрлық, қызметтік алдау. Әйел қауымымен жасалатын қылмыстардың көп бөлігі жақындары мен туыстарының арасындағы өзара қарым қатынас салдарынан жасалады.

6.Адам мінез-құлық құқықбұзушылық сұрақ заңды , қандай себептер және факторлар құруға жағдай жасайды ма? Тап осы сұраққа жауапқа ғылым өкілдерімен ұсынылады. Ереже сәйкес үш негізгілерге: биологиялық, әлеуметтік , социобиологиялық .

Биологиялық бағыт өкілдері (Ломброзо Ч.) құқық бұзулардың іске асыруына бет бейімділігі, биологиялық фактор негізінде ықпалын жасаумен түсініседі.Гендердің , адам қаңқасы бөлімдерінің құрылымдары және нақты табылған қылмыскерлерде боладтын Х - және - хромосоманың (Х - хромосома басқыншылықпен жоғарымен байланыстырылады, ал хромосома-сферасында ауытқулықтармен және мақсаттылық, бұзумен қайратты мінез-құлық реттеуінің)үлгілі құқық бұзушылардың жартысы тумыстан немесе тауып алынған психикалық аурулармен азап шегеді. Девиациялардың қатары апарылған дене аурулармен шақырылады, тұрғандармен аяғында көп уақытқа созылғандармен (мысалы, адам зерделі дамуына ықпалын жасау, оның көңіл-күйі тұрақты бас аурулар, қысым басқыншылық деп атайды).Замандас ғылым дәлелдейтін сөзсіз дәлелдердің барысы жанында әйткенмен биологиялық фактор негізгі мағынаны бола алмайды.

Әлеуметтік бағыт жақтастары көрсетеді әлеуметтік фактор құқық бұзушы адамдары құруда роль шешуші-қоршаған ортаның егер адам-шарттарда орнында болса ол жиірек барлығы құқық бұзулар іске асырады және керісінше қолайлыларды шарттарда «адамдар қарама-қарсы құқықты әрекеттерге бейімді емес»

Біз проблемаға үшінші көзқарасты ұстанамыз: құруға адам мінез-құлық құқық бұзушылық факторлардың ықпалын жасау жиынын әрқашан көрсетеді және биологиялықтардың, әлеуметтіктердің, адам,оның тілегінің, ұмтылулар, қажеттіліктер, себептер мен мінез-құлық өзі мынада-мағына болады. Нақты, психикалық және көп уақытқа созылған дене аурулар мінез-құлыққа әсер етеді және адам мінез-құлығы, бірақ егер адам өз күй-жағдайын объективті ұғынса, ол өз қылық денсаулық күй-жағдайлары және әрекеттің ықпалын жасаудың негативтік бейтараптанумен өлшемдер қамдана алады. Мысалы: егер адам білсе, не айқын кезеңдерге онда басқыншылық практикалық-күй-жағдайы көріне алады жоғары қозушылықтың, үрейліліктің, онда ол лайықты медикаментозды құралдар қабылдай ала алады сонымен қатар релаксациямен шұғылдану . Көмектесу мынауды адамның бір туған және таяу көрсете алады әлеуметтік-экономикалық шарттың сөзсіз қоршаған әлемге адам көңіл болуларына әсер етеді. Бірақ анықталған заңға сүйінген нормалардың бұзуларына жүру биік өнегелі - заңға сүйінген мәдениет адамдар рұқсат етпейді, заңды тәсілдермен қажеттіліктердің қанағаттандыруының талап етеді

Психологтер, ұстаздар, криминологтер, социологтер, жаттықтырушы юристілер келесі негізгі себептер және факторларды белгілейтін қылмыс іске асыруына жағдай жасаушылар:

1. Жекелік фактор:

1.1. Адам түрі өзгерген заңға сүйінген санасы қашан адам құқық бұзу немесе байланысты - заңға сүйінген нормаларды іске асыра алады немесе сол себепті - құқық заңы талаптарының елемеулігі артынан мемлекеттерқұқықтардың және басқа адамдардың бостандықтарының .

1.2. Адам өнегелі мәдениет аласа деңгейі , көрсетілетін іскерліксізге жақсылық көрінулері айырып тану және зла , жеккөрушілікте және - қоршағанмен , дарашылдықта , - , өрескелдіктер , жауапкерсіздіктің , күншілдіктің , тәкаппарлықта және др .

1.3. Мінез-құлық акцентуацииисы , көрсетілетін сондай сапаларда және адам қасиеттерінде басқыншылық сияқты жоғары үрейлілік шамадан тыс қозғыштық, екпенділік, өзін-өзі бағалау, салмақтылықсыз, дағдарыстарға бейімділік, мінез-құлыққа, комфорттық жоғары дәрежесі қайратты сапалар немесе олардың жағымсыз бағыттылығы, жоғары мейірімсіздік , іскерліксіз тіршілік қиындықтарға қарсы тұру және т.б..

1.4. Білім алатын деңгей оқу оқулықтарды мекемелерде оқулық - тәрбиелік потенциалын аласа деңгейі.

1.5. Хобби жоқ.

1.6. Аурулардың барысы: психикалық көп уақытқа созылғандардың және олардың күшеюі, кейде ауырлардың қашанда адам өз мінез-құлығын бақылай алмайды немесе қоршағандарға көңіл болу.

1.7. Зиянды әдеттердің барысы: алкоголь шамадан тыс қолдану, нашақор, токсикомания, игромания , интернет - тәуелділік және т.б.

1.8. Тәжірибе мінез-құлық құқықбұзушылығы: іске асыру әкімшілік құқық бұзулардың және қылмыстық қылмыстар ертерек жазасыздық немесе жаза әділеттіліксіздігі, құқық бұзулардың қайталанулары.

2. Әлеуметтік-экономикалық фактор:

2.1. адам жанұялы тәрбиелеуі : әке-шешелер мәдениет педагогикалық , өнегелі , заңға сүйінген деңгейін адам өнегелі - заңға сүйінген дамуына негативтік әсер етуі.

2.2. Жақын арадағы қамау адамына негативтік ықпалын жасау, адам - ортаға өмір сүре алатын бір туған және таяулар адамға психологиялық қысымды көрсете алатын құқық бұзу іске асырулары ұрындыратын адам криминалдық элемент ықпалына ие болу және күрделі тіршілік жағдайларды жасай алады.

2.3. Дезаптациямен әлеуметтік адамның жек көрген көңіл болудың бір туған және таяулармен жанұя жоқ болуы, жек көрген көңіл болудың еңбектілерді ұжымдарда, достық және достық көңіл бөлулері.

2.4. Адам қанағаттанушылықсызы әлеуметтік және экономикалық жаймен .

2.5. Тіршілік ырың-жырыңдықтың : таяу адам жоғалту , ажыраулар , бұрынғы көңіл болулардың жарылулары , заттық проблемалар , қызмет реніштіктер , даулар .

2.6. Бұқаралық хабар құралдарының негативтік ықпалын жасау және коммуникацияның.

2.7. Қоғамда әлеуметтік - экономикалық тұрақтылықсыз, әлеуметтік әділеттілік жарияланған принциптарының әрекеттіліксіз , демократияшылдықтың , жариялықтың .

2.8. Қоғамда мәдениет заңға сүйінген аласа деңгейі : заң шығаратын база аласа деңгей , адамшылықсыз және әділ сот әділеттіліксіз, мемлекеттік құрылымдардың қызмет халық аласа бағалауы құқық қорғаулар.

Біз позициядан аралап шығатын не қылмыскермен тұрмайды үшін кішкене уақыттардың дәуірі – бірнеше минутқа арналған сағаттардың, тәуліктер. Тап осы процес ұзақ түбірлер болатын жиірек барлығы балалық шақтан, ерте жастық шақтың. Қылмыс іске асыруына , ереже сияқты , қоғамда мінез-құлық өнегелі нормаларының бұзуы бұрын болып өтеді , онан әрі – іске асыру тәртіптік теріс қылықтар алдымен , содан соң – әкімшілік құқық бұзулардың . Егер көрсетілген жоғарырақ бау қарама-қарсы құқықты әрекеттердің табу фактілерімен үзілмесе және еңбегі сіңген жазаға айыпты тартудың , нәтиже – әрекет іске асыруы , қылмыстық жауаптылықтың астына түсіп қалғанды , көптегендерді оқиғаларда болмай қалмайтын .

Беттердің психологиялық ерекшеліктердің зерттеуі негізінде , бейімділердің құқық бұзулардың іске асыруына , себептердің және факторлардың , девиациялардың әртүрлі түрлеріне жағдай жасаушылардың , мамандармен құқық бұзушылардың келесі психологиялық таптастыруы жүзеге асырылған (басымдылықтың тәуелділігінде аналардың немесе басқа жекелік қасиеттердің , анықтықтың - құрулардың дәрежелері , криминалдық зараженности деңгейінің , криминалдық тәжірибені және мамандықтың және басқа негіздердің):

1) глобальды қылмыстық үлгі, толық қылмыстық зараженностьюмен сипаттаушы және дәрежемен үлкен қоғамдық қауіп-қатердің ;

2) парциалдық қылмыстық үлгі, сипаттаушы ішкінің « қосарлылықпен », үйлестірумен өзіме мінез-құлық нормалы әлеуметтік үлгі шайтан және қылмыскер шайтаны ;

3) криминалдық үлгі бет потенциалды мүмкіншілігі қайтарушы қылмыскермен болу айқын жағдайға тип дәл осылай қалай онда өнегелі және психологиялық тұрақтылық төмендетілген.

2.2.Қылмыстық топтардың қалыптасуы мен құрылымының психологиясы»

Қазақстан республикасында адамдардың моральдық жағдайын оқып-білу зерттеу құбылыстары заңдылықты талап етеді. Олардың бірі-топтық қылмыс. Топтық қылмыстың әлеуметтік-психологиялық мінездемесінің мәселесі әлі де біздің уақытымызда із сатысында оқып зерттелмеген. Алайда, бәрімізге де белгілі топтық қылмыс қоғамға қарсы, жат қылықты мінездеме

беретінін білеміз. Бұл мінездеме топтағы адамдардың ара қатынасын, олардың қоғамға деген жат көз қарасынан, қоғамның байлықтарынан жат қарап, сол қоғамның адамдарына, олардың еңбегіне немқұрлым, сыйламай қараушылығымен ерекшеленеді. Бұл топ адамдарының ара қатынасы тек қана қорқу сезімінде немесе материалды тәуелділігінде құрылған деп айтуға болады.

XIX ғасырдың аяғында әр түрлі авторлар қылмыскерлердің жеке басының төрт типін бөліп алып, оларды әр түрлі атаған, ал іс жүзінде олардың қылмыстық іс-қимылдарының әлеуметтік ортамен өзара әрекеттестіктегі тиянақтылығы мен дербестігін ескерген. Мындай жіктеулер кездеседі: 1) кінәлі, тиянақсыз, ситуациялық, кездейсоқ; 2) кәсіптенгендер, әдеттегі қылмыскерлер, бірінші мен екінші арасындағы аралық топ, кездейсоқтар; 3) глобальдық, парциалдық, жарым-жартылай қылмысқа бой алдырған, қылмыс алдындағы, қылмысты белгілі бір ситуацияда жасайтын. Бұл типтер кейде үш топқа, кейде бес топқа бөлінеді, бірақ типология негізі сақталады, ол-қылмыстық іс-қимылдың әр түрлі ситуациялардағы тиянақтылық дәрежесі. Сондықтан да болар, зерттеушілердің ары қарайғы қылмыстылық іс-қимылға жасаған болжамдары бұрынғы сотталғандарға ретроспективтік талдау жүргізгенде 70%-дан асатын жағдайларда дәл келген.

Қылмыскердің жеке басының өзіндік, мазмұндық сипаттамаларын іздестіру зерттеулердің екі тобын анықтады: 1) қылмыскерлер контингентін өздерінің заң шеңберінде ұстайтын адамдар контингентімен қандай да бір белгілер немесе олардың кешені бойынша салыстыру; 2) қылмыскерлердің басын монографиялық зерттеу, сипаттамалар кешенін айқындау және бейнелерді тану әдісін пайдалана отырып қылмыскерлердің әрқайсысын бақылау тобындағы әр адаммен бірдей белгілер кешені бойынша салыстыру. Бұл нақты қылмыскерлер типологиясына жақындауға мүмкіндік береді.

Криминологиялық зерттеулердің дамуы қылмыскерлер типологиясының критерийлері мен процестерінің нақты жіктелуін талап етеді, ол әр түрлі авторлардың, көзқарастардың сабақтастығын сақтай отырып, бұл процедураны қайта жасай алуы үшін керек.

Типологияға дейін зерттелген қылмыскерлер мына критерийлер бойынша топтастырылды: 1) қылмыс алдындағы іс-қимылының сипаты; 2) микроортаның сипаты; 3) қылмыстық іс-қимылдың қылмысқа дейінгімен байланысы. Типология жасағанда бұл өзара байланыстың әрбір зерттелген адамға қатысты маңызы бар. Криминогендік деформациясы бар микроортада қалыптасқан барлық адамдардың ішінде 84%-ын ЭЕМ қылмыс жасамаған адамдардан бөлек, мақсаттарын сипаттайтын белгілер кешені бойынша таныған, 91%-ы қылмыс жасағанға дейін өздерін құқыққа қарсы және биморальды ұстаған; 84%-ының соңғы ауыр қылмысы оған дейінгі жүріс-тұрысының қисынды жалғасы болған. Дұрыс микроортада зерттелгендердің 5,4%-ы ғана болған. Олардың барлықтарының қылмыстарында, жеке бастық сипаттама тұрғысынан алғанда, бұлардың кінәсіз туындаған қақтығыстық ситуацияға байланысты кездейсоқтық сипат болған. Бұл адамдардың

ешқайсысы бұрындары құқық нормаларының бұзылуына және биоморальдық теріс әрекеттерге жол бермеген нормаларының бұзылуына және биморальдық теріс әрекеттерге жол бермеген.

Қылмыстық топтардың қалыптасуы және қызметі көптеген себеп факторлармен айқындалады: тәрбие әсерінің кемшілігі, экономикалық жағдайларға байланысты:

Экономикалық жағдайларға байланысты:

- а) мемлекеттік және қоғамдық товарлы-материалдық құндылықтардың күзету және сақтау қызметінің ұажетті деңгейде болмағандығы;
- ә) экономикалық қызметінің әртүрлері формаларын бақылау үшін заң қорының жеткіліксіздігі;
- г) криминогендік мінездеме тенденциясының жағымсыздығы;
- ғ) заң және құқық қорғау қызметіндегі жеткіліксіз жұмыс.

Қылмыстық топқа бірігу себептері;

- 1. Қылмыстық істі бірігіп жасау;
- 2. Қылмыстық істі жасаудағы бір мақсат;
- 3. Жалпы тәріп нормалары және көзқарастары ұғымдары. Жеке ұнамдылығы.

Ұйымдасқан қылмыстық мінез-құлық деңгейінде зиян келтіру механизмін зерттеу мен анықтау үшін диалектиканың бастапқы әдістемелік қағидаларына жүгінуіміз қажет. Осы бағытта «жекелеген», «ерекше» және «жалпы» әрекеттер нақты құбылысты, белгілі бір құбылысты, объективті шындықтың белгілі бір жақтарын көрсетеді.

Кез келген қылмыс-күрделі құбылыс. Тек құбылыс болғандықтан күрделі емес. Ол бірқатар өзара байланыстар мен өзара әрекеттестіктердің белгілі бір нәтижесі. Осы факторлардың өзінің сан алуандығы да аз болмауы мүмкін. Басқаша айтқанда, басты, шешуші фактор қандай немесе осы нәтижеге қандай адам қатысады? Бұл ең алдымен белгілі бір қылмыс жасаған индивид немесе адам тұлғасы. Онсыз салдардың өзі-қылмыс та жасалмаған болар еді. Бірақ индивид-саналы жан, сондықтан ол қылмыстық әрекет (әректсіздік) жасау кезінде белгілі бір ерікке ие болады²².

Демек, ең алдымен бұл жерде қылмыскер тұлғасының еріктілік әрекеті көрінеді. Ұйымдасқан қылмыс, адамның кез келген қылығы сияқты тұлғаның жеке қасиетінің өзара әрекеттестігінің және адамның нақты бір мінез-құлықтық шешім қабылдаудағы объективті (индивид үшін сыртқы) жағдайы. Ұйымдасқан қылмыс бір жағынан жеке адамның жеке ерекшеліктеріне оның қажеттіліктеріне, себептеріне, мақсатына, ең соңында әрқилы әлеуметтік құндылықтар мен тәртіптеріне көзқарасы мен қатынасына, соның ішінде құқықтық ұйғарымдар мен тыйым салушылыққа, екінші жағынан сыртқы объективті жағдайлардың жиынтығына негізделеді, абайсыздықтағы қылмыс нәтижесіне жеткізетін қасақана қылмыс не әрекет немесе әрекетсіздік жасау ниеті мен бел байлаушылық тудырады. Мұнымен бірге ұйымдасқан қылмыстардың себептерін зерттеу мен тұлғалық ерекшеліктердің алдын алу

²² Бодалев А. Познание человека человеком (возрастной, гендерный, этнический и проф.аспект).-М., 2005.-324 б.

бағытында криминология үшін қажеттісі тек статикасы ғана емес, ең бастысы олардың динамикасы-пайда болуы дамуы, яғни тұлғаны адамгершілікке қарай қалыптастыру шарттары қажет. Айтылғандарды қорытындылай келе нақты қылмыс жасау-жеке адам адамгершілігінің қалыптасуына теріс ықпалдың пайда болуы мен қылмыстық жағдайға әкеп соқтыратын сыртқы объективтік мән-жайлардың пайда болуына байланысты тұлғаның теріс адамгершілік-психологиялық қасиеттерінің өзара әрекеттестігінің нәтижесі деп айтуға болады. Мұндай қорытынды нақты қылмыс жасау тұлғаның әлеуметтік шындықпен өзара әрекеттестігінің екі деңгейін көрсетеді: жеке адамның адамгершіліктік қалыптасу шартының деңгейі және қылмыс жасаудағы нақты жағдайдың деңгейі. Тұлғаның адамгершілік қалыптасуының жайсыз шарты деңгейінде осы адамның қылмыс жасау мүмкіндігінің психологиялық алғы-шарттары құрылады. Нақты жағдай деңгейінде мұндай мүмкіндік іс жүзінде шындыққа айналады. Осы екі деңгейде жалпы қылмыстылықтың себептері және шарттары мен жеке қылмыстың себептері және шарттары арасындағы байланыстар байқалады. Қылмыстылықтың себептері мен шарттары өзінің әртүрлі жақтарымен тұлғаның адамгершілік қалыптасуының жеке шарттарына «еніп», олардың мазмұнынан көрінеді және сонымен бірге жеке адам тап болған нақты жағдайды аңықтайды. Өз кезегінде, жекелеген қылмыстардың жеке деңгейдегі себептері шындығында пайда болатын қылмыстылықтың себептері мен нақты жағдайларын бейнелеп көрсетеді.

Ішкі істер органдары өздерінің алдын алу қызметтерін отбасында, оқу мен еңбек ұжымдарында, тұрмыста, әлеуметтік өмірдің басқа салаларында адамдардың адамгершілік қалыптасуына кері әсер ететін жағдайларды аша отырып, осы көрсетілген екі деңгейде жүргізеді. Осыған байланысты оларды болдырмауға шара қолданып, нақты бір қылмыстық қол сұғушылық тудыратын жағдайлардың пайда болуы ескертеді және оларды бейтараптандырады. Мұнымен бәрге, ішкі істер органдарының түрлі қызметтері өздерінің құзырына қарай жүргізеді: қылмыстың іздестіру-ұрлық, тонау, шабуыл, жеке адамға қарсы қорлық қылмыстар, бұзақылық сияқты қылмыстық әрекеттерге соқтыратын шарттар мен жағдайларға қатысты; экономикалық қылмыспен күрес бөлімі (ЭҚКБ) қызметі-ұрлық, парақорлыққа тән шарттар мен жағдайларға қатысты. Тұлғалар мен әлеуметтік шындықтың өзара байланыстарының осы екі деңгейін ескере отырып жекелеген қылмыс себептеріне талдау жүргізілуі тиіс. Бұл талдау осы сияқты мінез-құлықтың субъективті себебі, сондай-ақ нақы бір қылмыс жасауға итермелейтын, жеңілдететін және мүмкіндік беретін сыртқы (объективті) жағдайлар мен мән-жайлар болып саналатын теріс пиғылды адамгершіліктік-психологиялық қасиеттердің қалыптасуы әсеріндегі жеке қылмыстық мінез-құлық пен шарттар механизмін қарастыруды ұсынады.

Қылмыстық топтар-кіші топ. Қоғамға қарсы бағытталған қауіпті. Жалпы мақсаттарына жету барысында барысында құралған. Қылмыстық топтар талдау барысында оның кісіне қатысатындарды былай деп бөледі:

- а) ұйымдастырушы
- б) «жауапты учаскедегі» орындаушы
- г) бағыңқы орындаушы

в) оппационер «слабо звено»-бұл субъект іштей қылмыстық істі жасауға келісім бермейтін адам.(конфликт тудырушы) «ҚК жалпы бөлімінің 28 бабы

Кәсіби қылмыскерліктің ең қауіпті түрі – ұйымдасқан қылмыскерлік. Ол қылмыстық элементтердің басын қосады, оларды бақылайды, қылмыстық әрекет жасауға мәжбүрлейді. Мұндай қылмыскерліктің криминалогия үш негізгі белгісін бөліп алады.

Бірінші белгі-оның иерархиясы, қатаң тәртібі және тұрақты қылмыстық дәстүрлер жүйесі болады, онда қылмыстық қызметпен ұдайы айналысатын адамдар бірлестігі бар.

Қылмыстық бірлестіктің ұйымдастырылуы деңгейін шартты түрде қарапайым, орташа және жоғары деп бөлуге болады.

Орташа және жоғары деңгейлер біріне-бірі ұқсас. Оларда:

- ұйымдастырушылар мен атқарушылар арасында аралық буын бар;
- қызметтің әр түріне мамандандырылған бөлімшелер бар;
- билік және басқару органдарымен сыбайластықта болады;
- жоғарғы деңгейде-әртүрлі топтар арасындағы қатынастар ұйымдастылады және олардың қызметі үйлестіріледі.

Екінші белгі-экономикалық. Заңды ұдайы бұзудағы мақсат-баю, капитал жинақтау, ол қылмыстық жолмен тапқан табысты заңдастырумен байланысты.

Үшінші белгі-сыбайлас жемқорлық.

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың міндетті түрдегі сипаттамасы:

- тұрақтылығы және ұзақ өмір сүруі;
- қатысушылар арасында міндеттердің бөлінуі;
- иерархиялығы;
- қызметке маманданушылық;
- мақсаттездетіп мол табыс табу;
- топ мүшелерін өзінше «әлеуметтік» қамсыздандыру;
- қауіпсіздік шаралары;
- қатаң тәртіп.

Ұйымдасқан топ қатысудың ең қауіпті түрлерінің бірі болып табылады. Оның белгілері:

- екі немесе оданда көп адамдардың бірігуі;
- тұрақтылық;
- мақсаты- бір немесе бірнеше қылмыс жасау;
- бірігу нақты қылмыс жасалғанға дейін, яғни оған дайындық жүргізілгенге және оны жүзеге асырғанға дейін болады.

Ұйымдасқан топтың тұрақтылығының белгісі:

- топ мүшелерінің арасында ұдайы байланыс болады;
- қылмысқа даярлықтың және оны жасаудың өзіндік әдістері болады;
- алдын ала келісу;

- ұйымдасқандық;
- ұзақ өмір сүруі;
- ұйымдасқан топ жасаған қылмыстар саны;
- топ құрамының тұрақтылығы.

Өмір сүру ұзақтығы топтың қалыптасқан кезінен бастап жоспарланған алғашқы қылмыс жасалғанға дейінгі уақыт пен топ мүшелері қылмыс жасаған уақыт қосындысынан тұрады. Мұндай топтың ұзақ уақыт өмір сүруі оның мүшелері арасында жақсы келісімділіктің болғандығының белгісі.

Ұйымдасқан топ мүшелері арасында келісімді және тұрақты жақсы байланыстың бар екендігін қылмыстық әрекет жоспарларының болуы, жекелеген актілер мен операциялар бойынша әр қатысушының белгіленген функциялары мен атқаратын рөлдерінің болатындығы көрсетіледі. Мысалы, қылмыс жасау жоспарын дайындауға қатынасқан немесе ол жоспар жайында біліп, оның жүзеге асырылуына белсенді қатынасқан адамдар да ұйымдасқан топтың мүшесі деп танылады. Сонымен, қылмыстық топқа кірген әрбір адам оның тек қатысушысы ғана емес, мүшесіне айналады, қылмыстық іс-әректің жоспарын жүзеге асырғанда белгілі бір функция атқарады.

Бірақ ұйымдасқан топты алдын ала сөз байласып біріккен топтан айыру оңай емес, себебі бұл екі топта да тұрақтылық бар, алдын ала сөз байласқан топ мүшелері де қылмыс жасау үшін бірігеді.

Криминалогиялық ғылым ұйымдасқан қылмыстық топтың осыған байланысты қосымша белгілерін көрсетіп отыр:

- топтың жеке құрамының тұрақтылығы;
- ұдайы қылмыс жасау-топқа бірігудегі мақсат;
- топта психологиялық құрылымның қалыптасуы аяқталған, соның нәтижесінде топ басшысы анықталған;
- қылмысты жасауда және оның ізін жасыруда әрбір топ мүшесінде нақты міндет болады;
- жасалатын қылмысқа даярлану және оны жоспарлау;
- топтық қылмыс жасаудың және оның ізін жасырудың күрделі тәсілдерін қолдана алу мүмкіндігі;
- топта бірыңғай құндылық-нормативтік бағдар орнайды;
- топта қатаң тәртіп болады;
- топтағы жеке қатынастар бірлесіп қылмыс жасауға негізделген іскерлік қатынасқа ауысады;
- қылмыстық табыстар топ мүшелеріне, олардың атқаратын рөліне қарай таратылады;
- топта арнайы ақша қоры құрылады;
- топтың ұйымдастырушысы және басшысы болады.

Қылмысты ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен, сондай-ақ ұйымдасқан топ немесе қылмыстық бірлестік (қылмыстық ұйым) құрған не оған басшылық еткен адам Қылмыстық кодексте ұйымдастырушы деп танылған.

Егер мүшелерінің біреуіне ұйымдасқан топ құрған және оған басшылық еткен деген айып тағылмайтын болса, ондай топты ұйымдасқан топ деп айтуға болмайды. Топ ұйымдастырушысы-ұйымдасқан топтағы басты тұлға. Ол топ құрады, оның қызметін жоспарлайды, басқарады, жалпы мақсатты анықтауға қатысады. Ұйымдастырушы қылмысқа даярлыққа басшылық етеді, оған қатысатындарды іріктеп, оларға рөл таратады. Ол, сонымен қатар, топтағы тәртіп ережесін, оны бұзғандық үшін жаза түрін анықтайды. Қысқасы, ұйымдастырушы міндеті жан-жақты, қылмыстық қызметтің көп қырын қамтиды, сондықтан оның атқаратын рөлдеріні бастыларын атасақта болады²³.

Топ басшылығы құрылып біткен ұйымдасқан топқа тікелей басшылық етуге кіріседі, яғни топтың негізгі міндеттерін шешу мақсатында рөлдерді бөледі және қайта бөледі, топта тәртіп орнатады, «кадрлар» мәселесін шешеді, сыбайластық байланыстар орнатады.

Қылмыстық топ ұйымдастырушыларының жеке басына жүргізілген криминалогиялық зерделеу оларға ғана тән көптеген сипаттарды анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- ұйымдастырушылық қабілет;
- қажырлылық;
- толеранттық (тұрақтылық)
- ой алғырлығы;
- алдын-артын болжағыштық;
- салқынқандылық.

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың топтамасы:

Қылмыстық-құқықтық сипаттамалары бойынша:

- қылмыстық ұйым (жақсы ұйымдасқан топ);
- қылмыстық бірлестік (екі немесе одан көп ұйымдасқан топтардың бірігуі);

Жасалатын ұйымдасқан қылмыстардың сипаты бойынша:

- саяси;
- экономикалық;
- жалпы қылмыстық;

Ұйымдасқандық дәрежесі бойынша:

- нашар ұйымдасқан (қарапайым);
- орташа ұйымдасқан (құрылымы бар);
- жақсы ұйымдасқан;

Қамтитын аумағының көлемі бойынша:

- жергілікті;
- аймақтық;

Аймақаралық;

Халықаралық (ұлтаралық);

Қылмыстық бизнес бағыты бойынша:

- наркобизнес;
- контрабанда;

²³ Бодров В. Психология профессиональной пригодности.-М., 2006.-511 б

- қару-жарақты заңсыз сату;
- адам сату және т.б.

Қатысушылар саны бойынша:

- саны аз (3-5 адам);
- орташа (6-10 адам);
- саны көп (10-нан көп).

Өмір сүру мерзімі бойынша:

- шектеулі мерзімге;
- шектелмеген мерзімге.

Ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрес арнайы жалпыұйымдық, алдын алу және құқық қорғау шараларының кешені жасалынып, олардың іске асырылуын талап етеді. Олардың ішінде қылмыстық-құқықтық, қылмыстық іс-жүргізушілік, қылмыстық-атқарушылық, фискальдық-қаржылық, жедел-ізвестіру шаралары және т.б. маңызды орын алады, олар криминалдық ахуалдың жалпы талдамасына, оның болжамына негізделуі тиіс.

Қылмыстық топтардың әлеуметтік психикалық ерекшеліктері:

Кездейсоқ қылмыс топтар: 2 немесе одан да көп орындаушылардан құрылады, яғни қылмыстық істерін алдын-ала жоспарсыз, келісімсіз жасайды. Психологиялық ынтымақтастық, бірігушілігі өте төмен деңгейде, көбінесе, бұл топтар кездесек жағдайға байланысты жасалады. Бұл қылмыстық топтарда жауапкершіліктерін, міндеттерін бөлу жоқ. Лидері бастаңғысы жоқ, шешімдері де кездесек жасалады. Бұл қылмыстық топ жастар арасында көптеген көп болып келді. Яғни, қылмыстық (криминалды) тәжірибесі жоқ адамдар арасында кездеседі. Бұл қылмыстық топтар жасайтын қылмыстық жасайтын істер; бұзақылық топтың қорлау қылмыстары

Алдын-ала келісіп қылмыстық іс жасайтын топтар: екі немесе одан да көп адамдардан тұрады. Бұл топта белсенді адам топты басқарады. Алдыңғы топқа қарағанда бұл топ ұйымшыл ынтымпилдығы. Бұлардан жауап алу қиындырақ, себебі бұлар ұйымшыл.

Ұйымдастырушы қылмыстық топтар: бұл топ өте қауіпті себебі бұндағы қылмыскерлер тұрақты, алдын-ала қалай жасайтынын бірігіп жоспарлайды. Олардың ең мүдделері болады, Ол жоспарлайды дайындайды және рөлдерді қылмыскерлер арасында бөледі.

Криминалогиялық ғылым ұйымдасқан қылмыстық топтың белгілерін көрсетіп отыр:

- топтың жеке құрамының тұрақтылығы;
- ұдайы қылмыс жасау – топқа бірігудегі мақсат;
- топта психологиялық құрылымның қалыптасуы аяқталған, соның нәтижесінде топ басшысы анықталған;
- қылмысты жасауда және оның ізін жасыруда әрбір топ мүшесінде нақты міндет болады;
- жасалатын қылмысқа даярлану және оны жоспарлау;
- топтық қылмыс жасаудың және оның ізін жасырудың күрделі тәсілдерін қолдана алу мүмкіндігі;

- топта бірыңғай құндылық – нормативтік бағдар орнайды;
- топта қатаң тәртіп болады;
- топтағы жеке қатынастар бірлесіп қылмыс жасауға негізделген іскерлік қатынасқа ауысады;
- қылмыстық табыстар топ мүшелеріне, олардың атқаратын рөліне қарай таратылады;
- топта арнайы ақша қоры құрылады;
- топтың ұйымдастырушысы және басшысы болады.

Қылмысты ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен, сондай-ақ ұйымдасқан топ немесе қылмыстық бірлестік (қылмыстық ұйым) құрған не оған басшылық еткен адам Қылмыстық кодексте ұйымдастырушы деп танылған.

Қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасын құрайтын негізгі белгілер болады:

- 1) қылмыстарды жасаушы тұлғалардың әлеуметтік-биологиялық белгілері;
- 2) қылмыстарды жасаушы тұлғалардың әлеуметтік-демографиялық белгілері;
- 3) қылмыстарды жасаушы тұлғалардың әлеуметтік-адамгершілік және әлеуметтік психологиялық белгілері;

1-белгісі. Әлеуметтік-биологиялық.

Адамның рухани маңыздылығының негізін қоғамға пайдалы еңбек құрайды, ал тұлға болса жеке адамның қоғамдық қатынастар жүйесіне араласқан жағдайда ғана дамуы мүмкін. Адамның тіршілік әрекетінің әлеуметтік сипаты – оның ерекше қасиеті.

Криминология, қылмыстылық, сондай-ақ нақты қылмыстар кез келген қоғамда әлеуметтік сипатқа ие болады, әлеуметтік негізделген, деп пайымдайды. Бұл – биологиялық факторларды мүлдем жоққа шығару деген сөз емес, алайда ол қылмыстылық себептеріне емес, қылмыстылық мінез-құлыққа жағдай туғызушы сипатқа ие болуы мүмкін.

Алайда, осының бәрі психикалық бұзылу қылмыс жасаудың себептері болып саналады деген ой туғызбаса болу керек.

Біріншіден, барлық қылмыскерлердің арасындағы субъектілердің көбісінде шын мәнінде мұндай ауытқулар бола береді.

Екіншіден, белгілі бір адамда психикалық ауытқудың болуы оның құқыққа қайшы мінез-құлқында криминогендік рөл атқарады деп айта беруге де болмайды.

Үшіншіден, көптеген ғылыми зерттеулерде, қылмыстың жасалуына психикалық ауытқушылық емес, тұлғаның криминогендік мінезін қалыптастырушылыққа себеп болатын жайсыз жағдайлар мен теріс тәрбие кінәлі екендігі дәлелденген. Шынында да кейбір ауытқушылықтарың қисық мінез тудыратыны рас.

Ұйымдасқан қылмыскерлердің жалпы тұлғасын және оның әлеуметтік-биологиялық ерекшеліктерін зерттеумен қатар қылмыстың кейбір ұйымдасқан қылмыстардың да зерттеудің қылмыстың алдын алу шараларын қарастырудағы маңызы зор.

2-белгісі. Әлеуметтік-демографиялық.

Ұйымдасқан қылмыстың кейбір санатының қалыптасуы үшін оған жалпы факторлармен қоса арнайы мән-жайлардың да әсері болуы тиіс. Бас пайдасын ойлап, күш қолданып немесе психикалық қысым көрсетіп тонау, ұрлық, қорқытып алушылық, бандитизм, пайдақорлық ниетпен адам өлтіру қылмыс жасағандардың көбі ер адамдар. Қылмыс жасап сотталған әйелдердің төртеуінің біреуі күш қолданып қылмыс жасаған, ал үш пайызы мүлікті иемдену мақсатында қылмыс жасаған. Әйелдер арасындағы қылмыстылықтың бір ерекшелігі- ол өзінің құрлымы жағынан ерлер арасындағы қылмыстылыққа ұқсамайды, тек сан жағынан ғана емес сапасы жағынан да өзгеше. Оның себептері әйелдердің қоғамда алатын орнына, әйелдер мен ерлердің міндетін белгілейтін көптеген әлеуметтік факторларға байланысты. Әйел ошақ иесі, отбасының шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысады. Әйелдер, адамзат өмірін жалғастыру үшін жаралғандықтан ерлерге қарағанда ұстамды, төзімді, рақымшыл болып келеді. Қылмыс жасайтын әйелдердің, көбіне, жанұясы болмайды, олар бұзылған, әйел бейнесін жоғалтқан адамдар. Әйелдердің көпшілігіне тән психикалық қалып пен мінез-құлықтың ерекшеліктерін олар тіптен жоғалтып алған.

2.3.Ерекше жағдайда әрекет етуші ПО қызметкерлерінің психологиялық дайындығы

ПО қызметкерлерінің экстремалды жағдайлардағы іс-әрекетке психологиялық даярлығының мәні. Бұл кәсіби-психологиялық даярлықтың мақсаты ПО-ның қызметкерлерінде қызметтік жұмыс процесінде және қалыпты экстрималды жағдайларда өз міндеттерін орындаудың тиімділігін арттыру мүддесінде туындайтын психологиялық қиындықтарды табысты жеңуге психологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болып табылады²⁴.

Экстремалды жағдай: адамның өмірі, денсаулығы үшін қауіпті және психологиялық шиеленіс тудыратын адам тіршілігінің жай-күйі.

Экстремалды жағдайлардың әртүрлі болып бөлінеді:

Қызметтік экстремалды жағдайлар:

- қарулы экстрималдықтар;
- құқық бұзушыларды анықтау және жолын кесу;
- топпен қылмыс жасау, жаппай тәртіпсіздіктер;
- азаматтар арасындағы экстремалдықтар;
- ПО қызметкерлеріне түсетін ұзақ қарқынды жүктеме;
- қарулы қылмыскерді қудалау және ұстау;
- кепілге алынғандарды босату;
- атыс қаруын иелену және т.б. мақсатпен қызметкерлерге шабуыл жасау.

Табиғи және техногендік сипаттағы экстремалдықтар:

²⁴ Бреслав Г. Психология эмоций.-СПб,2006.-544 б.

- табиғи зілзала;
- өрттер;
- ірі өндірістік апаттар;
- қираулар;
- халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін және апаттық-құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді талап ететін эпидемиялар.

«Экстремалды жағдай» ұғымы әрқашан субъективті сипатта болады және жеке әр қызметкер үшін қалыптасқан қиындықтың жеке тұлғалық деңгейін көрсететін кедергі ретінде айқындалады.

Психикалық жай-күйлер, олардың экстремалды жағдайларда көріну ерекшеліктері тоқталсақ. Психикалық шиеленістің жай-күйі – бұл қиын жағдайлардағы интеллектуалдық және эмоциялық-ерік көріністерінің кешені.

ПО қызметкерінің жұмысында психикалық күйзеліс жағдайларының негізгі үш түрін бөлуге болады:

1. Шиеленіс элементтері бар қарапайым жағдай, ол негізінен жұмыстағы артық жүктемемен, уақыт тапшылығымен, ақпараттың жетіспеушілігімен және т.б. байланысты.
2. Шиеленісудің өсуімен сипатталатын қиын жағдай (мысалы, полиция қызметкерлеріне немесе отбасы мүшелеріне қауіп).
3. Экстремалды (оның ішінде ПО қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіпті) жағдай. Уақыт шегінде шешім қабылдау.

Дайындығы бар қызметкер – экстремалды жағдайда кедергіні жеңе біледі және сол жағдайды тез бағалап, өз білімін азаматтардың және өзінің қауіпсіздігі шараларына жібереді.

Дайындығы жоқ қызметкер – күйзелістен кейінгі психикалық ауытқушылық алуы, тәртіптік жарғыны немесе азаматтармен қарым-қатынас ережелерін бұзуы мүмкін, бұл міндетті түрде қажетсіз салдарларға әкеп соғады.

Қауіп – қызметтік жұмыс жағдайының ерекше тобын, яғни қауіпті жағдайларды бөлуді құрайтын сипат болып табылады. Көбінесе ПО қызметкерлерінің терминологиясында «экстремальдық жағдайлар» деген ұғым пайдаланылады. Мұндай жағдайларда олар бір-біріне көмек көрсетуге дайын болады, жауапкершілік, бастама, ерлік, табандылық танытады.

Басқа жағдайларда керісінше ерекше сақтық танытады, өзінің батылдығын тиімді пайдаланады. Экстремальдық жағдайға деген күнделікті реакция нысандары қауіп-қатерлі объектімен экстремалдау мүмкіндігін жою, одан қашқақтау, қауіптің көзіне агрессия арқылы алаңдатушылық жай-күйді басынан өткеру, сондай-ақ қызметтестеріне дөрекілі, барлығына көңілі толмаушылық, енжарлық таныту арқылы көрінеді.

Қауіп – құқық бұзушылардың мінез-құлқы, табиғи зілзала әрекеттері, апат немесе апаттылық оған дене немесе психологиялық зиян, жазатайым оқиғаға және өлімге әкелуі мүмкін екенін ПО қызметкерлерінің сезінуін көрсететін фактор.

Экстремалдық жағдайлар ПО қызметкерлерінің психикасына әр түрлі әсер етеді. Экстремалдық жағдайлардағы психикалық ықпал етудің мынадай түрлерін бөліп қарастыруға болады: аффект, күйзеліс, фрустрация, экстремалды, дағдарыс.

Қысылтаяң жағдайларда осы барлық жай-күйлер бір мезгілде көрінуі мүмкін, мысалы: Аффект және фрустрация – қаруланған қылмыскерді ұстаудың сәтсіздігі. Жанжал және фрустрация – сәтсіз беттестіру. Стресс және дағдарыс – төтенше жағдайдың аймағы.

ПО қызметкерінің қысылтаяң жағдайда өз қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі психикасына аффект пен стресстың ықпал етудің жағымсыз зардаптарының бірі тұлғаның когнитивті (ойлау) саласына психикалық жағынан жарақат салатын ықпал ету болып табылады. Кез-келген адамның эмоционалды ұйымы түйсіктеріне, танымына, есіне және ойлау қабілетіне теріс ықпал етеді.

Құқық қорғаушы органдар қызметкерлері еңбек ететін қазіргі заманғы шарттарды ерекше, ал кейде тіпті қысылтаяң деп толықтай атауға болады.

Ерекше, себебі төмендегі көрсетілгендер тудыратын маңызды психоэмоционалдық міндетпен жүреді:

- қабылданған шешім үшін жоғары жауапкершілік;
- орындалатын қызметтердің жеткілікті қиындығы;
- қызметтің жылдамдатылған қарқыны;
- бір қызметтегі мақсаттары бойынша әртүрлі әрекеттердің бірігуі;
- көлемі бойынша маңызды ақпараттың өңделуі;
- шешім қабылдауға уақыттың жоқтығы.

Бұл қызмет сонымен қатар өмір үшін қалыптасқан қауіппен бірге жүреді, оны қысылтаяң (экстремально) деп атайды.

Құқық қорғау органдары қатарындағы, әсіресе ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтерінде құқық бұзушыны ұстау қажеттігі туындайды. Бұл қылмыстық-құқықтық қорғаныс объектілеріне қол сұғу, қылмыстық жанжалдар, заң еңбегінің субъектілерімен құқық бұзушылардың ашық физикалық және психологиялық тайталасы жағдайларында болады. Мұндай жағдайларға, біріншіден, құқық бұзушылар қылмыс жасау барысында ұсталған жағдайлар жатады. Қызметкерлер мұндайда шабуылды көрсету, жаппай тәртіпсіздік қарсыласуға тойтарыс беру, адамды ұстау үшін, яғни құқық бұзушыларды көндіре алмаған жағдайда олардың қарумен қарсыласа алатындарына көздерін жеткізу үшін күш көрсетуге және арнайы құралдарды (резеңке таяқтар, көзден жас ағызатын газ, қол кісендері, жарықдыбысты құралдар, тосқауылдарды бұзу құралдары және т.б.) қолдануға құқылы. Екіншіден, құқық бұзушылар қылмыс жасау барысында қылмыстық-құқықтық қорғау объектілерінің толыққанды тізбесіне жетсе, арнайы құралдардың барлық түрлерін, күш, қызметтік иттерді, сонымен қатар атыс құралдарын қолдануға рұқсат бар. Үшіншіден, қызметкерлер аса қажеттілік жағдайында олар заңда қарастырылған құралдардың барлық түрлерін пайдалануға құқылы. Тергеу іс-әрекетінің ерекше түрі-қылмыстық іс

қозғалғаннан кейін немесе қылмыстық іс қозғаумен бір мезгілде жүргізілуі мүмкін іс жүргізуді кідірту.

Тапсырма түрлі, соның ішінде психикалық белгілер бойынша ерекшеленетін ұстаудың көптеген түрлерімен қиындай түседі. Ұстау түрлері адамдар саны (бір құқық бұзушы, құқық бұзушылар тобы) бойынша, «қылмыстық кәсіпқойлық» және ұйымдастырушылық деңгейі бойынша (кездейсоқ топтар, ұйымдасқан, қылмыстық бірлестік және т.б.), ұстау дәйектілігі (бірмезетте, әртүрлі уақытта) бойынша, құқық бұзушылардың қаруланулары бойынша, ұсталғандардың жастары бойынша, ұстау орыны бойынша, ұстауды жүзеге асырған қызметкерлер саны бойынша, құқық бұзушыларға жақындау әдісі бойынша, ұстауға қолайлы кезең бойынша, құқық бұзушылардың психикалық және физикалық мәжбүрлеу белсенділігінің кезеңі бойынша, іздеу жүктемесінің түрлері бойынша, шұғыл-ізвестіру қызметтерінің түрлері бойынша, іздестіру және арнайы операциялар жүргізудің түрлері мен әдістері бойынша және т.б. ерекшеленеді. Заң қызметтерінің бұл түрі өзінің зерттелуін күтетін заң психологиясының толық бағыттылығына өзін бағыттайды. Адамның жалпы шаршағанын белгілейтін маңызды психикалық қасиеттерінің бірі толеранттылық(сезімталдықтың жоғары шегі және эмоционалдық-жігерлік тұрақтылығы, күші және байсалдылығы) болып табылады²⁵.

Төтенше және қысылтаяң кезінде ІОО-ның қызметкерлерін дайындаудың психологиялық аспектілері. Қызметкерлерді қызметтік жұмыста психологиялық қиындықтарды табысты жеңуге практикалық дайындау және психологиялық аспектілерді есепке алудың дұрыстығы- кәсіби-психологиялық дайындықтың негізгі міндетімен мақсаты.

Кәсіби әрекеттердің барлығын жоғары деңгейде меңгерген қызметкер қылмыскерге өзін анықтауға аз мүмкіндік береді.

Апаттың, қираудың, әскери іс-қимылдардың, жаппай тәртіпсіздіктің, бақытсыздықтың және т.б. жағдайлардың нәтижесінде қаза табу тәуекелі факторына байланысты өміріне төнген қауіпті ұдайы сезіну үрейлену жай-күйінен бастап невроз бен психоздың дамуына дейінгі әр түрлі психикалық реакцияларды туғызады.

Ерекше қиын және әдеттен тыс жағдайға, мүлдем таныс емес жағдайға адамның реакциясы қандай болады?

Ол не болмаса жағдайды қолына алады және саналы әрекет етеді, не болмаса жағдай оны билеп әкетеді және ол ырықсыз қимылдай бастайды.

Бұл экстремалды жағдайлар ІОО қызметкерлерінің психикасына теріс әсер етеді.

Жауынгерлік, жедел-қызметтік жұмыстың және тұрмыстың экстремалды жағдайларынан туындаған айқын психикалық күйзеліс қарулы экстремалды жағдайында моралдық-психологиялық климатқа және жеке құрамның жұмыс қабілетіне теріс әсер етудің негізгі факторлары болып табылады.

²⁵ Василенко Т. Психология. Тестовый контроль знаний.-М,2007.-109 б.

Қызметкердің қаруды қолдануға және пайдалануға психологиялық дайындығы-бұл күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе. ІД қызметкерлерінің әңгімесінде жиі қойылатын сұрақ: «Атыс қаруын қолданудан қорқасыз ба? Оны қолдануға дайынсыз ба?» - «Қорқамын, себебі оны қолданғаннан кейін, тіпті дұрыс тимесе де мәселе туындауы мүмкін» деген жауап естисіз. Қызметкерлердің қаруды өздерімен алып жүруден жиі бас тартып жүр, себебі оны қолдану қажеттілігінен қашу үшін. Көбісі оны адамға қолданудан қорқады, кейбіреулері оны тіпті өзімен алып жүруден қорқатындығын мойындайды, себебі кейде оны қолдану тілегі туындайды және оданда сорақысы мұны қолдануды талап етпейтін жағдайлар кездесетін кезде.

Психологиялық дайындық атыс дайындықтарымен тығыз байланыста өтуі тиіс.

Қаруды қолданатын немесе пайдаланатын қызметкердің әрекеті экстремальды жағдайларды жиі болдырады. Ал ол сіздің байқауыңызша, адамдарға қатты психологиялық әсер ететін факторлармен сипатталады. Мұндай факторлардың әрбіреуі әртүрлі рөл атқарады. Ол себептерге байланысты:

1. Әсер етуші фактордың қарқындылығы мен күшінен. Уақыттың тапшылығы кезіндегі қауіпті жағдайдың біртіндеп үдеуі, ақпараттың толықтығы және жетпеуі қызметкерде стрессті жағдай туғызуы мүмкін.
2. «Психологиялық сенімділік» /темперамент, психикалық реакцияның жылдам өтуі/ деп жиі аталатын ІО қызметкерлерінің кейбір берік жеке ерекшеліктерінен. Психологтың міндеті атыс қаруына сену үшін сенімділікті анықтау.
3. Шұғыл жағдайдағы әрекеттерге қызметкерлердің психологиялық дайындығынан.
4. Қызметкердің қалыптасқан психологиялық көңіл-күйінен. Қызметкер: шаршағаннан, науқастанғаннан, әлсіреген, қызметіне пайдасы уақытша төмендеген. Қызметкерге шұғыл әрекеттерге, операцияларға қатысуға бола ма, жоқ па оны басшы шешеді.

Осыдан келе, ІО қызметкерлерінде төмендегі көрсетілгендерді қалыптастырып, тәрбиелеу қажет:

- өз мүмкіндігіне және қаруға, өзіне деген сенімділік;
- қиындықтарды жеңу мүмкіндігі және онымен кездесуге дайындық;
- атыс қаруын қолдану және пайдалануда терең және дұрыс білім;
- еркіндік сапалары: мақсатты, өжеттілік, белсенділік, қажырлылық, қырағылық, батылдық, төзімділік, өзін-өзі ұстау;
- «психологиялық сенімділік» сапаларын тәрбиелеу – қауіпке, уақытша сәтсіздіктерге, күтілетін қиындықтарға төзе білу;
- күтуден шектеулі күш салу әрекетіне тез әрі сапалы алмасудың тәжірибесі мен білімі.

Экстремальды жағдайлар адам ағзасының туындайтын күйзеліс факторларға жауап беруін талап етеді, бұл ретте ол үшін қалыптасқан бастапқы тіршілік

режімі бұзылады. Экстремалды жағдайларда психикалық және басқа да артық жүктемлер өз шегіне жетеді, одан кейін шаршау, жүйкесінің тозуы, қызметін тоқтату, аффект жағдайлар, психогения (патологиялық жай-күй).

Соңғы уақытта қызметкерлердің штаттан тыс жағдайлардағы мінез-құлқы фактілерін зерттеу көрсетіп отырғандай, полиция қызметкерінің экстремалды жағдайларға кенеттен түсуі онда барабар емес іс-әрекеттің, үрейдің, абыржудың, күйзеліс реакциялардың және өз қауіпсіздігі үшін қорқыныштың пайда болу себебі болып табылады.

Үрей (үрейлік жай-күй) -үреймен күтудің, өлшеусіз қауіптің эмоциялық реакциясы, көптеген жағдайларда елестету қауіпіне, ықтимал бақытсыздыққа деген реакция.

Үрейлікті болуы мүмкін немесе ықтимал қолайсыздықтар, күтпеген жағдайлар, қалыпты жағдайдағы және қызметтегі өзгерістер, қолайлы, күткен жағдайдың кешіктірілуі тудырады және ерекше қобалжуларда – қауіптерде, қобалжуларда, тыныштықты бұзушылықта байқалады.

Мысалы: 2009 жылдың ақпанында Орал қаласында арнайы операция өткізу кезінде Батыс Қазақстан облысының ПД «Арлан» АМЖ қызметкерлері үй-жайда жарықты өшіріп тастап (күтпеген жағдайға, үйренген іс-әрекеттің өзгеруі) қылмыскерлерді ұстау кезінде үш қызметкер жарақат алған.

Егер қызметкердің мазасыздануы түкке тұрмас себептерден туындаса, жағдайға барабар болмаса, өзін-өзі нашар бақылау туралы куәландырады.

Қорқыныш-бұл ойлау және елестету процесінде туындайтын сезім, адамның өміріне, денсаулығына, көңіл-күйіне төнген қауіпті күн ілгері сезу.

Құқық бұзушының іс-әрекеттері, қолайсыз оқиғалардың (апаттардың) басталуы немесе қызметте қалыптасып жатқан жағдай қорқыныш себептері болуы мүмкін.

Мысалы: 2008 жылдың 11 ақпанында қылмыскерлермен күрес кезінде алған дене жарақаттарынан Д.Бисекенов қаза тапты, ал оның қасында болған, қолында автоматы бар айдауылдау қызметінің бөлімше командирі полиция старшинасы С.К.Есбосынов сасқалақтап, қорқыныш жай-күйінде, көзбен көрген жағдайдан есеңгіреп, психологиялық кедергіні жеңе отырып, қылмыскерге тигізу үшін оқ ата алмаған, нәтижесінде ауаға оқ атып, барлық патрондарын ысырап еткен.

Қаруды қолдану – соңғы шек екенін есепке ала отырып, әлемнің көптеген елдерінде полицейлерді даулы жағдайды қарусыз шешуге арнайы дайындауға көңіл бөледі. Мұндай дайындықтың мақсаты – полиция қызметкерін агрессивті халықпен байланысуға, олардың көңіл-күйлерін өктем әдістерсіз мәселелерді бейбіт түрде шешуге үйрету.

сюжет. Полиция учаскесіне келесідей ақпарат келіп түсті: қаланың бір тұрғыны үйінің алдындағы клумбаның орнында бірнеше жыл бұрын қайтыс болған күйеуінің бейіті бар деп елестетеді. Өзіне ешкімді жақындаттырмай ол «күйеуінің бейітінен» оның денесін қазып алмақшы болады.

Полиция қызметкері оқиға орнына келіп, науқасқа жақындап, оған тынышталдыратын сөздер айтады. Бірақ әйел полицейді атпақшы болып қолына қару алады. Жауап ретінде полицей оқ атады.

Сюжеттің жалғасы төмендегідей:

1. жарақат - әйел қолынан қаруы түсіп, құлайды;
2. жаңылыс кету – оқ полицейге тиеді;
3. Ауыр жарақат – дененің жерге құлауы.

сюжет. Полицей үйлердің бірінің төбесінен терроршының көшедегі жүргіншілерге автоматтан оқ атып жатқандығы туралы ақпарат алады. Жұпты полиция патрулі төбеге шығып, білдіртпей терроршыны артынан айналып өтеді. Полицейлер үйдің төбесіндегі құрылысты паналап, терроршыға жақындай түседі. Кейін олар әр жаққа бөлінеді, және олардың бірі терроршыға «Оқ атуды тоқтат! Қаруыңды таста!» деп бұйрық етеді.

Полицейдің дауысына терроршы оқ атуды тоқтатып, жерге автоматты қойып, бұйрықты орындап, полицейге жартылай бұрылады. Полицей тағы да «Қолыңды көтер!» деген бұйрық береді.

Осы бұйрық бойынша терроршы қолын көтереді, бірақ оң жақ қолын беліне дейін көтеріп, жасырын түрде шалбарының артқы қалтасына қарай қолын жылжыта бастайды. Сол жақ қолы баяу жоғарыға көтеріле береді, ал оң жақ қолы осы кезде шалбарының артқы қалтасынан алынған пистолетімен терроршының оң жағында болады.

Пистолетті алысымен полицейдің өміріне қауіп төнеді. АҚШ заңнамасы бойынша бұл жағдай қаруды дұрыс қолданумен көрсетіледі. Сондықтан екінші полицей қаруды көріп қылмыскерге оқ жаудырады.

Тиген жағдайда сюжет төмендегідей жалғасады:

1. терроршы полицейлердің біріне тиеді;
2. екі полицейгеде тигізеді;
3. оларға тимейді.

Уақытылы және дұрыс шешім қабылдай білуді қалыптастыруға, кәсіби тұрғыдан сауатты және тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін басқа да сюжеттер бар. Сондай-ақ қаруды уақытылы қолдану және дәл тигізу оқ атуға, қозғалыс реакциясының жылдамдығына және кейінгі әрекеттерді орындауға дайындықты қолдану үшін қажетті байланыс қабілеттерін нақты көрсеткен.

Қылмыстық дау-жанжалдар мен оқыс оқиғалардың мұндай жағдайлары психологиялық қауырттылықпен, көңіл-күйімен, ерік тайталастығымен, қауіптілікпен, жауапкершілікпен, әсіресе жылдамдықпен толыққан және кәсіби-психологиялық дайындыққа, бекемдікке, сабырлылыққа, жағдайға қарай тез әрі дұрыс бағыттылыққа, қырағылыққа, шұғыл әрекет етуге дайындыққа жоғары талаптар қояды. Оларды орындаушы қызметкерлер бұл талаптардың жоғары деңгейінде үнемі бола бермейді, түрлі, әсіресе қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтыратын қателіктерге бой алдырады. Мұндай жағдайларға дайындалған қызметкер – қиындықтарды жеңіп, жағдайға тез бейімделеді және өз білімін азаматтар мен өзінің қауіпсіздік шараларына бағыттайды, ал дайындалмаған қызметкер – психикалық бұзылуы мүмкін,

міндетті түрде күтпеген жағдайларға әкеліп соғатын тәртіптік жарғыны немесе азаматтармен байланысу ережесін бұзуы мүмкін. Штаттан тыс жағдайға психикалық тұрғыдан дайындалмаған қызметкердің кенеттен түсуі өмірдің үйреншікті қалпын бұзуға, жұмысқа іріткі салуға, өз өмірінің қауіпсіздігіне және адамдардың денсаулығына қауіп төндіруге әкеліп соғады және жағдайдың криминогендігін қоздырады, халық арасында ПО қызметкерлерінің кәсіби беделін түсіреді.

Заң психологиясы осындай жағдайларды терең зерттеу үшін және ондағы қызметкерлердің мінсіз әрекеттерін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды жетілдіру үшін қабылданған.

Қызметтік жұмыс барысында әрбір полиция қызметкері экстремалды жағдайлар мен оқиғалардан өтеді: мас күйдегі жүргізушіні ұстау, ЖКО жасаған және жасырынбақшы болған адамдарды ұстау, қылмыс жасаған және кудалаудан «құтылмақшы» болған қылмыскерлерді ұстау, қиын табиғи жұмыс жағдайлары (ыстық, суық, шу), жаппай тәртіпсіздіктер мен табиғи зілзала туындаған кезде қызмет өткеруді ұйымдастыру және т.б.

Қызметкерлердің даярлығының болмауы көбінесе қызмет процесінің тиімділігін төмендетеді.

Психологиялық даярлығы жоқ қызметкердің кенеттен штаттан тыс жағдайға түсуі қоғамдық өмірдің қалыпты ырғағын бұзуға әкеп соғады, жұмысты ұйымдастыруға кедергі келтіреді, жеке қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді, жағдайдың криминогендігін күшейтеді және халық арасында ПО қызметкерлерінің кәсіби беделіне нұқсан келтіреді.

Қажет кезде дұрыс бағалау және шешім қабылдау қабілетсіздігінен кез келген шиеленіс штаттан тыс және экстремалды жағдайларға ұласуы мүмкін.

Мысалы: 2008 жылы 1 ақпанда жол полициясы қызметкерлері Е.С.Бердешев пен Н.К.Серғалиев (Ақтөбе облысы ІІД) олардың қызметтік автомобилінің салонында отырған, пышақпен қаруланған қылмыскердің қолынан қаза тапты. Бұл қызметкерлердің қырағылықты жоғалту, дене шынықтыру және психологиялық даярлығының төмен деңгейі салдарынан болды.

Нақты шынайылық объективті түрде экстремалды болмауы мүмкін, бірақ штаттан тыс жағдайға кездескен жеке бір адам үшін оны өзіндік шешу проблемасы туындайды, яғни жеке өзі үшін осы жағдайдың сол немесе өзге экстремалдық дәрежесін түсіну.

Полиция қызметкерлерінің экстремальды жағдайда өзін басқарудағы тәртіптің бұзылуының алдын алу үшін келесі тәрбие жұмыстарының формасы қолданылады:

- қолданыстағы нормативтік - құқықтық құжаттарды зерттеу және дамыту;
- қауіпсіздік ережесін тұрақты және қатаң бақылап орындау керек;
- қызметкерлердің жеке құрамымен алдын ала брифингтер мен отырыстар жүргізу;

- қауіпсіздік ережесі бұзған бұрын адам өліміне әкелген барлық жағдайларды егжей - тегжей талдау керек;

- кәсіби қызметте ережелер мен қауіпсіздік шараларын білу туралы білімді тұрақты тексеру;

- қызметкерлерді жедел медициналық және психологиялық көмек көрсетуге оқыту.

Құқық қорғау қызметінде арнайы экстремальды дайындық қызметкерлер үшін өзіндік мәні болмады деп айта алмаймыз. Экстремальды жағдай қиын болған сайын, олар қауіпті, әртүрлі болған сайын экстремальды дайындық маңызды рөл ойнайды. Онда құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби жасандылығы болмайды.

Алайдай экстремальды дайындық туа немесе қызметтік уақытта қызметкердің жинаған қасиетімен дамымайды. Ол әртүрлі формалармен оқыту, әртүрлі экстремальды білімді қалыптастыру арқылы, қабілеті мен дағдысана байланысты дамыйды. ПО қызметкерлерін психологиялық дайындықта экстремальды және төтенше жағдайлардағы әрекеті келесідей болып табылады:

1. Жағдайдың фотоларымен танысу, оқиғаның орыны, қирауы, жәбірленушімен кездескендегі қиындықтарды жеңе білегін анықтау және т.б.

2. Түрлі жағдайларға тән, күтпеген және таңғаларлық болуы мүмкін жазбалары бар фонограммаларды тыңдау;

3. Деректі фильмдер мен бейнефильмдерді көру;

4. Төтенше жағдайларда әртүрлі факторларды ұқсату (түтін, өрт, жарылыс, жаман тыныс, қан, ату, стондар, айқай шу, топтар және т.б.) арнайы құралдардың арқасында.

5. Экстремальды жағдайларда болған нағыз батырлармен қатысушылармен жәбірленушілермен, куәгерлермен кездесу ұйымдастыру;

6. Кезекшілермен авариялық құтқарушылар тобымен экстремальды шақыруға бақылаушы ретінде еріп бару;

7. Курсанттардың дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру үшін арналған семинарлар мен тренингтер оқу аудиториясы мен, лабораторияларда, оқу кабинеттерінде, оқу-жаттығу жиындарыда, полигондарда, өндірістік саладағы кәсіпорындардың иелігінде, мекемелерде өтеді. Семинар сабақтар әртүрлі болады (практикалық әрекеттің басында болуы мүмкін, осы кезде белгілі уақыт сабақты жүргізушінің түсіндіруімен, көрсетуімен, оқытушылардың сұрақтарына жауап берумен өтеді), жаттығу (оқытушылар автоматты әрекет жасау үшін жаттығуды бірнеше рет қайталайды), бақылау (практикалық білім мен дағдыларды тексеру үшін пайдаланылады), және көрсеткіш (төтенше жағдайларда тәжірибесі бар белгілі бір тұлғалар іс-қимыл көрсетеді).

8. Ойын - тәжірибелік оқыту формасы, онда жасанды төтенше жағдайлар өзара іс-қимылдың іс-әрекеттерімен жүзеге асады. Ол қабілеттерін, дағдыларын дамытуға, тапқарлыққа, жағдайға жылдам баға беруге және шешім шығаруға мүмкіндік береді. Алда қойылған топтық мақсатқа жетуге

алып келеді. Ойын барысында, оқыту басшысының тапсырмасы бойынша әр оқушының белгілі бір маман серіктес ретінде қызмет етеді. Шарттар негізінен басшының келісіуімен қойылады (жағдайды жариялады және оның одан әрі өзгерістер) және оқытушылардың әрекетімен дамыйды. Ойын барысында қарама - қайшылық жағдайларда пысықталады, ол үшін сабақ басшысы арнайы «иммитаторларды» (бір адам немесе бірнеше) дайындайды, қарсылас рөлін ойнау ұсынылады «қарсылас ұрыста, дау - жанджалда, қылмыскерді, жауды»).

9. Оқыту - практикалық оқыту нысанына, шындыққа мүмкіндігінше жақын болып табылады. Ол ойынмен байланысады, оқытушыларды тек ғана сөзбен емес және жай аудиторияларда емес, ғимараттар мен полигондарда оқытылады.

Кәсіби психологиялық дайындық және полиция қызметкерінің қауіпсіздік әрекеті экстремальды жағдайда арнайы психологиялық дайындықтың белгілі бір түрлері қолданылады. Ол кәсіби психологиялық дайындықты қамтамасыз ететін және экстремальды жағдайда өмір сүру дағдыларын қалыптасқанын келесідегідей қамтиды:

1. Моральдік-этикалық дайындық. Оның мақсаты - құқық қорғау қызметінде төтенше жағдайларда қызметкердің моральдік жоғары тұрақтылығы мен беріктігі моральдік негізде батыл және құқықты түрде қызметтік тапсырманы шеше білу.

Моральдық және этикалық оқытудың мазмұны қызметкерлердің төтенше жағдайлардағы моральдік тәртібін қарастырады: жоғары моральдік тәртіпті талап етеді, моральдің ережелі маңыздысы болып табылады, өзара көмек, өзара қолдау, жоғары тәртіп, заңдылықты қатаң сақтау, қаруды көрсетілген рұқсат бойынша қолдану, азаматтарға адамгершілік қарым - қатынас жасау т.б. Моральдік этика дайындығының әдісінің ерекшелігі мен қиындығы қызметкер мораль туралы білімді біліп ғана қоймай, моральдық нанымды, идеалдарын, қатынасын, біліктілігін, дағдысын, әдеттерін, қажетті адамгершілік қасиеттерді дамыту қажет.

2. Төтенше жағдайдағы физикалық дайындық. Құқық қорғау органдарының жеке құрамымен жалпы дене дайындығы өтеді (ЖДД) және арнайы дене дайындығы өтеді (АДД). Біріншісі жалпы дененің дамуына арналаған, яғни дененің физикалық қызметін жоғарлату, абсолютті және мықты бұлшық ет күші, жылдамдық күш қасиетін дамыту, қозғалысты үйлестіру, төзімділік т.б. Арнайы дене дайындығының ерекше миссиясы бар: арнайы дененің физикалық және психофизикалық қасиеттерін дамытады, бұлшық еттің жеке топтарының қызметін жоғарлатады, физикалық қиындықта және құқық қорғау қызметінің жүтемелеріне жауап беру үшін ерекше дағдыларды, қабілеттер мен әдеттерді қалыптастырады. Физикалық төтенше жағдайларға дайындық кезінде жиі қолданылады:

- арнайы дене іс-әрекеттері, орындайтын экстремальды жағдайларда, олардың дәлме-дәлдігі, жылдамдығы, үлесімділігі, төзімділігі, автоматтандырылуы, қарсы іс-қимыл кезінде сенімділік, алаңдататын

факторлар бронезжилеттер, қорғаныш жабдықтары, резеңке қолғап, газқағарлар, оттекті оқшаулаушы құралдар және т.б.;

- Физикалық қарсыластықта техника және тактиканы оқыту (тренинг);
- өзін өзі қорғауда әдіс қолдануды оқыту (тернинг);
- біліктілігін арттыру, жалғыздықта байланыссыз, орман ішінде, тауда, далада, шөлде, үйінділер астында, жоғары биіктікте кезінде оттегі жетіспеуі, сусыз, азық түліксіз, отсыз, аязда тірі қалу қабілеті мен тактикасын жетілдіру;
- сабақ ұзақтығында үлкен дене жаттығу жүктемелерді төзімділік арқылы жаттығуларды бірнеше қайталау арқылы, қиын кедергілермен жаттығулармен орындау.

3. Қарулы қарсыластыққа жеке дайындық керек. Негізінен қызметкерлер оқыту барысында осындай арнайы тактикалық дайындықтан өтеді:

- қарулы күрес жағдайларда бағдарлау, картамен жұмыс істеу дағдылары мен қабілеті, жерге бағдар беру, жағдайды бағалау;
- қарудың тактикалық-техникалық сипаттамаларын білу, арнайы құрылғылардың, жеке тұлғаның қорғану құралдары; оларды қолдану негіздері мен тактикасы; радиациялық құрылғылармен жұмыс жасау, химиялық барлау және дозиметрлік бақылау, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын пайдалану;
- әр түрлі жағдайларда мәселелерді шешу үшін тактикалық әдістері; есептеу әдістемесіне арналған жекпе-жек және басқа да күштерімен өзара іс-қимыл;
- қабылдауға жауап беретін жағдай мен қолда бар мүмкіндіктеріне тактикалық шешімдерді қолдану, алдын ала көру және оймен жеңіуді ойлау, жағдайды болжау, есептеу күштері мен құралдарды жасау, қызметтік құжаттарды толтыру;
- өмірде қабылданған шешімдері тиімді пайлану, өзара сауатты іс - қимылды жүзеге асыру, іс-шаралар барысында жағдайдағы икемді әрекетердің дамуын бақылау және жеңіске дейін әкелу.

Қорытындылай келе, ПО қызметкерлерінен қауіпті өмірлік жағдайларда өзін басқара білу қабілетін талап етіледі. Қиын жағдайға жылдам баға беру және қолайлы шешім қабылдауды талап етеді. Қызметкер психологиялық жағдайын бақылай алмау теріс әрекетке әкеледі. Яғни қоршаған оратаға және өзіне де ауыр әрекет әкеледі. Қазіргі уақытта құқық қорғау органдарының даму сипатында шынайы кәсіби шебер полициясыны қалыптастыруда маңызды рөлді ойнайтын кәсіби психологиялық дайындық болып табылады.

2.4. ПО қызықтыратын тұлға және топтың психологиялық суретін құру әдістері

Жедел-қызметтік сұрақтарды шешудің ең бір жолы психологиялық заңдылықтарды, тәсілдерді білу, оларды қызметінде қолдана білу. Осы тәсіл-әдістердің бірі-психологиялық сипаттама сурет құрастыру (қылмыкер, қылмыстық топтардың) «Криминалистика» курсынан білетініңіз (ауызша

суретті құрастыру). Ауызша сурет-адамның сыртқы белгілерінің түрін, пішінін бір анық жүйеде сипаттау әдісі.

Осы әдіс қылмыскерді, жоғалған адамдарды іздестіруде, тануда қолданылады. Іздестірілген адамдар, қылмыскерлер туралы қылмыстық тіркеуден, мұрағаттық материалдар жеке істерінен, фотосуреттерінен, тергеу кезінде алынған жауаптардан немесе уақиға болған жерді қарастыру бойынша алынған материалдар негізінде құрастырылады. Жасырын жүрген қылмыскерді суреті жәбірлеушінің сөзі, сипаттамасы бойынша беріледі және уақиға болған жердегі іздер т.б. оның ерекшелігі анықталады.

Ауызша суретке қарағанда психологиялық сурет адамның сипаттамасы ішкі психологиялық белгілерін, сипатын айқындайды.

Психологиялық суретті құрастырудың басты қызметі: жеке тұлғасы анықталмаған қылмыскерді іздеу, қылмыскерді табу. Психологиялық суреттеменің ерекшелігі психологиялық сурет берілген аймақ білімге негізделмейді, ол болжам түрінде беріледі.

Психосексуалды кемтар адамдардың әр жерде, әр түрлі уақытта қайталанып жасалған адам өлтіру қылмыстарының бетін ашқанда осы әдіс қажетті болып табылады.

Жалпы алғанда, қайталанған адам өлтіру қылмыспен күресу мәселесі көптеген дамыған елдердің ғалымдары мен тәжірибені мамандарына талқыға салынған. Сексуалды агрессия, сексуалды адам өлтіруші маньяк террористен, қарақшыдан да қауіптірек. Оның басқа қылмыскерлерден айырмашылығы қылмыстық жолға түссе, ол (маньяк) сол жолдан кетпейді, тоқтамайды, яғни оны ұстамайынша ол адамдарды өлтіре береді. Тек өзін - өзі қорғау ретінде (қауіпсіздендіру) мақсатымен уақытша өз ісін тоқтатуы мүмкін. Алайда адам өлтіруші маньяк өмірде басқа адамдар арасында ешқандай ерекшеленбейді, яғни сырт пішіні, тәртібі ортаға сай сияқты болып кемді. Әрине, тек осы белгілер ғана оны көп адамдар ішінен тауып алуды қиындатады.

Психологиялық суреттеме әдісі XX ғасырдың 50-ші жылдардың ортасында қолдана басталды. Еуропа елдерінде, АҚШ-та кеңінен қолданылды. 1984 ж. АҚШ ФБР-да зорлық жасау қылмыстарды зерттейтін бөлім ашылды. Бөлімнің қызметі-аса ауыр қылмыс, қайталанған адам өлтіруші қылмыскерге іздеу салу және ұқсастығын табу. Ашылған, ашылмаған ауыр зорлық қылмыстардың жасалғандығы туралы мәліметтер компьютерлік желісінде арнайы бағдарламада берілген.

Адамдардың сыртқы пішін сипаттамасын, оның сөзін, іс-қимылын, тәртібін, психикалық жағдайын, ерекше белгілерін қабылдаудың психикалық ерекшеліктері. Жеке тұлғаның типологиялық құрылымы анық мағынаны білдіреді. Қылмыстық істі тиімді жүргізуде немесе қылмыс жасаған адамды қайта тәрбиелеуде, яғни қылмыстық тұлғаның диагнозын емес, оның даму болжамын анықтауда типологияның әсері көп. Типология қылмыстық тәртіптің заңдылығын, оның табиғатын, себептерін ашуға мүмкіндік береді, оның болжамының негізін тудырады. Біздің қылмыснама тәжірибесінде

қылмыскер типологиясының пайда болуы оның жасаған қылмыстарының түрткісі, күші бойынша анықталады. Неге осы түрткі типологияның негізіне алынды. Мотив(түрткі)-субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғыздырушы. Түрткі адамды түрлі іс әрекетке итермелейтін себеп.

А.Г.Ковалев жеке тұлғаның криминогендік деңгейі негізінде үш түрге бөледі:

- Қылмысқа әбден бой сұғып кірген тұлға. Бұл түр қылмыскерлері әлеуметтік ортаға қарсы, еңбекке, адамға теріс қарайтын, өз өмірін қылмыссыз өткізе алмайды, қызықтың бәрі осы қылмыстық істе деп түсінеді.
- Парциалды, яғни бұл қылмыскерде қылмыскер бітістері және әлеуметтік дұрыс адам тұлғасының қасиеттері болады.
- Криминалға дейінгі, бұл түр қылмыстық істі анық айқын жағдайларда ғана жасаушылар. Бұл түр эмоциялық қозуы басым, өзін-өзі ұстай алмайтын немесе жеңілтек, жалқау, яғни өзін қинамай еңбек етпей жақсы өмір сүргісі келетін адамдар.

Мүліктік қылмыстардың типологиясы негізіне Ю.М. Антонян, В.П.Голубев, Ю.Н.Кудряков түрткіге қылмыстық істерін, іс-қимылдарын бағыттайды. Шартты түрде авторлар мүлікті талан-таражға салудың алты түрін бөледі:

- Пайдақұмарлықтар, яғни пайдақорлық қылмыс жасаушылар;
- өндірістік, яғни өндірістік материалдарды алу үшін пара береді, пара алады. Ақшаны өндірістік мұқтаж үшін алады;
- әлеуметке қарсы, бұл түрге маскүнемдер, алкоголиктер, әлеуметтік ортадан шығып кеткендер;
- алкогольды, яғни бұлар мемлекеттік және жеке меншік мүліктерін ішімдік алып ішу үшін ұрлықпен айналысады және осы себеп ең басты түрткі болады;
- ойын ойнаушылар, ойынға әуестігі, алдап арбау арқылы;
- отбасылық, ұрлық жасау мақсатында өз отбасының қамын ойлау , материалды және рухани байлықтармен қамтамасыздандыру деп түсінеді.

Қылмыскердің жалпы мінездемесін біле отырып олардың ерекшеліктерін, типологиялық бітістерін айқындауда, құқық қорғау қызметкерлері оның алдында тірі адам екендігін ұмытпауы қажет. Сондықтан да әрбір айыпталушы, сотталушының жеке тұлға ретінде қарастыру қажеттігін ұмытпауы керек.ПО қызметкері азаматтар тұлғасының психикалық ұқсастығын, сәйкестігінің психологиялық суретін жасай білуі қажет.

Психологиялық сәйкестік куәгердің, күдіктінің, айыпталушының эмоционалды жағдайын анықтауға, іздеуде жүрген қылмыскердің қалдырған іздері бойынша айқындауға бағытталған.Қылмыстық іс бойынша ақпарат алудың көзі болған адам ПО қызметкерінің білу, қабылдау объекті болуы қажет. Тек осындай адамдардың психологиялық суреті алынған ақпаратты растауы мүмкін. Ауызша сурет әдісі анатомиялық белгілерін: үлкендігі, тұрпын, түсін сипаттайды. Адамның дене мүшелері визуалды жолмен

салыстыру арқылы жасалады(үшбұрышты, дөңгелек, сопақ, тіке деп геометриялық фигуралар тілінде айтылады).

Түсі бойынша, шашы, көзі, дене түсі, мендері, тыртық, татуировка және т.б. ерекше белгілері. Бет пішіндері екі жағдайда: алдынан және жанынан(профиль оң жағынан)

Психологиялық суретін құрастыруды қажет ететін материалдар жәбірленушінің және қылмыс болған жерді зерттеу жолында жиналады. Сот сараптамасын жүргізетін адам арнайы талдау көмегімен сұраққа жауап береді: Қылмыс қалай жасалды? Ал тергеуші жәбірленуші туралы, қылмыстық істің болған орны туралы мәлімдемелерге ие бола отырып қылмысты қандай тұлға түрі жасады деген сұраққа жауап береді. Сот-психологиялық сараптамасы тұлғаның пайда болған психикалық жағдайын, яғни қалыптан тыс ауытқушылығын зерттеу қажет болған жағдайда жүргізіледі.

Сарапшы-психологиялық зерттеуге берілген жағдайын оның кәсіптік мамандығына сәйкес болмаған, онда сараптама жасаудан бас тартуға құқылы.

Сот-психологиялық сараптамасының негізгі мақсаты тұлғаның қалыптан тыс психикалық ауытқушылығын ғылыми негізде зерттеу.

Сараптама әдісі, сенімді және пайдалы мынадай тестерден құралады:

- ой-өрістік /интеллект/ тесті арқылы зерттелу тұлғасының ой-өрісі және оны пайдалана білу дәрежесі анықталады;
- жеке жауап алу барысында зерттелу тұлғасының психологиялық және неврологиялық ауытқушылықтары және есәландық мінез-құлқы зерттеледі;
- әңгімелесу әдісі.

Сот-психологиялық сараптамасының қорытындысы барлық қорытындылар секілді мына бөлімдерден тұрады:

- кіріспе бөлім, мұнда қорытынды жасалған орны мен уақыты, сарапшы туралы мәліметтер және сараптама белгілеудің іс жүргізудегі негізі көрсетіледі;
- зерттелу бөлімінде, негізінде сипаттама беріледі;
- қорытынды бөлімде тергеу сұрақтары жауап беріліп, бұл сараптама қорытындысы болып табылады.

Тергеуші жеткілікті негіздер туындаған жағдайда қосымша немес қайта сот – психологиялық сараптамасын тағайындайды.

Заң міндетті түрде сот-психологиялық сараптамасын тағайындау жағдайларын қарастырған. Олардың қатарына мыналар жатады:

- кәмелетке толған айыпталушының ақылы кемдігін анықтауда сарапшының зерттейтін сұрақтары;
- зерттеу тұлғасында, өз жасына сәйкес психологиялық дамуында моральдық ауытқушылығы бар ма және ол қалай байқалады;
- психологияның берілген мәлімдемелері бойынша нақты тұлғаның қоғамға қарсы іс-әрекеттеріне оның психикалық даму ауытқушылықтары себепкер болды деген қорытынды жасауға болады ма?
- зерттелу тұлғасы өз іс-әрекеттерінің қандай дәрежеде игере алады;

тұлға мүмкіндіктерін анықтау үшін іске байланысты мәнді оқиғаларды дұрыс қабылдап, дұрыс жауап беру керек.

Сот-психологиялық сараптама психикасының мынадай жеке ерекшеліктерін анықтай алады:

- жәбірленушінің, оған зорлық жасау кезіндегі дәрменсіздік жағдайын анықтау. Дәрменсіздік жағдай жалпы әлсіздік, алкогольді және есірткілік ашу болу, оқиғаны дұрыс түсінбеу, жас болу сияқты жәйттер арқылы көрінеді;
- қылмыс жасау кезіндегі аффект /ашуланған, ашу қысқан кезде уақытша естен адасу/ жағдайын анықтау, адамның саналы түрде өз іс-әрекетін меңгеру қабілетінің төмендеуімен байланысты.

Сот-психологиялық сараптама міндетті емес мына себептерге байланысты тағайындалуы мүмкін.

- жазба құжатты нақты психологиялық ерекшеліктерге байланысты авторын анықтау;
 - тұлғаның, ұзақ жан күйзелісінен пайда болған, өзін-өзі өлтіруге бейім, қалыптан тыс психикалық жағдайын анықтау;
 - техника қолдануымен байланысты оқиғаны тергеу, ұқыпсыздық, қылмыстық өз-өзіне сенімділік және немқұрайлық салдарынан болған қателерді тергеу.
- Тергеуші кейбір жол-көліктің оқиғаларды тергеу барысында тағайындалған инженерлік-психологиялық тағайындалған сараптама көмегімен осы оқиға кезіндегі жүргізушінің мінез – құлқына талдау жасайды.

Мұндай сараптаманы екі сарапшы бір уақытта жасап, өз қорытындыларында тергеудің мына сұрақтарына жауап береді:

- тұлғаның құқыққа қайшы іс-әрекет жасауына кедергі болатын ақыл-ой қызметі ерекшеліктерін анықтау. Тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекетін жүзеге асыруына әсер ететін ерекшеліктері дәрежесін анықтау;
- құқық бұзушылық кезіндегі есалаң тұлғаның аффектілік жағдайын анықтау. Бірігіп сараптама жасау тергеуге және соттың нақты қылмыс жасауға мотивін анықтауға көмегін тигізеді.

Психологиялық сурет жасау төрт сатыдан тұрады:

1. қылмыстың негізін талдау, зерттеу.
2. тергеп жатқан қылмыстың орнын толық талдау.
3. жәбірленуші мен күдіктінің жақындарын, олардың қызығушылықтарын, кәсібін зерттеу.
4. қылмыскерді сипаттау(психологиялық негізіне қарап, сыртқы тұрпын зерттеу)

Психологиялық суреттемеде қылмыскердің мінездемесі келесідей сипатталады:

1. жынысы, жасы;
2. отбасылығы;
3. білімі;
4. кәсібі мен ісі;
5. полициялық тергеуге, жауап алғандағы тәртібі, осы жағдай оған қалай әсер етуі;

6. сексуалды жетіскендігінің деңгейі;
7. осындай қылмысты қайтадан жасауы мүмкін бе?
8. бұрын осындай қылмыс жасады ма?

Психологиялық суреттемені құрастырудағы қажетті материалдар:

1. қылмыс болған жердің фотосуреті;
2. мәйітті ашу материалдары, ашу қорытындысының талдауы қандай нәрсемен, қайда, қандай арақашықтықта, ретпен қандай күшпен жасалған жарақат қылмыс екендігін анықтау.
Жәбірленушінің денесіне түскен жарақатының талдауы негізінде анықтауға қажет:
 - а) адам өлтіруші қылмыскер жәбірленушіге ойда жоқта, қасқағым сәтте ұрынды ма, әлде олардың арасында көпке дейін арпалыс болды ма?
 - ә) құрбан болған адам немесе жәбірленуші өлгеннен кейін оған тағы жарақат салынды ма, киімінің үстінен, әлде жалаңаш денесіне, құрбан болған адамды бір жерге тығып қойды ма?
3. құрбан болған адамның өлгенге дейінгі іс-қимылдары(жұмыс орны, тұрғын жері, соңғы рет қайдан көргені, қылмыстық жерге қайдан келді және қалай келді)
4. құрбанның тұлғасы туралы ақпараттық құжаттар.

Қылмыскердің психологиялық суретін құрастыру үшін жәбірленушінің психологиялық суреті болу керек. Бұл неден құрастырылады:

- жынысы
 - дене ерекшеліктері
 - инцидент кезіндегі киімі
 - отбасылық статусы
 - әлеуметтік ортаға бейімділігі
 - мектептегі үлгерімі, интеллекті
 - өмір салты
 - тәртібі
 - тұрғын орны(бұрынғы, қазіргі)
 - үйдегі, жұмыстағы жағдайы
 - ауру тарихы (дене , психикалық ерекшеліктері)
5. Қылмыстың жалпы суреті, сипаттамасы туралы ақпарат

III-тарау.ПО қызметкерлерінің қызметіндегі кәсіби қарым-қатынас

3.1.ПО қызметкерлерінің қызметіндегі кәсіби қарым-қатынас

Бүгінгі күнде қылмыс туралы көп айтылып, көп жарияланып жатыр. Бұл жағдайды айтпасада түсінікті, өйткені біздің республикада криминалдық жағдай өте күрделі. Мұндай қиын жағдайда кез-келген азамат өзін

қылмыскерлерден қорғау үшін, өзінің қауіпсіздігі үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне келеді²⁶.

Сондықтан ішкі істер органының қызметкерлерінен заң жүзінде не істеу керек, өзінің жұмыс бабында қойған мақсатын ойдағыдай орындауда өзіне керекті ақпаратты тиянақты қолдану керек. Нақты айтқанда ішкі істер органының жұмысының негізі қарым-қатынас жасау мен хабар алмасу және оны тәжірибе жүзінде тиімді пайдалану.

Ақпарат түсудің негізгі көзі яғни оперативті-ақпараттың көзі жасалған қылмыстар туралы азаматтардан түскен арыздар, лауазымды адамдардан алынған хабарламалар және тағы басқа ақпарат көздері.

Азаматтардың заңды құқын қорғауда тиімді жұмыс істеу үшін, қылмыспен күресте, қоғамдық тәртіпті сақтау, қауіпсіздікті сақтау ақпаратты реттеп іздеуге, алуға, үзбей оперативті-керекті ақпаратты алуға байланысты. Оперативті-керекті ақпаратты іздеу, қабылдау, талдау, бағалау, жүйелеу ішкі істер органының кәсіпкерлік сауаттылығын көрсетеді.

Ішкі істер органының қызметкерлері өздеріне жүктелген әлеуметтік функцияны орындауда кәсіптік қарым-қатынасқа және әлеуметтік басқарудың әр-түрлі тәсілдерін, алдында тұрған оперативті-қызметтік жұмысты атқаруда әр-түрлі адамдардан, әртүрлі негіздерден алған ақпаратты бекітіп, қабылдап, талдау керек. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері тәжірибелік жұмысында біраз ғылыми түсініктер болу керек, соның ішінде өзінің қызметін білу /информированность/, және т.б.

Осы аталған кәсіптік қасиеттердің ішінде ақпараттарды білу, хабардар болу ішкі істер органының қызметкеріне өте қажет және алдына қойған оперативті жұмыстарды орындауында мәні өте зор. Заң қорғау және басқару мақсаттарын орындағанда "хабар" және хабардар болып отырады.

Ішкі істер органының қызметкеріне әрқашан есте сақтайтын нәрсе алған ақпараттың қайсысы шын, қайсысы жалған екенін айыра білу керек. Қызметкерлердің жақсы деңгейде хабардар болуы алдына қойған мақсатын атқарудың бір жағдайы болып табылады.

Осы тақырыптың негізгі мақсаты ішкі істер органында қызмет өткенде адамдардың әлеуметтік психологиясын түсіну керек және заңмен қарама-қайшылық не себептен екенін түсіну қажет.

Психология мен педагогика полиция қызметкерлеріне соның ішінде бөлім уәкілдеріне өздерінің алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыруда тәртіп бұзушыларды айқындауда және тәртіп бұзушылармен алдын-ала профилактикалық жұмыста өте қажет. Полиция қызметкерлерінің тәртіп бұзушылармен жұмысы тиімді және әсерлі болу үшін психологиялық-педагогикалық бағытта ғылыми жұмыс істеу керек. Оның себебі әлеуметтік-құқықтық жұмысты, алдына қойған мақсатты адамның жән-тәнін яғни психологиясын білмей,оның психологиялық ерекшеліктерін білмей жұмыс істеу қиын.

²⁶ Васильев В.Л. Юридическая психология. Серия «Учебник нового века».-СПб: Питер, 2001.-640 б.

Қарым-қатынаста полиция бөлім уәкілінің жұмысы нәтижелі болуы уәкілдің кәсіби шеберлігіне байланысты. Психологиялық контактіні ұйымдастыру үшін азаматтардың көзқарасын байқап арадағы пайда болған қарым-қатынасының мазмұнды болуын қадағалау керек. Полиция бөлім уәкілі әңгімелесетін адамын зейін қойып тыңдауы қажет.

Полиция бөлім уәкіліне жергілікті халықпен тиімді жұмыс істеу үшін қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін білу керек.

Қызмет бабында практика көрсеткендей жаңа қызметке келген полиция бөлім уәкілдері азаматтармен қарым-қатынаста айтарлықтай қиыншылықтарға кездеседі. Оларда тәжірибе бірденнен пайда болмайды. Тәжірибе пайда болу үшін кәсіби шеберліктің деңгейіне дейін көтерілу керек. Айта кететін жағдай тәртіп бұзушының заңға қарсы қайшылықтарын не себепті болғанын біліп, оларды түзеу және қайта тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу керек.

Психологиялық контакт-бұл дегеніміз бөлім уәкілімен азаматтардың арасындағы өзара сенім әңгімесі қарым-қатынасы. Өзіне баурап алып өзіне жақындатып сөйлесіп ортақ тіл табысып жүру оңай емес. Сол үшін полиция бөлім уәкіліне халықпен қарым-қатынаста қарапайым, шыншыл, жанашыр, болу керек. Сонда ғана бөлім уәкілінің беделі жай халықтың алдында одан әрі арта түседі. Беделі бар бөлім уәкілінде жай халықтың ішінде өте көп көмекшілері болады. Оған көмекшілері /сенімді адамдары/ болған қылмыстық жағдайлар туралы және күдікті адамдар туралы бірінші айтады. Егер полиция бөлім уәкілі шағым берушімен, жәбірленушімен психологиялық контакт яғни ортақ тіл табатын болса, онда өзіне керекті хабарды толығымен жеткілікті қылып алады. Ол хабарда мүмкін оперативтік қызықты хабар бар болуы мүмкін. Полиция бөлім уәкіліне жиі-жиі азаматтардың арызын қарап, жауабын беру керек болады.

Сендерге белгілі бөлім уәкілі қоғамға қарсы әрекеттер мен, қылмыспен күресте алдыңғы қатарда. Ол яғни бөлім уәкілі қызмет бабымен өзі жұмыс істейтін бөлімде халықпен әлеуметті қарым-қатынасқа араласады, яғни бұл дегеніміз азаматтардың шағым қағаздарын, өтініштерін қарайды және азаматтармен тәрбиелік профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Бөлім уәкілі адамдардың психологиясын сауатты, кәсіби жоғары деңгейде зерттеу керек, олардың іс-әрекеттерінің қате екенін дер кезінде уақытылы қадағалау керек және тәртіп бұзушыларға мақсатты полиция бөлім уәкіліне психологиялық-педагогикалық білім беру және қызметіне методикалық бағыттама беру.

Полиция бөлім уәкілі тиімді жұмыс істеу үшін мына жағдайларды ескеру керек.

- өзінің бөлімінде яғни әкімшілік бөлімінде қылмысты болдармау шараларын жасау керек;
- барлық тәртіп бұзу жағдайларын, өзі жеке дара қадағалап отыру керек;
- азаматтардың паспорттық ережелерін тексеру керек;
- бұрын сотталған адамдадың тізімін қадағалау керек;
- бұрын сотталған әкімшілік қадағалауда жүргендерді қадағалау;

- азаматтардың шағымдарын уақтылы тиянақты қарастыру керек;
- полиция бөлім уәкілі республикада болып жатқан жаңа заңдарды және нормативті актілерді дұрыс қолдану керек;
- өзінің кәсіптік шеберлігін әрқашан жоғарылатып отыру керек.

Осы аталған бағыттарда жұмыс істеу үшін психологиялық-педагогикалық білімнің керек екенін, яғни полиция бөлім уәкілінің қажет екенін тағыда дәлелдейді. Психология мен педагогиканың ерекше орын алуы полиция құқық қорғау органдары қызметкері ретінде заң қоғамдық өмірде реттеуші ретінде айқындалады. Одан бөлек азаматтардың тәрбиесіне психологиялық және педагогикалық факторлар әсер етеді. Полиция бөлім уәкілі қоғам алдында әрдайым заң бұзу іс-әрекеттерінің психологиялық педагогикалық факторларын бағалап сол қоғамға қарсы жағдайларды болдырмау керек.

Полиция бөлім уәкілі өзінің күнделікті қызметінде азаматтармен қарым-қатынаста болып тұрады. Олармен араласқанда азаматтардың арызын қарап керекті органдарға жібереді және ұрыс жанжал шыққан жерлерге барып тәртіп бұзушыларға тәрбиелік жағынан әсер етеді²⁷.

Полиция бөлім уәкілінің азаматтармен қарым-қатынасы нәтижелі тиімді болу үшін мемлекеттің саясатын түсіндіріп айту керек. Бөлім уәкілі мемлекеттің уәкілі ретінде заң жағынан өкілеттігін білдіріп азаматтардан заңды бұзбауын талап ету керек.

Полиция бөлім уәкілі қарым-қатынасының үш аспектісін қарастырайық:

1. Қарым-қатынас.
2. Контакті яғни бір-бірімен араласу;
3. Конфликтілер яғни ұрыс-жанжалдар.

Ең бірінші қарым-қатынас дегеніміз адам арасындағы қызмет бабында мұқтаждықтан туындаған байланыстың өркендеуінің көп жоспарлы процесі.

Қарым-қатынас полиция бөлім уәкілі жұмысының негізі ретінде қалыптасады.

Кәсіптік қарым-қатынастың негізгі функциялары.

1. Интеллектуалдық бағалау.
2. Ақпараттық /информационный/.
3. Әсер ету /воздействия/.

Интеллектуалдық бағалау функциясында бірін-бірі түсіну керек, психологиялық ерекшеліктерін білу қажет. Ал ақпараттық функцияда азаматтардан әр-түрлі хабар алысып олардың ойында не бар екенін білу керек. Әсер ету функциялары тәртіп бұзушы адамға дер кезінде әсер етіп профилактикалық әсер ету керек.

Өздеріне белгілі болғандай полиция бөлім уәкіліне қарым-қатынасыз жұмыс істеу мүмкін емес, ал сол үшін полиция бөлім уәкілі өзін-өзі жоғары деңгейге көтеріп азаматтармен қарым-қатынасын кәсіптік шеберлікке дейін көтеру керек. Полиция бөлім уәкіліне азаматтармен күнделікті қарым-

²⁷ Виллюнас В. Психология эмоций.: Хрестоматия по психологии.-М., 2008.-496 б.

қатынаста ортақ тіл табудың педагогикалық мәдениетін үйрету керек. Полиция бөлім уәкіліне әңгімелесетін адамның жасын әлеуметтік ортасын, денсаулығын, ұлтын полицияға көзқарасын ескере отырып, қарым-қатынастың тиімділігін арттыру керек. Содан кейін ескеретін жағдай бөлім уәкіліне әр сөзін сөйлеген кезде ойланып, басалқылы сөйлеу керек. Өйткені оның әр айтқан сөзін азаматтар есітіп, өздерінің есінде сақтап қалады. Полиция бөлім уәкілі азаматтармен ортақ тіл табу үшін кәсіптік сауатты іс-әрекеттермен және олардың алдында өзінің жұмыс бабында жүргенін түсіндіру керек, яғни психологиялық педагогикалық әдісін қолданып қою керек.

Мұндай жағдайда азаматтармен психологиялық контактіні қайта ұйымдастыруға болады. Ол үшін түскен қағазды мұқият оқу керек. Арыз дегеніміз хабардың негізгі түп нұсқасы. Арыздың көбісі жанұядағы, тұрмыстағы жан-жал ұрыстар.

Практикада мынадай жағдайларда кездеседі. Полиция бөлім уәкілі бір арызды қайтадан қарап өткеннен кейін біраз уақыттан кейін тура сондай арыз қайтадан түседі. Мұның себебі бөлім уәкілі бір арызды үстіртін немқұрайлы қарағаны яғни арызының егжей-тегжейіне дейін түпкілікті қарамағаны. Арыз қайтадан түспеу үшін ұрыс, жанжал шығатын семьяларға барып, профилактика (алдын алу тәсілі) жүргізіліп тұрады. Сонда ол семьядан ұрыс жанжал деп арыз түспейді.

Бөлім уәкіліне әртүрлі категориядағы адамдармен араласуға тура келеді. Ол қандай адамдар, соны қарастырайық. Ол азаматтар еңбекпен түзеу орындарынан жазасын өтеп шығып әкімшілік қадағалауда жүргендер. Бұл категориядағы адамдармен жұмыс істеген кезде бөлім уәкіліне арнайы психологиялық-педагогикалық әдіс, яғни методика керек. Себебі бұл азаматтарға тәрбиелік жағынан әсер ету керек.

Осы категориядағы азаматтармен қалай психологиялық контакт табу керек соны қарастырайық.

Ең алдымен олармен қарым-қатынасты бір қалыпты байсалды кейіппен жасау қажет. Тізімде тұрған адамнан бұрынғы колониядағы өмірі туралы себепсіз сұрақтар қойып ашуландырмау керек. Егер психологиялық контакт жақсы жағына шықса оның алдында қандай қайшылықтар бар екенін сұрастырып, көмек керек болса сұрау керек. Егер тізімде тұрған адам бөлім уәкілінен жұмыс немес тұрмыс жағынан қайшылықтар бар деп көмек сұрайтын болса, ол қарым-қатынастың жемісті болғаны. Осындай уақытта есте сақтайтын жағдай тізімдегі азаматтың ашылып, бұрын жасырған оқиғаларын айтуы мүмкін. Осындай уақытта бөлім уәкіліне мұқият тындау керек. Егер бөлім уәкілі тізімдегі адамға адамгершілік жасап көмек көрсететін болса, қарым-қатынас жемісті болуы мүмкін.

Егер қарым-қатынас қалыптаспай қарама-қайшылық болатын болса, жанжал шығуы мүмкін.

Анықтама: Дау жанжал дегеніміз-екі адамның немесе екі топтың арасындағы көзқарастарының, ойлауларының бір-біріне қарама-

қайшылықтары, бір-біріне сыйыспауы.

Полиция бөлім уәкілі дау-жанжалдың не себепті шыққанын, психологиялық жағын қарастырып және оның не себепті өркендегенін білу керек.

Дау жанжалдың шығу себептерінің үш түрі бар:

1. Әлеуметтік жағдайға байланысты.
2. Жеке адам мәселесі.
3. Қарым-қатынас.

Дау жанжалдың шығу себебі әр түрлі. Даудың шығуына жағдай дегеніміз қанағатсыздық, шаршау, ашуланғыштық, осы психологиялық кездер әсер етеді.

Даудың шығуы жеке адамға да байланысты даудың шығуына өзі себепкер болады.

Дауды ұрыс жанжалға жеткізбей шешу полиция бөлім уәкіліне әлеуметтік-психологиялық мәдениетінің белгілерін білдіріп, бөлім уәкілінің беделін арттырады. Полиция бөлім уәкіліне өзінің әкімшілік ауданында жай халықпен жақсы қарым-қатынаста болып, ортақ тіл табысуға бөлім уәкілінің психологиялық ерекшелігіне, дайындығына, тәжірибелілігіне тікелей байланысты. Азаматтармен ортақ тіл табуда полиция бөлім уәкіліне оңай болу үшін өзінің алдында тұрған психологиялық кедергілерді жеңіп шығу керек.

Сонымен біздің білгеніміз азаматтармен қарым-қатынаста ортақ тіл табу өте күрделі процесс. Полиция бөлім уәкіліне беделді болуы оның психологиялық тұрғыда кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бөлім уәкіліне азаматтармен қарым-қатынаста тек қана заң сақтау жағынан жұмыс емес, сонымен қатар іс-әрекеттің жалпы мәдениетін сақтау керек. Басты мақсат қызмет бабында заңдылықты бұзбай, халқына үлгілі қызмет ету²⁸.

Қазіргі ғылыми-техникалық даму кезеңінде, жаңа байланыс құралдар арқылы мәлімет алғаны туралы куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкер тұлғалардан жауап алынады. Сонымен қатар тергеу органдарында, авиациялық апаттарға, шапшаң көліктер мен аппаратуралар жұмыстарына байланысты қылмыстық істер қарастыруында. Сондықтан да тергеу қызметкерлері міндетті түрде, куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкер тұлғалардың құралдар мен техникалық құрылғылардан алған қабылдауларын өңдеуде жіберілетін қателер мүмкіндігін білуі тиіс.

Жәбірленуші мен куәгерлердің көрсетулерін нәтижелі түрде зерттеуде, осы көрсету психологиясының негізгі сұрақтарын білу өте маңызды. Тергеу органдарына көрсетулер ұсыну, адамның психикалық қызметімен тығыз байланысты. Көрсету, ұсыну алдында адам, тергеу органдары қызығушылығындағы жағдайды бақылап болуы тиіс. Қабылданған жағдай тұлғаның түйсігінде қалыптасып, ұзақ уақыт бойы есінде сақталып, нәтижесінде тергеушіге мәлімделеді. Куәгерлер мен жәбірленушілердің

²⁸ Волков Б. Методология и методы психологического исследования.-М., 2006.-352 б.

көрсетулерінің барысында, объективтік және субъективтік сапалар себебіне байланысты қателер жіберілуі мүмкін. Көрсетулер дәлдігіне әсер ететін себеп-салдарларды келесі тақырыптарда толығымен қарастырамыз.

Жауап алу, қылмыс оқиғасына байланысты жағдайларға негізделеді. Бірақ көрсетулер жауап алу негізіне байланысты емес жағдайлардан тысқары болады деп негізінен болмайды. Егер адам барлық уақытта тек өзінің сезім мүшелері арқылы сыртқы ортамен байланыс жасайтын ғана болса, онда танымдық қызмет болмаған болар еді. Қоршаған ортадағы жағдайларды түйсініп, қабылдау объектілері қолданысын түсіну арқылы, адамның есте сақтауы негізіндегі өмірлік тәжірибесі қалыптасады.

Куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкердің қабылдауында қиял /қателік, алдау/ орын алуы мүмкін.

Қиялдың туындауы заңды болуы тиіс:

3. Қиял, бақылау нәтижесіндегі ерекше жағдайларда пайда болады. Мысалы, бір көзбен бақылау, көз осьтерін қозғалтпай бақылау, саңылау арқылы бақылау және т.б.
4. Көптеген көру қиялдары, көріну объектісін жалған қабылдаудан туындайды, бұл жағдайда жалғандық көру бейнесін қате түсінуден пайда болады.
3. Қиял көздің оптикалық дамуына және кейбір анализаторлардың ерекше сапаларына /жүйке рефлекстері, көз торы/ байланысты туындайды. Кей адамдарда болатын, алыстан немес жақыннан көрмеу, дальтонизм және басқа да көру аппараттарының ақауларына байланысты, көру сезімінің бұрмалануы кездесіп отырады.

Психология, қазіргі заманғы әр түрлі байланыс белгілері мен құралдары көрсетулерін адамның нақты және тез қабылдауына көп көңіл бөледі.

Көңіл аудару қиындықтары – бұл психологиялық маңызды сұрақтарының бастысы. Көңіл аудару дегеніміз – ойдың нақты бір нәрсеге шоғырлана көңіл аударуы. Біздің әрқайсымызға барлық уақытта санамызға әсер ететін, көру, есту басқа да сезім мүшелерімен қабылданатын әр түрлі мыңдаған тітіргендіргіштер әсер етеді.

Адамдардың көру, есту, дәм сезу, түйсіну, түстерді ажырату, дыбысты қабылдау, кеңістік пен уақытты анықтау қабілеттері әр түрлі болады.

Көру, есту қабілеттеріндегі кемшіліктер болуы себебінен, қабылдаулардың анықтығы өзгеруі мүмкін екендігі бізге мәлім.

Сонымен қатар кейбір көру, есту кемістіктері бар адамдар, бұл кемшіліктерін өздері де білмеуі мүмкін.

Адам психикасы, қоршаған ортамен өзара байланысты іс-әрекет жасау нәтижесінде дамиды. Осы қызмет барлық психикалық іс-әрекеттердің дамуын анықтайды.

Куәгердің жәбірленушіден айырмашылығы ол іс бойынша мүдделі емес және берген жауаптарының мәнді болуы оның психологиясының және өрісінің дамуына байланысты. Кез-келген тергеушінің кәсіптік сапасы бұл оның қылмыстық іс жүргізудің барлық қатысушыларымен психологиялық

қатынасты қалыптастыра білуі. Тергеуші барлық тергеу іс-әрекеттерінде қолдана отырып, жауап беруші тұлғаның психикалық жағдайын бағалай білуі тиіс. Тергеу барысында тергеушінің психикалық мінез-құлқы жауап беруші тұлғаның психикалық жағдайын ескере отырып қалыптасады. Жауап беруші тұлға абыржып, қылмыскерге қарама-қайшы қатынаста немесе жабығып, тұжыраңқы көңіл болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тергеушінің ұқыпсыз, көңілді болып жүруіне болмайды, өйткені тараптардың үйлесімді қарым-қатынасының қалыптасуы, жауап беруші тұлғаның психикалық беделділігінің артуына себепкер болуы мүмкін.

Жауап алу кезінде және тағы басқа да тергеу іс-әрекеттері кезінде жауап беруші айыпкер мәлімдеуден бас тартатын жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайларда тергеуші психикалық мәжбүрлеу сияқты құқық аясындағы әдістер қолданылады. Тергеуші айыпкердің қарсылық көрсетуіне әсер ететін, нәтижесінде айыпкер жасырған мәліметтер оның еркінен тыс айқындауға итермелейтін жағдайды қалыптастыруды ұйымдастыруы тиіс.

Психикалық мәжбүрлеу бұл жауап беруші тұлғаға байланысты тергеушінің күштеу тәсілі емес, оның мақсаты жауап беруші тұлғаның дұрыс мәлімдемелер беруге сендіру және оның қарсылық көрсетуін жеңіп шығу. Сонымен психикалық мәжбүрлеу дегеніміз – тергеушінің әдістік шеберлігінің негізі.

Заңды психикалық мәжбүрлеу әдістері жауап беруші тұлғаның қарсы іс-әрекетін жеңілдететін, шын мәлімдемелер беруге итермелейтін міндетті психологиялық жағдайлар қалыптастырады.

Сот психологиясы ілімі жауап беруші тұлғаның қарсы іс-әрекеттеріне тергеушінің қолданатын заңды әдістерін ұсынады:

- мұндай тұлғаның, оның қарсылық көрсетуі нәтижесін көрсететін іс бойынша барлық айғақтармен танысуы;
- айыпкердің, оған беймәлім айғақтар туралы субъективтік түсінігін қалыптастыру;
- тергеушінің іс бойынша белгілі бір сұрақ бойынша қате түсінігін түзету;
- қылмысты әшкерелейтін ерекше маңызды айғақтарды кенеттен алдына қою, яғни айғақтарды мәніне қарай ұсыну;
- тергеушінің, айыпкердің маңызды талдау жасауына себепкер болатын іс-әрекеттер жасауы;
- тергеушінің айыпталушы мәлімдемесіне байланыссыз жасырын жайларды анықтау мүмкіндіктерін көрсетуі;
- тергеуші әдістерді ескере отырып жауап алудың сәйкес тактикасын таңдай білуі тиіс.

3.2.ПО қызықтыратын тұлға және топтың психологиялық суретін құру әдістері

Жедел-қызметтік сұрақтарды шешудің ең бір жолы психологиялық заңдылықтарды, тәсілдерді білу, оларды қызметінде қолдана білу. Осы тәсіл-

әдістердің бірі-психологиялық сипаттама сурет құрастыру (қылмыкер, қылмыстық топтардың)

«Криминалистика» курсынан білетінііз (ауызша суретті құрастыру). Ауызша сурет-адамның сыртқы белгілерінің түрін, пішінін бір анық жүйеде сипаттау әдісі.

Осы әдіс қылмыскерді, жоғалған адамдарды іздестіруде, тануда қолданылады.

Іздестірілген адамдар, қылмыскерлер туралы қылмыстық тіркеуден, мұрағаттық материалдар жеке істерінен, фотосуреттерінен, тергеу кезінде алынған жауаптардан немесе уақиға болған жерді қарастыру бойынша алынған материалдар негізінде құрастырылады. Жасырын жүрген қылмыскерді суреті жәбірлеушінің сөзі, сипаттамасы бойынша беріледі және уақиға болған жердегі іздер т.б. оның ерекшелігі анықталады.

Ауызша суретке қарағанда психологиялық сурет адамның сипаттамасы ішкі психологиялық белгілерін, сипатын айқындайды.

Психологиялық суретті құрастырудың басты қызметі: жеке тұлғасы анықталмаған қылмыскерді іздеу, қылмыскерді табу. Психологиялық суреттеменің ерекшелігі психологиялық сурет берілген аймақ білімге негізделмейді, ол болжам түрінде беріледі.

Психосексуалды кемтар адамдардың әр жерде, әр түрлі уақытта қайталанып жасалған адам өлтіру қылмыстарының бетін ашқанда осы әдіс қажетті болып табылады.

Жалпы алғанда, қайталанған адам өлтіру қылмыспен күресу мәселесі көптеген дамыған елдердің ғалымдары мен тәжірбиені мамандарына талқыға салынған. Сексуалды агрессия, сексуалды адам өлтіруші маньяк террористен, қарақшыдан да қауіптірек. Оның басқа қылмыскерлерден айырмашылығы қылмыстық жолға түссе, ол (маньяк) сол жолдан кетпейді, тоқтамайды, яғни оны ұстамайынша ол адамдарды өлтіре береді. Тек өзін - өзі қорғау ретінде (қауіпсіздендіру) мақсатымен уақытша өз ісін тоқтатуы мүмкін. Алайда адам өлтіруші маньяк өмірде басқа адамдар арасында ешқандай ерекшеленбейді, яғни сырт пішіні, тәртібі ортаға сай сияқты болып кемді. Әрине, тек осы белгілер ғана оны көп адамдар ішінен тауып алуды қиындатады.

Психологиялық суреттеме әдісі XX ғасырдың 50-ші жылдардың ортасында қолдана басталды. Еуропа елдерінде, АҚШ-та кеңінен қолданылды. 1984 ж. АҚШ ФБР- да зорлық жасау қылмыстарды зерттейтін бөлім ашылды. Бөлімнің қызметі-аса ауыр қылмыс, қайталанған адам өлтіруші қылмыскерге іздеу салу және ұқсастығын табу. Ашылған, ашылмаған ауыр зорлық қылмыстардың жасалғандығы туралы мәліметтер компьютерлік желісінде арнайы бағдарламада берілген.

Адамдардың сыртқы пішін сипаттамасын, оның сөзін, іс-қимылын, тәртібін, психикалық жағдайын, ерекше белгілерін қабылдаудың психикалық ерекшеліктері.

Жеке тұлғаның типологиялық құрылымы анық мағынаны білдіреді. Қылмыстық істі тиімді жүргізуде немесе қылмыс жасаған адамды қайта тәрбиелеуде, яғни қылмыстық тұлғаның диагнозын емес, оның даму болжамын анықтауда типологияның әсері көп. Типология қылмыстық тәртіптің заңдылығын, оның табиғатын, себептерін ашуға мүмкіндік береді, оның болжамының негізін тудырады.

Біздің қылмыснама тәжірибесінде қылмыскер типологиясының пайда болуы оның жасаған қылмыстарының түрткісі, күші бойынша анықталады. Неге осы түрткі типологияның негізіне алынды.

Мотив(түрткі)-субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғыздырушы. Түрткі адамды түрлі іс әрекетке итермелейтін себеп.

А.Г.Ковалев жеке тұлғаның криминогендік деңгейі негізінде үш түрге бөледі:

- Қылмысқа әбден бой сұғып кірген тұлға. Бұл түр қылмыскерлері әлеуметтік ортаға қарсы, еңбекке, адамға теріс қарайтын, өз өмірін қылмыссыз өткізе алмайды, қызықтың бәрі осы қылмыстық істе деп түсінеді.
- Парциалды, яғни бұл қылмыскерде қылмыскер бітістері және әлеуметтік дұрыс адам тұлғасының қасиеттері болады.
- Криминалға дейінгі, бұл түр қылмыстық істі анық айқын жағдайларда ғана жасаушылар. Бұл түр эмоциялық қозуы басым, өзін-өзі ұстай алмайтын немесе жеңілтек, жалқау, яғни өзін қинамай еңбек етпей жақсы өмір сүргісі келетін адамдар.

Мүліктік қылмыстардың типологиясы негізіне Ю.М. Антонян, В.П.Голубев, Ю.Н.Кудряков түрткіге қылмыстық істерін, іс-қимылдарын бағыттайды.

Шартты түрде авторлар мүлікті талан-таражға салудың алты түрін бөледі:

- Пайдақұмарлықтар, яғни пайдақорлық қылмыс жасаушылар;
- өндірістік, яғни өндірістік материалдарды алу үшін пара береді, пара алады. Ақшаны өндірістік мұқтаж үшін алады;
- әлеуметке қарсы, бұл түрге маскүнемдер, алкоголиктер, әлеуметтік ортадан шығып кеткендер;
- алкогольды, яғни бұлар мемлекеттік және жеке меншік мүліктерін ішімдік алып ішу үшін ұрлықпен айналысады және осы себеп ең басты түрткі болады;
- ойын ойнаушылар, ойынға әуестігі, алдап арбау арқылы;
- отбасылық, ұрлық жасау мақсатында өз отбасының қамын ойлау , материалды және рухани байлықтармен қамтамасыздандыру деп түсінеді.

Қылмыскердің жалпы мінездемесін біле отырып олардың ерекшеліктерін, типологиялық бітістерін айқындауда, құқық қорғау қызметкерлері оның алдында тірі адам екендігін ұмытпауы қажет. Сондықтан да әрбір айыпталушы, сотталушының жеке тұлға ретінде қарастыру қажеттігін ұмытпауы керек.ПО қызметкері азаматтар тұлғасының психикалық ұқсастығын, сәйкестігінің психологиялық суретін жасай білуі қажет.

Психологиялық сәйкестік куәгердің, күдіктінің, айыпталушының эмоционалды жағдайын анықтауға, іздеуде жүрген қылмыскердің қалдырған іздері бойынша айқындауға бағытталған. Қылмыстық іс бойынша ақпарат алудың көзі болған адам ПО қызметкерінің білу, қабылдау объекті болуы қажет. Тек осындай адамдардың психологиялық суреті алынған ақпаратты растауы мүмкін. Ауызша сурет әдісі анатомиялық белгілерін: үлкендігі, тұрпын, түсін сипаттайды. Адамның дене мүшелері визуалды жолмен салыстыру арқылы жасалады (үшбұрышты, дөңгелек, сопақ, тіке деп геометриялық фигуралар тілінде айтылады). Түсі бойынша, шашы, көзі, дене түсі, меңдері, тыртық, татуировка және т.б. ерекше белгілері. Бет пішіндері екі жағдайда: алдынан және жанынан (профиль оң жағынан)

Психологиялық суретін құрастыруды қажет ететін материалдар жәбірленушінің және қылмыс болған жерді зерттеу жолында жиналады. Сот сараптамасын жүргізетін адам арнайы талдау көмегімен сұраққа жауап береді: Қылмыс қалай жасалды?

Ал тергеуші жәбірленуші туралы, қылмыстық істің болған орны туралы мәлімдемелерге ие бола отырып қылмысты қандай тұлға түрі жасады деген сұраққа жауап береді.

Сот-психологиялық сараптамасы тұлғаның пайда болған психикалық жағдайын, яғни қалыптан тыс ауытқушылығын зерттеу қажет болған жағдайда жүргізіледі.

Сарапшы-психологиялық зерттеуге берілген жағдайын оның кәсіптік мамандығына сәйкес болмаған, онда сараптама жасаудан бас тартуға құқылы.

Сот-психологиялық сараптамасының негізгі мақсаты тұлғаның қалыптан тыс психикалық ауытқушылығын ғылыми негізде зерттеу.

Сараптама әдісі, сенімді және пайдалы мынадай тестерден құралады:

- ой-өрістік /интеллект/ тесті арқылы зерттелу тұлғасының ой-өрісі және оны пайдалана білу дәрежесі анықталады;
- жеке жауап алу барысында зерттелу тұлғасының психологиялық және неврологиялық ауытқушылықтары және есаландық мінез-құлқы зерттеледі;
- әңгімелесу әдісі.

Сот-психологиялық сараптамасының қорытындысы барлық қорытындылар секілді мына бөлімдерден тұрады:

- кіріспе бөлім, мұнда қорытынды жасалған орны мен уақыты, сарапшы туралы мәліметтер және сараптама белгілеудің іс жүргізудегі негізі көрсетіледі;
- зерттелу бөлімінде, негізінде сипаттама беріледі;
- қорытынды бөлімде тергеу сұрақтары жауап беріліп, бұл сараптама қорытындысы болып табылады.

Тергеуші жеткілікті негіздер туындаған жағдайда қосымша немес қайта сот – психологиялық сараптамасын тағайындайды.

Заң міндетті түрде сот-психологиялық сараптамасын тағайындау жағдайларын қарастырған. Олардың қатарына мыналар жатады:

- кәмелетке толған айыпталушының ақылы кемдігін анықтауда сарапшының зерттейтін сұрақтары;
- зерттеу тұлғасында, өз жасына сәйкес психологиялық дамуында моральдық ауытқушылығы бар ма және ол қалай байқалады;
- психологияның берілген мәлімдемелері бойынша нақты тұлғаның қоғамға қарсы іс-әрекеттеріне оның психикалық даму ауытқушылықтары себепкер болды деген қорытынды жасауға болады ма?
- зерттелу тұлғасы өз іс-әрекеттерінің қандай дәрежеде игере алады; тұлға мүмкіндіктерін анықтау үшін іске байланысты мәнді оқиғаларды дұрыс қабылдап, дұрыс жауап беру керек.

Сот-психологиялық сараптама психикасының мынадай жеке ерекшеліктерін анықтай алады:

- жәбірленушінің, оған зорлық жасау кезіндегі дәрменсіздік жағдайын анықтау. Дәрменсіздік жағдай жалпы әлсіздік, алкогольді және есірткілік ашу болу, оқиғаны дұрыс түсінбеу, жас болу сияқты жәйттер арқылы көрінеді;
- қылмыс жасау кезіндегі аффект /ашуланған, ашу қысқан кезде уақытша естен адасу/ жағдайын анықтау, адамның саналы түрде өз іс-әрекетін меңгеру қабілетінің төмендеуімен байланысты.

Сот-психологиялық сараптама міндетті емес мына себептерге байланысты тағайындалуы мүмкін.

- жазба құжатты нақты психологиялық ерекшеліктерге байланысты авторын анықтау;
- тұлғаның, ұзақ жан күйзелісінен пайда болған, өзін-өзі өлтіруге бейім, қалыптан тыс психикалық жағдайын анықтау;
- техника қолдануымен байланысты оқиғаны тергеу, ұқыпсыздық, қылмыстық өз-өзіне сенімділік және немқұрайлық салдарынан болған қателерді тергеу. Тергеуші кейбір жол-көліктің оқиғаларды тергеу барысында тағайындалған инженерлік-психологиялық тағайындалған сараптама көмегімен осы оқиға кезіндегі жүргізушінің мінез – құлқына талдау жасайды.

Мұндай сараптаманы екі сарапшы бір уақытта жасап, өз қорытындыларында тергеудің мына сұрақтарына жауап береді:

- тұлғаның құқыққа қайшы іс-әрекет жасауына кедергі болатын ақыл-ой қызметі ерекшеліктерін анықтау. Тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекетін жүзеге асыруына әсер ететін ерекшеліктері дәрежесін анықтау;
- құқық бұзушылық кезіндегі есалаң тұлғаның аффектілік жағдайын анықтау. Бірігіп сараптама жасау тергеуге және соттың нақты қылмыс жасауға мотивін анықтауға көмегін тигізеді.

Психологиялық сурет жасау төрт сатыдан тұрады:

6. қылмыстың негізін талдау, зерттеу.
7. тергеп жатқан қылмыстың орнын толық талдау.
8. жәбірленуші мен күдіктінің жақындарын, олардың қызығушылықтарын, кәсібін зерттеу.
9. қылмыскерді сипаттау(психологиялық негізіне қарап, сыртқы тұрпын зерттеу)

Психологиялық суреттемеде қылмыскердің мінездемесі келесідей сипатталады:

9. жынысы, жасы;
10. отбасылығы;
11. білімі;
12. кәсібі мен ісі;
13. полициялық тергеуге, жауап алғандағы тәртібі, осы жағдай оған қалай әсер етуі;
14. сексуалды жетіскендігінің деңгейі;
15. осындай қылмысты қайтадан жасауы мүмкін бе?
16. бұрын осындай қылмыс жасады ма?

Психологиялық суреттемені құрастырудағы қажетті материалдар:

3. қылмыс болған жердің фотосуреті;
4. мәйітті ашу материалдары, ашу қорытындысының талдауы қандай нәрсемен, қайда, қандай арақашықтықта, ретпен қандай күшпен жасалған жарақат қылмыс екендігін анықтау.
Жәбірленушінің денесіне түскен жарақатының талдауы негізінде анықтауға қажет:
 - а) адам өлтіруші қылмыскер жәбірленушіге ойда жоқта, қасқағым сәтте ұрынды ма, әлде олардың арасында көпке дейін арпалыс болды ма?
 - ә) құрбан болған адам немесе жәбірленуші өлгеннен кейін оған тағы жарақат салынды ма, киімінің үстінен, әлде жалаңаш денесіне, құрбан болған адамды бір жерге тығып қойды ма?
3. құрбан болған адамның өлгенге дейінгі іс-қимылдары(жұмыс орны, тұрғын жері, соңғы рет қайдан көргені, қылмыстық жерге қайдан келді және қалай келді)
4. құрбанның тұлғасы туралы ақпараттық құжаттар.

Қылмыскердің психологиялық суретін құрастыру үшін жәбірленушінің психологиялық суреті болу керек. Бұл неден құрастырылады:

- жынысы
 - дене ерекшеліктері
 - инцидент кезіндегі киімі
 - отбасылық статусы
 - әлеуметтік ортаға бейімділігі
 - мектептегі үлгерімі, интеллекті
 - өмір салты
 - тәртібі
 - тұрғын орны(бұрынғы, қазіргі)
 - үйдегі, жұмыстағы жағдайы
 - ауру тарихы (дене , психикалық ерекшеліктері)
5. Қылмыстың жалпы суреті, сипаттамасы туралы ақпарат.

3.3.Түрлі адамнан алынған мәліметтердің талдауын психологиялық қабылдау

ПО қызметкерлерінің тәжірибесі барысында ғылыми түсініктер кездеседі. Құзіреттілік (компетентность), кәсіби және жедел біліктілік, кәсіби интеллект, ақпараттың болуы. Хабардарлық (информированность) Осы түсініктердің ішінде ең қажеттісі-ақпараттың болуы, оны жетік білу, ақпараттың жеткіліктілігі, себебі қызметкер осы ақпаратты жоғары дәрежеде біліп отырса, ол қызметінде қажетті шешімдерді дұрыс та дер кезінде қабылдап,қолдана алады.

Хабардарлық - адам жүктелген қызметтің тиімді болуына байланысты мәліметтердің ПО-ы қызметкердің қызметкерінің хабардарлығы құқық қорғау жағдай болуы. Әсер ететін фактілерді білу, оның себептері мен шарттарын білу. ПО қызметкерлерінің тәжірибесінде кездесетін түсініктер: ақпараттылық құзіреттілік, хабардарлық. Қызметкер жасалып жатқан қызметтінің шартын білуі қажет. Ақпараттық анықтамасуына әсеретеді.

Құзыреттік- осы қызметінде іске асыруда білімнің дағдасын үлкен септігін тигізеді. Ал хабардың бұл адамның ақпаратты басқа да адамдар беруі мүмкін, ал ақпаратылық бұл жеке тұлғаның өзінің белсенділігінің арқасында алынуы мүмкін.

Бұл сәтте ақпаратпен жұмысты бір жүйеде қарастырған дұрыс:

НЕ	КІМ	ҚАЛАЙ	ҚАШАН	ҚАЙДА
Ақпарат мазмұны Ақпарат нысаны	Ақпарат субъектісі Ақпарат көзі	Ақпаратты беру құралы	Ақпаратты беру уақыты	Ақпаратты жасалау орны

Мазмұны бойынша ақпараттық бөліну.

Жедел жағдай болып жатқан аудандардағы адамдар немесе тұрғындардың көңіл күйі, ой күйі туралы ақпарат. Қоғамға қарсы келетін топтар, олардың құрамы, басшысы туралы ақпарат.

Жеке пәтерлерде тұрып жатқан арнайы континент құрамына кіретін адамдардың жеке психолог ерекшеліктері туралы:

Есепте тұрған жеке психологиялық ерекшеліктері бар адамдар, олардың ара қатынастары, олардың қылмыс жасау мүмкіндіктері туралы және оларға дұрыс әсер беруші факторлар туралы.

Жедел қызметке қажетті адамдар туралы ақпаратты жеткізуші адамдардың психологиялық ерекшеліктері.

Жаңа қылмысты жасауға дайын тұрған және бостандығынан айырылған туралы ақпарат.

Құқық бұзушылықты немесе қылмысқа дайындалып жатқандығы туралы.

Жедел маңызды ақпаратты алудың негізгі көзі.

- ПМ- нің жоғарғы органдарының шешімдері
- Жетекшінің, басшысының шешімі, хабарлау органы штабының бастығы, техникалық қондырғылар дабылы;
- Лауазымды адамдардың хабарлауы, мәліметтері, түсініктемелері, мемлекеттік және қоғамдық мекемелер, ұйымдар , қоғамдық тәртіп күзетіне қатысушы қоғам өкілдерінің хабарлары.
- Республикалық, жергілікті баспасөз, республикалық, жергілікті радио хабарландырулар.
- Азаматтардан (күзгер,жәбірленуші) келіп түскен өтініш, арыз, хат, мәлімет және тек түсініктемелер.
- Қызығушылық тудыратын және тексеруді қажет ететін лақаптар (слухи)
- Анонимдік хабарлар, түсініктемелер мәліметтер, өз кінәсін мойындап келген құқық бұзушыла

Ақпарат көзін, ақпарат субъектісімен шатыстырмаңыз,

Ақпарат көзі-объективті уақиға, жағдай,құбылыс, ал субъект-осы уақиға болғандығын айтып жеткізіп тұр.

Бұл кезде ақпарат көзі біреу, ал субъект көп болуы мүмкін.

Мәліметтің толықтығы ақпараттың мазмұнын бағалайды. Оның құндылығын, қажеттігін, дұрыстығын білдіреді.

Ақпарат нысаны (формасы)

- Ауызекі, ауызекі емес(мимика қозғалыс жесты)
- Басқа адамдар арқылы немесе басқа құрау арқылы беріледі.
- Ауызша, жазбаша.
- Қолдан жазылған немесе машинамен жазылған.

Ақпаратты талдауғы ең маңыздысы-оның берілу құралын есепке алу.

Байқауға қажетті деп, табылатыны осы ақпараттың телефон арқылы немесе анонимді түрде немесе почта арқылы түскені. Ақпараттың берілу және алу уақытында көңіл бөлу қажет. Мысалы, тәулік уақыты адамның жалпы психикалық жағдайына сақтау, қабылдау т.б. қабілеттіліктеріне әсер етеді.

Ақпараттың берілу орны талдауға қажет. Болған орнын белгілеу. Үйінен телефон соғып тұрған адам әлбетте жәй асықпай сөйлеген сенімді түрде сөйлейді, ал уақиға болған жерден айтып тұрған адам әрине ондай бола алмайды.(қобалжулы)

Жалпы теориялық жағдайлар мен тәжірибиедеге байланысты қажетті ақпарат алудың 2 жолы бар.

1. Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қажетті, фактілерді айту жолында субъектіге әсер ету, оның осы фактіні жайып салуына түрткі болу жағдайларын ойлау.
2. Жанағы адамның іс- қимылына түрткі болу 1-тәсіл сөзді репродуктивті 2-моторлы істі репродуктивті қимылды.
Сөзді-репродуктивті әдістің тәсілдері.

1. Іс қозғауға адамның есіне түсіру үшін құқық қорғау органының қызметкері фотоаппарат,фотоқағаз, пленкасын алады.

Осы тәсілдің тиімді болуына төмендегі жағдайлар қажет:

1. Бізге қажетті жағдайларды анықтау үшін адамдардың есіне түсіретін заттар, нәрселер сол болған уақиғаны еске түсіретіндей болуы қажет.
2. Демонстрация д.б. естественной справдываться конкретной ситуаций.
3. Құқық қорғау органы қызметкерінің іс- қимылына бір жүйеде негізделген болуы керек.

Әңгімелесудің аралас тақырыбын қолдану

Бұл тәсіл бойынша әңгіме бір мақсатқа бағытталғандығын байқаймыз.

Бұл тәсілді қолданудың негізгі тиімді шартты,

1. ПО қажетті адамның айтып отырған әңгімесі өзіне қызықты болуы қажет.
2. Айтып отырған әңгіме дәл жағдайдан оқиғадан қисынды түрде болу қажет.
3. Сұрақ қойып отырған адам, яғни әңгімеге тартып отырған адам жеке тұлғаның ұлттық, кәсіби дара ерекшеліктерін ескеруі қажет.

Осы тәсілдің қолданудың негізгі әдістемелік жағдайлары:

1. Аралас тақырып негізгі сұраққа жақын болмауы қажет, себебі негізгі сұрақтың біркелкі.
2. Аралас тақырып анықталып отырған сұрақтан да алыс болуы қажет, себебі бұл тәсіл адамның есінде басқа образдардың тууына әсер етіп, негізгі ақпаратты алуға кедергі тудырады.

Сонымен, әңгіменің аралас тақырыбын қолдана отырып, ПО қызметкерлеріне қажетті ақпаратты бұрынғыға ой әсерінен, аралас әңгіме арқылы алуға алуға болады.

3. Жеке тұлғаның тұлға ретіндегі маңызды сезімін қолдану. Адамдар өзін туралы, өз қасиеттер жоғарғы бағалау сезімін сақтауға тырысады. Осы сезімдеріне әсер ете отырып ПО-ның қызметкері өзіне қажетті ақпаратты алуына мүмкіндік жасайды.

Лақап – бір немесе бірнеше адамдардың айтуы бойынша ешқандай ақпарат дәлелденбеген ешкіммен және ол бір адамнан екінші бір адамға сөз арқылы беріледі.

Ақпараттың жетіспеушілігі немесе оның болмауы лақаптың пайда болуына себебін тигізеді. Бірақ лақаптың болуына басқа да себептер бар.

Лақаптың түрлері:

1. Шындық дәрежесі бойынша.\

1. Абсолютты дәлелденбеген.
2. Шынайы емес элементтері бар дәлелденбеген лақап
3. Шындыққа ұқсас лақап
4. Шынайы емес элементтері бар дәлел.

II. Олардың экономикалық жағдайына байланысты

1. Өзінің ойын шындыққа бұру.
2. Қорыққандықтан туатын, яғни жағымсыз уақиғадан қорыққандығынан
3. Дөрекі лақап

2. Жасалуы бойынша: Оқыстан таралған немесе жасалып таратылған адамдардың тәртібін әсер етуіне бойынша;

1. Қоғамдық ойды дүрліктіретін.

2.Қоғамға қарсы тәртіпке шақырушы.

3.Көпшілік тәртіпсіздігіне шақыратын, тұрғындар арасында құқық бұзушылық үрей туғызушы лақаптар.

Ерекше түрге кіретіндер: дөрекі, қастандық жасаушы ұлтаралық лақап
Лақаптың қалыптасуына екі жағдай қажет:

1.Адамдардың уақиғаға, бір айқын тақырыпқа немесе құбылысқа қызушылығы.

2.Ресми ақпараттың болмауы, бермеуі жоқтығы

Лақаптармен күресу қажет, әсіресе адамдар арасында үркі туыратын, қоғамдық тәртіпке қарсы, көпшілік арасында тәртіпсіздік туыратын.

ПО қызметкері әрдайым лақапты, оның таралу жолдарын міндетті түрде оқып- біліп зерттеуі қажет.(олардың таралу деңгейін)

Лақапты дер кезінде талдап, сараптап, баға ғана оның шығу тегін, көзін айқындауға болады, және оны алдын- алуға болады.

Күрестің ең тиімді жолы-адамдардың ақпаратты қажеттігін қанағаттандыру, яғни шынайы дер кезінде толық ақпараттандыру. Ол үшін баспасөз қолдану (газет,журнал беделді адамдардың шығын ресми түрде сөйлеу сөзі)

Ақпарат дәстүрлі емес әдіспен алу. Бұл жерде көріпкелділердің мәліметтеріне сүйену. Телепатия – басқа бір адамның ойын ара қашықтығы сақтай отырып сезім органдары біліп отыру.

Ең алғашқы рет Европада криминалистика бойынша шындықпен дәлелденген уақиға 1692 Лион қаласында болған. Якоб Аймар деген қала басшылығының сұрауы бойынша шарап сатушы мен оның әйелінің өліміне байланысты уақиға шешпекші болған. Ең алдымен ол қалада адам өлтірушілердің біреуінің ізіне түзеді және қылмыс құралын (балта) тауып алады. Содан кейін балтаны қолына ұстап жүріп 40 мильден кейін өтіп 2-ші адам өлтіруші қылмыскерді табады. 1921ж Вена қаласында (Австрия) телепатиялық зерттеу институты ашылды. 30-шы жылдары Нидерландияның университетінде парасихология кафедрасы ашылды. 60-ы жылдары Лос-Анджелестің полиция басқармасында криминалистика тәжірибеден тергеу гипнозы енгізіле бастады.

Қазіргі тәжірибеде құқық қорғау органдары дәстүрлі емес әдістері жедел жұмыстардың ең аса күрделі деген қолданылады. Яғни, қажет болған жағдайда экстрасенстерден көмек сұрайды.

ІІМ-нің қызметкерлерінің арасындағы сұрау бойынша 65% экстрасенстердің көмегін құптайды. Әрине, бұл әдіс шектеулі, яғни аса күрделі, қылмыстың істі шешудегі қиындыққа байланысты қолданылды.

Бүгінгі күнде қылмыс туралы көп айтылып, көп жарияланып жатыр. Бұл жағдайды айтпасада түсінікті, өйткені біздің республикада криминалдық жағдай өте күрделі. Мұндай қиын жағдайда кез-келген азамат өзін қылмыскерлерден қорғау үшін, өзінің қауіпсіздігі үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне келеді.

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының ұзақ мерзімді

басымдығында нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес күшейтуді талап етеді.

Біздің республикада осындай өтпелі кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаев атап өткендей қиын әлеуметтік-экономикалық жағдай қоғамдағы жағдайды шиеленістіріп жіберді. Халықтың тұрмыс жағдайы қоғамда күннен-күнге нашарлап бара жатыр. Жұмыссыздық, адамдардың әлеуметтік жағдайының төмендеуі қылмыс жасауға әкеліп соғатыны анық. Сондықтан біздің республикада қылмыс жасау жылдан-жылға көбейіп келе жатыр.

Сондықтан ішкі істер органының қызметкерлерінен заң жүзінде не істеу керек, өзінің жұмыс бабында қойған мақсатын ойдағыдай орындауда өзіне керекті ақпаратты тиянақты қолдану керек. Нақты айтқанда ішкі істер органының жұмысының негізі қарым-қатынас жасау мен хабар алмасу және оны тәжірибе жүзінде тиімді пайдалану.

Ақпарат түсудің негізгі көзі яғни оперативті-ақпараттың көзі жасалған қылмыстар туралы азаматтардан түскен арыздар, лауазымды адамдардан алынған хабарламалар және тағы басқа ақпарат көздері.

Азаматтардың заңды құқын қорғауда тиімді жұмыс істеу үшін, қылмыспен күресте, қоғамдық тәртіпті сақтау, қауіпсіздікті сақтау ақпаратты реттеп іздеуге, алуға, үзбей оперативті-керекті ақпаратты алуға байланысты. Оперативті-керекті ақпаратты іздеу, қабылдау, талдау, бағалау, жүйелеу ішкі істер органының кәсіпкерлік сауаттылығын көрсетеді.

Ішкі істер органының қызметкерлері өздеріне жүктелген әлеуметтік функцияны орындауда кәсіптік қарым-қатынасқа және әлеуметтік басқарудың әр-түрлі тәсілдерін, алдында тұрған оперативті-қызметтік жұмысты атқаруда әр-түрлі адамдардан, әртүрлі негіздерден алған ақпаратты бекітіп, қабылдап, талдау керек. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері тәжірибелік жұмысында біраз ғылыми түсініктер болу керек, соның ішінде өзінің қызметін білу /информированность/, және т.б. Осы аталған кәсіптік қасиеттердің ішінде ақпараттарды білу, хабардар болу ішкі істер органының қызметкеріне өте қажет және алдына қойған оперативті жұмыстарды орындауында мәні өте зор. Заң қорғау және басқару мақсаттарын орындағанда "хабар" және хабардар болып отырады. Ішкі істер органының қызметкеріне әрқашан есте сақтайтын нәрсе алған ақпараттың қайсысы шын, қайсысы жалған екенін айыра білу керек. Қызметкерлердің жақсы деңгейде хабардар болуы алдына қойған мақсатын атқарудың бір жағдайы болып табылады.

Осы тақырыптың негізгі мақсаты ішкі істер органында қызмет өткенде адамдардың әлеуметтік психологиясын түсіну керек және заңмен қарама-қайшылық не себептен екенін түсіну қажет.

Психология мен педагогика полиция қызметкерлеріне соның ішінде бөлім уәкілдеріне өздерінің алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыруда тәртіп бұзушыларды айқындауда және тәртіп бұзушылармен алдын-ала профилактикалық жұмыста өте қажет. Полиция қызметкерлерінің тәртіп бұзушылармен жұмысы тиімді және әсерлі болу үшін психологиялық-

педагогикалық бағытта ғылыми жұмыс істеу керек. Оның себебі әлеуметтік-құқықтық жұмысты, алдына қойған мақсатты адамның жән-тәнін яғни психологиясын білмей,оның психологиялық ерекшеліктерін білмей жұмыс істеу қиын.

Айта кететін жағдай тәртіп бұзушының заңға қарсы қайшылықтарын не себепті болғанын біліп, оларды түзеу және қайта тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу керек.

Сендерге белгілі бөлім уәкілі қоғамға қарсы әрекеттер мен, қылмыспен күресте алдыңғы қатарда. Ол яғни бөлім уәкілі қызмет бабымен өзі жұмыс істейтін бөлімде халықпен әлеуметті қарым-қатынасқа араласады, яғни бұл дегеніміз азаматтардың шағым қағаздарын, өтініштерін қарайды және азаматтармен тәрбиелік профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Бөлім уәкілі адамдардың психологиясын сауатты, кәсіби жоғары деңгейде зерттеу керек, олардың іс-әрекеттерінің қате екенін дер кезінде уақытылы қадағалау керек және тәртіп бұзушыларға мақсатты полиция бөлім уәкіліне психологиялық-педагогикалық білім беру және қызметіне методикалық бағыттама беру.

Полиция бөлім уәкілі тиімді жұмыс істеу үшін мына жағдайларды ескеру керек.

- өзінің бөлімінде яғни әкімшілік бөлімінде қылмысты болдармау шараларын жасау керек;
- барлық тәртіп бұзу жағдайларын, өзі жеке дара қадағалап отыру керек;
- азаматтардың паспорттық ережелерін тексеру керек;
- бұрын сотталған адамдадың тізімін қадағалау керек;
- бұрын сотталған әкімшілік қадағалауда жүргендерді қадағалау;
- азаматтардың шағымдарын уақтылы тиянақты қарастыру керек;
- полиция бөлім уәкілі республикада болып жатқан жаңа заңдарды және нормативті актілерді дұрыс қолдану керек;
- өзінің кәсіптік шеберлігін әрқашан жоғарылатып отыру керек.

Осы аталған бағыттарда жұмыс істеу үшін психологиялық-педагогикалық білімнің керек екенін, яғни полиция бөлім уәкілінің қажет екенін тағыда дәлелдейді. Психология мен педагогиканың ерекше орын алуы полиция құқық қорғау органдары қызметкері ретінде заң қоғамдық өмірде реттеуші ретінде айқындалады. Одан бөлек азаматтардың тәрбиесіне психологиялық және педагогикалық факторлар әсер етеді. Полиция бөлім уәкілі қоғам алдында әрдайым заң бұзу іс-әрекеттерінің психологиялық педагогикалық факторларын бағалап сол қоғамға қарсы жағдайларды болдырмау керек.

Полиция бөлім уәкілі өзінің күнделікті қызметінде азаматтармен қарым-қатынаста болып тұрады. Олармен араласқанда азаматтардың арызын қарап керекті органдарға жібереді және ұрыс жанжал шыққан жерлерге барып тәртіп бұзушыларға тәрбиелік жағынан әсер етеді.

Полиция бөлім уәкілінің азаматтармен қарым-қатынасы нәтижелі тиімді болу үшін мемлекеттің саясатын түсіндіріп айту керек. Бөлім уәкілі мемлекеттің уәкілі ретінде заң жағынан өкілеттігін білдіріп азаматтардан заңды бұзбауын талап ету керек.

Полиция бөлім уәкілі қарым-қатынасының үш аспектісін қарастырайық:

3. Қарым-қатынас.

4. Контакті яғни бір – бірімен араласу;

3. Конфликтілер яғни ұрыс-жанжалдар.

Ең бірінші қарым-қатынас дегеніміз адам арасындағы қызмет бабында мұқтаждықтан туындаған байланыстың өркендеуінің көп жоспарлы процесі.

Қарым-қатынас полиция бөлім уәкілі жұмысының негізі ретінде қалыптасады.

Қарым-қатынаста полиция бөлім уәкілінің жұмысы нәтижелі болуы уәкілдің кәсіби шеберлігіне байланысты. Психологиялық контактін ұйымдастыру үшін азаматтардың көзқарасын байқап арадағы пайда болған қарым-қатынасының мазмұнды болуын қадағалау керек. Полиция бөлім уәкілі әңгімелесетін адамын зейін қойып тыңдауы қажет.

Полиция бөлім уәкіліне жергілікті халықпен тиімді жұмыс істеу үшін қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін білу керек.

Қызмет бабында практика көрсеткендей жаңа қызметке келген полиция бөлім уәкілдері азаматтармен қарым-қатынаста айтарлықтай қиыншылықтарға кездеседі. Оларда тәжірибе бірденнен пайда болмайды. Тәжірибе пайда болу үшін кәсіби шеберліктің деңгейіне дейін көтерілу керек.

Кәсіптік қарым-қатынастың негізгі функциялары.

4. Интеллектуалдық бағалау.

5. Ақпараттық /информационный/.

6. Әсер ету /воздействия/.

Интеллектуалдық бағалау функциясында бірін-бірі түсіну керек, психологиялық ерекшеліктерін білу қажет. Ал ақпараттық функцияда азаматтардан әр-түрлі хабар алысып олардың ойында не бар екенін білу керек. Әсер ету функциялары тәртіп бұзушы адамға дер кезінде әсер етіп профилактикалық әсер ету керек.

Өздеріне белгілі болғандай полиция бөлім уәкіліне қарым-қатынассыз жұмыс істеу мүмкін емес, ал сол үшін полиция бөлім уәкілі өзін-өзі жоғары деңгейге көтеріп азаматтармен қарым-қатынасын кәсіптік шеберлікке дейін көтеру керек. Полиция бөлім уәкіліне азаматтармен күнделікті қарым-қатынаста ортақ тіл табудың педагогикалық мәдениетін үйрету керек. Полиция бөлім уәкіліне әңгімелесетін адамның жасын әлеуметтік ортасын, денсаулығын, ұлтын полицияға көзқарасын ескере отырып, қарым-қатынастың тиімділігін арттыру керек. Содан кейін ескеретін жағдай бөлім уәкіліне әр сөзін сөйлеген кезде ойланып, басалқылы сөйлеу керек. Өйткені оның әр айтқан сөзін азаматтар есітіп, өздерінің есінде сақтап қалады. Полиция бөлім уәкілі азаматтармен ортақ тіл табу үшін кәсіптік сауатты іс-әрекеттермен және олардың алдында өзінің жұмыс бабында жүргенін түсіндіру керек, яғни психологиялық педагогикалық әдісін қолданып қою керек.

Психологиялық контакт-бұл дегеніміз бөлім уәкілімен азаматтардың

арасындағы өзара сенім әңгімесі қарым-қатынасы. Өзіне баурап алып өзіне жақындатып сөйлесіп ортақ тіл табысып жүру оңай емес. Сол үшін полиция бөлім уәкіліне халықпен қарым-қатынаста қарапайым, шыншыл, жанашыр, болу керек. Сонда ғана бөлім уәкілінің беделі жай халықтың алдында одан әрі арта түседі. Беделі бар бөлім уәкілінде жай халықтың ішінде өте көп көмекшілері болады. Оған көмекшілері /сенімді адамдары/ болған қылмыстық жағдайлар туралы және күдікті адамдар туралы бірінші айтады. Егер полиция бөлім уәкілі шағым берушімен, жәбірленушімен психологиялық контакт яғни ортақ тіл табатын болса, онда өзіне керекті хабарды толығымен жеткілікті қылып алады. Ол хабарда мүмкін оперативтік қызықты хабар бар болуы мүмкін. Полиция бөлім уәкіліне жиі-жиі азаматтардың арызын қарап, жауабын беру керек болады.

Мұндай жағдайда азаматтармен психологиялық контактіні қайта ұйымдастыруға болады. Ол үшін түскен қағазды мұқият оқу керек. Арыз дегеніміз хабардың негізгі түп нұсқасы. Арыздың көбісі жанұядағы, тұрмыстағы жанжал ұрыстар.

Практикада мынадай жағдайларда кездеседі. Полиция бөлім уәкілі бір арызды қайтадан қарап өткеннен кейін біраз уақыттан кейін тура сондай арыз қайтадан түседі. Мұның себебі бөлім уәкілі бір арызды үстіртін немқұрайлы қарағаны яғни арызының егжей-тегжейіне дейін түпкілікті қарамағаны. Арыз қайтадан түспеу үшін ұрыс, жанжал шығатын семьяларға барып , профилактика / алдын алу тәсілі / жүргізіліп тұрады. Сонда ол семьядан ұрыс жанжал деп арыз түспейді.

Бөлім уәкіліне әртүрлі категориядағы адамдармен араласуға тура келеді. Ол қандай адамдар, соны қарастырайық. Ол азаматтар еңбекпен түзеу орындарынан жазасын өтеп шығып әкімшілік қадағалауда жүргендер. Бұл категориядағы адамдармен жұмыс істеген кезде бөлім уәкіліне арнайы психологиялық-педагогикалық әдіс, яғни методика керек. Себебі бұл азаматтарға тәрбиелік жағынан әсер ету керек.

Осы категориядағы азаматтармен қалай психологиялық контакт табу керек соны қарастырайық.

Ең алдымен олармен қарым-қатынасты бір қалыпты байсалды кейіппен жасау қажет. Тізімде тұрған адамнан бұрынғы колониядағы өмірі туралы себепсіз сұрақтар қойып ашуландырмау керек. Егер психологиялық контакт жақсы жағына шықса оның алдында қандай қайшылықтар бар екенін сұрастырып, көмек керек болса сұрау керек. Егер тізімде тұрған адам бөлім уәкілінен жұмыс немес тұрмыс жағынан қайшылықтар бар деп көмек сұрайтын болса, ол қарым-қатынастың жемісті болғаны. Осындай уақытта есте сақтайтын жағдай тізімдегі азаматтың ашылып, бұрын жасырған оқиғаларын айтуы мүмкін. Осындай уақытта бөлім уәкіліне мұқият тыңдау керек. Егер бөлім уәкілі тізімдегі адамға адамгершілік жасап көмек көрсететін болса, қарым-қатынас жемісті болуы мүмкін.

Егер қарым-қатынас қалыптаспай қарама-қайшылық болатын болса, жанжал шығуы мүмкін.

Анықтама: Дау жанжал дегеніміз-екі адамның немесе екі топтың арасындағы көзқарастарының, ойлауларының бір-біріне қарама-қайшылықтары, бір-біріне сыйыспауы.

Полиция бөлім уәкілі дау-жанжалдың не себепті шыққанын, психологиялық жағын қарастырып және оның не себепті өркендегенін білу керек.

Дау жанжалдың шығу себептерінің үш түрі бар:

4. Әлеуметтік жағдайға байланысты.
5. Жеке адам мәселесі.
6. Қарым-қатынас.

Дау жанжалдың шығу себебі әр түрлі. Даудың шығуына жағдай дегеніміз қанағатсыздық, шаршау, ашуланғыштық, осы психологиялық кездер әсер етеді.

Даудың шығуы жеке адамға да байланысты даудың шығуына өзі себепкер болады.

Дауды ұрыс жанжалға жеткізбей шешу полиция бөлім уәкіліне әлеуметтік-психологиялық мәдениетінің белгілерін білдіріп, бөлім уәкілінің беделін арттырады. Полиция бөлім уәкіліне өзінің әкімшілік ауданында жай халықпен жақсы қарым-қатынаста болып, ортақ тіл табысуға бөлім уәкілінің психологиялық ерекшелігіне, дайындығына, тәжірибелілігіне тікелей байланысты. Азаматтармен ортақ тіл табуда полиция бөлім уәкіліне оңай болу үшін өзінің алдында тұрған психологиялық кедергілерді жеңіп шығу керек.

Сонымен біздің білгеніміз азаматтармен қарым-қатынаста ортақ тіл табу өте күрделі процесс. Полиция бөлім уәкіліне беделді болуы оның психологиялық тұрғыда кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бөлім уәкіліне азаматтармен қарым-қатынаста тек қана заң сақтау жағынан жұмыс емес, сонымен қатар іс-әрекеттің жалпы мәдениетін сақтау керек. Басты мақсат қызмет бабында заңдылықты бұзбай, халқына үлгілі қызмет ету.

Қазіргі ғылыми-техникалық даму кезеңінде, жаңа байланыс құралдар арқылы мәлімет алғаны туралы куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкер тұлғалардан жауап алынады. Сонымен қатар тергеу органдарында, авиациялық апаттарға, шапшаң көліктер мен аппаратуралар жұмыстарына байланысты қылмыстық істер қарастыруында. Сондықтан да тергеу қызметкерлері міндетті түрде, куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкер тұлғалардың құралдар мен техникалық құрылғылардан алған қабылдауларын өңдеуде жіберілетін қателер мүмкіндігін білуі тиіс.

Жәбірленуші мен куәгерлердің көрсетулерін нәтижелі түрде зерттеуде, осы көрсету психологиясының негізгі сұрақтарын білу өте маңызды. Тергеу органдарына көрсетулер ұсыну, адамның психикалық қызметімен тығыз байланысты. Көрсету, ұсыну алдында адам, тергеу органдары қызығушылығындағы жағдайды бақылап болуы тиіс. Қабылданған жағдай тұлғаның түйсігінде қалыптасып, ұзақ уақыт бойы есінде сақталып, нәтижесінде тергеушіге мәлімделеді. Куәгерлер мен жәбірленушілердің көрсетулерінің барысында, объективтік және субъективтік сапалар себебіне

байланысты қателер жіберілуі мүмкін. Көрсетулер дәлдігіне әсер ететін себеп-салдарларды келесі тақырыптарда толығымен қарастырамыз.

Жауап алу, қылмыс оқиғасына байланысты жағдайларға негізделеді. Бірақ көрсетулер жауап алу негізіне байланысты емес жағдайлардан тысқары болады деп негізінен болмайды. Егер адам барлық уақытта тек өзінің сезім мүшелері арқылы сыртқы ортамен байланыс жасайтын ғана болса, онда танымдық қызмет болмаған болар еді. Қоршаған ортадағы жағдайларды түйсініп, қабылдау объектілері қолданысын түсіну арқылы, адамның есте сақтауы негізіндегі өмірлік тәжірибесі қалыптасады.

Куәгер, жәбірленуші, күдікті және айыпкердің қабылдауында қиял /қателік, алдау/ орын алуы мүмкін.

Қиялдың туындауы заңды болуы тиіс:

5. Қиял, бақылау нәтижесіндегі ерекше жағдайларда пайда болады. Мысалы, бір көзбен бақылау, көз осьтерін қозғалтпай бақылау, саңылау арқылы бақылау және т.б.
6. Көптеген көру қиялдары, көріну объектісін жалған қабылдаудан туындайды, бұл жағдайда жалғандық көру бейнесін қате түсінуден пайда болады.
3. Қиял көздің оптикалық дамуына және кейбір анализаторлардың ерекше сапаларына /жүйке рефлекстері, көз торы/ байланысты туындайды. Кей адамдарда болатын, алыстан немес жақыннан көрмеу, дальтонизм және басқа да көру аппараттарының ақауларына байланысты, көру сезімінің бұрмалануы кездесіп отырады.

Психология, қазіргі заманғы әр түрлі байланыс белгілері мен құралдары көрсетулерін адамның нақты және тез қабылдауына көп көңіл бөледі.

Көңіл аудару қиындықтары-бұл психологиялық маңызды сұрақтарының бастысы. Көңіл аудару дегеніміз-ойдың нақты бір нәрсеге шоғырлана көңіл аударуы. Біздің әрқайсымызға барлық уақытта санамызға әсер ететін, көру, есту басқа да сезім мүшелерімен қабылданатын әр түрлі мыңдаған тітіргендіргіштер әсер етеді.

Адамдардың көру, есту, дәм сезу, түйсіну, түстерді ажырату, дыбысты қабылдау, кеңістік пен уақытты анықтау қабілеттері әр түрлі болады.

Көру, есту қабілеттеріндегі кемшіліктер болуы себебінен, қабылдаулардың анықтығы өзгеруі мүмкін екендігі бізге мәлім.

Сонымен қатар кейбір көру, есту кемістіктері бар адамдар, бұл кемшіліктерін өздері де білмеуі мүмкін.

Адам психикасы, қоршаған ортамен өзара байланысты іс-әрекет жасау нәтижесінде дамиды. Осы қызмет барлық психикалық іс-әрекеттердің дамуын анықтайды.

Куәгердің жәбірленушіден айырмашылығы ол іс бойынша мүдделі емес және берген жауаптарының мәнді болуы оның психологиясының және өрісінің дамуына байланысты. Кез-келген тергеушінің кәсіптік сапасы бұл оның қылмыстық іс жүргізудің барлық қатысушыларымен психологиялық қатынасты қалыптастыра білуі. Тергеуші барлық тергеу іс-әрекеттерінде

қолдана отырып, жауап беруші тұлғаның психикалық жағдайын бағалай білуі тиіс. Тергеу барысында тергеушінің психикалық мінез-құлқы жауап беруші тұлғаның психикалық жағдайын ескере отырып қалыптасады. Жауап беруші тұлға абыржып, қылмыскерге қарама-қайшы қатынаста немесе жабығып, тұжыраңқы көңіл болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тергеушінің ұқыпсыз, көңілді болып жүруіне болмайды, өйткені тараптардың үйлесімді қарым-қатынасының қалыптасуы, жауап беруші тұлғаның психикалық беделділігінің артуына себепкер болуы мүмкін.

Жауап алу кезінде және тағы басқа да тергеу іс-әрекеттері кезінде жауап беруші айыпкер мәлімдеуден бас тартатын жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайларда тергеуші психикалық мәжбүрлеу сияқты құқық аясындағы әдістер қолданылады. Тергеуші айыпкердің қарсылық көрсетуіне әсер ететін, нәтижесінде айыпкер жасырған мәліметтер оның еркінен тыс айқындауға итермелейтін жағдайды қалыптастыруды ұйымдастыруы тиіс.

Психикалық мәжбүрлеу бұл жауап беруші тұлғаға байланысты тергеушінің күштеу тәсілі емес, оның мақсаты жауап беруші тұлғаның дұрыс мәлімдемелер беруге сендіру және оның қарсылық көрсетуін жеңіп шығу. Сонымен психикалық мәжбүрлеу дегеніміз-тергеушінің әдістік шеберлігінің негізі.

Заңды психикалық мәжбүрлеу әдістері жауап беруші тұлғаның қарсы іс-әрекетін жеңілдететін, шын мәлімдемелер беруге итермелейтін міндетті психологиялық жағдайлар қалыптастырады.

Сот психологиясы ілімі жауап беруші тұлғаның қарсы іс-әрекеттеріне тергеушінің қолданатын заңды әдістерін ұсынады:

- мұндай тұлғаның, оның қарсылық көрсетуі нәтижесін көрсететін іс бойынша барлық айғақтармен танысуы;
- айыпкердің, оған беймәлім айғақтар туралы субъективтік түсінігін қалыптастыру;
- тергеушінің іс бойынша белгілі бір сұрақ бойынша қате түсінігін түзету;
- қылмысты әшкерелейтін ерекше маңызды айғақтарды кенеттен алдына қою, яғни айғақтарды мәніне қарай ұсыну;
- тергеушінің, айыпкердің маңызды талдау жасауына себепкер болатын іс-әрекеттер жасауы;
- тергеушінің айыпталушы мәлімдемесіне байланыссыз жасырын жайларды анықтау мүмкіндіктерін көрсетуі;
- тергеуші әдістерді ескере отырып жауап алудың сәйкес тактикасын таңдай білуі тиіс.

3.4.ПО қызметкерінің қызметіндегі психологиялық-педагогикалық әдістер мен тәсілдер

Ішкі істер органдары бөлімдеріндегі көп қызметтің бірі әкімшілік полиция қызметі болып табылады. Оның құрамында қоғамдық қауіпсіздік

полициясының қызметкерлері жұмыс жасайды-учаскелік инспекторлар, кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар, патрульдік полиция, сонымен қатар, көші-қон және жол полицияларының, уақытша ұстау изоляторы, тұрақты орыны, құжаттары жоқ тұлғаларға арналған қабылдау-орналастыру орындарының қызметкерлері, әкімшілік сотталғандарға арналған арнайы орындардың қызметкерлері, лицензиялық-рұқсат етілген қызмет, шұғыл басқару орталықтарының, кезекшілік бөлімдерінің, табиғатты қорғау және ветеринарлық полиция қызметкерлері.

Әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметінің негізгі ерекшеліктері:

- 1) кәсіби тәртіп пен шешім қабылдаудағы құқықтық регламенттілік (қағидалылық);
- 2) кәсіби өкілеттіліктегі билікті, міндетті сипаттамасы;
- 3) құқық қорғау қызметінің экстремалды сипаты;
- 4) шұғыл-қызмет міндетінің қалыпсыздығы;
- 5) процессті дербес, жеке (көбі үшін жоғарыланған) жауапкершілік.

Құқықтық регламентацияҚР Конституциясы шеңберіндегі заңды актілердің, қызметтік міндеттердің қатаң орындалуын, олардың бұзылуы заңның бұзылуы ретінде қарастырады және полицейдің кәсіби біліктілік деңгейінің төмендігін көрсетеді. Аталмыш жағдай тұлғаның қолданыстағы құқықтық нормаларды қатаң сақтауға деген ынтасының өзіндік кәсіби бағыттылығын қалыптастырады және құқықтық санаға әсер етеді. Адамгершілік пен құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігі әкімшілік полиция қызметі өкілдерінде ең таңдаулы және үстем әлеуметтік қажеттіліктердің бірі болып табылады. Заң мамандығының өзі тұлғаның, әсіресе, полиция қызметкерлерінің социализациясының жоғары деңгейін, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін, іс-әрекетін реттейді. Бұл қасиет кәсіби қажеттіліктің басты факторларының бірі болып қарастырылады.

Әсіресе, кәсіби қауіп жағдайларында әкімшілік полиция қызметкерлерінің рөлі зор:

- полицейдің қандайда бір жақсылық (зат) алу (ие болу) үшін бекітілген тәртіптен шегіну жағдайы («жәй әншейін», «сыйластық үшін», «қызмет үшін»);
- пара алуға итермелейтін жағдай («алғысын білдіру», «дәстүр» және т.б.);
- мейрамхана түріндегі қоғамдық тамақтану орындарына бару жағдайы («сыйлау», өзіндік сипаттағы көңіл көтерулер жанжалдар туындатады немесе полицейлердің беделін түсіреді;
- құқық бұзушылармен өзара әрекет ету жағдайы (құқық бұзушы тарапынан азғыру, полицейлердің беделін түсіру);
- «кездейсоқ таныстық» оқиғасы (оқиға алдын ала ұйымдастырылуы мүмкін);
- қауіпті оқиға («жала жабу» сипатындағы шағымдардың пайда болуы).

Әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби өкілеттіліктегі билікті, міндетті сипаттамасы. Өкілеттілігін пайдаланып заң талаптарынан алшақтау ауыр зардаптарға әкеліп, моральдық зиян тигізуі мүмкін, адамға және

туыстарына салмақты психикалық жарақат салуы мүмкін, оның беделіне және айналасындағылардың абыройына кері әсер етеді. Аталған өкілеттілікті ақылмен, жауапкершілікті сезіне отырып пайдалану қажет, ол әкімшілік полиция қызметкерлерінен тек терең кәсіби білімді, кәсіби білімнің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар ерекше тұлғалық қасиеттерді, дамыған зияткерлікті, ақылдың талдай білу деңгейін, өзінің шешімінің болжай алу қабілетін, эмоциялық теңдігін, адамдарға деген сыйластықты талап етеді. Мысалы, полицияның учаскелік инспекторы әкімшілік бақылауды жүргізе отырып, бекітілген талаптың сақталуын қадағалайды. Бақылаудағы адамға тұрғылықты жері бойынша бару тек бақылаудағы адамға ғана емес оның барлық отбасына үлкен психологиялық әсер етеді. Егер бақылаудағы тұлға түзу жолға түсіп, бекітілген шектен шықпай, отбасын бағаласа, онда полицей оның туыстарымен кездескен кезде мінезіндегі оң нәтиже көрсетіп жүргендігін, болашағының бар екендігін айтып, бақылаудағыны да, оның отбасын да қолдап, үміттендіруге болады.

Полицейлердің құқық қорғау қызметіндегі экстремальды мінез, әсіресе, қылмыспен күрестің алдыңғы қатарында жүретін-патрульді және жол полициясының қызметкерлері, полицияның учаскелік инспекторлары, ақпарат пен уақыттың тапшылығы жағдайындағы, үлесі бар тұлғалардың қарсы әрекеті, жиі жоққа шығарылатын құқықтық нормалар секілді қиын жұмыстың үлкен көлемін орындауда қалыптасатын ауыр, жауапкершілікті мінез. Жүйке-психикалық ауыртпашылықтар еңбек шартының жиі ауысуынан, үйреншікті тәуліктік өмір қызметінің бұзылғандығымен, психикалық шиеленістің дамуына әкелетін демалыстан мәжбүрлі түрде бас тартуымен, невротикалық реакцияның пайда болуын, психосоматикалық қызметтік бұзылушылығын арттырады. Сондықтанда ішкі істер органдары жұмысына дайындалатын адамдар олардың кәсіби жарамдылығының маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылатын физикалық тұрғыдан денсаулығы мықты, психологиялық-физикалық күштердің ұзақ уақыт бойы әсер еткеніне төзе білетін, жоғары деңгейдегі жұмысқа қабелттілігімен, нервні-психикалық деңгейі жоғары болуы керек, эмоциялық төзімділік қажет.

Шұғыл-қызметтік міндеттердің қалыпсыздығы әртүрлі, өзгеше өмірлік жағдайлармен, жеке, шығармашылық көзқарасты, туындаған құқықтық қатынасты зейін қойып зерттеуді талап ететін түрлі адамдардың тағдырларымен бетпе бет келген жағдайларда көрінеді. Сондықтанда ғылым мен техниканың, білім мен мәдениеттің түрлі салаларынан хабардар болып, зияткерлігі дамыған, адамдардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін, тұлғааралық қатынас пен топтық әрекеттің негізгі заңдылықтарын білу қажет. Мысалы, патрульдік полиция қызметкеріне автокөлік жүргізушісі оның көлігіндегі жолаушы азаматшаның толғағы басталғанын айтып өтініш білдіреді. Полиция капитаны медицина саласы бойынша барлық білімін есіне түсіріп, іске кірісті. Қорқыныштың болмауы, іс-әрекетіндегі нақтылық пен сенімділік, сабырлылық полицейдің ержүректілігін кәуландырады. Сондай-ақ оның бұл жағдайдан сәтті шыққаны босанушы әйел мен көмекшіге де

сенімділік ұялатты. Сәбиді погондағы капитан жұлдызшаларының құрметіне Жұлдыз деп атады (оқиға 2008 жылы Қызылорда қаласында болған). Көші-қон полициясы қызметкерлері көп жағдайда шет тілді білу немесе өзінің ойын ыммен түсіндіре білу қажеттігі туындап жатады. Полицияның учаскелік инспекторынатбасылық жанжалды басу, есепте тұрғандармен профилактикалық қызметті жүзеге асыру барысында психотерапевт қызметін атқаруға тура келеді.

Процесті дербес және жеке жауапкершілік (көбі үшін жоғарыланған) олардың қызметінің дербестігімен қарастырылады. Әкімшілік полицияның әрбір қызметкері қандай да болмасын жергілікті билікке бағынбауы тиіс, оларға жүктелген міндетті орындау барысында тек заңға ғана бағынулары қажет. Мысалы, ауылдық жердің учаскелік инспекторы тергеушінің, оперативтік уәкіл, көші-қон және жол полициясы, КТІЖ қызметкерінің міндеттерін атқарады. Бұл қызметтер құқық бұзушылықты дұрыс саралануына, процессті әрекеттердің уақытылы, дұрыс жүзеге асырылуына, нақтылыққа аса жауапкершілікті талап етеді (әкімшілік аумақтың тұрғындарының басым көпшілігінің жеке таныстары екендігіне қарамастан-туыстар, достар, таныстар және т.б.). Жол полициясының қызметкерлері құқық бұзушыны тоқтату кезінде оларға мемлекеттік органдардың билік басындағы лауазымдық тұлғалардың, ПО басшылығының немесе ұжымдастарының телефон шалып қысым жасайтын жағдайлармен жиі бетпе бет келіп жатады.

Мұндай жағдайда әкімшілік полиция қызметкерлерінен кәсіби бейімделу, тұлғалық бірігу, әлеуметтік кемелдену, жүйке-психикалық және эмоциялық-ерікті төзімділігі, дамыған зияткерлік, шығармашылық ойы, батылдық, шешім қабылдаушылық, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі сынаудағы қайсарлықтың жоғары деңгейде болуын талап етеді.

Әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметінің жоғарыда көрсетілген психологиялық ерекшеліктері жалпы және базалық болып табылады, құқық қорғау қызметі өзгешелігінің түрлілігі мен саналуандығын толық ашып көрсете алмайды. «Әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі психологиялық ерекшеліктері» курсын толық оқу барысында кеңінен қарастырылатын болады.

Дәрістің алғашқы сұрағында біз әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі кейбір психологиялық ерекшеліктерді қарастырдық.

Бірнеше рет айтылғандай, әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметінің шамамен 70% түрлі санаттағы азаматтармен қарым-қатынаспен өтеді. Жалпы бізге полицейлердің аса маңызды психологиялық білімі, дағдысы бөлініп қаралды, енді олады нақтырақ қарастырамыз.

Әкімшілік полиция қызметкерлеріне қажетті психологиялық білім:

- психологиялық байланыс орнатуға (мысалы, холералық темпераментті адаммен дауыс көтеріп сөйлесуге болмайды, полиция қызметкерінің дауысы байсалды, салмақты болуы керек, байыппен сөйлеу адады сабырлыққа шақырып, әңгімеге араласуға көмектеседі; жақындасу кілтін табу-

қызығушылық, көзқарастар; түс, уақыт, дыбысты, кеңістікті айыра білу болған жағдайды нақты суреттеуге көмектеседі), жеке әрекетті жүзеге асыруға (нақты тұлғаның мінезінің ерекшелігін білу атқарылған іс-әрекетте тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді); психологиялық ықпалетуге мүмкіндік беретін тұлға психологиясы туралы (психикалық қасиеттері- темперамент, мінез-құлық; психикалық процестері-ес, ойлау, қабылдау; қажеттілік-мотивациялық сала және т.б.);

- құқық бұзушының, қылмыскердің психологиясы туралы (девиантты мінездің қалыптасуына қандай факторлар мен шарттар ықпал етті, құқық бұзушылық әрекеттің негізінде қандай әдістер жатыр, бас бостандығынан айыру орнынан босатылған тұлғаның қайта қалыптасуы мүмкін бе, профилактикалық әрекет қаншалықты тиімді; қылмыскерді ерекшелеп көрсететін қандай сыртқы мінез-құлқы және т.б.);

- топтар, соның ішінде, қылмыстық топтардың психологиясы туралы (ұжым болып құрылу процесінде адамдар тобы қандай кезеңдерден өтеді; социометриялық деңгейіне байланысты топта моральдық-психологиялық климатының қалыптасуында тұлғаның рөлі қандай; қылмыстық топтармен қарым-қатынасты болдырмау үшін қандай формалар мен әдістер қажет);

- құқықтық психологиялық ықпалдың түрлері, формалары, әдістері мен тәсілдері туралы (полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметінде – құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, құқық бұзушы мен қылмыскерді ұстау, күдіктіні тергеу, куәгерден, зардап шегушіден сұрау, азаматтармен сұхбат және т.б. кезінде қандай аса тиімді психологиялық әдіс-тәсілдер заңдылық, жүйелілік, жеке әрекетке сәйкес).

Әкімшілік полиция қызметкерлеріне қажетті психологиялық дағдылар:

- ✓ нақты ұсыныстарды білу;
- ✓ өзінің біліктілігін өздігінен жетілдіру, білімін толықтыру, жаңа дағдылар мен машықтарын игеру;
- ✓ қажетті ақпараттарды алу және өңдеу, оларды талдау, тұжырым жасау;
- ✓ өзінің көзқарасын сауатты жеткізе білу;
- ✓ мәселелерді шешуде тиімді шешу және кәсіби қызметінің міндеттерін жүзеге асырумен байланысты шешім қабылдау;
- ✓ қоғамдық тәртіпті қорғау барысында тұлға әрекетін реттеу;
- ✓ ПО қызметіндегі заңдылықтардың бұзылуының алдын алу;
- ✓ құқық бұзушының жеке әрекетін болжау;
- ✓ өзінің эмоциясын басқара білу, сонымен қатар шұғыл ойлау қабілеті, сараптау, жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілетінің болуы;

Әкімшілік полиция қызметкерлеріне қажетті психологиялық дағдылар:

- ✓ кәсіби қызметінде алған психологиялық-педагогикалық білімі мен әдістерін пайдалану;
- ✓ зерттеу жұмыстары;

- ✓ мәселелерді логикалық сараптау, орындалушы жұмыстың уәжесіне қатысты барлық жағдайлары мен бөлшектерін игеру, есте сақтау, ұжымдастарымен байланыс орнату;
- ✓ кәсіби міндеттерді жүзеге асыруды есепке алып тұлғаларлық қатынастарды реттеу және дамыту;
- ✓ салыстырмалы талдау;
- ✓ түрлі санаттағы азаматтармен кәсіби қарым-қатынас.

Әкімшілік полиция қызметкерінің кәсіби қызметіндегі жетістіктердің шарттары жоғарыда көрсетілген психологиялық білімі, дағдысы болып табылады және олар полицейлерде қалыптасу қажеттігі болып табылады. Әкімшілік полиция қызметкерлері қызметіндегі психологиялық білімнің рөлі туралы бірнеше мысал келтірейік.

Учаскелік полиция инспекторлары күн сайын шағыммен, арызбен, ақпараттармен, талаптармен келетін әкімшілік учаскенің азаматтарын қабылдайды. УПИ өзіне сұхбаттасушыны бейімдей білуі керек. Егер зардап шегуші болса – оның сезіміне, абыройына қаяу түсірмей, қызықтыратын сұрақтарды қойып, арыз жазуды сұрау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы шағымдарды маңызына қарай болған жерінде, яғни көршілер арасындағы жанжал, отбасылық жанжалқорлар кезінде шешу қажеттігі туындайды. Сол кезде жанжалға қатысушыларды тоқтату, оларды қоюға мәжбүрлеу, сәкес құжаттарды толтыру, алдағы уақытта олардың арасындағы даудың жалғаспауының алдын алу үшін адам психологиясы білімін қолдануға тура келеді.

УПИ сондай-ақ түрлі санаттағы тіркеуде тұрған тұлғалармен алдын алу шараларын ұйымдастырып, жүргізеді-бұрын сотталғандар, полицияның әкімшілік бақылауында болғандар, отбасылық жанжалқорлар, жылына екі немесе оданда көп әкімшілік құқық бұзғандар, маскүнемдер, нашақорлар, токсикомандар. УПИ есепте тұрғандарға қатысты құқықтық ережені орындап қана қоймайды, сонымен қатар оларға психологиялық-педагогикалық ықпал етеді-ұялтады, жігерлендіреді, сенім артады, өзі үлгі болады, маңызды адамдар арқылы ықпал етеді және т.б.

УПИ өзінің алқабының барлық тұрғындарын, олардың немен айналысатынын, қызығушылықтарын, өмір салттарын білуі тиіс. УПИ бекітілген алқабындағы қылмыс тіркелген жағдайда шұғыл-ізвестіру тобы әрекет ееді, олар күдіктілердің анықтау, дәлелдер жинау бойынша, тергеушінің жеке тапсырмаларын орындайды.

УПИ қызметі панасыздар мен бақылаусыздардың қалыптасуына ықпал ететін факторлар мен шарттарын анықтау және болдырмау, девиантты жасөспірімдердің алдын алуға бағытталған. УПИ КТІЖ жасөспірімдік дамудың психологиялық ерекшеліктерін, баламен психологиялық байланыс таба білуі тиіс, тек сенім мен өзара сыйластық қана мәселені өзгерте алады; жоғары педагогикалық мәдениетті игеру-қиын жасөспірімдерді тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу процестеріне қатысу, отбасы мен оқу орындарымен өзара әрекет ұйымдастыру; девианттылықтың себептерімен жұмыс жасай білу,

көмек көрсету; қажет болған жағдайда балаларды кері ықпал ететін ата-аналардан алшақтату.

Патрульді полиция қызметкерлерінің жұмысы олардан шұғыл жағдайларға (қылмыспен және әкімшілік құқықбұзушылықпен бетпе-бет келу, қылмыскерлер мен құқықбұзушыларды ұстауды ұйымдастыру, зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету (оның ішінде дәрігерге дейінгі көмек) және т.б.) үнемі дайындықты талап етеді – ұқыпты, азаматтармен байланыс кезінде сыпайы болу.

Жол полицейлері әрекетінің сырқы белгілері бойынша (алкогольді немесе есірткіге мас болу) көлік басқарушының жағдайын жиі анықтайды, яғни қылмысқа қатысы барын, күдіктіні анықтайды және ұстайды, қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алады, өздеріне қысым жасауға немесе пара беруге талпынған адамдарды қарсылық танытады.

Көші-қон қызметінің қызметкерлері ҚР өзге елдерден келушілердің психологиялық ерекшеліктерін білуі тиіс, олардың ұлттық сезімдеріне, абыройларына нұқсан келтірмей біздің елдің заңнамаларын бұзушыларды анықтау, қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау.

ЛҰБ қызметкерлеріне әртүрлі қару түрлерін пайдалануға немесе алуға рұқсат құжаттарын беруде психологиялық білімге жиі сүйенуге тура келеді, әсіресе қажетті құжаттар бар және лицензия бермеуге ешқандай негіз жоқ, бірақ қызметтік сұрақты өтініш берушінің мүддесіне шешуге қарсы ішкі сезім бар.

ПО арнайы мекемелерінің қызметкерлеріне жеткізілгендердің түрлі санаттарымен келісімге отыруға, кісі құрамының ішінен қылмыс жасаған, бірақ оны жасыратындарды анықтауға, профилактикалық ықпал етуге тура келеді. Осы және басқада әрекеттер қылмыстық әрекеттің психологиясын, тұлға психологиясын білмейінше мүмкін емес.

Дәрістің екінші сұрақта әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі психологиялық білімнің, дағдының рөлі қарастырылды.

Әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметі ПО қызметтерінің түрлілігін, сол қызметтермен байланысты арнайы ерекшеліктермен көрінеді. Сол ерекшеліктерді білу профессиограмманы өңдеу үшін қажет және әкімшілік-құқықтық білімін жетілдіру ведомствалық оқу орындарындағы тыңдаушылар үшін пайдалы. Тыңдаушылар өз жұмыстарында кездесетін барлық қиындықтарды жеңіп шығуы үшін психологиялық тұрғыдан дайын болулары керек.

Профессиограмма-бұл адам психологиясының ерекшеліктеріне мамандықтың ұсынатын талаптары. Ол мамандықтың әлеуметтік-психологиялық, физиологиялық, гигиеналық, психофизиологиялық және т.б. аспектілерінен құралады. Көбінесе профессиограммалар психограмма болып табылады-бұл адам психологиясының ерекшеліктеріне мамандықтың ұсынатын талаптары.

Әкімшілік полиция қызметкерінің қызметі «адам-адам» деген кәсіп түріне жатады. Кәсіптің бұл түрінің негізгі психологиялық талаптары -

адамдар арасындағы сәтті өзара әрекет. Жетістік құқықтық тәртіп қызметтік білім, жағдыға ғана емес, жұмысшының бағыттылығына, адамдармен өзара қарым-қатынас орнатуына байланысты. Қарым-қатынас професінде адамға ықпал етудің негізгі құралы сөз, ым, дауыс ырғағы, жалпы іс-әрекеті болып табылады.

Бірақ полицейдің кәсібі өзінің құрамына қарай қиын, оның қызметін тұлғалық өзара әрекет арқылы шектеу жеткіліксіз. Жоғары психологиялық-эмоциялық және физикалық күшке төзу, шұғыл жағдайларда саспау, дұрыс шешім қабылдау, өзінің қызметтік борышын соңына дейін орындау-профессиограмманың кейбір талаптары. Әкімшілік полицияның түрлі қызметіндегі психологиялық жиынтықтарды құрайтын ерекшелігі әртүрлі. Бірақ олардың барлығына бір танымдық сипаттама, құқықтық реттелу, өкілетті биліктің болуы, процессті дербестік, уақытша фактор болып табылады.

Әкімшілік полиция қызметкерімен көрсетілетін профессиограмманың талаптары дара (абсолюттік) және салыстырмалы болуы мүмкін.

Профессиограмманың дара талаптарысондай қиындықпен қалыптасатын адамның жеке ерекшеліктерінің болуымен қанағаттандырылады. Мұндай ерекшеліктер нейродинамика ерекшеліктерінің даму деңгейімен анықталады (жүйке жүйесінің негізгі құрылымдары). Профессиограмманың салыстырмалы талаптарына полиция қызметкерінде уақыттың нақты шығындары мен күшті қалыптастыруға болатын қасиеттер жатады.

Профессиограмманы өңдеу әкімшілік полиция қызметкерлерінің арасында сапалы кәсіби таңдауды жүзеге асыруға және кәсіби мамандар ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мамандар арқылы екпінді мінезді әртүрлі тұлғалардың кәсіби әрекетінің нақты байланысы орнатылды. Истероидты және тұрақсыз акцентуациялы тұлғалар үшін бір жағынан шынайы қабілет, екінші жағынан бейімділік пен қызығушылық арасындағы арақашықтық өте жоғары. Осымен бұл түрдің өкілдерінде мамандық таңдауда қателікке бой алдырған және бірінші кезеңде жұмысын өзгертуі мүмкіншілігі бар. Мұндай типтегі тұлғалар мамандықты кездейсоқ таңдау жасайды, сонымен қатар оларға егер қызметі бір сарынды болса, жұмысын жиі ауыстыру қасиеті тән. Олардың басшыларымен тәртіпті бұзғандары үшін жанжалдар жиі туындайды.

Психикалық акцентуация жұмыс орнына ауыстыру мүмкіншілігін төмендетеді. Тұлғалардың бұл түрі кәсіби мақсаттар мен міндеттерді орнатудағы теңдікті төмендететін кәсіби өзінөзі бағалауды өзгертуді қажет етеді. Лайықты мамандықты таңдаған жағдайда олар жұмысты ауыстыру туралы шешім қабылдау барысында қиындықты сезінеді, әсіресе одан арғы кәсіби өзіндік анықтауды талап ететін жауапкершіліктің артуында.

Бірақ кәсіби қызметтің акцентуацияны басуға және тиімсіз кәсіби таңдау жағдайында оларды арттыруға ықпал етеді.

Аса жетістікті полицейлердің қызметтік мінездемелершін зерттеу негізінде әкімшілік полиция қызметкерлерінің аса маңызды кәсіби қасиеттерінің тізбегі құрылды:

1) Аталмыш құрылымдағы мансапқа уәж. Мұндай қызметкерлер аса нәтижелі. Әкімшілік полициядағы қызметтері үшін аса қажетті қызметкерлер адамдарға көмек көрсетуге бейімделген. Бірақ уәждің нәтижелі қызметкерлерге тән формалары да бар: кәсіби қызметіндегі қауіп пен қатерге құлшыныс, ережеге бейімділік, қызметтің өзін ержүрек ретінде сезінуге немесе ата-ана қамқорлығынан арылту әдісі ретінде әсер алу және т.б.

2) Өзін өзі бағалау (өзін өзі сыйлау және өзін таныту). Түрлі қиын жағдайларда өзіне басшылықты алу қабілеті. Сонымен қатар оған барабар өзін өзі бағалау-бұл нәтижелі қызметкердің міндетті психологиялық мінездемесі. Ол өзін өзі қадірлеумен және өзінің күшіне сенушілікпен байланысты.

3) Күйзеліс кезіндегі эмоциялық тұрақтылық. Кәсіби қызметін орындау барысында тез өзгеретін жағдайларда заңдылықтың бұзылуы қызметкерлердің эмоциялық тұрақсыздығына жиі әкеледі.

4) Басқа ұлт өкілдеріне немесе ауытқушылығы бар тұлғаларға қарым-қатынас. Жұмыста жиі ұшырасуға тура келетін, басқа этникалық, діни, саяси топтардың өкілдеріне қатысты анықталған кері әрекеттің қалыптасуы (алқаштар, нашақорлар, үй-жайсыздар, жезөкшелер, гомосексуалистер),

5) Топтық ұйымдасуға қабілеттілік. Жетістікті мамандар ашық, өз ойларын жақсы жеткізе алатын, ұжымдастарымен кеңесіп, өзара көмек көрсетуге дайын, ұжымда жұмыс жасай алатын тұлғалар.

6) Әлеуметтік беделге кемелді қарым-қатынас. Кандидаттың енжар-агрессивті тұлғалық қабілеті, қанағатсыздық, қырсықтық кәсіби қызмет шартындағы беделдің жасырын қарсылық формалары және олардың әлеуметтік жетілмегендігі болып табылады.

7) Икемділік (ырғақтылық, ширақтылық). Әкімшілік полиция қызметкері кәсіби қызмет түрлі әрекетті талап ететіндіктен икемділік, ырғақтылық, әрекеттің бейімделгіш формасының қабілеттерін игеру тиіс.

8) Адалдық және ар-намысты. Бұл қиын және ауыр бағаланатын ауысымды. Егер адам бұрын арсыз әрекет жасаса, онда оны кәсіби қызмет шартында қайталау мүмкіндігі жоғары. Соңғы кездері өтіріктің деңгейін анықтау үшін «өтірік детекторы» пайдаланылады (полиграфта).

9) Тұлғаның белсенділігі. Әкімшілік полиция қызметіне негізінен жігерлі, ынталы, жылы шырайлы тұлғалар жақсы келеді. Олар белсенді, өзгелермен қарым-қатынаста ашық, білімқұмар.

Дәрістің үшінші сұрағында полицей тұлғасына ұсынылатын кәсіби талаптардың жиынтығы ретінде әкімшілік полиция қызметкерінің профессиограммасы қарастырылды.

Әкімшілік полиция қызметкерлерінің психограммасына келесі жиынтықтар кіреді:

1) Әлеуметтік (кәсіби) бейімделудің жоғары деңгейі:
- құқықтық танымның жоғары деңгейі;

- адалдық, ар-намысты, азаматтық батылдық;
- құқықтық тәртіпті бұзумен күрестегі принципті (келісімге келмейтін);
- міндеттілік, адал, орындаушы, тәртіпті.

Осы белгілер бойынша кәсіби қажетсіздік мыналардың болуымен байланысты: адамгершіліктің төмендігі, әділетсіз, іске жауапкершіліксіз қарау, тәртіпсіз, ішімдікке бейім.

2) Тұлғаның жүйке-психологиялық (эмоциялық) төзімділік:

- жоғары күйзеліске төзімділік, эмоция мен әрекетін өзіндік бақылаудың жоғары деңгейі, сыни, қиқарлау жағдайларда жұмысқа қабілеттілік, жүйке жүйесінің дамыған бейімделу қабілеті, түрлі оқиғаларға дұрыс қарау.

Кері қасиеттері: күйзеліске шыдамау, эмоциялық қоюалжудың жоғарылығы, артық агрессиялық, әрекеттердегі ырықсыздығы, невротикалық белгілер, жүке процесстерінің тез таусылуы, тұлғаның психопатиялық қасиеті.

3) полицейдің зияткерлік даму деңгейі, танымдық (когнитивті) белсенділігі: дамыған зияткерлік, ой өрісінің кеңдігі, эрудиция, икемделгіш, шығамашылық ойлау, ойлау қабілеті, ақылдың сараптамалық қоймасы, болжау қабілеті, басты нәрсені бөліп көрсету қабілеті, интуиция, рефлексия. Кері қасиеттері: ойлау қабілетінің төмендігі, ой өрісінің, танымдық белсенділігінің төмендігі, қиялының дамымауы, есінің төмендігі.

4) Коммуникативті біліктілік: қарым-қатынастың түрлі қатысушыларымен эмоциялық байланысты орнату мен дамыту қабілеті, алғырлық, адал, адамдарға сыйлау, тыңдай білу, сұхбаттасушысының қобалжуына эмоциялық тұрғыдан қол ұшын беру, жанжалды жағдайларда сәйкесінше әреке ету, келісімге қол жеткізу, сезіміне, бақылау жасау, өзін өзі бағалау, әзілқой.

Кері қасиеттері: тұйықтану (аутизм), өзін күту, тез жарақаттанатын өзін сүю, өкпелегіштік, жанжалқор, ырықсыздық.

5) Ұйымдастырушылық қабілеті: белсенілік, бастамашыл, тапқырлық, батылдық, шешім қабылдағыштық, қайсарлық, мақсатқа жетушілік, басты нәрсені бөліп көрсету, қабылданған шешімдердің нәтижесін болжау, батылдық, еркіндік, жауапкершілікті сезіну, ұйымдастырушылық, жинақылық, жұмыста ұқыптылық.

Кері қасиеттері: мінездің психопатиялық құрамы, жоғары агрессиялық, эмоциялық тұрақсыздық, енжарлық, жауапкершіліксіздік, күдікшілдік, қауіптілік, жоғары өзін өзі бағалау, билікке құмарлық және т.б.

В.Л.Васильев бойынша профессиограмма құрудың жалпы ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, біз әкімшілік полиция қызметкерінің профессиограммасын құрдық-әкімшілік полиция қызметкерінің кәсіби қызметінің негізгі жақтарын көрсететін көп деңгейлі лауазымдық саты, сонымен қатар осы қызметте жүзеге асырылатын жеке қасиеттер мен дағдылар.

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері: қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік тәртіп бұзушылықты анықтау, алдын алу, ҚР заңнамасымен бекітілген құзырлық

шектеулердегі әкімшілік өндірісті және тергеуді жүзеге асыру, ұсталған және тұтқындалған тұлғаларды қастаған жерлерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде тұрақты мекенжай, құжаттары жоқ тұлғаларды, жаөспірімдер арасында бақылаусыздықты және құқық бұзушылықты анықтау және болдырмау, жол қозғалысы қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету, мемлекеттік бақылау, ҚР заңнамаларына сәйкес ішкі істер органдарға жүктелген лицензиялық және рұқсат етілген қызметтерді жүзеге асыру.

Әкімшілік полиция қызметкерінің профессиограммасында кәсіби қызметті жемісті қамтамасыз ететін жеке қасиеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын қызметтің әлеуметтік, қайта құрушылық, сенушілік, коммуникативті және іздестіру жатары анық көрінеді.

Әлеуметтік қызмет әкімшілік полиция қызметкерінің мемлекеттің заңнамалық актілерін терең түсіне отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша тапсырылған құқықтық насихатты және басқа да шараларды ұйымдастырады, мінездерінде ауытқушылығы бар тұлғаларды қайта тәрбиелеуге жағдай туғызады, олардың қоғамға пайдалы тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуге тырысуынан тұрады.

Халық арасында беделге ие болу, оларға көмек және демеу көрсету полиция қызметкерінің күнделікті қарбалас жұмысынан көрінбей қалады. Атқарған ісінің нәтижесі жүктелген қызметтік міндеттерді атқару ғана емес, сонымен қатар полицейдің жүректілік, нақтылық, көмек қолын созуға деген ынтасы, айналасындағыларға көңіл білдіру, гуманизмді (жұмысқа орналасуға ықпал ету, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынасты реттеу, қарттарға көмек көрсету т.б.).

Қызметтің қайта құру жағы әкімшілік полиция қызметкерінің құқық бұзушылықты заңды тұрғыдан сауатты жетілдіре білуімен, жасаған әрекеттерінің заңды нәтижесі мен құқықтық нормалардың мазмұны туралы азаматтардан сұрауымен, жұмыс ұжым жиналыстарында немесе әкімшілік аймақ азаматтар арасында құқықтық үгітті жүзеге асырумен көрінеді.

Ұйымдастырушылық қызмет қойылған міндетті шешу үшін өзгелерге, яғни ұжымдастар мен азаматтарға көмек пен қолдау көрсету істерін ұйымдастыру мен өзіндік ұйымдастырудан көрінеді. Әкімшілік полиция қызметкері құқық бұзушылық, қылмысты анықтауда, көмек көрсетуде (кеңес, ұсыным), жас қызметкерлермен тәжірибе бөлісуде, жоспарланған іс-шараларды ұйымдастыруда ынта білдіруі тиіс.

Анықтау қызметі процесінде барлық мәліметтер, мысалы, жанжалды көршілер немесе қылмыстың куәгерлерінің берген түсініктерінен, жиналған заттық дәлелдерден әкімшілік полиция қызметкері жай ғана «жазып» қана қоймай, оларға арнайы заңмен қарастырылған форма (хаттама, анықтама, түсініктеме және т.б.) беру қажет.

Коммуникативті қызмет-адамдармен байланыс орнату мен дамыту. Әкімшілік полиция қызметкері әрбір азаматтың заңға және мораль нормаларына, құқық қорғау органдары қызметіне, өзге адамдарға, өзінің жеке өміріне, еңбекке жауапкершілікті қатынасын анықтау қажет;

Құқықбұзушылар жауапкершіліктен қашу үшін әкімшілік полиция қызметкерінің анықтауы қажет «іздерін жасырады», жалған ақпар береді және т.б., сонымен қатар іздестіру қызметі процесінде кінәліні растайтын материалдар жинап, әділдікке және заңға қол жеткізу.

IV-ТАРАУ. Коммуникация және психологиялық әсер ету

4.1. Құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін қақтығыстарды басқару стратегиялары

Қақтығыстар құқық қорғау органдары қызметкерлерінің күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар азаматтармен, әріптестермен, күдіктілермен немесе басқа да тұлғалармен туындауы мүмкін. Қақтығыстарды тиімді басқару полиция қызметкерлерінің кәсіби дайындығының маңызды бөлігі болып табылады, себебі дұрыс қолданылған стратегиялар жағдайды ушығудан сақтап, құқық бұзушылықтың алдын алуға көмектеседі.

Қақтығыстарды басқарудың негізгі стратегиялары. Қақтығыстарды басқару бойынша К. Томас және Р. Килманның модельдері кең таралған. Бұл модель бес негізгі стратегияны ұсынады:

Қашу (Avoiding)-Қақтығысты болдырмауға немесе уақытша кейінге қалдыруға негізделген. Егер жанжал мәнсіз болса немесе оны шешу үшін қолайлы уақыт болмаса, бұл әдіс тиімді болуы мүмкін. Алайда ұзақ мерзімді перспективада қақтығысты елемей оны ушықтыруы мүмкін.

Бейімделу (Accommodating)-Жанжалда екінші тараптың мүддесін өз мүддесінен жоғары қою. Бұл әдіс көбінесе қоғаммен қарым-қатынас кезінде қолданылады, әсіресе адамдарды тыныштандыру қажет болғанда. Бірақ шамадан тыс қолдану полиция қызметкерінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Бәсекелестік (Competing)-Өз көзқарасын қорғау және күш көрсету арқылы шешім қабылдау. Құқық қорғау органдары күдіктілерді ұстау немесе тәртіпсіздіктердің алдын алу кезінде бұл әдісті қолданады. Алайда, бұл әдісті шамадан тыс қолдану қарым-қатынасты шиеленістіріп жіберуі мүмкін.

Компромисс (Compromising)-Екі тараптың да белгілі бір деңгейде қанағаттануын қамтамасыз ету үшін ортақ шешім іздеу. Бұл әдіс көп жағдайда әлеуметтік қатынастарда және ішкі тәртіп мәселелерінде пайдалы. Бірақ түбегейлі әділ шешім қабылдауды қажет ететін жағдайларда бұл стратегияның тиімділігі төмендеуі мүмкін.

Ынтымақтастық (Collaborating)-Барлық тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Бұл әдіс ұзақ мерзімді шешімдер мен сенімді қарым-қатынастар құруға көмектеседі. Бірақ көп уақыт пен күш-жігерді талап етеді. Деэскалация техникасы Қақтығыстарды басқаруда деэскалация әдістері маңызды рөл атқарады. Оған мыналар жатады:

-Дауысты бақылау: сабырлы, сенімді және түсіністікке толы үнмен сөйлеу.

-Дене тілі: ашық позиция, көз байланысы және қатты қимылдардан бас тарту.

- Белсенді тыңдау: адамның эмоциясын түсініп, оған қолдау білдіру.
- Тыныштықты сақтау: агрессияға агрессиямен жауап бермеу.
- Қақтығысты алдын алу әдістері

Құқық қорғау органдары қызметкерлері қақтығыстарды шешумен қатар, олардың алдын алуға да тырысуы керек. Бұған мыналар кіреді:Профилактикалық әңгімелер жүргізу.Қоғамдық сенімді арттыру. Ситуациялық бейімделу және эмоционалдық интеллектті дамыту болып табылады.

4.2.ПО қызметкерлеріне арналған келіссөз жүргізу әдістері

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері қақтығыстарды шешу және дағдарыстық жағдайларды басқару кезінде келіссөз жүргізу дағдыларын жетік меңгеруі керек. Бұл бөлімде келіссөз жүргізудің психологиялық аспектілері мен ПО қызметкерлеріне арналған негізгі әдістер қарастырылады.

Келіссөздер - бұл тараптар арасында даулы мәселелерді реттеу, қақтығысты бәсеңдету және өзара тиімді шешім табу процесі. Тиімді келіссөздерге жету үшін психологиялық факторларды ескеру маңызды:

Когнитивті және эмоциялық факторлар

- Қарсы тараптың көзқарасын түсіну және оның мүдделерін талдау.
- Эмоциялық бақылауды сақтау және сабырлылық таныту.
- Алдын-ала болжам жасау арқылы қарсыластың реакциясын болжау.

Перцептивті факторлар (қабылдау ерекшеліктері)

- Қарсы тараптың мотивациясын түсіну.
- Стереотиптер мен алдын-ала пікірлерден аулақ болу.
- Көзбен байланыс, дауыс ырғағы және дене тілін дұрыс пайдалану.

Коммуникацияның психологиялық аспектілері

- Белсенді тыңдау (тыңдап отырғаныңды көрсету, түсіністік білдіру).
- Ашық сұрақтар қою арқылы ақпарат жинау.
- Манипуляцияға қарсы тұру және ақпаратты дәл беру.

ПО қызметкерлеріне арналған келіссөз жүргізу әдістері.Құқық қорғау органдарының келіссөз жүргізу тәсілдері әртүрлі жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін. Келесі әдістер жиі қолданылады:

- Қарсы тараптың сөзін бөлмей тыңдау.
 - Қажет болған жағдайда қайталап сұрау арқылы ақпаратты нақтылау.
 - Олардың эмоциясын мойындау және түсіністік көрсету.
 - Қарсыласу емес, серіктестік моделін ұстану.
 - Барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып, өзара тиімді шешім қабылдау.
 - Қарсы тараптың соңғы сөзін немесе негізгі ойын қайталап, олардың өз ойларын толықтыруына мүмкіндік беру.
 - Олардың көзқарасын қабылдауға дайын екеніңізді көрсету.
- Эмоцияларды басқару техникасы
- Өзіңіздің және қарсы тараптың эмоцияларын бақылау. Эмоционалды триггерлерден аулақ болу, жағдайды объективті түрде қарастыру.

Дауыс ырғағын бақылау әдісі

- Сабырлы, сенімді, бірақ агрессиясыз сөйлеу.
- Тым баяу немесе тым жылдам сөйлемей, орташа қарқынмен айту.
- Ультиматумнан аулақ болу
- Бірден қатаң талаптар қоймау.
- Егер жағдай күрделі болса, қарсы тараптың уәждерін зерттеп, өз позицияңызды жұмсақ ұсыну.
- Келіссөз жүргізу кезеңдері

Дайындық кезеңі

- Қарсы тарап туралы ақпарат жинау.
- Мақсаттарды анықтау және ықтимал сценарийлерді болжау.
- Байланыс орнату
- Эмоционалдық байланыс қалыптастыру (қарсы тарапты түсінуге тырысу).
- Сенім мен ашықтықты көрсету.

Негізгі келіссөз процесі

- Негізгі мәселені талқылау.
- Барлық тараптардың ұстанымдарын ескеру.

Шешім қабылдау және келісімге келу

- Тараптарды ортақ шешімге бағыттау.
- Келісімді нақты бекіту және оның орындалуын бақылау.

ПО қызметкерлерінің келіссөз жүргізу салаларындағы тәжірибесі

Келіссөз жүргізу полиция қызметінде келесі жағдайларда маңызды:

Криминалдық келіссөздер: кепілге алынған адамдарды босату, қылмыскерлермен диалог жүргізу.

Қоғамдық тәртіпті сақтау: наразылық акциялары кезінде халықпен диалог. Құқық бұзушылармен қарым-қатынас: агрессивті немесе психикалық тұрақсыз адамдармен жұмыс. Кеңсеішілік келіссөздер: әріптестер арасындағы жанжалдарды шешу.

4.3. Агрессивті және стресс жағдайларындағы психологиялық тұрақтылық

Құқық қорғау органдары қызметкерлері үнемі күрделі және қауіпті жағдайларда жұмыс істейді. Олар жоғары эмоционалдық және физикалық жүктемеге ұшырайды, сондықтан психологиялық тұрақтылықтың маңызы зор. Бұл бөлімде стресс жағдайларын басқару, эмоцияларды реттеу және психологиялық реабилитация әдістері қарастырылады.

1. Стресті басқару техникасы

Стресс және оның құқық қорғау органдары қызметкерлеріне әсері

Стресс – бұл ағзаның сыртқы немесе ішкі қысымдарға физиологиялық және психологиялық реакциясы. Ол қысқа мерзімді (акутті) немесе ұзақ мерзімді (хроникалық) болуы мүмкін.

Құқық қорғау органдары қызметкерлеріндегі стресс факторлары:

- Қауіпті жағдайларда жұмыс істеу (қарулы қақтығыстар, төтенше жағдайлар).
- Ұзақ уақыттық психологиялық қысым (ауыр қылмыстарды тергеу, күрделі шешім қабылдау).
- Әлеуметтік қысым (қоғамдық пікір, БАҚ ықпалы).
- Ішкі ұжымдық жанжалдар мен жұмыс жүктемесінің жоғары болуы.
- Стресті басқару әдістері
- Физиологиялық релаксация әдістері
- Тыныс алу жаттығулары: 4-7-8 техникасы (4 секунд дем алу, 7 секунд кідіру, 8 секунд баяу дем шығару).
- Бұлшықеттерді босаңсыту әдісі: Джекобсон әдісі – әрбір бұлшықет тобын кезең-кезеңмен босаңсыту.
- Когнитивті қайта бағалау
- Күрделі жағдайларды рационалды түрде бағалау.
- Оқиғаларға эмоциялық емес, логикалық тұрғыдан қарау.
- Ішкі негативті диалогты позитивті бағытқа өзгерту.
- Уақытты басқару және демалыс режимін сақтау
- Жұмыс пен демалысты дұрыс үйлестіру.
- Ұйқының сапасын арттыру (күніне кемінде 6-8 сағат ұйықтау).
- Спортпен және физикалық белсенділікпен айналысу.

2. Эмоцияларды реттеу және өзін-өзі бақылау

- Эмоционалдық реттеудің негізгі әдістері
- "Үзіліс алу" әдісі
- Қатты ашу, агрессия немесе эмоциялық толқыныс кезінде қысқа үзіліс жасап, жағдайды қайта ой елегінен өткізу.
- Есеп жүргізу (мысалы, 10-ға дейін санау) немесе терең тыныс алу арқылы эмоцияны тұрақтандыру.

Дене тілі мен дауыс ырғағын бақылау

- Қол-аяқты қатты қимылдатпау, дененің жабық қалыптарын болдырмау.
- Дауыс ырғағын бақылау, сабырлы және анық сөйлеу.

"Тыныштық нүктесі" әдісі

- Бұрын тыныштық пен сенімділік сезімін тудырған жағдайларды еске түсіру арқылы өз-өзінді бақылауға алу.

Рационалды ойлау мен когнитивті бақылау

- Адамның эмоциясын басқара алатынын түсіну.
- Өз эмоцияларын сырттан бақылау арқылы оларға жауап беру тәсілдерін таңдау.

3. Психологиялық реабилитация әдістері

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ұзақ мерзімді психологиялық жүктемеден кейін тез қалпына келуі үшін реабилитациялық шаралар маңызды. Психологиялық реабилитацияның негізгі әдістері.

Психологиялық демалыс және медитация

- 5-10 минуттық медитация немесе тыныс алу жаттығулары.
- "Қауіпсіз орын" техникасы – адам өзін қауіпсіз сезінетін жерді елестету.

Психологиялық қолдау топтары

-Ішкі әріптестік қолдау топтары арқылы тәжірибе бөлісу.

-Психолог мамандармен жұмыс жасау.

Экспрессивті терапия әдістері

-Стресті жеңілдету үшін жазу терапиясы (күнделік жүргізу).

-Өнер терапиясы (сурет салу, музыка тыңдау).

Дене белсенділігі мен спорт

-Йога, жүгіру, жүзу, жаттығу жасау арқылы психикалық тұрақтылықты арттыру.

Құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін психологиялық тұрақтылық – олардың кәсіби тиімділігі мен жеке саулығының кепілі. Стресті басқару техникасын меңгеру, эмоцияларды бақылау және психологиялық реабилитация әдістерін қолдану – олардың жұмыстағы төзімділігі мен өмір сапасын арттырады.

4.4.Қақтығыстарды басқарудың психологиялық негіздері

Қақтығыс – бұл қарама-қайшы мүдделер, көзқарастар немесе мақсаттар арасындағы шиеленіс. ПО қызметкерлері үшін қақтығыстарды басқару келесі бағыттарды қамтиды:

Қақтығыстардың себептерін түсіну: заңсыз әрекеттер, әлеуметтік теңсіздік, эмоциялық шиеленіс, агрессия, ақпараттың дұрыс жетпеуі.

Қақтығыстың даму кезеңдері:

-Келіспеушіліктің пайда болуы

-Қарсыласудың күшеюі

-Шиеленістің ушығуы

-Қақтығысты шешу немесе оның жаңа деңгейге өтуі

Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне арналған қақтығыстарды басқару стратегиялары.Қақтығысты басқарудың бес негізгі моделі бар:

-Қашу (болдырмау) – жанжалды шешуге қатысудан бас тарту (қажетсіз дау-жанжалдан аулақ болу).

-Бейімделу – қарсыласқа толықтай немесе жартылай келісу, қарсылық көрсетпеу.

-Бәсекелестік – өз көзқарасын күштеп таңу, билікке немесе күшке сүйену.

-Компромисс – екі тараптың да ішінара талаптарын қанағаттандыру арқылы ортақ шешімге келу.

-Ынтымақтастық – екі жақтың да мүдделерін ескере отырып, барлығына тиімді шешім табу.

ПО қызметкерлері үшін компромисс пен ынтымақтастық ең тиімді тәсілдер болып табылады, өйткені олар жағдайды тұрақтандырып, жанжалсыз шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

3. Қақтығысты шешудің психологиялық әдістері.Қақтығысты басқару үшін ПО қызметкерлері келесі психологиялық әдістерді қолдана алады:

3.1. Деэскалация техникасы.Деэскалация – қақтығыстың өршуін бәсеңдету әдісі. Оған мыналар кіреді:Тыныш дауыс ырғағы – дөрекі жауап

бермей, сенімді, бірақ сабырлы сөйлеу. Байсалды дене тілі – ашық қалыпта тұру, қолды айқастырмау, агрессияға итермелемейтін қимылдар қолдану. Эмоциялық бақылау – өз сезімдерін ұстай білу, провокацияға берілмеу.

3.2. Белсенді тыңдау әдісі Қарсыластың айтқанын мұқият тыңдау Оның сезімдерін растау («Мен сіздің ренішіңізді түсінемін...») Нақтылаушы сұрақтар қою Қысым көрсетпей, мәселені талқылауға шақыру

3.3. Келіссөз жүргізу психологиясы. ПО қызметкерлері жанжалды келіссөз арқылы реттеу қабілетін меңгеруі керек. Келіссөздің негізгі кезеңдері:

Контакт орнату – қарсыласпен байланыс жасап, оның сеніміне кіру.

Ақпарат жинау – жағдайдың мән-жайын анықтау.

Шешім іздеу – екі тарапқа да тиімді ұсыныстар ұсыну.

Қорытынды жасау – келісімге келу және оның орындалуын қадағалау.

Негізгі ереже: "Агрессияға – сабырлықпен, эмоцияға – логикамен жауап беру".

4. Қақтығысты басқаруға арналған психологиялық дайындық жаттығулары Қызметкерлердің психологиялық даярлығын күшейту үшін тәжірибелік жаттығулар маңызды.

4.1. "Қарбалас жағдайда шешім қабылдау" жаттығуы

Қатысушыларға қақтығыс сценарийі ұсынылады (мысалы, агрессивті азаматпен кездесу).

Олар жылдам және дұрыс шешім қабылдауы керек.

Жаттығу соңында шешімдер талқыланып, дұрыс стратегиялар анықталады.

4.2. "Келіспеушілік арқылы сенімді келіссөз жүргізу" жаттығуы

Бір топ полицей рөлінде, екіншісі – наразы азаматтар.

Қызметкерлер олардың талабын тыңдап, тиімді келіссөз жүргізуге тырысады.

Ойын соңында әдістер сарапталып, жетілдіріледі.

5. Агрессивті және стресс жағдайларындағы психологиялық тұрақтылық

ПО қызметкерлерінің психологиялық тұрақтылығы – олардың қызмет барысында эмоционалдық қысымға төтеп беру қабілеті.

5.1. Стресті басқару техникасы

- Тыныс алу жаттығулары (терең тыныс алып, баяу шығару)

- Бұлшық ет релаксациясы (денені босату және қысымды азайту)

- Ойды ауыстыру әдісі (жағымсыз эмоцияларды басу үшін басқа нәрсеге назар аудару)

5.2. Эмоцияларды реттеу және өзін-өзі бақылау

- Ашуды бақылау үшін 10 секундтық үзіліс жасау

- Проблеманы жеке қабылдамау

- Күрделі жағдайда логика мен кәсіби этиканы ұстану

5.3. Психологиялық реабилитация әдістері

- Қиын жағдайлардан кейінгі психологиялық қалпына келтіру үшін:

- Де-стресстік тренингтер (музыка терапиясы, спорт, релаксация)

- Психологпен жұмыс істеу

- Қызметкерлер арасындағы қолдау жүйесін құру

Қақтығыстарды басқаруға кәсіби психологиялық дайындық құқық қорғау органдары қызметкерлеріне сабырлы болуға, дұрыс шешім қабылдауға және қоғаммен тиімді байланыс орнатуға көмектеседі. Бұл оқу құралы ПО қызметкерлерінің жанжалды жағдайларда кәсіби әрекет ету дағдыларын жетілдіруге бағытталады.

Тест сұрақтары:

1.Тұлғаның танымдық процесстерінің психологиялық мінездемесі. Полиция қызметкерлерінде танымдық процесстерді дамыту әдістемесі

1. Түйсік – бұл:

- A) субъектінің өмірінің мән- жайларының тез өзгергендегі, күшті және де қысқа мерзімді эмоционалдық күйі;
- B) объективті шынайылықтың сезімдік бейнесі;
- C) ой процесінің түрі, яғни қоршаған ортаны шынайы қабылдау;
- D) ақпаратты қабылдауда, алмасуда, өңдеуде адаммен қолданатын дыбыс белгілері, жазбаша белгілері мен символ жүйесі;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

2. Синестезия – бұл:

- A) сезім органдарының өзара әрекеттесу құбылысы, яғни бір анализатор әсерінен, басқа анализаторға тәуелді сезімдердің пайда болуы;
- B) сезімнің төмендеуі немесе мүлдем жоғалуы;
- C) аштық, шөлдеу;
- D) жаттығу нәтижесінде сезімнің жоғарылауы;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

3. Қою қараңғылыққа көру органы қанша уақытта бейімделеді:

- A) 10 минут;
- B) 5 минут;
- C) 30-40 минут;
- D) тез;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

4. Қабылдау дегеніміз не:

- A) сыртқы дүниенің сезім мүшелері әсерінен туған заттың тұтастай бейнесі;
- B) объективті шынайылықтың сезімдік бейнесі;
- C) шынайы немесе идеалды объектіге сананың бағыттылығы немесе шоғырландырылғандығы;
- D) заттарды олардың жалпы немесе маңызды белгілері бойынша ойша бірлесуі;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

5. Апперцепция – бұл:

- A) адамның психологиялық ахуалы мен оның өткендегі өмір тәжірибесінің мазмұнын қабылдау, өзінің мінез-құлқы мен жағдайларын басқару;

- В) көру, дәм сезу, иіс сезу түйсіктері;
С) тұлғаның бейнесінен қабылдау тәуелділігі;
D) дұрыс жауабы жоқ;
Е) сезім мүшелеріне әсер еткен кездегі пайда болатын құбылыс.
6. Галлюцинация дегеніміз не:
А) қысқамерзімді қатты эмоционалдық қозу;
В) көргенді жалған қабылдау;
С) әр түрлі заттар мен құбылыстарды жалған қабылдау;
D) шынайы объектінісіз бір нәрсені қабылдау;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
7. Эйдетикалық ес дегеніміз не:
А) қозғалысты ес, бұлшықетпен қабылдау түйсігі;
В) нақты, суретті ес;
С) уайымдау есінің күштілігі;
D) көрген затты бір рет қабылдау, сол уақытты бір актті есте сақтау;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
8. Оқиға болғаннан кейін қай мерзім ішінде куәгерді тергеген нәтиже береді:
А) 1 сағаттан соң;
В) 1 күннен соң;
С) 2-3 күннен соң;
D) бір аптадан соң;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
9. Зейгарник эффектiсiнiң мәні неде:
А) адамдар бітпей қалған істерін біткен істеріне қарағанда екі есе жиі еске түсіреді;
В) кері эмоцияны туғызатын психологиялық еске түсіруді есте сақтамауға бейім;
С) уақыт интервалы, саны мен серпіні, сөйлеу тұжырымдамасын тез естен шығарады;
D) есті жоғалту кезінде жаңадан басынан өткізген әсертелер есте қалады;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
10. Зейін – бұл:
А) объективті шынайылықты сезімдік бейнелеу;
В) өткен тәжірибені, есте сақтау, қайта жаңғыртудың психикалық формасының көрінісі;
С) адам қызметінің психикалық өзіндік ерекшеліктері, яғни басқа объектілерден назарын алшақтатып, жаңа заттар мен құбылыстарды жақсырақ бейнелеуі;
D) заттарда және құбылыстарда қандай да болмасын көзқарас жағынан мәні бар көзге түспейтін заттарды байқау;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
11. Ересек адамның зейін көлемі қанша объектіні құрайды:
А) 10;
В) 5 -7;

- С) 3-4;
D) 1-2;
E) дұрыс жауабы жоқ.
12. Ойлау – бұл:
A) шынайылықтың қорытынды бейнесі;
B) адам қызметінің психикалық өзіндік ерекшеліктері, яғни басқа объектілерден назарын алшақтатып, жаңа заттар мен құбылыстарды жақсырақ бейнелеуі;
C) шынайы немесе идеяды объектіге сананың бағыттылығы;
D) A,B,C жауаптары дұрыс;
E) дұрыс жауабы жоқ.
13. Жаңа жағдайларда дұрыс бағдарлану – бұл:
A) ойлау сыны;
B) ойлау тереңдігі;
C) ойлау икемділігі;
D) ойлау тездігі;
E) дұрыс жауабы жоқ.
14. Қиял - бұл:
A) объективті шынайылықтың сезімдік бейнесі;
B) өткен тәжірибені, есте сақтау, қайта жаңғыртудың психикалық формасының көрінісі;
C) барлық жағдайларды жетік зерттемей жатып, аздаған ұқсастығы үшін қорытынды жасау;
D) елестетулердің негізінде бұрын соңды қабылданылмаған заттар мен құбылыстардың жаңа бейнесін жасау;
E) дұрыс жауабы жоқ.
15. Адамның өзіне, басқа адамдарға және заттарға қатынасының өзіндік ерекшеліктерінің жиынтығы:
A) темперамент;
B) дәмәгөйлік (притязание) деңгейі;
C) мінез;
D) жүйе;
E) дұрыс жауабы жоқ.
16. Бір типті дау-жанжалдың пайда болуына әкелетін және басқа адамдарға кері әсерін тигізетін мінездің өзіндік ерекшеліктерінің аса дамуы, дегеніміз:
A) стресс;
B) фрустрация;
C) акцентуация;
D) психопатия;
E) дұрыс жауабы жоқ.
17. Темперамент – бұл:
A) әр түрлі уақытта және жағдайда бір қалыпты әрекет жасау;
B) адамның әрекетінің және қызметінің динамикасын анықтайтын адамның жеке ерекшеліктері;

С) қоршаған орта санаттарына тұлғаның қатынасы;

Д) А.В.С жауаптары дұрыс;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

18. Келесі қасиеттер темпераменттің қай түріне жатады: жігерлілік, белсенділік, салмақтылық, дау жанжалға түспеушілік, қарым-қатынасшыл, көшбасшылыққа талпыну, қызметтің біртүтілігін жақтырмау?

А) холерик;

В) сангвиник;

С) флегматик;

Д) меланхолик;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

19. Келесі қасиеттер темпераменттің қай түріне жатады: қарым-қатынасшыл, белсенділік, қызбалық, импульсивтілік, қатты, айқын сөйлеу мәнері:

А) холерик;

В) сангвиник;

С) флегматик;

Д) меланхолик;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

20. Сензитивтілік дегеніміз не:

А) коммуникациялық және кәсіби қызметінде адамның психикалық бейімділігінің қабілеттілігі;

В) әр түрлі психикалық реакциялар мен процестердің өту жылдамдығы (сөйлеу темпі, ым динамикасы, ақыл тездігі);

С) сыртқы дүниеге индивидтің бағыттылығы;

Д) әр түрлі әсерлерге сезімділік;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

21. Ригидтілік – бұл:

А) қоршаған ортаның адамның белсенділігіне әсері;

В) ішкі дүниеге индивидтің бағыттылығы;

С) бұрын таңдалған ұстанымды өзгертпеу, қаталдық, икемсіздік;

Д) А, В, С жауаптары дұрыс;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

22. Интроверт – бұл:

А) басқа адмдармен салсытырғанда белсенділігі көбіне сыртқы қызметке қарағанда ішкі сезімдеріне тәуелді тұлға түрі;

В) басқа адмдармен салсытырғанда белсенділігі көбіне ішкі қызметке қарағанда сыртқы сезімдеріне тәуелді тұлға түрі;

С) флегматик темпераментімен тұлға;

Д) мінезді тұлға;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

23. Темперамент – тұлғаның күйгелектену динамикасы ерекшеліктері мен психикалық қызметінде шарттасушылық, бұл:

А) тәрбие;

В) оқыту;

- С) тұқымқуалаушылық;
D) А,В,С жауаптары дұрыс;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
24. Фрустрация дегіміз:
А) негативті түрмен бейнеленген эмоционалды жағдай, белгісіз уайым, нақты қатерді сезіну;
В) адамның дүниеге қатынасы, оның уайымдағаны;
С) тұлғаға немес топқа бағытталған физикалық немесе психологиялық әсер ету әрекеті;
D) қойылған мақсаттарға жетуде немесе мәселелерді шешуде пайда болатын адамның психикалық күйі;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
25. Қажеттілік – бұл:
А) тұлғаның психикалық ерекшеліктері;
В) өмір жағдайларында және даму барысында адамның сезінетін мұқтаждық;
С) индивидтің белсенділігін тудыратын түрткі жүйесі;
D) қарқынды және қызуды өтетін эмоционалды жағдай;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
26. Қондырғы – бұл:
А) адамның әр түрлі әрекетінің рационалды түсіндірмесі;
В) адамның басқа адамдар ортасында болу пейілі;
С) әр түрлі әрекеттерді, фактілерді оң және теріс қабылдауы, яғни адамда санасыз қалыптасқан дайындық;
D) адам қасиеттерінің тұрақты жиынтығы;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
27. Тұрақтылық, мінездің байсалдылығы, принциптілік, әрекетінің ұстамдылығы, тұлғаның эмоционалды-ерікті тұрақтылығы – бұл мінездемесі:
А) тұлғаның интеллектуалды қасиеттері;
В) тұлғаның эмоционалды қасиеттері;
С) физикалық;
D) тұлғаның ерікті қасиеттері;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
28. Аштық, шөл, лоқсу, адамның ішкі органдарының ауыртпашылығы бұл түйсіктің қай түрі:
А) сыртқы;
В) ішкі;
С) қозғалысты;
D) кинестетикалық;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
29. Дененің кеңістіктегі жағдайы, дене әрекеті түйсіктің қай түріне жатады:
А) сыртқы;
В) ішкі;
С) қозғалысты;
D) кинестетикалық;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

30. Түйсіктің қай түрі уақыты бойынша ұзақ болады:

А) дәм сезу;

В) көру;

С) қозғалысты;

Д) иіс сезу;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

31. Түйсіктің қай түрі уақыты бойынша қысқа болады:

А) дәм сезу;

В) көру;

С) қозғалысты;

Д) иіс сезу;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

32. Көзі көрмейтін адамның есту қабілеті жоғарылайды. Бұл құбылыс:

А) адаптация;

В) сенсбилизация;

С) синестезия;

Д)

сезіну;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

33. Ойлап көріңіз, Сіздің аузыңызда жаңа кесілген лимон тілігі бар. Сіздің аузыңыздан сөл шықтыма. Бұл құбылыс қалай аталады:

А) бейімделушілік;

В) сенсбилизация;

С) синестезия;

Д)

сезімділік;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

34. Адамның сезімділігіне келесі факторлар әсер етеді:

А) денсаулық жағдайы;

В) темперамент;

С) көңіл-күй;

Д)

ауа-райы

жағдайы;

Е) А,В,С, D жауаптары дұрыс.

35. Проприоцептік түйсікке анықтама:

А) түйсіктер дененің ішкі процестеріне байланысты, яғни ішек, қарын, жүрек, қан тамырлары мен басқа да ішкі құрылым қатпарларындағы тітіркенулерді миға жеткізіп отырады. Түйсіктердің бұл тобы тірі ағзаларда пайда болу жағынан ең ежелгілерден әрі өте қарапайым түрі.

В) түйсіктер дененің кеңістіктегі қалпы жөніндегі ақпараттармен қамтамасыз етіп, адам қозғалысының сезімдік негізін құрап, оларды реттеп отырады. Бұл түйсіктер тобының шеткі рецепторлары бұлшық еттер мен буындарда ерекше жүйе тәндері формасында берілген.

С) Бұл түйсіктердің қызметі сыртқы дүние ақпаратын адам сезіміне жеткізу және қоршаған ортамен үздіксіз байланысты орнату.

Д) А,В,С жауаптары дұрыс;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

36. Қай жақтан естілген дауыстар жақсы қабылданады:

А) алдынан және оң жағынан;

В) алдынан және артынан;

С) оң және сол жағынан;

Д) сол жағынан және артынан;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

37. Егер де сізге ұнаған зат болса сіз оны «ұнайды» терминіне, ал ұнамаса «ұнамайды» терминіне қосасыз. Бұл қабылдаудың қателігі қалай аталады:

А) галлоэффект;

В) сәуле эффектісі;

С) мейірімділік эффектісі;

Д) стереотип;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

38. «Толық адамдар әрдайым ақкөңіл». Бұл қабылдаудың қателігі қалай аталады:

А) галлоэффект;

В) сәуле эффектісі;

С) мейірімділік эффектісі;

Д) стереотип;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

39. «Егер де мен адам туралы жамандықты білмесем, онда ол жақсы адам». Бұл қабылдаудың қателігі қалай аталады:

А) галлоэффект;

В) сәуле эффектісі;

С) мейірімділік эффектісі;

Д) стереотип;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

40. Шынайы объектісіз пайда болған, қабыладау (көріну, елес, алдамшы дыбыстар, дауыстар, иіс), бұл:

А) «Дежавю» эффект;

В) елес;

С) елестеушілік;

Д) қиял;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

41. Заттар мен құбылыстарды қате қабылдау, бұл:

А) «Дежавю» эффект;

В) елес;

С) елестеушілік;

Д) қиял;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

42. Қимыл, бұлшықетті сезіну есі – бұл:

А) эмоционалды ес;

В) ұзақмерзімді ес;

- С) қимыл есі;
 D) еріксіз ес;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
43. Бұл ес автоматты түрде адамның әрекетінсіз жұмыс жасайды:
 A) эмоционалды ес;
 B) ұзақмерзімді ес;
 C) қимыл есі;
 D) еріксіз ес;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
44. Осы жас аралығында ес жақсы жұмыс жасайды:
 A) 1-7 жас;
 B) 20-45 жас;
 C) 60 кейін;
 D) 15-20 жас;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
45. Девиантты мінез-құлық:
 A) қоғамда қабылданған талаптарға қарама-қайшы келетін, психикалық тұрғыда сау тұлға әрекеттерінің жүйесі;
 B) құқықтық нормалар талаптарынан ауытқушылық мінез-қылық;
 C) заң талаптарына қарама-қайшы әрекет ететін тұлға қызметі;
 D) жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
46. Түйсікті сезіну мен айыра білу қабілеті:
 A) сезімдік;
 B) ұзақтылық;
 C) жүйелілік;
 D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
47. Адамда сыртқы түйсіктердің қанша түрі бар:
 A) бір;
 B) үш;
 C) он;
 D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
48. Түйсік қарқыны дегеніміз
 A) түйсіктің сандық сипатын білдіре отырып, өз кезегінде әсер етуші тітіркендіргіштің күші және рецептордың қызметтік жағдайымен анықталады.
 B) нақты түйсік түрінің оны басқа түйсіктерден ажырататын және сол түйсік шеңберінде көрініс беретін дара негізгі ерекшелігі. Түйсіктердің осы формаларының шексіз саналуандылығын дәлелдейді.
 C) түйсіктің уақыт аралығына байланысты сипаты. Бұл қасиет сезім мүшесінің қызметке жарамдылық қалпымен анықталады да, негізінен, тітіркендіргіш әсерінің уақыт созыңқылығы мен қарқынына байланысты келеді.

D) A,B,C жауаптары дұрыс;

E) дұрыс жауабы жоқ.

49. Интероцептік түйсікке анықтама:

A) түйсіктер дененің ішкі процестеріне байланысты, яғни ішек, қарын, жүрек, қан тамырлары мен басқа да ішкі құрылым қатпарларындағы тітіркенулерді миға жеткізіп отырады. Түйсіктердің бұл тобы тірі ағзаларда пайда болу жағынан ең ежелгілерден әрі өте қарапайым түрі.

B) түйсіктер дененің кеңістіктегі қалпы жөніндегі ақпараттармен қамтамасыз етіп, адам қозғалысының сезімдік негізін құрап, оларды реттеп отырады. Бұл түйсіктер тобының шеткі рецепторлары бұлшық еттер мен буындарда ерекше жүйе тәндері формасында берілген.

C) Бұл түйсіктердің қызметі сыртқы дүние ақпаратын адам сезіміне жеткізу және қоршаған ортамен үздіксіз байланысты орнату.

D) A,B,C жауаптары дұрыс;

E) дұрыс жауабы жоқ.

50. Экстероцептік түйсікке анықтама:

A) түйсіктер дененің ішкі процестеріне байланысты, яғни ішек, қарын, жүрек, қан тамырлары мен басқа да ішкі құрылым қатпарларындағы тітіркенулерді миға жеткізіп отырады. Түйсіктердің бұл тобы тірі ағзаларда пайда болу жағынан ең ежелгілерден әрі өте қарапайым түрі.

B) түйсіктер дененің кеңістіктегі қалпы жөніндегі ақпараттармен қамтамасыз етіп, адам қозғалысының сезімдік негізін құрап, оларды реттеп отырады. Бұл түйсіктер тобының шеткі рецепторлары бұлшық еттер мен буындарда ерекше жүйе тәндері формасында берілген.

C) Бұл түйсіктердің қызметі сыртқы дүние ақпаратын адам сезіміне жеткізу және қоршаған ортамен үздіксіз байланысты орнату.

D) A,B,C жауаптары дұрыс;

E) дұрыс жауабы жоқ.

2.Қылмыстық мінез-құлық психологиясы. Әкімшілік құқық бұзушы және қылмыскер тұлғаларының психологиясы

1. Осы ғылымның пікірінше адамдағы құқыққа қарсы мінез-құлық әрекеті гентикалық түрде қалыптасқан және де бас сүйек құрлысының ерекшеліктеріне байланысты:

A) Ч.Ломброзо;

B) З.Фрейд;

C) Г.Юнг;

D) Х.Айзенк;

E) дұрыс жауабы жоқ.

2. Э.Дюркгейм, Э.Сатерленд, В.Тард және де басқалардың айтуынша, қылмыстық мінез-құлық негізінде:

A) психикалық дамуының ауытқушылығы;

B) әлеуметтік ортадан тосырқаушылық;

- С) «қылмыстық» геннің әсері;
D) А, В,С жауаптары дұрыс;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
3. Қылмыскер тұлғасының қалыптасуына биологиялық фактор әсер етеді:
А) Ч.Ломброзо;
В) З.Фрейд;
С) Г.Юнг;
D) Х.Айзенк;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
4. Э.Дюркгейм, Э.Сатерленд, В.Тард және басқалардың пікірінше, қылмыстық мінез-құлықтың негізі:
А) психикалық дамуының ауытқушылығы;
В) әлеуметтік ортадан тосырқаушылық;
С) «қылмыстық» геннің әсері;
D) А, В,С жауаптары дұрыс;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
5. Сіздің ойыңызша, қылмыскер тұлғасының қалыптасуына әсер етеді:
А) тұқымқуалаушылық;
В) әлеуметтік орта;
С) тұқымқуалаушылық және әлеуметтік орта;
D) тұқымқуалаушылық, әлеуметтік орта және тұлғаның өзі;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
6. Уәждеме қылмыскер тұлғасының әрекет етуге итермелейтін саналық түрткі:
А) тұлғаны анықтау;
В) құжаттарды тексеру;
С) ұстау;
D) жаза тағайындау мен анықтауда;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
7. Қылмыскер тұлғасының қалыптасуына әлеуметтік фактор әсер етеді:
А) Ч.Ломброзо;
В) З.Фрейд;
С) Г.Юнг;
D) Х.Айзенк;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
8. Өзін-өзі тану уәждемесі қатысты:
А) пара алушыларға, зорлаушыларға, сериялы адам өлтірушіге;
В) айлакерге;
С) ұрлықшыға;
D) қорқытып алушыға;
Е) дұрыс жауабы жоқ.
9. Өзін-өзі ақтау уәждемесі қатысты:
А) айлакерге;
В) зорлаушыларға;

- C) адам өлтірушіге;
D) барлық қылмыскерге;
E) дұрыс жауабы жоқ.
10. Ойын уәждемесі қатысты:
A) рецидивтерге;
B) жалдамалы адам өлтірушілерге;
C) ұрлықшыларға, талан-таражы салушыларға, алаяқтарға;
D) A,B,C жауаптары дұрыс;
E) дұрыс жауабы жоқ.
11. Қылмыстың қай түрінде тұлғада қылмысқа деген түрткі болмайды – бұл жерде қылмыс қорытындысы әрекеттің мақсаты мен уәждемелеріне сәйкес келмейді:
A) абайсыздықта;
B) қайта;
C) алғаш рет;
D) зорлау;
E) дұрыс жауабы жоқ.
12. Жауыз қылмыскер түрі қатысты:
A) кездейсоқ;
B) әлеуметке қарсы;
C) антиәлеуметтік;
D) A,B,C жауаптары дұрыс;
E) дұрыс жауабы жоқ.
13. Екі немесе одан да көп орындаушылардан құрылады, яғни қылмыстық істерін алдын- ала жоспарсыз, келісімсіз жасайды:
A) сотқарлар;
B) кездейсоқ қылмыстық топтар;
C) мемлекеттік мүлікті талан таражыға салушылар.
D) A,B,C жауаптары дұрыс;
E) дұрыс жауабы жоқ.
14. Тапсызданған тұлғалар, дұрыс қарым-қатынас жүйесінен алыстағандар, үйсіз-күйсіз жүрген адамдар:
A) тұрақсыз;
B) аса қауіпті;
C) әлеуметтен алшақтаған;
D) жағдайлы;
E) дұрыс жауабы жоқ.
15. Әрекетінің икемділігі, қарым-қатынасшылдық, үрей мен агрессивтіліктің төмен деңгейі:
A) адам өлтірушілер;
B) зорлаушылар;
C) жезөкшелер;
D) ұрлықшылар;
E) дұрыс жауабы жоқ.

16. Дамыған тұтынушы позициясы, эгоизм, цинизм, пайда табуға деген құлшыныс кімге қатысты:

A) пара алушылар, талан таражыға салушылар, алаяқтар;

B) педофилдер;

C) адам өлтірушілер;

D) өз өзіне қол сұғушылар;

E) дұрыс жауабы жоқ.

17. Әлеуметтік ақау идентификациясы, эмоционалды топастық, импульсивті агрессивтілік, цинизм, эгоцентризм, қобалжу, өзін өзі асыра бағалау бұл кімге қатысты:

A) зорлаушылар;

B) пайдақор қылмыскерлер;

C) алаяқтар;

D) ұрлықшылар;

E) дұрыс жауабы жоқ.

18. Әйел-қылмыскерлерге жатады:

A) пайдақорлыққа деген пейілділік әйел адамда ер адамға қарағанда жоғары;

B) шынайылықтың кейбір құбылыстарын өткір қабылдау, оларға деген жоғарғы эмоционалдық әрекет, тұлғааралық қарым қатынасқа аса назар аудару, асыра қозушылық, сиыспаушылық, қояншықтық;

C) жәбірленуші арқылы өз ісінің дұрыстығын дәлелдеп алуға деген құлшыныс;

D) пайдакүнемдік пен кек, қызғаншақтық пен көреалмаушылық, қорқыныш пен ашу сезімдері;

E) дұрыс жауабы жоқ.

19. Қылмыстық топтың мүшесі болуға қай жастан бейім болады:

A) 15-20 жас;

B) 18-30 жас;

C) 40-50 жас;

D) 25-50 жас;

E) дұрыс жауабы жоқ.

20. Екі немесе одан да көп адамдар жиынтығы, алдын ала келісім арқылы топ құрып, қылмысқа баруы қай топқа жатады:

A) қылмыстық істің алдындағы;

B) кездейсоқ;

C) тұрақты;

D) ұйымдасқан;

E) дұрыс жауабы жоқ.

21. Екі немесе одан да көп адамдар жиынтығы, алдын-ала келісімсіз жиналып, эмоция әсерінен қылмысқа бару, қай топқа жатады:

A) кездейсоқ;

B) ұйымдасқан;

C) примитивті;

D) A,B,C

жауаптары

дұрыс;

E) дұрыс жауабы жоқ.

22. Қылмыстық ұйымдар, яғни жерлестер немесе нәсілдік принципі бойынша жиналған топтар – бұл:

- A) бригада;
- B) қарақшы топ;
- C) қауым;
- D) мафия;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

23. Тұлғалардың бірігіп, топтасып қылмыс жасау заңдылықтары, бұл қай зерделеу объектісі:

- A) педагогикалық психология;
- B) сақтандырушы психология;
- C) криминалды психология;
- D) соттық психология;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

24. Көбіне қай жаста тұлғалар криминогенді:

- A) 18-29 жас;
- B) 45-60 жас;
- C) 60 жастан кейін;
- D) 30-35 жас;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

25. Ұрлық, тонау, адам өлтіру, зорлау, сотқар, қарақшылық шабулы көбіне қай жастағы тұлғаларға қатысты:

- A) 18-29 жас;
- B) 45-60 жас;
- C) 60 жастан кейін;
- D) 14-16 жас;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

26. Көбіне әкімшілік құқық бұзушылар болып табылатындар:

- A) 35-45 жастағы ер азаматтар;
- B) 20-30 жастағы әйел адамдар;
- C) 25-30 жастағы ер азаматтар;
- D) A, B, C

жауаптары дұрыс;

E) дұрыс жауабы жоқ.

27. Құқықты сақтаушы тұлғаларға қарағанда құқықбұзушыларға тән әрекет:

- A) агрессивтілік;
- B) қобалжу;
- C) өз өзіне сенімсіздік, әлеуметтік жатсынушылық;
- D) A, B, C

жауаптары дұрыс;

E) дұрыс жауабы жоқ.

28. Құқық бұзушы тұлғасының қалыптасуына әсер етеді:

- A) мода;
- B) теледидар;
- C) кітаптар;

- D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
29. Зейіннің, естің, ойлау қабілетінің, жаңа ақпаратты қабылдаудың бұзылуы, ашуланшақтық, көңіл күйінің төмендеуі, белсенділіктің төмендеуі, ұйымдастырушылық қабілетінің төмендеуі – бұл кімге тән:
 A) жанұялық жанжалқой;
 B) нашақорлар;
 C) маскүнемдер;
 D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
30. Құқық бұзушы тұлғаның құқықтық санасының бұзылуы:
 A) білімінің төмендігі;
 B) заңдарды тереңдетіп оқығаны немесе мүлдем білмеуі;
 C) психикалық немесе созылмалы аурулардың болуы;
 D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
31. Қылмыскердің құқыққа қарсы әрекет жасауына, әсер етеді:
 A) өмірлік қиындықтар: ажырасу, жақын адамын жоғалту;
 B) экономикалық тұрақсыздық;
 C) қоршаған ортаның кері әсері;
 D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
32. Әкімшілік бақылаудағы тұлғаға тән:
 A) рухани қажеттілікке қарағанда материалдық қажеттілік басым;
 B) намысқорлық;
 C) жоғарғы эмоционалдық қозу, өзін өзі ұстай алмау;
 D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
33. Бұрын сотталған, бірақ қазіргі уақытта түзелген ерекшеленеді:
 A) жұмыс іздеу, жақындары мен туыстарымен қарым-қатынасын жақсартуға тырысу;
 B) «ұсталып қалмау» амалын іздеу, бұрынғы кері әсер ертетін адамдармен араласу;
 C) жауапкершіліктің жоқтығы, еріксіз болуы, сыртқы жағдайлардан тәуелділік;
 D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
34. Қорғау нұсқамасы (защитное предписание) берілген тұлғаларға тән:
 A) кекшілдік, кек алушылық;
 B) қатігездік, эгоизм;
 C) өз өзіне сенбеушілік, өзін дұрыс бағаламау;
 D) A,B,C жауаптары дұрыс;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
35. Алкогольдік тәуелді тұлғаларға тән:

- А) қоршаған ортаға деген тілектестік, жақсылық;
 В) өтірік айту, эгоизм, қатаңдық;
 С) жауапкершілік, ерік;
 D) А,В,С жауаптары дұрыс;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.
36. Нашақорларды келесі психологиялық қасиеттер ерекшелендіреді:
 А) шындық, әділдік;
 В) өз көзқарасына жауап беру;
 С) өз мақсатына қалай да жету;
 D) А,В,С жауаптары дұрыс;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.
37. Өтірік айту, әрекеттің тиянақсыздығы, эмоционалдық, жұмсақ мінезділік, эгоизм, қаталдық, моральдық қасиеттердің төмендеуі, ұят, такт, ұждан сезімінің жоғалуы, психиканың қатаюы, еңбекке деген импульстың жоғалуы – тән:
 А) жанұялық жанжалқойларға;
 В) нашақорларға;
 С) маскүнемдерге;
 D) А,В,С жауаптары дұрыс;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.
38. Өз қажеттіліктерін өзінен әлсіз адам арқылы орнығу – тән:
 А) жанұялық жанжалқойларға;
 В) нашақорларға;
 С) маскүнемдерге;
 D) А,В,С жауаптары дұрыс;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.
39. Қоршаған ортаны сыйламау және бекітілген нормаларға барабар емес баға, эгоизм, жұмсақ мінезділік, қорқыныш, эмоционалды тұрақсыздық, жағымсыз әдеттерге бейімділік – тән:
 А) жанұялық жанжалқойларға;
 В) нашақорларға;
 С) маскүнемдерге;
 D) әкімшілік құқықбұзушылықтарды қайта жасаушы;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.
40. Адамның іс-әрекетіне, мінез-құлқына әсер ететін әлеуметтік фактор:
 А) қоғамдық пікір;
 В) көпшілік коммуникация құралдары;
 С) лақап;
 D) А,В,С жауаптары дұрыс;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.
41. Қылмыскер тұлғасын тәрбиелеудің негізі:
 А) сенім білдіру, қарым-қатынас;
 В) бір-бірін сыйламаушылық, дөрекілік, арсыздық;
 С) жанұядағы бір бірін түсінушілік;

- D) эмпатия;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
42. Әйел адамдар көбіне жасайтын қылмыстары:
 A) ұрлық, алаяқтық;
 B) бұзақылық;
 C) пара алушылық;
 D) тонау;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
43. Олигофрендар көбіне жасайтын қылмыстары:
 A) ұрлық, алаяқтық;
 B) бұзақылық;
 C) пара алушылық;
 D) тонау;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
44. Бұл адамдар бас босандығынан айыруды жаза деп емес, олардың «қылмыстық қызметінің шығындары» деп есептейді; жазасын өтеп болған соң олар жұмыс жасаудан бас тартып, бұрынғы байланысты адамдарын қайта табады. Бұндай адамдар ішімдікке, нашақарлыққа, порнографияға, құмарлық ойындарға бейім болады:
 A) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар;
 B) жанұялық жанжалқойлар;
 C) рецидивисттер;
 D) екі рет ұрлық жасағандар;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
45. Бұл адамдар психолог болып табылады – құқық қорғау органдары қызметкерлерімен және де басқа билік өкілдерімен өз өзін қалай ұстауды, қарым-қатынас жасауды, криминалды тәжірибесі жоқ адамның сеніміне қалай кіруді біледі. Көбіне бас бос бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрсе де, еркіндіктегі жалғызбасты әйел адамдармен қарым-қатынас жасап отырады. Көбінесе аз уақыттан соң олар бұл жалғызбасты әйелдерді алдап-арбайды, ал жазасын өтеп шыққан соң сол әйелдің жанына барып, жағдайын жасап, жайлы өмір сүре бастайды:
 A) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар;
 B) жанұялық жанжалқойлар;
 C) рецидивисттер;
 D) екі рет ұрлық жасағандар;
 E) дұрыс жауабы жоқ.
46. Бұл адамдар жазасын өтеп шыққан соң ПО қызметкерлерімен қарым-қатынасқа түспеуге тырысады, қабылданған шектеудерді және де қандай да болмасын құқық бұзушылықтарды жасамауға тырысады, олар бұрынғы әлеуметтік байланыстарды қайта орнатуға тырысады (егер де жазасын өтеу кезінде ол жанұясымен, достарымен, туыстарымен қарым-қатынасын үзбеген болса), бұрынғы қызметіне оралу:
 A) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар;

- В) жанұялық жанжалқойлар;
 С) рецидивисттер;
 D) екі рет ұрлық жасағандар;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.

47. Бұл адамдар өздерінің комплекстерін физикалық әлсіз адамдар арқылы жүзеге асыруға тырысады, яғни, физикалық, моральды, интеллектуалды, материалды әлсіз адамның қасында, өздерін батыл, күшті, тәжірибелі, беделді, ақылды көрінгісі келеді. Мінезі бойынша – өзімшіл, жұмсақ мінезді, қорқыныш сезімі басым, эмоционалды тұрақсыз, ұстамсыз; болған жағдайдың жауапкершілігін басқаларға немесе жағдайларға итере салады; өздерінің әрекеттерінің салдарын алдын ала болжай алмайды. Зиянды әдеттерге бейім:

- А) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар;
 В) жасөспірім қылмыскерлер;
 С) рецидивисттер;
 D) әкімшілік құқық бұзушылар;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.

48. Қылмыскердің жеке басының психологиясын зерттеген ғалымдар

- А) Ратинов А.Р.Васильев В.Л.
 В) Игошев К.Е., Дулов А.В.
 С) Глазырин В.В.,
 D) А,В,С жауаптары дұрыс;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.

49. Қылмыскердің психологиялық тәуелділігі

- А) мінез
 В) сезім
 С) темперамент
 D) А,В,С жауаптары дұрыс;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.

50. Қылмыскерді қылмыскер болуға итермелейтін факторлар:

- А) әлеуметтенуінің төмен болуы
 В) жеке тұлғаны тәрбиелеу кезінде жіберілген ақаулар
 С) жанұя, мектеп, басқа оқу орны, ұжым
 D) А,В,С жауаптары дұрыс;
 Е) дұрыс жауабы жоқ.

3.Түрлі адамдардан алынған мәліметтерді талдаудың психологиялық әдістері

1. Құзыреттілік болжамдайды:

- А) тұлғаның қандай да бір құбылыс, жағдай туралы хабардар болуы;
 В) қандай да бір ғылым немесе техника саласында білімінің тереңдігі, сонымен қатар оларды жүзеге асырудағы қабілеттіліктер;
 С) адамның құбылыс, уақиға туралы ақпарат алу әдісі;
 Г) барлық жауап дұрыс.

2. Ақпарат жинақтау барысында полиция қызметкері келесі алгоритмді басшылыққа алуы қажет:

А) Не? Кім? Қалай? Қашан? Қай жерде?;

Б) Кім? Не? Не үшін?;

В) Кім кінәлі? Не істеу қажет?;

Д) А,В,С верны;

Е) нет правильного ответа.

3.Жалған ақпараттың шынайы ақпараттан айырмашылығы:

А) көп эмоционалдық мәнері;

В) аз эмоционалдық мәнері;

С) эмоционалдық бетараптық;

Д) А,В,С жауаптары дұрыс.

Е) дұрыс жауабы жоқ.

4.Шынайы ақпараттың лақап ақпараттан айырмашылығы:

А) оның хабарламалары логикалық түрде, сөйлемдері аяқталған, артық ақпарат жоқ;

В) оның хабарламалары түсініксіз, қайталаулар бар және сөйлем аяқталмаған;

С) айырмашылық жоқ, бұл хабар берушінің актерлық шеберлігіне байланысты;

Д) А,В,С жауаптары дұрыс.

Е) дұрыс жауабы жоқ.

5. Алынған ақпаратты талдаудың мәні болып, полиция қызметкерінің адамдардың психологиясын білуі, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай алуы, олардың мүдделері мен қажеттіліктерін білуі, сонымен қатар өзін «басқа адамның» орнына қоюы, осы айқындама арқылы ақпаратқа баға беру:

А) іздеуді қабылдауды ұйымдастыру;

В) алынған ақпаратты анықтауды қабылдау;

С) рефлексивті ойлауды қабылдау;

Д) ойлауды бақылауды белсенді қабылдау;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

6.Қоғамдық пікір – бұл:

А) халықтың қандай да бір мемлекеттік органдар немесе қызметкер туралы үстем пікірлерге сенуі;

В) халықтың өзекті шынайы мәселелерге, құбылыстарға қарым-қатынасы;

С) лақап;

Д) А,В,С жауаптары дұрыс;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

7.Қажеттіліктер, уәждемелер немесе бейімділік (қондырғылар, әдет) нәтижесінде қандай да бір әрекетке бейімделуі – бұл:

А) тұлға қондырғысы;

В) тұлға ерекшелігі;

С) тұлға бағыттылығы;

Д) А,В,С жауаптары дұрыс;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

8. Сыртқы белгілерді идентификациялау арқылы адамның сырты бейнесін бейнелеу – бұл:

А) тұлғаның психологиялық суреті;

В) тұлғаны идентификациялау;

С) тұлғаны сөзбен суреттеу;

Д) А,В,С жауаптары дұрыс;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

9. Қылмыс оқиғасына адамдардың психикасы мен материалдардағы іздерге өзара іс-қимылын айқындайтын механизм – бұл:

А) қылмыс іздері;

В) қылмыскер алибиі;

С) жағдай экспертизасы;

Д) санкциялар;

Е) дұрыс жауабы жоқ.

10. Идентификацияға жарамды адамдардың көрнекі ерекшеліктері – бұл:

А) қылмыс іздері;

В) айғақ;

С) тұлғаны сөзбен суреттеу;

Д) ерекше белгілер;

